

А. И. Рихтер, В. Л. Яковенко

# АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Жалпы білім беретін мектептің  
11-сынып оқушыларына арналған

**ОҚУЛЫҚ**

*Екі бөлімді*

*1-бөлім*



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған



ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 68.4я72

P51

**Рихтер А. И.**

**P51 Алғашқы әскери және технологиялық дайындық.** Жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушыларына арналған оқулық + CD. Екі бөлімді. 1-бөлім / А. И. Рихтер, В. Л. Яковенко. – Көкшетау: Келешек-2030 баспасы, 2020. – 224 б.: ил.

ISBN 978-601-317-534-8

ISBN 978-601-317-535-5

Оқулықтың электрондық нұсқасы: [http://keleshek-2030.kz/books/nvtp1\\_11kz.php](http://keleshek-2030.kz/books/nvtp1_11kz.php)

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 68.4я72

#### Шартты белгілер



– көптілділік



– сұрақтар мен тапсырмалар



– жеке жұмыс



– топтық жұмыс



– ізденіс жұмысы



– жағдаяттық тапсырма



– практикалық тапсырма



– білу маңызды

ISBN 978-601-317-535-5

ISBN 978-601-317-534-8

© ИП Келешек-2030 баспасы, 2020

МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	5
<b>1-бөлім. Әскери қызметтің құқықтық негіздері</b> .....	7
§ 1. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі .....	8
§ 2. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттілігінің мазмұны .....	14
§ 3. Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері.....	22
<b>2-бөлім. Атыс дайындығы</b> .....	27
§ 1. Атыс жүргізу негіздері .....	28
§ 2. Атыс жүргізу ережелері .....	36
<b>3-бөлім. Саптық дайындық</b> .....	43
§ 1. Саптық тәсілдер және қозғалыс.....	44
§ 2. Бөлімшені сапқа тұрғызу .....	51
<b>4-бөлім. Технологиялық дайындық</b> .....	55
§ 1. Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері.....	56
§ 2. Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері.....	63
§ 3. Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары.....	80
§ 4. Жол белгілері .....	95
§ 5. Жол таңбалары және олардың сипаттамалары.....	116
§ 6. Қозғалыс жылдамдығы .....	127
§ 7. Әртүрлі жағдайдағы қозғалыс.....	138
§ 8. Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау.....	146
<b>5-бөлім. Өмір қауіпсіздігінің негіздері</b> .....	155
§ 1. Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу .....	156
§ 2. Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі .....	160
§ 3. Әртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету .....	164
§ 4. Техногендік сипаттағы қауіптілік.....	170
§ 5. Экологиялық қауіпсіздік .....	175
§ 6. Табиғи жағдайда автономды өмір сүру .....	180
§ 7. Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері ....	186

§ 8. Терроризм актісінің қаупі кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету .....	191
§ 9. Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері .....	196
§ 10. Жаппай зақымдану кезінде алғашқы көмек көрсету .....	201
§ 11. Негізгі жұқпалы аурулар. Уланулар, интоксикация және олардың алдын алу .....	206
§ 12. Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету .....	213
<b>Глоссарий</b> .....	220
<b>Қолданылған әдебиеттер тізімі</b> .....	222
<b>Қосымша әдебиеттер тізімі</b> .....	223

## КІРІСПЕ

11-сыныпта алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқушылар әскери қызметті өткеру маңыздылығы мен қажеттілігін саналы түсінуі және өмір сүру қауіпсіздігі, дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері саласында берік білім мен практикалық дағдыларды игеруі мақсатында өткізіледі.

Пәннің басты міндеттері:

– әскери дайындыққа қатысты білімді тереңдетіп, дағдыларды жетілдіру, жол жүрісінде, төтенше және экстремалды жағдайларда қауіпсіз іс-әрекет жасауға қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру;

– қазақстандық патриотизмге, Отанын қорғауға жетелейтін терең жауапкершілік сезіміне, күрделі жағдайларға тап болған адамдарға қайырымдылықпен қарауға, көңіл бөлуге тәрбиелеу.

Оқулық негізгі бес бөлімнен тұрады.

*«Әскери қызметтің құқықтық негіздері» бөлімі* әскери қызметті мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретінде қарастырады. Онда азаматтардың әскери қызметті өткеру қажеттігі айқындалып, елді қорғау, Қарулы Күштерін әрдайым жауынгерлік дайындықта ұстап тұру үшін маңызы бар азаматтардың әскери міндеттері туралы Қазақстан Республикасы Заңдарының негізгі ережелері анықталған.

Өз Отанының лайықты қорғаушысы болу – күрделі іс, сондықтан әрбір азамат әскери қызметке алдын ала дайындалып, Отан мен халық алдындағы азаматтық жауапкершілігін терең сезінуі тиіс. Бөлімде берілген оқу материалдарын игеру әскери қызметке дайындық және оны өткеру реті туралы қажетті білім алуға көмектеседі.

*«Атыс дайындығы» бөлімі* ату негіздері мен ережелері бойынша материалды зерттеуге арналған. Атыс негіздері қарудан оқ ату кезінде орын алатын үдерістерді түсіну үшін қажетті теориялық ережелерді қамтиды. Атыс тәсілдері мен ережелерін меңгеру әртүрлі қашықтықта, кез келген жерде, түрлі ауа райы жағдайында қарсыласқа оқты дәл тигізуге мүмкіндік береді.

*«Саптық дайындық» бөлімі* саптық тәсілдерді орнында және қозғалыста орындау бойынша алған білік-дағдыларыңды бекітуге мүмкіндік береді.

*«Технологиялық дайындық» бөлімі* Жол жүрісі қағидаларында пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдерді, жол қозғалысына қаты-

сушылардың негізгі міндеттерін, бағдаршам мен реттеушінің сигналдарын қарастырады. Сонымен қатар бөлімде жол белгілері, жол таңбалары мен олардың сипаттамалары, қозғалыс жылдамдығы, әртүрлі жағдайлардағы қозғалыс, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, келік құралын қозғалысқа дайындау, жол қиылыстарынан өту тәртібі, басып озу ережесі туралы деректер берілген.

*«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бөлімі* қазіргі қоғамның өзекті мәселесі болып отырған өмір қауіпсіздігі саласында жастар арасында теориялық білім мен практикалық дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді. Осы бөлімнің оқу материалы білімді саналы және мағыналы меңгеруге, түрлі экстремалды жағдайларда жеке және ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін дағдыларды игеруге бағытталған.

Әр бөлімнің басында оны игеру нәтижесінде алатын білік-дағдылары туралы нұсқаулар берілген. Бөлім құрамындағы тақырыптарда негізгі материал, үш тілдегі (қазақ, орыс, ағылшын) негізгі ұғымдар, материалды бекітуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылған. Тақырыптың тиісті бөліктерінде жылдам бағдар алу үшін навигациялық белгілер жүйесі жасалған.

Оқулықта ұсынылған сұрақтар мен тапсырмалар тақырыптың мазмұнын жақсы түсінуге, алған білімді денсаулық пен өмірге қауіп төндіретін кез келген жағдайларда жеке қауіпсіздік пен қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша практикалық міндеттерді шешу үшін қолдануды үйренуге көмектеседі.

Курсты меңгеруде табыс тілейміз және барлық игерген материалдарың білімдеріңді толықтырып, заманауи әлемде қолдануға көмектеседі деп үміттенеміз.

*Авторлар*

## 1-БӨЛІМ.

### ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Азаматтардың әскери міндеттері туралы Қазақстан Республикасы заңдарының негізгі ережелерін, әскери есепке қою тәртібін, әскери қызметке дайындық және қызметке тұру тәртібін, әскери қызмет түрлерін, әскери қызметті өткеру мазмұны мен тәртібін, әскери қызмет мерзімін, әскери қызметшілердің негізгі құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігін қарастырады.



#### Бұл бөлім сендерге:

- әскери қызметке дайындық және оны өткеру тәртібі туралы қажетті білім алуға;
- өз Отанын қорғаудың маңыздылығы мен қажеттігін, әрбір азамат оның қауіпсіздігі үшін жауапты екенін ұғынуға;
- Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызмет туралы өзара логикалық байланыстағы ұғымдар жүйесін түсінуге;
- әскери қызметтің құқықтық негіздеріне байланысты құзыреттіліктерінің деңгейін бағалауға;
- жеке адамгершілік қасиеттерді дамытуға көмектеседі.

## § 1. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі

### *Тақырыпты оқу нәтижесінде:*

- Қазақстан Республикасы заңдарындағы азаматтардың әскери міндеттері туралы негізгі ережелерді;
- әскери қызметтің басты міндеттерін *білетін боласыңдар*;
- өз мемлекеттеріңді қорғаудың маңыздылығы мен қажеттігін;
- әскери қызметтің негізгі ерекшеліктері мен мемлекеттік қызметтен айырмашылығын *түсінесіңдер*.

Әскери қызмет – мемлекеттік қызметтің ерекше түрі. Оның мәні азаматтардың әскери міндеттерді орындауы болып табылады. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет міндеттерін орындау күнделікті жауынгерлік дайындықты, даярлау мен оқытудың басқа да түрлерін, жауынгерлік кезекшілікті, ішкі және гарнизондық қызметті атқаруды, жауынгерлік іс-қимылдарға тікелей қатысуды көздейді.

Әскери қызметтің негізгі міндеті – Қазақстан Республикасының тұтастығы мен қолсұғылмаушылығын қарумен қорғау және оған тұрақты әрі мақсатты дайындық жүргізу.

Әскери қызмет міндеттерін ұйымдастыру және орындау азаматтардың әскери міндетінің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан Республикасының заңдары және басқа да нормативтік құқықтық актілерімен қатаң түрде реттелген.

### **Әскери қызметті өткеру қажеттілігі**

Еліміздің алдында тұрған міндеттерді шешу әр қазақстандықтың орын алып жатқан барлық жағдайларды терең түсінуін, қоғам мен мемлекет мүддесі үшін практикалық қызметке араласуын, өз бойында жоғары адамгершілік, әлеуметтік-психологиялық және кәсіби-қызметтік қасиеттерді тәрбиелеу мақсатында белсенді өмірлік ұстаным қалыптастыруын талап етеді. Патриотизм, азаматтық және әскери борыш, өз елінің тағдырына деген жауапкершілік пен оны қорғауға дайын болу осы тұрғыдан аса маңызды.

Елімізде әскери қызмет (1-сурет) ерекше құрмет пен беделге ие. Себебі Отанымыздың тыныштығы мен берекесін қорғау – абыройлы іс. «Отан қорғаушы» сөзі халқымыз үшін ежелден қадірлі. Барлығымыз туған жерімізді жаткерлік басқыншылардан қорғаған, оның тәуелсіз-

дігі мен бостандығын сақтап қалған батырларымызды білеміз және құрметтейміз, сондай-ақ халқымыздың 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында жасаған ерлігін мақтан тұтамыз.

Отансүйгіштік сезімі әрқашан жауынгердің жоғары адамгершілік құндылығы болып қала бермек. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері өз Отанына деген сүйіспеншілігін әскери борышына адалдығы, техника мен қару-жарақты шебер игеруі, өздерінің жауынгерлік және моральдық-психологиялық қасиеттерін күнделікті жетілдіруі, ұйымшылдық танытуы, тәртіпті ұстануы арқылы дәлелдейді.



1-сурет

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – шын мәндегі ерлік пен азаматтық мектебі. Әскер қатарында жастардың көзқарастары мен құндылық бағдары қалыптасады. Сондықтан әскери қызметті өткеріп, әскер мектебінен тағылым алған жастар күнделікті өмірде де өздерін жақсы жағынан көрсете біледі. Әскери қызметте жүргенде, патриоттық және интернационалдық борышын орындау барысында жастар өзінің санасына сіңетін, жеке ұстанымына, тәртіп қағидаларына айналатын, нақты қоғамдық пайдалы істерде көрініс беретін идеяларды белсенді қабылдайды.

Әскерде қызмет еткен жастардың басым көпшілігі жоғары адамгершілік қасиеттерімен, тұрақты психологиялық және физикалық болмысымен ерекшеленеді. Олар жоғары оқу орындарында жақсы оқиды, өндірісте табысты еңбек етіп, азаматтық борышын өтеуде өздерін жақсы жағынан ғана көрсетеді.

Қоғамда Отан алдындағы әскери борышты өтеу аса маңызды іс болып қала бермек. Оны орындау – үлкен жауапкершілікті, жан-тәнімен соған берілуді, кез келген уақытта қару-жарақпен оның мүддесін, тұтастығы мен тәуелсіздігін қорғауды талап ететін қажырлы еңбек. Бұл борышқа деген адалдық әр әскери қызметшінің Отанды қорғау үшін жеке жауапкершілігін және өзінің қызметтік міндеттерін адал орындауы қажеттігін терең сезінуінен, бейбіт кезде және соғыс уақытында кез келген қиындықтарды еңсеруге дайындығынан көрінеді.

### Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттері туралы заңдар

Азаматтардың әскери міндеті елдің қорғанысы мен Қарулы Күштердің тұрақты жауынгерлік даярлығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Халықтың бейбіт еңбегін, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау мақсатында белгіленген әскери міндет азаматтарды әскери білім алуға, Отанды қорғауға тартудың конституциялық-құқықтық нормасы болып табылады. Оның әлеуметтік мәні – лайықты Отан қорғаушыларды дайындау. Әскери міндет Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттері мен әскери қызметіне қатысты қоғамдық қатынастарды реттейтін «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталады.

Конституцияда Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті борышы деп көрсетілген. Бұл – маңызы мен қажеттілігі бойынша азаматтардың қасиетті саналатын жалғыз борышы.

2005 жылдың 7 қаңтарында қабылданған «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Заңында:

- Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары;
- мемлекеттік органдардың елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етудегі өкілеттіктері, азаматтар мен ұйымдардың қорғаныс саласындағы құқықтары мен міндеттері;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мақсаты, оларды жасақтау және басқару, Қорғаныс министрлігі мен Бас штабтың функциялары;
- соғыс кезі, соғыс жағдайы, жұмылдыру, азаматтық қорғаныс, аумақтық қорғаныс секілді негізгі ережелер анықталған.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылдың 16 ақпанындағы Заңында әскери қызметшілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, азаматтарды әскери қызметке даярлау, азаматтарды әскери есепке алу және шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру, әскери қызмет өткеру мәселелері және әскери қызметшілерді әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясат негіздері бекітілген.

Әскери қызметтің басты міндеті Қазақстан Республикасын қарулы қорғауға мақсатты дайындық болып табылады. Ол әскери қызметшілерден құлшынысты, жоғары кәсіби даярлықты, міндеттерді орындау үшін ерекше жауапкершілікті талап етеді.

*Әскери қызметтің өзіндік ерекшеліктері мен мемлекеттік қызметтен айырмашылықтары бар.*

Әскери қызметке тұратын азаматтар денсаулық жағдайына, кәсіптік және жалпы білім беру дайындығының деңгейіне, моральдық-психологиялық қасиеттеріне, дене дайындығына қатысты белгілі бір талаптарға жауап беруі тиіс.

Әскери қызмет қатаң міндетті сипатқа ие, мұнда әр әскери қызметші қызметтік міндеттерін үлкен жауапкершілікпен орындауы тиіс. Әскери қызметке қабылданғаннан кейін әскери қызметшінің өз қалауы бойынша қызмет орнын, атқаратын лауазымын ауыстыруға, қызметтік міндеттерін орындауды тоқтатуға, қызметтік міндеттердің сипатын немесе оларды орындау шарттарын өзгертуді талап етуге құқығы жоқ.

Азаматтар өз халқына және оның заңды сайланған Президентіне адал болуға әскери ант қабылдайды. Әскери ант қабылдаған әскери қызметші қызмет ұсынатын барлық құқықтарға ие болады және оған қызметтік міндеттер де толық көлемде жүктеледі. Антты бұзу тәртіптік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады.

Әскери қызметке тән ерекшелік – командирлердің (бастықтардың) талаптарына қызметтік бағыныстылықтың мүлтіксіздігі. Әскери қызмет қатынастарының бұл қағидаты әскери ант пен жалпыәскери жарғыларда бекітіледі. Өз кезегінде командир (бастық) қарамағындағылар ашық бағынбаған немесе қарсылық көрсеткен жағдайда тәртіпті қалпына келтіру үшін кінәліні қамауға алуға және оны қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейін заңдарда және әскери жарғыларда көзделген барлық мәжбүрлеу шараларын қолдануға міндетті. Әскери емес мемлекеттік ұйымдардың тиісті лауазымды тұлғаларына қарағанда әскери командирлерге өз қарамағындағыларға қатысты басқарушылық өкілеттігі көбірек беріледі.

Сондай-ақ қызмет ұзақтығының белгілі бір мерзіммен шектелуі және дербес әскери атақтардың болуы әскери қызметке тән сипат болып табылады. Әскери атақ әскери қызметшінің қызметтік жағдайына сәйкес, әскери және арнайы дайындығы, еңбек өтілі, Қарулы Күштердің түріне, әскер немесе қызмет түріне тиесілігі, сонымен қатар еңбегі ескеріле отырып жеке өзіне беріледі. Жеке әскери атақтар әскери қыз-

метшілер арасындағы қызметтік қарым-қатынастарда айқындылықты және нақтылықты, субординацияны қамтамасыз етеді. Әскери қызмет кезінде кейбір жеңілдіктер беретін қызметтік құқықтардың көлемі әскери қызметші атқарып отырған лауазымына ғана емес, сонымен қатар көп жағдайда оның әскери атағына да байланысты болады. Лауазымы және әскери атағы бойынша бағыныстылық қатынастар тек әскери қызмет жағдайында ғана көзделген.

Барлық әскери қызметшілер үшін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ерекше киім үлгілері мен айырым белгілері белгіленеді. Бұл ретте әскери киім түрлері мен айырым белгілері әскери атаққа, Қарулы Күштерге, басқа да әскерлерге, әртүрлі қолбасшылықтарға, нақты әскери құралымдарға тиесілігіне қарай бөлінеді. Әскери киімді кию және айырым белгілерін тағу қағидаларын Қорғаныс министрі немесе әскери қызмет көзделген ведомствоның басшысы белгілейді. Айырым белгілері бар әскери киімді киюге құқығы жоқ адамның киіп жүруі заңда белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Әскери қызметшілер белгіленген тәртіпке сәйкес қаруды сақтауға, алып жүруге, қолдануға құқылы. Мысалы, қарауыл құрамына кіретін әскери қызметшілер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Гарнизондық және қарауылдық қызметтер жарғысында белгіленген жағдайларда қаруды қолдануға құқылы. Әскери қызметшіге жеке қару бекітіледі. Ол оны тиісті жағдайда күтіп ұстауға міндетті.

Барлық әскери қызметшілерге үлкен жауапкершілік жүктелген. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде тәртіпбұзушылыққа жол берген немесе қызметті орындаудан жалтарған әскери қызметшілерге мемлекеттік қызметтегі азаматтарға қарағанда неғұрлым қатаң жазалау шаралары көзделген.

#### **Қорытынды:**

- 1. Әскери қызмет әскери қызметшілерден құлшына қызмет етуін, жоғары кәсіби дайындық пен өз міндеттерін орындау кезінде ерекше жауапкершілік танытуын талап етеді.*
- 2. Әскери қызметті ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Конституциясында нормативтік тұрғыдан бекітілген.*

Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі

Әскери қызметтің құқықтық негіздерін анықтайтын Қазақстан Республикасының негізгі заңдары туралы қысқаша хабарлама дайындаңдар.



«Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – өмір мектебі» тақырыбына кластер жасаңдар.



Егемен мемлекет	Суверенное государство	Sovereign state
Қызмет ерекшеліктері	Особенности службы	Features of service
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Обеспечение безопасности	Maintenance of security
Қызметтік қарым-қатынас	Служебные отношения	Service relationships
Құқықтар мен міндеттер	Права и обязанности	Rights and duties



1. Мемлекеттік қызмет түрі ретінде әскери қызметтің ерекшеліктері неде?
2. Әскери қызметтің негізгі мақсаты қандай?
3. Әскери қызметтің құқықтық негіздерін анықтайтын Қазақстан Республикасының заңдарын атаңдар.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясында әскери қызмет мәселелері қалай анықталған?



## § 2. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттілігінің мазмұны

### *Тақырыпты оқу нәтижесінде:*

- азаматтарды әскери есепке алу және әскери қызметке даярлау ережесін;
- шақыру және келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру, запаста болу тәртібін білетін боласыңдар;
- әскерде қызмет етуге дайындықтың және әскери есеп ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсінесіңдер.

### **Әскери есепке алу, әскери қызметке даярлау, әскери қызметке кірісу**

*Әскери есепке алу – азаматтардың әскери міндеттілігінің құрамдас бөлігі болып табылатын, әскерге шақырылушылар, әскери қызметшілер мен жұмылдыру ресурстары туралы сандық, сапалық деректерді есепке алу және талдау жүйесі.*

Әскери есепке алудың мақсаты – мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тиімді пайдалану үшін әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілердің бар-жоғын анықтау. Есепке алу жүйесі әскери қызметті атқаруға қабілетті азаматтар туралы мәлімет алуға мүмкіндік береді. Жергілікті әскери басқару органдары (ЖӘБО) әскери есепке алу жұмысын азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жүргізеді. ЖӘБО жоқ елді мекендерде азаматтарды әскери есепке алуды ауылдық округтің, ауылдардың, селолардың әкімдері жүзеге асырады.

Әскери есепке төмендегілерді қоспағанда, шақыру жасына жеткен барлық ер азаматтар және тұрғылықты жері бойынша әскери міндеттілер алынады:

- әскери-есептік мамандығы (ӘЕМ) жоқ әйелдер;
- Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сәйкес әскери міндетті өтеуден босатылған тұлғалар;
- бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуші адамдар;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын азаматтар.

ЖӘБО-ға бастапқы әскери есепке қою жыл сайын қаңтар-наурыз аралығында ер азаматтар тіркеу жылы 17 жасқа толғанда, ал әйел азаматтар әскери-есептік мамандық алып, 18 жасқа толғанда жүзеге асырылады.

Әскери есепке алуға жататын азаматтардың міндеттері:

– өзімен бірге тіркеу туралы куәлігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және жүргізуші куәлігін (ол бар болған кезде) алып, шақырту (шақырту қағазы) бойынша белгіленген уақытта ЖӘБО-ға немесе тұрғылықты жері бойынша әскери есепке алу-ды жүзеге асыратын өзге де органға келуі керек;

– жеті жұмыс күні ішінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына немесе әскери есепке алуды жүзеге асыратын өзге де органға тегінің, атының, әкесінің атының (ол бар болған кезде), отбасы жағдайының, денсаулық жағдайының (бірінші немесе екінші топтағы мүгедек деп танылса), тұратын жерінің, білімінің, жұмыс орны мен лауазымының өзгергені туралы хабарлауы керек;

– елді мекенге (әкімшілік ауданға), жаңа тұрғылықты жерге немесе уақытша болатын жерге (үш айдан астам мерзімге), сондай-ақ қызметтік іссапарларға, оқуға, демалысқа немесе емделуге (үш айдан астам мерзімге) келген кезде жеті жұмыс күні ішінде келу орны бойынша әскери есепке тұру туралы өтінішпен ЖӘБО-ға өтініш жасауы; елді мекенде ЖӘБО болмаған кезде ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдігінде әскери есепке тұруы керек;

– тіркеу туралы куәлігі жоғалған (бүлінген) кезде жеті жұмыс күні ішінде тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын алу үшін тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жасауы қажет.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге алты айдан астам мерзімге уақытша кететін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО бастығының атына еркін түрде жазылған өтініші негізінде әскери есептен шығарылады.

Қазақстан Республикасына оралғаннан кейін олар жеті жұмыс күнінен кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына әскери есепке тұрады.

Әскери есепке тұруға қажетті медициналық тексеруден жалтарғаны, азаматтардың әскери есепке алу жөніндегі міндеттерін орындамағаны, сондай-ақ әскери есепке алу құжаттарын қасақана бүлдіргені немесе жоғалтқаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген.

*Азаматтарды әскери қызметке даярлау – бұл әскер жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы азаматтармен әскери қыз-*

мет негіздеріне оқыту мақсатында, сондай-ақ әскери міндеттілермен әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскери қызмет өткеру үшін даярлау және қайта даярлау мақсатында мемлекеттік органдар өткізетін міндетті іс-шаралар кешені. Ол алғашқы әскери және технологиялық дайындықты, әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындауды, қосымша білім беру бағдарламалары және запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша азаматтарды әскери даярлауды қамтиды.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындықты міндетті пән ретінде әскерге дейінгі және әскерге шақыру жасындағы азаматтар бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан, жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жалпы білім бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында меңгереді.

Азаматтарды әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында, Қарулы Күштердің қажеттілігіне сәйкес ақысыз негізде және оқуға арналған шығындарды толық немесе ішінара өтей отырып, ақылы негізде жүргізіледі.

Ақысыз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындауға денсаулығы бойынша әскери қызметке жарамды, дайындық аяқталғаннан кейін мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын немесе жұмылдыру резервіне есепке алынатын жасы он жеті жас алты айдан жиырма алты жасқа дейінгі азаматтар тартылады. Дайындық аяқталған соң, олар әскер қатарына шақырылады немесе жұмылдыру резервіне есепке алынады.

Ақылы негізде денсаулығы бойынша әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды жиырма төрт жастан жиырма жеті жасқа дейінгі әскерге шақырылушылар, сондай-ақ әскери қызметке шақырылуы кейінге қалдырылғандар тартылады.

Білім беру ұйымдарында қосымша білім беру бағдарламалары бойынша азаматтарды әскери даярлау республикалық мектеп-интернаттарда (лицейлерде) және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын өзге де білім беру ұйымдарында жүргізіледі. Республикалық әскери мектеп-интернаттарға жасы оқуға түсетін жылы он бес жастан кем емес, орта білім беру ұйымдарында 11 жылдық оқу бағдарламасы бойынша 9-сыныпты немесе 12 жылдық оқу бағдарламасы бойынша 10-сыныпты бітірген және негізгі орта білім туралы куәлік алған жасөспірімдер қабылданады.

«Арыстан» мамандандырылған лицейіне (2-сурет) жасы оқуға түсетін жылы 14-ке толған, жалпы білім беретін мекеменің 8-сыныбын табысты аяқтаған, денсаулық жағдайы бойынша жарамды, кәсіптік-психологиялық іріктеу мен дене шынықтыру дайындығының талаптарына сай келетін Қазақстан Республикасының ер азаматтары қабылданады.



2-сурет

Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша азаматтарды әскери даярлау жоғары білім алу барысында мемлекеттік тапсырысқа сәйкес әскери кафедраларда жүзеге асырылады. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын бітірген азаматтарға «запастағы лейтенант» әскери атағы беріледі.

*Әскери қызмет:*

– әскери қызметке (әскери жиындарға) шақырылғандар үшін – әскери қызметті (жиындарды) өткеру орнына жергілікті әскери басқару органынан аттану туралы тиісті командирдің (бастықтың) бұйрығы шыққан күннен;

– келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданғандар үшін – әскери бөлім командирінің бөлімнің жеке құрамының тізіміне қабылдау туралы бұйрығы шыққан күннен;

– бұрын әскери қызметте болмаған, орта техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына түскендер үшін – әскери оқу орны бастығының әскери оқу орнының жеке құрамының тізіміне қабылдау туралы бұйрығы шыққан күннен *басталады*.

**Шақыру және келісімшарт бойынша әскери қызмет, запаста болу**

Әскери қызмет (3-сурет) шақыру бойынша әскери қызметті және келісімшарт бойынша әскери қызметті қамтиды.

Шақыру бойынша әскери қызметке: сарбаздар (матростар) құрамының мерзімді әскери қызметі; «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес шақырылған офи-



3-сурет

церлердің әскери қызметі; жұмылдыру, соғыс жағдайы кезінде, соғыс уақытында және әскери жиындардан өту кезіндегі әскери қызмет жатады.

**Азаматтарды әскери қызметке шақыру** – әскери міндеттілік негізінде Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жеке құраммен жасақтауға бағытталған мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар кешені.

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде жылына екі рет өткізіледі. Шақыруға шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ 18-ден 27 жасқа дейінгі азаматтар жатады.

Азаматтар мына себептер бойынша әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыра алады:

- отбасы жағдайы бойынша;
- білімін жалғастыру үшін;
- денсаулық жағдайы бойынша;
- басқа себептер бойынша.

Бейбіт уақытта мерзімді әскери қызметке шақырудан:

– денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп таңылған;

– әскери қызметін өткеріп жатқан немесе өткерген;

– 27 жасқа толғанда мерзімді әскери қызметке заңды негізде шақырылмаған;

– туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інілері немесе апа-сіңлілері) әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін атқару барысында қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші не екінші топтағы мүгедек болып қалған;

– басқа мемлекетте әскери (баламалы) қызмет өткерген;

– ғылыми дәрежесі бар азаматтар;

– тіркелген діни бірлестіктердің діни қызметшілері босатылады.

Офицерлік құрамның әскери атағы беріліп, запасқа алынған азаматтар заң негізінде жиырма тоғыз жасқа толған соң әскери қызметке шақырудан босатылады.

Бейбіт уақытта мерзімді әскери қызметке соттылығы бар азаматтар шақыртылмайды.

**Келісімшарт бойынша әскери қызмет** – бұл Қазақстан Республикасының азаматы Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен

*әскери құралымдардың уәкілетті лауазымды адамымен әскери қызметін белгілі бір шарттар негізінде өтеу туралы келісімшарт жасасатын ерікті әскери қызмет.*

Келісімшарт бойынша әскери қызметке сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) және офицерлер құрамы лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің әскери қызметі, әскери оқу орындарының кадеттерінің, курсанттарының, адъюнкттерінің, магистранттары мен докторанттарының, әскери интерндерінің әскери қызметі мен оқуы жатады.

**Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт** – азамат әскери қызметті өткеру кезіндегі тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі белгіленетін, уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының азаматы арасында жасалатын, ерікті әскери қызметті өткеру туралы шарт.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт (келісімшарт бойынша әскери қызметке алғаш рет кіретін адамдар үшін) үш жылға, одан бөлек бес, он жылға және әскери қызметте болудың шекті жасына жеткенге дейін жасалуы мүмкін. Курсанттар, кадеттер және әскери интерндер үшін әскери оқу орнында оқу мерзіміне және оны аяқтағаннан кейін әскери қызметтің он жылына, ұшу құрамының курсанттары үшін оқуды аяқтағаннан кейін он бес жылға жасалады.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және жасасқан мерзімі өткеннен кейін немесе оның бұзылуына байланысты қолданысын тоқтатады.

*Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасы әскери есепте тұрған, әскери қызмет өткерген немесе әртүрлі себептер бойынша одан босатылған, бірақ соғыс уақытында қызметке жарамды азаматтардан тұрады.*

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңға сәйкес запас:

- запасқа алына отырып, әскери қызметтен шығарылған;
- жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы офицерлерді дайындау бағдарламасы бойынша оқудан өткен;
- әскерге шақырудан босатылуына байланысты әскери қызметтен етпеген;
- жиырма жеті жасқа толуына байланысты әскерге шақырылуы кейінге қалдырылып, әскери қызметін өткермеген;

– қандай да бір басқа себептер бойынша әскери қызметке шақырылмаған;

– баламалы азаматтық қызметтен өткен азаматтардан;

– әскери-есептік мамандығы бар әйел азаматтардан;

– Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында ақылы негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқудан өткен азаматтар қатарынан құрылады.

Запаста болу әскери жиындардан өту, әскери қызметке шақыру қағидаларын орындау және әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді орындау болып табылады.

Әскери міндеттілердің запаста тұруының шекті жасы сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) құрамы үшін – елу жасқа дейін (елу жасты қоса алғанда), офицерлер құрамы үшін – алпыс жасқа дейін (алпыс жасты қоса алғанда).

Әскери міндетті әйелдердің запаста тұруының шекті жасы сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) құрамы үшін – отыз бес жасқа дейін (отыз бес жасты қоса алғанда), офицерлер құрамының адамдары үшін – қырық бес жасқа дейін (қырық бес жасты қоса алғанда).

Запаста тұрудың шекті жасына толған әскери міндеттілер немесе денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдар әскери есептен шығарыла отырып, отставкаға ауыстырылады.

**Қорытынды:**

1. Қазақстан Республикасының әскерге шақыру жасына жеткен барлық ер азаматтары, сондай-ақ әскери міндеттілері тұрғылықты жері бойынша әскери есепке тұруға міндетті.

2. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы азаматтарды әскери есепке алу тәртібін айқындайды.

«Әскери есепке қатысты азаматтардың міндеттері» жадынамасын дайындаңдар.



Сендер климаттық және географиялық жағдайы өздерің тұратын жерден өзгешеленетін шалғай ауданда орналасқан Қарулы Күштердің қатарына қызметке баруларың керек.

1. Онда сендер қандай қиындықтарға тап болуларың мүмкін?
2. Қиындықтарға тап болмас үшін не істейсіңдер?



Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, біздің еліміздің жоғары әскери оқу орындарына түсушілер үшін дене шынықтыру дайындығы бойынша негізгі нормативтер келтірілген кесте жасаңдар:

Нормативтің атауы	«үздік (өте жақсы)»	«жақсы»	«қанағаттанарлық»
-------------------	---------------------	---------	-------------------



Әскери қызметті шақыру және келісімшарт бойынша өткерудің негізгі айырмашылықтарын анықтап, түсіндіріңдер.



Әскери есепке алу	Воинский учет	Military registration
Шақыру	Призыв	Military recruitment
Келісімшарт	Контракт	Contract
Запас	Запас	Military reserve
Отставка	Отставка	Retirement



1. Азаматтарды әскери есепке алу не үшін қажет?
2. Қандай санаттағы азаматтар әскери есепке алынбайды?
3. Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери есепке алуды қандай органдар жүзеге асырады?
4. Әскери міндеттілердің запаста болуының шекті жасын атаңдар.



### § 3. Әскери қызметшінің мәртебесі.

#### Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері

##### *Тақырыпты оқу нәтижесінде:*

- әскери қызметтің мазмұны мен тәртібін;
- әскери қызметті атқару кезіндегі әскери қызметшілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігін *білетін боласыңдар*;
- әскери қызмет талаптарын орындау үшін қажет нақты міндеттерді анықтау тәртібін *түсінесіңдер*.

#### Әскери қызметті өткеру тәртібі мен мазмұны.

##### Әскери қызмет мерзімі

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидалары Қазақстан Республикасы азаматтарының шақыру және келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру тәртібін айқындайды.

Бейбіт кезде және соғыс уақытында әскери қызмет өткеру әскери оқу орындарында, жоғары оқу орындарының әскери факультеттерінде оқуды, әскери қызметке шақыруды, келісімшарт бойынша әскери қызметке ерікті түрде кіруді, әскери атақ беруді, әскери лауазымға тағайындауды және әскери қызмет бойынша ауыстыруды, ротациялауды, әскери қызметтен босатуды, аттестаттауды, демалыстар беруді, әскери жиындардан өтуді, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған басқа да мән-жайларды қамтиды.

Әскери қызмет өткеру шарттары мен тәртібі әскери заңнамамен айқындалады және әскери қызметшілердің құрамына қатысты азаматтардың шақыру бойынша немесе келісімшарт бойынша ерікті түрде әскери қызметке қабылданғанына қарай белгіленеді.

Шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші бейбіт уақытта әскери қызметтің алты айынан кейін және әскери-есептік мандықтардың бірі бойынша міндетті дайындық курсынан өту кезінде ерікті түрде бөлімше немесе әскери бөлім құрамында Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін жіберілуі мүмкін.

Күнтізбелік есеппен белгіленетін әскери қызмет мерзімдері:

- мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін – он екі ай;
- шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер үшін – жиырма төрт ай;

– келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін – әскери қызмет өткеру туралы келісімшартта көрсетілген мерзім.

Әскери қызметшінің әскери қызметінің жалпы ұзақтығы (еңбек сіңірген жылдары) оның шақыру бойынша да, келісімшарт бойынша да өткерген әскери қызметінің барлық уақытын қамтиды. Қызметтің жалпы мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп-те күнтізбелік жолмен және жеңілдіктерді қоса отырып есептеледі.

### **Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері**

Қазақстан Республикасының Конституциясы Отанды қорғау, азаматтардың, оның ішінде әскери қызметшілердің де, құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтиды.

Әскери қызметшінің құқықтық жағдайы, оның мәртебесі «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңмен, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен, Үкіметтің қаулыларымен, әскери жарғылармен, басқа да нормативтік актілермен айқындалады.

***Мәртебе** – құқықтық жағдай, яғни азаматтың заңдарда көзделген құқықтары мен міндеттері.*

Әскери қызметшінің мәртебесі мемлекет кепілдік берген құқықтар мен бостандықтардың, сондай-ақ заңнамада белгіленген әскери қызметшілердің міндеттері мен жауапкершілігінің жиынтығымен айқындалады және әскери қызметке белгіленген (шақырылған, кірген) күннен бастап беріліп, әскери қызмет аяқталғаннан кейін жойылады.

Әскери қызметшілер әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде мемлекеттің қорғауында болады. Олар жалпыәскери жарғыларға сәйкес олар үшін бастықтар болып табылатын адамдарға ғана бағынады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де олардың қызметтік әрекетіне араласуға құқығы жоқ.

Әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасында көзделген барлық құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады.

*Әскери қызметшілер:*

– мемлекет есебінен ақшалай, заттай және басқа да мүлік түрлерімен қамтамасыз етілуге;

- қызмет бабында жоғарылауға, жоғары тұрған лауазымды тұлғалардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағым жасауға;
- өзінің кәсіби шеберлігін арттыруға, әскери оқу орындарында оқуға;
- денсаулығын сақтауға және қауіпсіздік техникасы мен гигиена талаптарына сай келетін қызмет жағдайларына;
- әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде өмірі мен денсаулығына немесе жеке мүлкіне келтірілген зиянның өтелуіне;
- әскери қызмет өткеру кезеңінде тұрғын үймен қамтамасыз етілуге;
- әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде қару ұстауға, алып жүруге және қолдануға *құқылы*.

*Әскери қызметшінің* өкілетті органдардың депутаты және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болуға, саяси партияларда, кәсіптік одақтарда, діни бірлестіктерде тұруға, қандай да бір саяси партияға қолдау көрсетуге, ереуіл, тосқауыл және өзге де наразылық акцияларын ұйымдастыруға және оған қатысуға *құқығы жоқ*.

Әскери қызметшінің барлық өмірі мен қызметі, бірінші кезекте, тұрақты дайындықты қамтамасыз етуге, Отанды қорғау жөніндегі өзінің конституциялық борышын орындауға бағынады. Осыған байланысты бөлімшесінің, бөлімінің және жалпы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік қабілеті бойынша әрбір әскери қызметшінің нақты міндеттері айқындалған.

Әскери қызметшілердің міндеттері жалпы, лауазымдық және арнайы болып бөлінеді.

Әскери қызметшілердің *жалпы міндеттері* заңдар мен әскери жарғылардың талаптарымен айқындалады.

*Лауазымдық міндеттер* жалпы әскери жарғылармен, сондай-ақ тиісті басшылықтармен, тәлімгерлермен, нұсқаулықтармен және тікелей бастықтардың жазбаша бұйрықтарымен айқындалады. Лауазымдық міндеттер әскери қызметшіге атқаратын лауазымына сәйкес тапсырылған міндеттерді практикалық орындау көлемі мен шектерін айқындайды. Лауазымдық міндеттер тек қызмет мүддесінде орындалады.

*Арнайы міндеттер* әдетте уақытша сипатта болады. Әскери қызметшілерге арнайы міндеттерді жауынгерлік кезекшілікте, тәуліктік және гарнизондық нарядтарда болған кезде, сондай-ақ дүлей зілзалалар мен басқа да төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде орындау көзделген. Бұл міндеттер мен оларды орындау тәртібі заңдарда белгіленеді.

Арнайы міндеттерді орындау үшін әскери қызметшілерге заң актілерімен және жалпыәскери жарғылармен айқындалатын қосымша құқықтар берілуі мүмкін.

Әскери атағы мен лауазымына қарамастан, барлық әскери қызметшілер заң алдында тең және оларға құқықтық жағдайының ерекшеліктері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген жауапкершілік жүктелген.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметшілер әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде жасаған тәртіпбұзушылықтың сипаты мен ауырлығына қарай қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібіне қарсы жасаған қылмыстары үшін *қылмыстық жауапкершілікке* тартылады.

*Әкімшілік жауапкершілік* әкімшілік құқықбұзушылық (теріс қылық) жасағаны үшін туындайды. Жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсыз) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқықбұзушылық деп танылады.

Әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, әскери қызмет міндеттерін атқару кезінен басқа уақытта мемлекетке, жеке және заңды тұлғаларға келтірген залалы мен моральдық зияны үшін *азаматтық-құқықтық жауапкершілікке* тартылады.

Әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Тәртіптік жарғысына сәйкес әскери тәртіпті, әдеп нормаларын немесе қоғамдық тәртіпті бұзуға байланысты теріс қылықтары үшін *тәртіптік жауапкершілік* жүктелген. Тәртіптік жаза әскери қызметшіні заңдарға сәйкес жауапкершіліктің басқа түрлерінен босатпайды.

Әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде мемлекетке келтірілген материалдық залал үшін әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес материалдық жауапкершілікте болады. Әскери қызметші өзге де жауапкершілік түрлеріне тартылуына немесе қоғамдық ықпал ету шараларын қолдануға қарамастан, залалды өтейді.

**Қорытынды:**

1. Әскери қызметті өткеру тәртібі азаматтардың шақыру бойынша немесе келісімшарт бойынша ерікті түрде әскери қызметке қабылданғанына қарай айқындалады.
2. Әскери қызметшілер әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде мемлекеттің қорғауында болады.

«Жаңа жағдайларға тез бейімделу тәсілдері» тақырыбында жас сарбазға арналған жадынама құрастырыңдар.



Ұсынылған тақырыптардың кез келгеніне электрондық таныстырылым түрінде жоба жасаңдар:  
 «Әскери қызметшілердің құқықтық жағдайының ерекшеліктерін ескеретін жауапкершілік»;  
 «Әскери қызметшілердің жоғары әскери оқу орындарында оқу құқығы»;  
 «Әскери қызметшілердің бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындауы».



«Әскери қызметшінің мәртебесі» кластерін құрастырыңдар.



Халықаралық міндеттемелер	Международные обязательства	International obligations
Қызмет мерзімі	Срок службы	Terms of service
Әскери қызметшінің мәртебесі	Статус военнослужащего	Status of serviceman
Лауазымдық міндеттер	Должностные обязанности	Position requirements
Материалдық жауапкершілік	Материальная ответственность	Property accountability



1. Әскери қызмет өткеру түсінігі нені қамтиды?
2. Әскери қызмет мерзімін атаңдар.
3. Әскери қызметшілердің қандай құқықтары бар?
4. Әскери қызмет міндеттерін орындау кезіндегі әскери қызметшілердің жауапкершілік түрлерін атаңдар.



## 2-БӨЛІМ. АТЫС ДАЙЫНДЫҒЫ

Атыс қаруынан ату негіздері мен ережелерін қарастырады.



**Бұл бөлім сендерге:**

- зақымдалатын, тасадағы және өлі кеңістікті практикалық тұрғыдан қолдануға, қашықтықты анықтау тәсілдерін білуге;
- оқтың атылу құбылысының мәнін, оның кезеңдерін түсінуге;
- тура атудың практикалық мәнін түсіндіруге;
- ұрыстық жағдайда атыс қаруының мүмкіндіктерін бағалай алуға көмектеседі.

## § 1. Атыс жүргізу негіздері

### Тақырыпты оқу нәтижесінде:

- атылған оқ тура емес, қисық сызық бойынша ұшатынын;
- оқ ату кезінде атқыш кері жұлқу энергиясын еш ауыртпалықсыз сезінетінін;
- оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы қарудың маңызды сипаттамаларының бірі болып табылатынын *білетін боласыңдар*;
- ату принципін, оқтың кедергіге және тірі ағзаға әсерін *түсінесіңдер*.

Атыс жүргізу негіздері атыс кезінде орын алатын үдерістерді түсінуге және ату тәсілдері мен ережелерін меңгеруге қажетті теориялық қағидаларды қамтиды.

### Оқтың атылу құбылысы


Оқ-дәрі зарядының жануы кезінде пайда болатын оқ-дәрі газдарының әсерінен ұңғыдан оқтың лақтырылуы **ату** деп аталады.

Патрон капсюлін соққыштың ұруынан оқ-дәрі зарядын тұтандыратын жалын пайда болады. Бұл ретте қатты қызған газдың көп мөлшері қалыптасады, ол жоғары қысым тудырып, барлық бағытта бірдей күшпен әрекет етеді.

Газ қысымы 250–500 кгс/см<sup>2</sup> (1 кгс/см<sup>2</sup> = 0,1 МПа) болған кезде, оқ орнынан жылжып, ұңғының ішкі қабырғасындағы ойық іздерге орнығады да, айналмалы қозғалыс алады. Оқ-дәрінің жануы жалғасып, газ көлемі арта түседі. Газ қысымы ең үлкен шамаға оқ 4–6 см-ге жылжығанда жетеді. Содан кейін оқ қозғалысының жылдамдығының күрт артуы салдарынан оқтың артындағы кеңістік көлемі газ ағынынан тезірек кеңейіп, қысым төмендей бастайды. Бірақ ұңғыдағы оқтың жылдамдығы өсе береді, себебі газ аз болса да, оған қысым жасайды. Оқ үздіксіз өсетін жылдамдықпен ұңғының бойымен қозғалады да, ұңғы осінің бағытымен сыртқа лақтырылады. Оқтан кейін ұңғыдан атылып шыққан қызған газ ауамен жанасқанда атыс кезіндегі дыбысты тудыратын жалын мен соққы толқынын қалыптастырады. Атудың барлық үдерісі өте қысқа уақыт аралығында (0,001–0,06 сек.) өтеді.

Оқтың атылуы рет-ретімен алмасатын төрт кезеңнен тұрады: бастапқы; бірінші немесе негізгі; екінші; үшінші немесе оқ-дәрі газының әсерінен кейінгі кезең. Оқтың атылу кезеңдері (1-сурет):  $P_0$  – үдету қысымы;  $P_m$  – ең жоғарғы қысым;  $P_{ж.б}$  және  $V_{ж.б}$  – оқ-дәрінің толық жанған сәтіндегі оқтың қозғалу жылдамдығы мен газ қысымы;  $P_γ$  және  $V_γ$  – оқ-

тың ұңғыдан ұшып шыққан сәттегі қозғалу жылдамдығы мен газ қысымы;  $V_m$  – оқтың ең жоғарғы ұшу жылдамдығы;  $P_{атм}$  – атмосфералық қысымға тең қысым.



1-сурет

*Бастапқы кезең* оқ-дәрі зарядының жануы басталғаннан оқ қабықшасының ұңғы ойық ізіне толық орнығуына дейін созылады.

*Бірінші немесе негізгі кезең* оқтың жылжуынан басталып, оқ-дәрі зарядының толық жану сәтіне дейін созылады. Осы кезеңде оқ-дәрі көлемін күрт өзгерте жанады.

*Екінші кезең* оқ-дәрі зарядының толық жанып біткен сәтінен оқтың ұңғыдан ұшып шығу сәтіне дейін созылады. Осы кезең басталғанда оқ-дәрі газының түзілуі аяқталады. Бірақ қатты қызған және қысымға түскен газдың көлемі кеңейіп, оқты қысыммен итеріп, оның қозғалыс жылдамдығын арттырады.

*Үшінші кезең немесе оқ-дәрі газының әсерінен кейінгі кезең* оқтың ұңғыдан ұшып шыққан сәтінен бастап оқ-дәрі газының оққа әсер етуі тоқтаған сәтке дейін созылады.

Одан әрі оқтың ауадағы ұшуы инерция бойынша жалғасады және көп жағдайда оның бастапқы жылдамдығына байланысты болады.

### Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы

**Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы** деп оның ұңғыдан ұшып шыққандағы немесе ұшып шығу нүктесіндегі қозғалысының жылдамдығы аталады. Ол  $V_0$  мәнімен белгіленіп, секундына метр (м/сек.) өлшемімен өлшенеді.

Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы – қарудың ұрыстық қасиеттерінің маңызды сипаттамаларының бірі. Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығының өсуі оның ұшу ұзақтығын, қиратқыш және тескіштік әрекетін арттырады, ұшуына сыртқы әсерлерді азайтады.

Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығының шамасы ұңғының ұзындығы, оқтың, оқ-дәрінің салмағы және басқа да факторларға байланысты болады. Ұңғы ұзын болған сайын (белгілі бір дәрежеге дейін), оққа оқ-дәрі газы соғұрлым ұзағырақ әсер етіп, оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы жоғары болады. Ұңғы ұзындығы мен оқ-дәрі зарядының салмағы тұрақты болғанда оқтың салмағы аз болған сайын, оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы соғұрлым жоғары болады.

Оқ-дәрі заряды салмағының өзгеруі оқ-дәрі газының мөлшерінің өзгеруіне, демек ұңғы ішінде қалыптасатын максималды қысым көрсеткішіне және оқтың бастапқы ұшу жылдамдығының өзгеруіне әкеледі. Оқ-дәрі зарядының салмағы неғұрлым көп болса, максималды қысым мен оқтың бастапқы ұшу жылдамдығының көрсеткіштері соғұрлым жоғары болады.

Ұңғының ұзындығы мен оқ-дәрінің салмағы қаруды құрастыру кезінде барынша ұтымды мөлшерге дейін ойластырылады.

Оқ-дәрі зарядының температурасы жоғарылаған сайын оқ-дәрінің жану жылдамдығы артады, мұнымен қоса максималды қысым мен бастапқы жылдамдық та артады. Заряд температурасы төмендеген кезде бастапқы жылдамдық азаяды. Бастапқы ұшу жылдамдығын арттыру оқтың ұшу қашықтығын ұлғайтады.

Оқ-дәрі зарядының дымқылдығының артуы оның жану жылдамдығы мен оқтың бастапқы ұшу жылдамдығын азайтады.

### Қарудың кері жұлқуы

Ұңғы ішінде газ қысымы бірдей күшпен барлық бағытта әсер ететіндіктен, ату кезінде ол оқты алға итеріп қана қоймай, қаруды артқа жұлқиды. *Атыс кезінде қарудың (ұңғының) артқа қозғалысы кері жұлқу деп аталады.* Атыс қаруының кері жұлқуы иықты, қолды немесе топы-

рақты кері итеру түрінде сезіледі. Атыс қаруының кері жұлқу энергиясы әдетте 2 кгс/м-ден аспайды және атқыштарға еш ауыртпалықсыз сезіледі.

Кері жұлқуды тудыратын оқ-дәрі газы қысымының күші мен кері жұлқуға кедергі күш (қару дүмін атқыштың иыққа тіреуі) бір түзу осьте орналаспайды және қарама-қарсы жаққа бағытталады. Осы екі жұптасқан күштің әсері қарудың ауыз бөлігін жоғарыға ауытқытады (2-сурет). Бұл ретте қос күш иіні көп болған сайын, ауытқу да соғұрлым үлкен болады. Нәтижесінде оқ ұңғыдан атылғанға дейін берілген ось бағытында емес, ұңғыдан оқ ұшып шыққан мезеттегі ұңғы осінің бағытында ұшады. *Ұңғы осінің атқанға дейінгі бағыты мен одан оқтың ұшып шығу сәтіндегі оқ бағыты арасындағы бұрыш ұшып шығу бұрышы деп аталады.* Бұл бұрыштың шамасы практикалық мәнге ие және атқыштың дайындығына байланысты болады. Ұшып шығу бұрышының шамасы сол қол білезігінің қару құндағы бойында орын ауыстыруынан, сондай-ақ иыққа тірелген дүм қалпының өзгеруінен де өзгереді. Ұшып шығу бұрышы шамасының тұрақтылығын сақтау үшін атқыш атысқа дайындықтың барлық элементтерін бірдей орындауы тиіс.




2-сурет

### Траекторияның қалыптасуы

Ұңғысының бұрандалы ойық ізі бар қарудан оқ атқанда оқ-дәрі газы оққа тек үдемелі ғана емес, айналмалы қозғалыс та береді. Ауада оқ инерциямен ұшады. Бұл ретте оған екі күш: ауырлық күші және ауа кедергісінің күші әсер етеді. Ауырлық күшінің әсері оқты ұшу сызығынан біртіндеп төмендете ауытқытады. Ауа кедергісінің күші оқты қозғалысын баяулатып, төңкеруге ұмтылады және оқты айналу жағына қарай ауытқытады.

Осы екі күштің әсерінен оқ ауада ұңғыдан (лақтыру сызығынан) ұшып шыққандағы тік бағытта емес, лақтыру сызығынан төмен орналасқан біркелкі емес қисық сызық бойынша ұшады (3-сурет).



3-сурет

Ұшқан оқтың ауырлық центрі қалдыратын қисық сызық **траектория** деп аталады.

Траекторияның пішіні өрлеу бұрышының шамасы мен оқтың бастапқы ұшу жылдамдығына байланысты болады және тура ату қашықтығының шамасына, тасадағы, зақымдалатын және өлі кеңістікке әсер етеді. Өрлеу бұрышының ұлғаюы траекторияның биіктігі мен тікелей арудың көлденең қашықтығын ұлғайтады, бірақ бұл белгілі шекке дейін ғана болады. Траекторияның биіктігі осы шектен тыс ұлғайғанда толық көлденең қашықтық азаяды.

### Оқтың тескіштік және қиратқыш әрекеті

**Оқтың тескіштік әрекеті** – оқтың белгілі бір тығыздық пен қалыңдықтағы кедергіні немесе тасаны тесіп өту қабілеті (№ 1 кесте).

**Оқтың қиратқыш әрекеті** – оқтың тірі ағзаны қатардан шығарып тастауға әкеп соқтыратын әсері. Бұл ретте ағзаның оқтың кинетикалық энергиясын сіңіруі (қабылдауы) оның қорғаныс тіндері мен өмірлік маңызы бар мүшелерінің зақымдалуымен қатар жүреді. Адамның арнайы қорғанышы жоқ өмірлік маңызы бар мүшелерін зақымдау үшін кинетикалық энергия 8 кгс/м-ден (78,5 Дж) кем болмауы тиіс.

Оқтың тескіштік және қиратқыш әрекеті оның салмағына, пішініне және көзделген денемен соқтығысу кезіндегі жылдамдығына байла-

нысты. Іс жүзінде оқ өзінің қиратқыш күшін ұшу қашықтығының ең соңғы шегіне дейін сақтайды.


№ 1 кесте

АК-74 автоматы және РПК-74 оқшашарынан атылған калибрі 5,45 мм-лік, болат өзекті оқтың тескіштік әрекеті

Кедергінің (қорғану құралдарының) атауы	Атыс қашықтығы, м	Кедергінің екі жағынан да тесілу пайызы немесе оқтың тесу тереңдігі
Болат табақ, оқ 90° бұрыш жасап тигенде, қалыңдығы: 2 мм 3 мм 5 мм	950 670 350	50 % 50 % 30 %
Каска (болат шлем)	800	80–90 %
Бронежилет	550	75–100 %
Тығыздалып тапталған қардан жасалған бруствер	400	50–60 см
Балшықты топырақтан тығыздала үйілген кедергі	400	20–25 см
Қатқабат қойылған құрғақ қарағай білеулер, 20×20 см	650	50 %
Қаланған кірпіш	100	10–12 см

### Тура атудың практикалық маңызы

Өзінің барлық қашықтығында оқтың ұшу траекториясы көздеу сызығының бойында көзделетін нысаннан жоғары көтерілмейтін ату **тура ату** деп аталады (4-сурет).




4-сурет

Тура атудың практикалық мәні ұрыстың қауырт сәтінде оқ атуды көздеуішті орнынан жылжытпай жүргізуде. Бұл нысананы жайратуды тездетуге, қарсыласқа қарымта оқ атуда одан жылдам болуға мүмкіндік береді.

Тасаның жотасынан кездесу нүктесіне дейінгі оқ ұшпайтын кеңістік *тасадағы кеңістік* деп аталады.

Тасадағы кеңістіктің нысана зақымдалуы мүмкін бөлігі *зақымдалатын кеңістік* деп аталады, ал оқтың ұшу траекториясында нысана зақымдалмайтын кеңістік *өлі кеңістік* (зақымдалмайтын) *кеңістік* деп аталады (5-сурет).

Өлі кеңістік көбінесе бөлімшелердің жасырын қозғалуы, оларды орналастыру және қайта топтау үшін пайдаланылады.



5-сурет

#### Қорытынды:

*Атыс жүргізу негіздері қарсыласты ұрыста жеңу мақсатында қаруды сауатты пайдалана білу үшін қажет.*

Қару түрлерінің негізгі тактикалық-техникалық сипаттамалары бізге белгілі. Осыған байланысты:

1. АК-74 автоматы және РПК-74 оқшашарының ұңғы ұзындығын оқтарының бастапқы ұшу жылдамдықтарымен салыстырыңдар. Ұңғы ұзындығы неге әсер етеді?
2. Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығын арттыру мақсатында оқ салмағын азайтуға мысал келтіріңдер.



Салмағы 3,6 кг Калашников автоматынан салмағы 7,9 г оқ 900 м/сек. жылдамдықпен ұшып шықса, қарудың кері жұлқу жылдамдығы қандай болады?



Траектория	Траектория	Trajectory
Тура ату	Прямой выстрел	Direct shot
Қарудың кері жұлқуы	Отдача оружия	Recoil
Ату	Выстрел	Shot
Зақымдалатын кеңістік	Поражаемое пространство	Danger space



1. Оқтың атылу құбылысы туралы айтып беріңдер.
2. Оқтың ұшу траекториясы қалай қалыптасады?
3. Қарудың кері жұлқуын сипаттаңдар. Ол атуға қалай әсер етеді?
4. Тура ату дегеніміз не және оның практикалық мәні қандай?
5. Тасадағы, өлі (зақымдалмайтын) және зақымдалатын кеңістікті сипаттаңдар. Олардың өлшемдері неге байланысты?



## § 2. Атыс жүргізу ережелері

### Тақырыпты оқу нәтижесінде:

- нысананың бұрыштық шамаларын қалай анықтауға болатынын;
- қаруды нысанаға кезеудің нені қамтитынын;
- бүйірден соққан желге байланысты түзету қалай жүзеге асырылатынын білетін боласыңдар;
- нысанаға дейінгі қашықтықты өлшеу мәнін түсінесіңдер.

### Қашықтықты анықтау тәсілдері және мыңдық формуланы қолдану

Қарудан атыс жүргізу тәжірибесінде нысанаға дейінгі қашықтықты өлшеудің маңызы зор. Бұл атыс жүргізуде қолданылатын деректерді дайындау үшін қажет. Нысанаға дейінгі қашықтық неғұрлым тез және дәл өлшенсе, ол соғұрлым сәтті жойылады.

Әдетте нысанаға дейінгі қашықтық оның бұрыштық шамасы және бағдарға дейінгі қашықтықты өлшеу арқылы көз өлшемімен (кез келген жағдайда) анықталады.

Қашықтық көзбен өлшегенде қашықтығы белгілі жергілікті затқа немесе бағдарға дейінгі аралықпен салыстыру арқылы; көз жадысында қалған жергілікті жер ерекшелігі; көріну дәрежесі және нысананың көріну шамасы бойынша анықталады. Қашықтықты анықтаудың бұл тәсілінің олқылықтары бар және ол ұзақ жаттығуды талап етеді.

Қашықтықты барынша нақты анықтау тәсілі – бағдарлар мен шептерге дейінгі қашықтықты өлшеу. Бұл әдіс қарсыласпен жанасу жоқ кезде ғана қолданылады, оны ұрыс барысында жүргізу мүмкін емес.

Егер нысананың қандай да бір өлшемі (ұзындығы, биіктігі, ені) белгілі болса, бұрыштық шамалар бойынша нысанаға дейінгі қашықтықты  $Q = \frac{\Theta \times 1000}{B}$  мыңдық формуласы бойынша анықтауға болады.

Бұл жерде:

Q – затқа дейінгі метрмен өлшенетін қашықтық;

B – заттың көрінген бұрышы, мыңдықпен беріледі;

Θ – нысананың метрикалық өлшеммен (яғни метрмен) берілген биіктігі немесе ені.

1000 – осы формулада әрдайым қолданылатын тұрақты, өзгермейтін математикалық шама.

**Мыңдық** – радианның 1/1000 үлесіне немесе шеңбердің 1/6000 бөлігіне тең доғаға сүйенетін центрлік бұрышқа тең бұрыштық шама.

Нысаналардың бұрыштық шамалары мыңдық шамасы арқылы далалық дүрбінің немесе басқа бақылау аспаптарының көмегімен, осы аспаптардың бұрыштық шкаласы бойынша өлшенеді (6-сурет).

Дүрбінің өлшеуіш шкаласының үлкен бөлігінің шамасы 10 мыңға, кішісінікі 5 мыңға, кіші штрихтің биіктігі 2,5 мыңға, үлкен штрихтің биіктігі 5 мыңға тең.

Мыңдық келесі тәртіппен жазылады: 1 мыңдық – 0–01; 5 мыңдық – 0–05; 10 мыңдық – 0–10; 130 мыңдық – 1–30.

Келесі тәртіппен оқылады: 1 мыңдық – нөл, нөл, бір; 5 мыңдық – нөл, нөл, бес және т.б.

Мыңдық формуланың көмегімен нысанаға дейінгі қашықтықты анықтау үшін негізгі нысаналардың мөлшерін білген тиімді (№ 2 кесте).


№ 2 кесте

№ р/с	Негізгі нысаналар	Өлшемдері (метрмен)		
		биіктігі	ені	ұзындығы
1	Кеуделік пішін	0,5	0,5	
2	Белдік пішін	1	0,5	
3	Бойлық пішін	1,5	0,5	
4	Қол оқшашар	0,5	0,75	
5	Оқшашар есебі	0,75	1	
6	Танк	2,7	3,4	6,7
7	Бронетранспортер	2,2	2,5	10

Мысалы, дүрбі арқылы көрінген адамның бұрыштық шамасы (орта бойы 1,7 м) дүрбі торының бір кішкентай бөлігіне тең (0–05). Демек, адамға дейінгі қашықтық 340 метрге тең болады (1,7 санын 1000-ға көбейтеміз және 5-ке бөлеміз).


Нысананың бұрыштық шамаларын қолда бар заттар (сызғыш, қарындаш, сіріңке қорабы және т.б.) және қол саусақтарының көмегімен анықтауға болады (7-сурет). Ол үшін бұл заттардың мыңдық мәнін білу қажет:

- сызғыштың 1 мм-і – 0–02;
- домалақ қималы қарындаш – 0–12;



6-сурет

- сіріңке қорабы: ұзындығы бойынша – 0–90, ені бойынша – 0–60, биіктігі бойынша – 0–30;
- қол саусақтары: басбармақ – 0–40, сұқ саусақ – 0–30, шынашақ 0–20-ға тең.



7-сурет

Қолда бар заттардың көмегімен нысаналардың бұрыштық шамасын анықтау үшін оларды көз деңгейінде, көзден 50 сантиметр қашықтықта ұстап, нысананың шетімен қиыстыру қажет.

Мысалы, егер сызғыштың көмегімен нысананың бұрыштық шамасын анықтау кезінде нысана шеттерінің арасындағы қашықтық ені, биіктігі немесе ұзындығы бойынша 4 мм болса, онда нысананың бұрыштық шамасы 0–08-ге (0–02×4) тең болады.

Қолда бар заттардың көмегімен нысананың бұрыштық шамаларын анықтаудың дәлдігі оларды көзден 50 см қашықтыққа қою дәлдігіне байланысты.

### Көздеу (дәлдеу) элементтері

**Көздеу** – қару ұңғысының осін кеңістіктегі атыс жүргізуге қажетті қалыпқа келтіру. Бұл қару-жарақтың көздеуіш аспаптарының көмегімен іске асырылады. Көздеу қарауылды тура алып, оны көздеу нүктесімен қиыстырудан (8-сурет) тұрады. Қарауылды тура алу – қарауылды көздеуіш планкасының кертiгiмен дұрыс қиыстыру. Қарауылдың төбесі көздеуіш планкасының кертiгiнің дәл ортасында, оның жоғарғы жиектерімен бір деңгейде көрінуі тиіс.



8-сурет

### Қозғалмайтын нысаналарды ату кезінде көздеуіш қалыбы мен көздеу нүктесін таңдау

Автоматтан атыс жүргізген кезде:

– нысанаға дейінгі қашықтықты өлшеп, көздеуіш қалыбын және көздеу нүктесін анықтау;

– оқтың ұшуына әсер ететін атыс шарттарын ескеру;

– нысананың қозғалысына сәйкес түзетулерді ескеру қажет.

Көздеуіш қалыбы мен көздеу нүктесі атыс кезінде орташа траектория нысананың ортасында болатындай есеппен таңдалады. Нысанаға дейінгі қашықтық өлшемі тұтас жүздік метрге дейін дөңгелетіледі, көздеуіш соған сәйкес анықталып қойылады. Бұл ретте әдетте көздеу нүктесі ретінде нысананың ортасы алынады.

Егер жағдай нысанаға дейінгі қашықтыққа байланысты көздеуіш қалыбын өзгертуге мүмкіндік бермесе, онда атысты тура атудың ең алыс шегіндегі нысананың төменгі жиегін көздеп, көздеуішті «П» қалыбына қойып жүргізу керек. Мысалы, «кеуделік пішін» нысанасы бойынша көздеуішті «П» қалыбына қойып, автоматтан оқ атқанда 100 м қашықтықтағы траекторияның осы қашықтықтағы көздеу сызығынан асып кетуі 13 см-ге тең, бұл траекторияның нысана арқылы өтуіне сәйкес келеді.


Жергілікті жердің теңіз деңгейінен жоғары болуы және нысана орнының бұрышы оқтың ұшу қашықтығына, сәйкесінше, көздеуіштің қалыбын және көздеу нүктесін таңдауға әсер ететін сыртқы жағдай болып табылады.

Көздеуіш аспабына жергілікті жердің теңіз деңгейіне қатысты биіктігіне және нысана орнының бұрышына байланысты түзетулер таулы жерлерде 400 м-ден астам қашықтықта атыс жүргізу кезінде ғана енгізіледі.

Бұл ретте атыс жүргізілетін жер теңіз деңгейінен 800–1500 м биіктікте болса, көздеуіш нысанаға дейінгі қашықтыққа сәйкес келетін шамаға қойылады, ал көздеу нүктесі ретінде нысананың төменгі жиегі алынады. Егер жердің биіктігі теңіз деңгейінен 1500 м-ден жоғары болса, қашықтығы бойынша анықталған көздеуіш қалыбының шамасы бір бірлікке азаяды, ал көздеу нүктесі нысананың ортасынан алынады.

Таулы жерде атыс жүргізгенде нысана орнының бұрышы 15–30° болса, көздеу нүктесі ретінде нысананың төменгі жиегін таңдау керек, көздеуіш нысанаға дейінгі қашықтыққа сәйкес келетін шамаға қойылады. Егер атыс нысана орнының бұрышы 30°-тан асатын жағдайда жүргізілсе, көздеуіш қалыбының шамасы бір бірлікке азаяды, ал көздеу нүктесі нысананың ортасынан алынады. Бұл ереже атыс жоғарыдан төмен немесе төменнен жоғарыға қарай жүргізілген жағдайда да пайдаланылады.

Бүйірден соққан жел оқты басқа жаққа ауытқытып, оның ұшуына айтарлықтай әсер етеді. Бүйірден соққан желге байланысты түзету көздеу нүктесін нысана пішінінен немесе қарауылдың бөлінуінен (оқшардан ату кезінде) метрлеп шығару арқылы есепке алынады. Бұл ретте көздеу нүктесін шығаруды есептеу нысана ортасынан жел соғатын жаққа қарай жүргізіледі (9-сурет).



9-сурет

Көздеу нүктесін шығару шамасы атыс жүргізу ісіне арналған тиісті нұсқаулықтарда келтірілетін кестелер бойынша анықталады. Бірақ ұрыс жағдайында кестелерді пайдалану ыңғайсыз және тіпті мүмкін емес. Сондықтан сарбаз осы кестелердің негізгі деректерін есте сақтауы немесе мнемоникалық деп аталатын ережелерді қолдануы қажет.

Автоматтан ату кезінде «жел бірқалыпты, нысананы екіге азайтып, екіге бөлеміз» мнемоникалық ережесін қолдануға болады. Жауап шамасы адам пішінінде шығады. Мысалы, автоматтан ату 400 м қашықтықта жүргізіледі, жел бірқалыпты. Түзетудің шамасы 4-ке тең, одан

2-ні шегеріп, 2 есе азайтқанда жауап ретінде 1 адам пішіні анықталады, яғни көздеу нүктесі нысананың алдына 1 адам пішіні қашықтығына шығарылады. Егер жел күшті немесе әлсіз болса, алынған нәтижені тиісінше екі есе ұлғайту немесе азайту қажет. Егер жел ату бағытына сүйір бұрыш жасай соқса, алынған нәтижені екі есе азайту қажет.

Қозғалыстағы нысаналарды ату кезінде нысананың қозғалысын есепке алу қажет, яғни оқ нысанаға дейін ұшқан кезде нысана жылжып үлгеретін қашықтық шамасында оның алдынан көздеу қажет.

Нысананың тура (атқышқа қарай немесе атқыштан қарама-қарсы бағытта) қозғалысы кезінде түзетулер ескерілмейді, өйткені нысанаға дейінгі қашықтықтың өзгеруі елеусіз болады және зақымдалатын кеңістіктің ерекшелігімен түзеледі.

Атыс бағытына көлденең бағытта немесе қиғашынан қозғалған нысаналарды ату кезінде нысананың қозғалыс бағытын есепке ала отырып көздеу қажет. Есепке алу шамасы кестелерде көрсетілгендей алынуы немесе есептелуі мүмкін. Нысананың жылдамдығын және оқтың оған дейін ұшатын уақытын білген жағдайда, оқтың ұшу жолын есептеу оңай. Ұрыс алаңындағы нысаналардың қозғалысының орташа жылдамдығы: жаяу әскер – 1,5–3 м/сек.; танкілер, жаяу әскер ұрыстық машинасы – 6 м/сек.; бронетранспортер, автомобиль – 8–10 м/сек. Автомат оғының түрлі қашықтыққа ұшу уақыты: 200 м – 0,25 сек.; 300 м – 0,4 сек.; 400 м – 0,6 сек.; 500 м – 0,8 сек.; 600 м – 1 сек. Мысалы, жүгіріп бара жатқан нысана бойынша атыс жүргізілуде, ол атыс бағытына  $90^\circ$  бұрыш жасап, 2 м/сек. жылдамдықпен қозғалады, ал оған дейінгі қашықтық 300 м. Есепке алу шамасы  $2 \times 0,4 = 0,8$  м-ге тең. Егер нысана атыс бағытына сүйір бұрыш жасай қозғалса, есепке алу шамасына түзетулер екі есе азайтылады.

#### **Қорытынды:**

*Атыс жүргізу тәсілдері мен қағидаларын меңгеру түрлі қашықтықта, кез келген жерде, қандай да болмасын ауа райы жағдайында қарсыласты оқ ату арқылы мергендікпен зақымдауды үйрену үшін қажет.*

«Нысанаға дейінгі қашықтықты анықтау тәсілдері» тақырыбына реферат дайындаңдар.



## АТЫС ДАЙЫНДЫҒЫ

Қолда бар құралдарды және мыңдық формуланы пайдалана отырып, қашықтықты анықтау бойынша есептерді шешіңдер:

1. Дүрбінің өлшеуіш шкаласының кіші бөлігінде орналасып көрінетін биіктігі 2,5 м нысанаға дейінгі қашықтықты анықтаңдар.
2. Ені 3 м және оған дейінгі қашықтық 200 м болатын нысананың бұрыштық шамасын анықтаңдар.



АК-74 автоматынан 300 метр қашықтықта кеуделік пішін нысанасы бойынша атыс жүргізіліп жатыр. Желдің күші орташа, атыс бағытына тікелей бұрышпен солдан оңға қарай соғып тұр. Көздеуіштің қалыбын, көздеу нүктесінің өлшемін және шығару бағытын анықтаңдар.



Мыңдық	Тысячная	Thousandth
Көздеу	Наводка	Aiming
Көздеу нүктесі	Точка прицеливания	Aiming point
Бұрыштық шама	Угловая величина	Angular size
Шкала	Шкала	Scale



1. Көздеу дегеніміз не? Ол қандай элементтерден тұрады?
2. Мыңдық формуланың көмегімен нысанаға дейінгі қашықтықты анықтау тәртібін айтыңдар.



### 3-БӨЛІМ. САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Бөлімше құрамында саптық тәсілдерді бір орында және қозғалыста орындауды қамтиды.



**Бұл бөлім сендерге:**

- саптық тәсілдерді бір орында және қозғалыста орындауды өздігінен пысықтай алуға;
- саптық дайындықтың тәртіпті нығайтудағы маңызын түсінуге;
- саптық дайындықтың өзін-өзі тәрбиелеуге әсерін, сырт келбеттің ұқыптылығын сақтауға ықпалын түсіндіруге;
- саптық тәсілдердің дұрыс орындалуын бағалап, бақылауға көмектеседі.

## § 1. Саптық тәсілдер және қозғалыс

### Тақырыпты оқу нәтижесінде:

- саптық қалыпты орындау;
- саптық және жорықтық адыммен қозғалу;
- бұрылыстарды орнында және қозғалыста орындау;
- әскери сәлемдесу тәсілдерін орнында және қозғалыста орындау;
- саптан шығу және сапқа қайта оралу тәсілдерін орындау дағдыларын жетілдіресіңдер.

Саптық дайындық – жауынгерлік дайындықтың ажырамас бөлігі. Ол сарбаздардың өмірі мен қызметіне барлық жағынан әсер етеді. Саптық дайындық жауынгердің ерік-жігерін шыңдап, өз денесін игеру қабілетін жақсартады, зейінділігін, байқағыштығын, жұмысқа қабілеттілігін дамытады және әскери тәртіптің сақталуына, нығаюына ықпал етеді.

### Саптық тәсілдерді орнында тұрып орындау



1-сурет

*Саптық қалып* (1-сурет). Саптық қалыпқа тұрғызу үшін «САПҚА ТҰР» командасы беріледі. Осы команда бойынша жылдам сапқа тұрып, қалыпты жағдайда тік тұру керек, өкшелерді қосып, аяқтың ұшын маңдайшеп сызығы бойынша табан еніне қойып түзеу керек; тізені тіктеу, бірақ тым қатайтпау керек; кеудені шамалы көтеріп, тұтас денені біршама алға ұстау керек; ішті тарту керек; иықтарды артқа жазу керек; саусақтарды жартылай бүгіп, алақандарды ішке қаратып, екі жанына тиетіндей етіп қолдарды төмен түсіру керек; басты жоғары және тік, иекті алға шығармай ұстау керек; өзінің алдына қарап тұру керек; шұғыл іс-қимылға даяр болу керек.

Орнында «ТІК ТҰР» командасы бойынша саптық қалыпты жылдам қабылдау және қозғалмау керек.

Саптық қалып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалған уақытта, командир (бастық) назар аударғанда, бұйрық берген және алған, баяндаған, әскери сәлемдесуді орындаған кезде, сондай-ақ командаларды берген кезде командасыз да қабылданады.

«ЕРКІН ТҰР» командасы бойынша еркін тұрып, оң немесе сол тізені бос ұстау, бірақ орнынан кетпеу, назарды әлсіретпеу және сөйлеспеу керек.

«РЕТТЕЛ» командасы бойынша саптағы өз орнын тастамай, қаруды, киім-кешек пен жабдықты түзеу керек; қажет болған кезде саптан шығу үшін рұқсат алу мақсатында тікелей бастыққа өтініш айту керек. «РЕТТЕЛ» командасы алдында «ЕРКІН ТҰР» командасы беріледі.

Бас киімді шешу үшін «Бас киімді – ШЕШ», ал кию үшін «Бас киімді – КИ» деген команда беріледі. Шешілген бас киім кокардасы алға қаратылып, шынтақта бүгілген сол қолда ұсталады.

*Орнында бұрылулар.* Орнында бұрылулар «ОҢ-ҒА», «Жарты айналым оң-ҒА», «Сол-ҒА», «Жарты айналым сол-ҒА», «Артқа БҰРЫЛ» командалары бойынша орындалады.

Артқа, солға, жарты айналым солға бұрылулар сол қол жаққа қарай сол өкшемен және оң аяқтың ұшымен; оңға, жарты айналым оңға бұрылулар оң қол жаққа қарай оң өкшемен және сол аяқтың ұшымен жасалады.

Бұрылулар екі тәсілмен орындалады: бірінші тәсілде дененің дұрыс қалпын сақтай отырып, тізелерді бүкпей бұрылу, дененің салмағын салмақ түсетін аяққа түсіру; екінші тәсілде қысқа жолмен екінші аяқты қою.

*Әскери сәлемдесуді орнында тұрып орындау (2-сурет).* Әскери сәлемдесу нық және көрнекті орындалады.

Әскери сәлемдесуді саптан тыс орнында бас киімсіз орындау үшін бастыққа үш-төрт адым қалғанда ол жаққа бұрылып, саптық қалыпты қабылдау керек және оның соңынан басын бұра отырып, оған қарау керек.

Егер бас киім киілген болса, онда бұдан бөлек саусақтар бірге, алақан тік, ортаңғы саусақ бас киімнің шетіне (күнқағарға) тиіп тұратындай, ал шынтақ иық деңгейінде және биіктігінде болатындай етіп оң қолды қысқа жолмен бас киімге апару керек. Бастық жаққа басты бұрған кезде қолдың бас киімдегі жағдайы өзгеріссіз қалады.

Бастық әскери сәлемдесуді орындаушының жанынан өтіп бара жатқанда басты тік ұстау керек және онымен бір уақытта оң қолды төмен түсіру керек.



2-сурет

## Саптық тәсілдерді қозғалыста орындау



3-сурет

*Қозғалыс* (3-сурет). Қозғалыс адыммен немесе жүгірумен жасалады. Адыммен қозғалыс жасау минутына 95–105 адым қарқынымен жүзеге асырылады. Адымның ұзындығы 60–70 см. Сапта жүгіре қозғалыс жасау минутына 165–180 адым қарқынымен жүзеге асырылады. Адымның ұзындығы 85–90 см.

Саптық адым бөлімшелер салтанатты шерумен өткен, олар қозғалыста әскери сөлемдесуді орындаған, командир (бастық) бөлімшеге назар аударған, әскери қызметші

командирге (бастыққа) жақындаған және одан алыстаған, әскери қызметші саптан шыққан және сапқа қайтып тұрған кезде, сондай-ақ саптық даярлық бойынша сабақтарда қолданылады.

Жорықтық адым қалған барлық жағдайларда қолданылады.

Саптық адыммен қозғалыс жасау «**Саптық адыммен – БАС**» командасы бойынша басталады. Жорықтық адыммен қозғалыс «**Адым – БАС**» командасы бойынша басталады.

Алдын ала берілетін команда бойынша дене біршама алға ұсталады, орнықтылықты сақтай отырып, оның салмағын көбіне оң аяққа ауыстыру керек; орындалатын команда бойынша қозғалыс сол аяқтан толық адыммен басталады.

Саптық адыммен қозғалыс жасау кезінде аяқтың ұшын анағұрлым еркін, созбай, аяқты жерден 10–15 см биіктікке алға көтеру және табанды нық басу керек.

Иықтан бастап қолдарымен дененің айналасында қозғалыс жасау керек: алға қарай – оларды белдік тоғасынан жоғары алақанның енінде және денеден алақан аралығына көтерілетіндей, ал шынтақ қол білегінің деңгейінде болатындай өтіп еркін, шынтақтан бүгу; артқа қарай – иық буынында 25–30° бұрышқа қатайтпай еркін жазу керек (бел ортасынан 15–20 см). Қол саусақтары жартылай бүгіліп, басты тік ұстап, өзінің алдына қарау керек.

Жорықтық адыммен қозғалыс жасау кезінде аяқтың ұшын созбай, еркін қозғау және оны жерге кәдімгі жүріс кезіндегі сияқты қою керек; дененің айналасында қолмен еркін қозғалыс жасау қажет.

Жорықтық адыммен қозғалыс жасаған уақытта **«ТІК ЖҮР»** командасы бойынша саптық адымға ауысу керек. Саптық адыммен қозғалыс жасау кезінде **«ЕРКІН ЖҮР»** командасы бойынша жорықтық адыммен жүру керек.

Жүгіре қозғалыс жасау **«Жүгіре – БАС»** командасы бойынша басталады. Алдын ала берілетін команда бойынша орнынан қозғалыс жасаған кезде денені алға ұстап, шынтақты біршама артқа жіберіп, қолды жартылай бүгу керек; орындалатын команда бойынша жүгіруді сол аяқтан бастау керек, жүгіру жылдамдығы бойынша қолмен артқа және алға еркін қозғалыс жасау керек.

Орнында тұрып адым жасау (жүгіру) (4-сурет) **«Орнында адым – БАС»** командасы бойынша жасалады. Осы команда бойынша адым аяқты көтерумен және түсірумен жасалады, бұл ретте аяқты жерден 10–15 см көтеру және оны ұшынан бастап табанды толық басу керек; қолмен адым ырғағына сәйкес қозғалыс жасау керек.



4-сурет

Сол аяқты жерге қоюмен бір уақытта берілетін **«ТУРА»** командасы бойынша оң аяқпен орнында тағы бір адым жасау және қозғалысты сол аяқтан толық адыммен бастау керек. Бұл ретте алғашқы үш адым саптық болуы керек.

Қозғалысты тоқтату үшін **«ТОҚТА»** командасы беріледі, мысалы, **«Қатардағы жауынгер Әлімов – ТОҚТА»**. Оң немесе сол аяқты жерге қоюмен бір уақытта берілетін орындалатын команда бойынша тағы бір адым жасау және аяқты жерге қоя отырып, саптық қалыпты қабылдау керек.

Қозғалыс жылдамдығын өзгерту үшін мынадай командалар беріледі: **«КЕҢ АДЫМ»**, **«ҚЫСҚА АДЫМ»**, **«ЖИІ АДЫМ»**, **«СИРЕК АДЫМ»**, **«ЖАРТЫ АДЫМ»**, **«ТОЛЫҚ АДЫМ»**.

Жеке әскери қызметшілердің орнын жанына бірнеше адымға ауыстыру үшін команда беріледі, мысалы, **«Қатардағы жауынгер Омаров, екі адым оңға (солға), адым – БАС»**. Осы команда бойынша әр адымнан кейін аяқты жерге қоя отырып, оңға (солға) екі адым жасау керек.

Бірнеше адымға алға немесе артқа орын ауыстыру үшін команда беріледі, мысалы, **«Екі адым алға (артқа), адым – БАС»**. Осы команда бойынша екі адым алға (артқа) жасау және аяқты жерге қою керек.

Оңға, солға және артқа орын ауыстырған кезде қолмен қозғалыс жасалмайды.

*Қозғалыста бұрылулар.* Қозғалыста бұрылулар мынадай командалар бойынша орындалады: «Оң-ҒА», «Сол-ҒА», «Артқа бұрыла – БАС».

Оңға бұрылу үшін орындалатын команда оң аяқты жерге қоюмен бір уақытта беріледі. Осы команда бойынша сол аяқпен бір адым жасап, сол аяқтың ұшымен бұрылу керек, бұрылумен бір уақытта оң аяқты алға созу және қозғалысты жаңа бағытта жалғастыру керек.

Солға бұрылу үшін орындалатын команда сол аяқты жерге қоюмен бір уақытта беріледі. Осы команда бойынша оң аяқпен бір адым жасап, оң аяқтың ұшымен бұрылу керек, бұрылумен бір уақытта сол аяқты алға созу және қозғалысты жаңа бағытта жалғастыру керек.

Артқа бұрылу үшін орындалатын команда оң аяқты жерге қоюмен бір уақытта беріледі, осы команда бойынша сол аяқпен тағы бір адым жасап, оң аяқты алға қарай жарты адым шығару және біршама солға, сол қол жаққа қарай екі аяқтың ұшымен шұғыл бұрыла отырып, қозғалысты сол аяқпен кері бағытта жалғастыру керек.



5-сурет

Бұрылулар кезінде қолмен қозғалыс адым ырғағымен жасалады.

*Қозғалыста әскери сәлемдесу* (5-сурет). Әскери сәлемдесуді саптан тыс қозғалыста бас киімсіз орындау үшін бастыққа (атағы үлкенге) үш-төрт адым қалғанда аяқты жерге қоюмен бір уақытта қолмен қозғалыс жасауды тоқтатып, басты ол жаққа бұру керек және қозғалысты жалғастыра отырып, оған қарау керек. Бастықтан (атағы үлкеннен) өтіп кеткеннен кейін басты тік ұстау және қолмен қозғалыс жасауды жалғастыру керек.

Бас киіммен болған кезде аяқты жерге қоюмен бір уақытта басты бұру керек және оң қолды бас киімге апарып, сол қолды қозғалтпай жанында ұстау керек; бастықтан (атағы үлкеннен) өтіп кеткеннен кейін сол аяқты жерге қоюмен бір уақытта басты тік ұстап, оң қолды төмен түсіру керек.

Бастықты (атағы үлкенді) басып озған кезде әскери сәлемдесу басып озудың бірінші адымымен орындалады. Екінші адыммен басты тік ұстау және оң қолды төмен түсіру керек.

Егер әскери қызметшінің қолы бос болмаса, әскери сәлемдесуді бастық (атағы үлкен) жаққа қарай басты бұрумен орындайды.

*Саптан шығу және сапқа қайта тұру.* Әскери қызметші саптан шығу үшін команда беріледі. Мысалы, **«Қатардағы жауынгер Әлімов, ОСЫНША АДЫМҒА САПТАН ШЫҚ»** немесе **«Қатардағы жауынгер Әлімов, МАҒАН КЕЛ (ЖҮГІРЕ МАҒАН КЕЛ)»**. Әскери қызметші өзінің тегін естігеннен кейін «Мен» деп, ал саптан шығу туралы (шақыру туралы) команда бойынша «Құп болады» деп жауап береді. Әскери қызметші бірінші команда бойынша саптық адыммен бірінші қатардан бастап үш адымға (көрсетілген адым санына) саптан шығады, тоқтайды және сапқа қарап бұрылады. Екінші команда бойынша әскери қызметші бірінші қатардан тура бір-екі адым жасап, жүріп келе жатып бастық жаққа қарай бұрылады, қысқа жолмен саптық адыммен оған келеді (жүгіріп келеді) де, келгені туралы баяндайды.

Әскери қызметші екінші қатардан шыққан кезде, ол алдында тұрған әскери қызметшінің иығына сол қолын ақырын қояды, ол алға бір адым және оң аяғын қоймастан, оңға бір адым жасап, саптан шығатын әскери қызметшіні өткізіп жібереді, одан кейін өз орнына тұрады.

Әскери қызметші бірінші қатардан шыққан кезде, оның орнына екінші қатарда оның артында тұрған әскери қызметші тұрады.

Әскери қызметші екіден, үштен (төрттен) тұратын лектен шыққан кезде, ол саптан алдын ала оңға (солға) бұрыла отырып, жақын қаптал жаққа шығады. Егер жанында әскери қызметші тұрса, ол оң (сол) аяғымен жанына бір адым жасайды және сол (оң) аяғын қоймастан, артқа бір адым жасап, саптан шығатын әскери қызметшіні өткізіп жібереді және одан кейін өз орнына тұрады.

Әскери қызметшіні сапқа қайтару үшін команда беріледі, мысалы, **«Қатардағы жауынгер Әлімов, САПҚА ТҰР»** немесе тек **«САПҚА ТҰР»**. Сапқа қарап тұрған әскери қызметші **«Қатардағы жауынгер Әлімов»** командасы бойынша өзінің тегін естігеннен кейін, бастық жаққа бұрылады және «Мен» деп жауап береді, ал **«САПҚА ТҰР»** командасы бойынша, егер ол қарусыз немесе «арқаға» күйіндегі қарумен болса, қолын бас киіміне апарып «Құп болады» деп жауап береді, қозғалыс жағына бұрылып, бірінші адым жасаумен қолын төмен түсіреді, саптық адыммен қозғала отырып, қысқа жолмен саптағы өз орнына тұрады.

Егер тек қана **«САПҚА ТҰР»** (тегін атамастан) командасы берілсе, сапқа қарап тұрған әскери қызметші алдын ала бастыққа бұрылмастан, сапқа қайтып оралады.

*Бастыққа келу және кету.* Саптан тыс бастыққа келген кезде әскери қызметші оған қысқа жолмен келеді және екі-үш адым қалғанда тоқтап, аяқты қоюмен бір уақытта оң қолын бас киімге апарады, одан кейін келгені туралы баяндайды. Мысалы, «Лейтенант мырза, қатардағы жауынгер Әлімов сіздің бұйрығыңыз бойынша келіп тұр». Баяндау аяқталғаннан кейін қолын төмен түсіреді.

Әскери қызметші бастықтың жанынан кеткен кезде кетуге рұқсат ала отырып, оң қолын бас киіміне апарып «Құп болады» деп жауап береді, қозғалыс жағына бұрылады және бірінші адыммен (сол аяғын жерге қоюмен) қолын төмен түсіреді.

1. Оңға, солға және артқа бұрылу тәсілдерін орындаңдар.
2. Оқытушының басшылығымен бір қатарлы саптан екі қатарлы сапты құру және осы тәсілдерді кері орындауды пысықтаңдар.
3. Саптық және жорықтық адыммен қозғалуды пысықтап көрсетіңдер.



Артқа БҰРЫЛ	Кру-ГОМ	About-TURN!
Бөлімшені қайта сапқа тұрғызу	Перестроение отделения	Squad re-formation
Сол-ҒА (Оң-ҒА)	Нале-ВО (Напра-ВО)	Left TURN! (Right TURN!)
Бірінші-екіншіге саналу	Расчет на первый-второй	Counting-off
Саптық адым	Строевой шаг	Marching step



1. «САПҚА ТҰР», «ТІК ТҰР» командалары бойынша әскери қызметшілердің жасайтын әрекеттері туралы айтып беріңдер.
2. Саптық адым қандай жағдайларда қолданылады?
3. Қозғалыс жылдамдығын өзгерту қандай командалар бойынша жүргізіледі?



## § 2. Бөлімшені сапқа тұрғызу

### Тақырыпты оқу нәтижесінде:

- бөлімшенің өрістетілген сабында әрекет ету кезінде саптық тәсілдерді орындау;
- бөлімшенің жорықтық сабында әрекет ету кезінде саптық тәсілдерді орындау дағдыларын жетілдіресіңдер.

### Бөлімшенің өрістетілген сабы

Бөлімшені бір қатарлы (екі қатарлы) сапқа тұрғызу **«Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – САПТАН»** командасы бойынша жүргізіледі.

Бөлімше командирі команда беріп, саптық қалыпты қабылдап және саптың маңдайшеп жағына қарап тұрады; бөлімше штатқа сәйкес командирден солға қарай сапқа тұрғызылады. Сапқа тұрғызу басталғанда бөлімше командирі саптан шығады және бөлімшенің сапқа тұруын қадағалайды.

Бөлімшені орнында түзету қажет болған кезде **«ТҮЗЕЛ»** немесе **«Солға – ТҮЗЕЛ»** командасы беріледі. **«ТҮЗЕЛ»** командасы бойынша оң жақ қапталда тұрғаннан басқасының барлығы басын оңға бұрады және түзеледі. **«Солға – ТҮЗЕЛ»** командасы бойынша сол жақ қапталда тұрғаннан басқасының барлығы басын солға бұрады. Түзелу кезінде әскери қызметшілер біршама алға, артқа немесе жан-жағына қозғала алады.

Түзелу аяқталғаннан кейін **«ТІК ТҰР»** командасы беріледі, ол бойынша барлық әскери қызметші басын жылдам тік ұстайды.

Бөлімше артқа бұрылған соң түзелген кезде командада түзелу жағы көрсетіледі. Мысалы, **«Оңға (солға) – ТҮЗЕЛ»**.

**«Бөлімше – ТАРА»** командасы бойынша әскери қызметшілер саптан шығады. Бөлімшені жинау үшін **«Бөлімше – МАҒАН КЕЛ»** командасы беріледі, ол бойынша әскери қызметшілер командир жанына жүгіре жиналады және оның қосымша командасы бойынша сапқа тұрғызылады.

Бөлімше орнында жазылу үшін **«Бөлімше оңға (солға, ортадан) осынша адымға алшақ-ТА (жүгіре, алшақ-ТА)»** командасы беріледі.

Орындалатын команда бойынша жазылуды жүргізу басталатыннан басқа барлық әскери қызметшілер көрсетілген жаққа қарай бұрылады, аяқтарын қоюмен бір уақытта басын саптың маңдайшебі жағына бұрады және артта келе жатқанға иығы арқылы қарап, одан көз айырмастан, жиіленген жарты адыммен (жүгіріп) жүреді; артта келе жатқан адам тоқтағаннан кейін, әрқайсысы командада айтылған адым санын жасайды және солға (оңға) бұрылады.

Ортадан жазылған кезде ортадағы адам көрсетіледі. Ортадағы болып аталған әскери қызметші өз тегін естігеннен кейін «Мен» деп жауап береді, сол қолын алға созады және оны төмен түсіреді. Бөлімше түзелген кезде жазылу кезінде белгіленген аралық сақталады.

Бөлімшені орнында жинақтау үшін **«Бөлімше, оңға (солға, ортаға) жинақ-ТАЛ (жүгіре, жинақ-ТАЛ)»** командасы беріледі. Орындалатын команда бойынша жинақталу тағайындалғаннан басқа барлық әскери қызметші жиналатын жаққа қарай бұрылады, одан кейін жиіленген жарты адыммен (жүгіре) жинақталған сап үшін белгіленген аралыққа келеді және келгеннен кейін өз бетінше тоқтайды да, солға (оңға) бұрылады.

Бөлімшені бір қатардан екіге қайта сапқа тұрғызу үшін алдын ала **«Бөлімше, бірінші-екіншіге – САНАЛ»** командасы бойынша бірінші және екіншіге саналу жүргізіледі. Саналу оң қапталдан басталады, әрбір әскери қызметші кезек бойынша жылдам өзінің сол жағында тұрған әскери қызметшіге басын бұра отырып, өз нөмірін атайды және жылдам басын тік қаратады; сол жақ қапталдағы басын бұрмайды.

Жалпы нөмірлеу бойынша есеп те осылай жүргізіледі, ол үшін **«Бөлімше, ретпен – САНАЛ»** командасы беріледі. Екі қатарлы сапта екінші қатардың сол жақ қапталындағы адам жалпы нөмірлеу бойынша саптың есебі аяқталғаннан кейін, «Толық» немесе «Толық емес» деп баяндайды.

Бөлімшені орнында бір қатардан екіге қайта сапқа тұрғызу **«Бөлімше, екі қатарға – САПҚА ТҰР»** командасы бойынша жүргізіледі. Орындалатын команда бойынша екінші нөмірлер бірінші нөмірлердің ту сыртына тұру үшін сол аяғымен артқа адым жасайды, оң аяғын жерге қоймастан, оң жаққа адым жасап, сол аяғын жерге қояды.

Бөлімшені орнында екі қатарлы жинақталған саптан бір қатарлы сапқа қайта тұрғызу үшін бөлімше алдын ала бір адымға алшақтайды, содан кейін **«Бөлімше, бір қатарға – САПҚА ТҰР»** командасы беріледі. Орындалатын команда бойынша екінші нөмірлер сол аяғымен сол жаққа бір адым жасайды, оң аяғын қоймастан, бір адым алға жасайды және сол аяғын жерге қоя отырып, біріншілердің қатарына шығады.

#### **Бөлімшенің жорықтық сабы. Саптық тәсілдерді орнында және қозғалыста орындау**

Бөлімшенің жорықтық сабы бір лекті немесе екі лекті болуы мүмкін. Бөлімшені орнында бір (екі) лекті сапқа тұрғызу **«Бөлімше, бір (екі)**

**лекке – САПҚА ТҰР**» командасы бойынша жүргізіледі. Бөлімше командирі саптық қалыпты қабылдап және команда бере отырып, қозғалыс бағытына қарап тұрады, ал бөлімше штатқа сәйкес сапқа тұрады.

Бөлімшені өрістетілген саптан лекке қайта сапқа тұрғызу **«Бөлімше, оң-ҒА»** командасы бойынша бөлімшенің оңға бұрылуымен жүргізіледі. Екі қатарлы саптың бұрылуы кезінде бөлімше командирі оңға жарты адым жасайды.

Бөлімшені лектен өрістетілген сапқа қайта сапқа тұрғызу **«Бөлімше, сол-ҒА»** командасы бойынша бөлімшенің солға бұрылуымен жүргізіледі. Екі лекті бөлімшенің бұрылуы кезінде бөлімше командирі алға жарты адым жасайды.

Бөлімшені бір лектен екі лекке қайта сапқа тұрғызу **«Бөлімше, екі лекпен адым – БАС»** (жүру кезінде **«АДЫМДА»**) командасы бойынша жүргізіледі. Орындалатын команда бойынша бөлімше командирі (бағыттаушы) жарты адыммен жүреді, екінші нөмірлер оңға шығып, адым ырғағымен лектегі өз орнына тұрады.

Бөлімше **«ТУРА»** немесе **«Бөлімше – ТОҚТА»** командасына дейін жарты адыммен қозғалады. Бөлімшені екі лектен бір лекке қайта сапқа тұрғызу **«Бөлімше, бір лекпен адым – БАС»** (жүру кезінде **«АДЫМДА»**) командасы бойынша орындалады. Орындалатын команда бойынша бөлімше командирі (бағыттаушы) толық адыммен, ал қалғандары жарты адыммен жүреді; орынның босауына қарай екінші нөмірлер адым ырғағымен бірінші тұрғанның ту сыртына енеді және толық адыммен қозғалысты жалғастырады.

Бөлімшенің қозғалуы үшін **«Бөлімше, адым (саптық адыммен, жүгіре) – БАС»** командасы беріледі. **«БАС»** командасы бойынша барлық әскери қызметші назарды және аралық пен арақашықтықты сақтай отырып, сол аяқтан қозғалысты бір уақытта бастайды. Егер түзелу жағы көрсетілмесе, түзелу оң жақ қапталға қарай басты бұрмай, көзқараспен жүргізіледі. Бөлімшені тоқтату үшін **«Бөлімше – ТОҚТА»** командасы беріледі.

Аяқ алысты ретсіз алып жүру қажет болған кезде **«Ретсіз – АДЫМДА»**, ал аяқ алысты ретпен алып жүру үшін **«Ретпен – АДЫМДА»** командасы беріледі (ретпен жүру бағыттаушы бойынша немесе командирдің санауы бойынша жүзеге асырылады).

Қозғалыс бағытын орнынан иықпен еніп өзгерту үшін **«Бөлімше, оң (сол) иық алға, адым – БАС»** (жүру кезінде **«АДЫМДА»**) командасы беріледі. Осы команда бойынша бөлімше оң (сол) иықпен алға енуді

бастайды: еніп келе жатқан қапталдың шеткі адамы басын маңдайшеп бойына бұрып, өзінің қозғалысы қалғандарын қозғалмайтын қапталға ығыстырмайтындай етіп толық адыммен жүреді; қозғалмайтын қапталдың шеткі адамы орнында адымдайды және біртіндеп енетін қапталдың қозғалысымен үйлесе отырып, солға (оңға) бұрылады; қалғандары енетін қапталға қарап, маңдайшеп бойынша түзелуді сақтай отырып (басын бұрмай) және қозғалмайтын қаптал жағында тұрған жанындағының шынтағын сезе отырып, олар қозғалмайтын қапталға жақындаған сайын қысқа адым жасайды. Бөлімше қажеттілігіне қарай бұрылғанда «ТУРА» немесе «Бөлімше – ТОҚТА» командасы беріледі.

#### Қорытынды:

*Әскери мәдениет, тәртіптілік және сапта, ұрыста шеберлікпен әрекет етуге дайын болу әскери қызметшілердің саптық дайындығының критерийі болып табылады.*

Бір қатарлы саптағы бөлімшенің сол қапталында бірінші нөмірдегі әскери қызметші тұр. Бөлімше екі қатарлы сапқа тұрғанда оның оң жағында тұрған екінші нөмірдегі әскери қызметшінің әрекетін анықтаңдар.



Оқытушының басшылығымен тақырыпта сипатталған саптық тәсілдерді орындауды жетілдіріңдер.



Жинақталған сап	Сомкнутый строй	Close order formation
Өрістетілген сап	Развернутый строй	Deployed formation
Жорықтық сап	Походный строй	Marching formation
Бір қатарлы сап	Одношереножный строй	Single-gear formation
Толық, толық емес	Полный, неполный	Full, incomplete



1. Бөлімшені өрістетілген сапқа тұрғызу туралы айтып беріңдер.
2. Әскери қызметшілердің сапта саналу тәртібі туралы айтыңдар.



#### 4-БӨЛІМ. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Жол қозғалысына қатысушылардың негізгі міндеттерін, бағдаршам мен реттеушінің сигналдарын, жол белгілерінің мәнін және жол таңбаларының сипаттамасын, жолдағы жылдамдық режимін белгілеу ережелерін, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, әртүрлі жағдайлардағы қозғалысты қамтиды.



**Бұл бөлім сендерге:**

- Жол жүрісі қағидаларындағы негізгі терминдер мен ұғымдарды меңгеруге;
- жол қозғалысына қатысушылардың негізгі міндеттерін білуге;
- Жол жүрісі қағидаларын сақтаудың маңызы мен мәнін түсінуге;
- адамда жолда өзін-өзі ұстау мәдениеті мен әдеп нормаларын, ережелерін қалыптастыру қажеттілігін түсінуге;
- жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында шешім қабылданған бұрын жол жағдайын талдауға;
- жолда қауіпсіз тәртіп ережелерін таңдауға;
- қабылданатын шешімдердің салдарын бағалауға;
- жолда сенімді және сауатты әрекет етуге көмектеседі.

## § 1. Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері

### Тақырыпты оқу нәтижесінде:

- еліміздің жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңдарының негізгі ережелерін;
- көлік құралдарының санаттарын;
- жүргізушінің жұмыс орнының негізгі элементтерін және олардың қалай қолданылатынын *білетін боласыңдар*;
- жол қозғалысы қауіпсіздігі саласына қатысты білімді меңгеру қажеттілігін *түсінесіңдер*.

### Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері

Қазақстан Республикасының жол жүрісі мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін, жалпы шарттарын айқындайтын негізгі құжат – «Жол жүрісі туралы» Заң.

«Жол жүрісі туралы» Заң жол жүрісін ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға, жол жүрісі үдерістерін басқарудың мемлекеттік жүйесін жетілдіруге бағытталған және мүдделі мемлекеттік органдардың жол жүрісі саласындағы құзыретін, зияткерлік көлік жүйелерін енгізу негіздерін, жол жүрісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Шұғыл қызметтердің жол-көлік оқиғаларына жедел ден қою және зардап шеккендерге тиімді көмек көрсетуі үшін ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін пайдаланатын орын алған аварияларға шұғыл ден қою жүйесі енгізілді.

Еліміздің жолдарындағы тәртіпті жол ережелерінің бұзылуын тіркейтін бейнетіркеу камераларының көмегімен сақтаған тиімді әрі ыңғайлы.

Жол ережелерінің бұзылуын тіркейтін фото және бейнетіркеу жүйелері жыл сайын жетілдіріліп, өзгеру үстінде. Соның ішінде жаяу жүргіншілер өткелдерінде ережелердің бұзылуын тіркеу, қоғамдық көліктер жүретін жолақтарды бақылауды арттыру, сондай-ақ жолдың күрделі учаскелеріндегі, мысалы тоннельде, тәртіптің бұзылуын бақылауды дамыту басты назарда.

«Сергек» заманауи камералары тек Жол жүрісі қағидаларының бұзылуын қадағалап қана қоймайды, сонымен қатар басқа да әкімшілік құқықбұзушылықтарды: көлік салығы бойынша қарыздары бар борышкерлерді анықтайды және аула аумағындағы тәртіпті бақылайды.

Елімізде жүргізуші куәліктерінің үлгілері Біріккен Ұлттар Ұйымының жол қозғалысы туралы Конвенциясының талаптарына сәйкес енгізілген.

Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастырудың жаңа тәсілдері оқу ұйымдарының көлік құралдары жүргізушілерін даярлау сапасына сыртқы бақылауды жүзеге асыратын өзін-өзі реттейтін кәсіби бірлестіктерді құру арқылы айқындалған. Бұл – жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органда аккредиттеуден өткен және аккредиттеу туралы куәлік алған коммерциялық емес ұйымдар. Жол жүрісін ұйымдастыру мәселелерін реттеу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті органға аумақтарды ұйымдастыру схемаларын әзірлеу кезінде аумақтық-көліктік жоспарлау талаптарын есепке алу міндеті жүктеледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен бекітілген көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидалары ел аумағында көлік құралдарын тіркеудің және есепке алудың бірыңғай тәртібін, есептен шығаруды, жүргізушілерді даярлау қағидалары мен тәртібін және оларды даярлаудың үлгілік бағдарламаларын белгілейді.

Қазақстан Республикасының барлық аумағында жол қозғалысының бірыңғай тәртібін енгізу мақсатында Үкімет Қаулысымен Жол жүрісі қағидалары бекітілген. Жол жүрісі қағидаларын оқытудың басты артықшылығы – бастапқы кезеңде-ақ жүргізушінің, жолаушының, жаяу жүргіншінің толық міндеттері, әртүрлі көлікті жүргізудің ерекшеліктері, жолдарда туындайтын ықтимал қауіпті жағдайлар туралы түсінік қалыптастыру. Қағида негізгі бөлімдерден, қосымшадан (жол белгілері, жол таңбалары және оның сипаттамалары), сондай-ақ көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерден және көлік құралдарын пайдалануға тыйым салатын, жол жүрісі қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қатер төндіретін ақаулар мен жағдайлар тізбесі бар қосымшадан тұрады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің тізбесі маңызды құжат болып табылады.

**Көлік құралдарының санаттары**

Қазақстан Республикасында басқаруға арнайы құқық (бұдан әрі – көлік құралдарын басқару құқығы) берілетін көлік құралдарының мынадай санаттары және оларға кіретін кіші санаттары белгіленген:

– «А» санаты – мотоциклдер;

– «В» санаты – рұқсат етілген ең жоғары массасы 3500 кг-нан аспайтын және жүргізушінің орындығынан басқа отыратын орындарының саны сегізден аспайтын автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан аспайтын тіркеме тіркелген «В» санатындағы автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан асатын, бірақ жүктемесіз автомобиль массасынан аспайтын тіркеме тіркелген және көлік құралдарының осындай құрамының жалпы рұқсат етілген ең жоғары массасы 3500 кг-нан аспайтын «В» санатындағы автомобильдер;

– «С» санаты – «D» санатына жататындарды қоспағанда, рұқсат етілген ең жоғары массасы 3500 кг-нан асатын автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан аспайтын тіркеме тіркелген «С» санатындағы автомобильдер;

– «D» санаты – жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің орындығынан басқа сегізден астам отыратын орны бар автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан аспайтын тіркеме тіркелген «D» санатындағы автомобильдер;

– «BE» санаты – рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан асатын және жүктемесіз автомобильдің массасынан асатын тіркеме тіркелген «В» санатындағы автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан асатын тіркеме тіркелген және көлік құралдарының осындай құрамының жалпы рұқсат етілген ең жоғары массасы 3500 кг-нан асатын «В» санатындағы автомобильдер;

– «CE» санаты – рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан асатын тіркеме тіркелген «С» санатындағы автомобильдер;

– «DE» санаты – рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан асатын тіркеме тіркелген «D» санатындағы автомобильдер, сондай-ақ жалғастырылған автобустар;

– «Тm» санаты – трамвайлар;

– «Тb» санаты – троллейбустар.

Оларға кіретін кіші санаттар:

– «А1» кіші санаты – ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына 50 км-ден асатын, ішкі жану қозғалтқышының жұмыс көлемі

125 текше см-ден аспайтын және ең жоғары қуаты 11 кВт-тан аспайтын мотоциклдер, трициклдер, квадроциклдер және мопедтер;

– «B1» кіші санаты – трициклдер мен квадроциклдер;

– «C1» кіші санаты – 7500 кг-нан аспайтын «D» санатына жататындарды қоспағанда, рұқсат етілген ең жоғары массасы 3500 кг-нан асатын автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан аспайтын тіркеме тіркелген «C1» кіші санатындағы автомобильдер;

– «D1» кіші санаты – жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің орындығынан басқа саны сегізден астам, бірақ он алтыдан аспайтын отыратын орындары бар автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан аспайтын тіркеме тіркелген «D1» кіші санатындағы автомобильдер;

– «C1E» кіші санаты – рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан асатын, бірақ жүктемесіз автомобильдің массасынан аспайтын тіркеме тіркелген және көлік құралдарының осындай құрамының жалпы рұқсат етілген ең жоғары массасы 12 000 кг-нан аспайтын «C1» кіші санатындағы автомобильдер;

– «D1E» кіші санаты – рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-нан асатын, бірақ жүктемесіз автомобиль массасынан аспайтын жолаушыларды тасымалдауға арналмаған тіркеме тіркелген және көлік құралдарының осындай құрамының жалпы рұқсат етілген ең жоғары массасы 12 000 кг-нан аспайтын тіркеме тіркелген «D1» кіші санатындағы автомобильдер.

*Көлік құралдарын басқару құқығы:* «A1» кіші санаттары – он алты жасқа толған адамдарға; «A», «B» санаттары және «B1», «C1» кіші санаттары – он сегіз жасқа толған адамдарға; «C» санаты және «D1» кіші санаты – жиырма бір жасқа толған, кемінде үш жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде «C1» санатына жататын көлік құралдарын бір жыл басқару өтілі бар адамдарға беріледі; «D», «Tm» және «Tb» санаттары – жиырма бес жасқа толған, кемінде бес жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде «D1» санатына жататын көлік құралдарын кемінде үш жыл басқару өтілі бар адамдарға беріледі; «BE», «CE», «DE» санаттарындағы көлік құралдарының құрамдарын тиісінше «B», «C» немесе «D» санаттарындағы көлік құралдарын кемінде он екі ай ішінде жүргізуге құқығы бар адамдарға беріледі; «C1E», «D1E» кіші санаттарындағы көлік құралдарының құрамдарын тиісінше «C», «D» санаттарындағы не «C1», «D1» кіші санаттарындағы көлік құралдарын кемінде он екі ай бойы жүргізуге құқығы бар адамдарға беріледі.

### Жүргізушінің жұмыс орны

Автокөлік ішіндегі (салондағы) орынның жүргізуші отыратын және оның функцияларын орындауға арналған жабдықтар орналастырылған бөлігі **жүргізушінің жұмыс орны** деп аталады.

Жүргізушінің өз жұмысын қолайлы орындауы және қауіпсіздік шараларын ұстануы жұмыс орнының ұқыпты ұйымдастырылуына байланысты. Сондықтан жүргізуші көлік жүргізуді бастамас бұрын, келесі іс-әрекеттерді орындауға міндетті:

- орындықты реттеу;
- артқы көрініс айналарын реттеу;
- қауіпсіздік белдігін тартып бекіту;
- тұрақтық тежегіштің жағдайын тексеру (ол көтерілген болуы керек);
- берілісті ауыстыру тұтқасын тексеріп, оны бейтарап қалыпқа түсіру.

Көлікте дұрыс және ыңғайлы отыру жүргізушіні шаршатпайды және жолдың жақсы көрінуін қамтамасыз етеді. Сондықтан жүргізуші орындығы мен оның арқалығын дұрыс баптау керек (1-сурет). Қозғалыс кезінде жүргізуші отыру қалпын жиі өзгертсе, аяқ және кеуде бұлшық еттері ауырсынса, орындықтың дұрыс реттелмегендігін білдіреді. Орындықты ыңғайлау кезінде ол алшақтау, бірақ аяқ тежегіш және ілініс педальдарын толық тірелгенше басуға жететіндей қашықтықта болуы керектігін есте сақтау қажет. Орындық арқалығы жүргізушінің арқасы оған толық тақалатындай және берілісті ауыстыру кезінде дене алға қозғалмайтындай болуы тиіс. Орындықтың бассүйегішін бекіту биіктігі құлақ ұшынан біраз жоғары болғаны жөн. Жүргізушінің көру бағыты алға, алысқа, сәл оңға бағытталуы тиіс.



1-сурет

Автокөлікті пайдалану кезінде жүргізушіде көлік құралының артқы жағындағы жолды кеңінен шола алатындай мүмкіндік болуы тиіс. Бұны артқы көрініс айналары қамтамасыз етеді. Олардың дұрыс бапталуы – қауіпсіз қозғалыс пен маневр жасаудың кепілі. Олар артқы жағындағы

жолдың жағдайын бақылау үшін, жүргізуші басын сәл бұрып айнаға қараса жеткілікті болатындай етіп бапталуы керек.

Ішкі айнаны оның оң жақ бөлігінде артқы терезенің оң жақ жиегін және одан көрінетін жолдың бір бөлігін көруге мүмкіндік беретіндей етіп реттейді. Бүйірлік айналарда көліктің артқы қанаты сәл көрінуі керек.

Егер айналар дұрыс реттелсе, көлікті сол жағынан басқа көлік құралы басып озғанда оның айнадағы бейнесі бірте-бірте оңнан солға қарай жылжиды (2-сурет).



2-сурет

Қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралында қозғалғанда жүргізуші мен жолаушылар оларды тағуға міндетті. Жол апаты кезінде белдік таққан жүргізуші мен жолаушылардың аман қалу мүмкіндігі жоғарырақ. Сондай-ақ белдік жүргізушінің руль алдында дұрыс отыруына ықпал етеді.

Әр белдік дұрыс бапталуы керек. Белдік еш уақытта мойынға түспейтіндей немесе төмен орналаспайтындай етіп, адамның иығы тұсынан тартылады. Оны дұрыс баптап, ортаңғы қалпын анықтау қажет.

#### **Қорытынды:**

*Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері жол жүрісін ұйымдастырудың және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін айқындайды.*

«Автомашина кабинасындағы ауа температурасының жүргізушінің жұмыс қабілетіне әсері» тақырыбына таныстырылым дайындаңдар.



Жүргізушінің жасы мен жүргізу өтілін жүргізуші санатымен сәйкестендіретін схема құрыңдар.



Санат	Категория	Category
Шолу	Обзор	Vision
Жүргізу өтілі	Стаж вождения	Driving experience
Реттеу	Регулировка	Regulation



1. «С» санаты мен «D1» кіші санатындағы көлік құралдарын жүргізу құқығы қандай тұлғаларға беріледі?
2. Арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуы тиіс жедел және арнайы қызметтердің тізімі не бойынша бекітіледі?
3. Жүргізушінің жұмыс орны дегеніміз не?



Таңдау арқылы параграф сұрақтары бойынша № 1–6, № 7–10 тапсырмаларды орындаңдар (Оқулық, 2-бөлім. Жағдаяттық тапсырмаларды орындауға арналған практикум).



## § 2. Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері

### **Тақырыпты оқу нәтижесінде:**

- жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін;
- Жол жүрісі қағидаларында пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдерді *білетін боласыңдар*;
- жолда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Жол жүрісі қағидаларының мәнін *түсінесіңдер*.

Жол жүрісі қағидалары жол қозғалысының барлық қатысушылары үшін міндетті.

### **Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларында кездесетін негізгі ұғымдар мен терминдер**

Жол жүрісі қағидаларындағы ұғымдар мен терминдерді мына топтарға жіктеуге болады: жол жүрісі; көлік құралдары; жол және оның элементтері; жолдағы қозғалыс; қозғалыс бағытында жолдың көрінуі және жолды шолу мүмкіндігі; арнайы аймақтар мен аумақтар; багажды және жүкті тасымалдау.

#### **1. Жол жүрісі**

*Жол жүрісі* – жолдар шегінде адамдар мен жүктерді көлік құралдарымен немесе оларсыз тасымалдау үдерісінде туындайтын қоғамдық қатынастар жиынтығы.

*Жол жүрісі қауіпсіздігі* – қатысушыларының жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан, сондай-ақ жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерінен қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі.

*Жол қозғалысын ұйымдастыру* – жол жүрісін басқару жөніндегі ұйымдастырушылық-құқықтық, нормативтік-әдістемелік, жобалау-іздістіру, ұйымдастырушылық-техникалық, бақылау-қадағалау, өкімдік және басқа да іс-шаралар кешені.

*Реттеуші* – жолдағы қозғалысты басқару жөніндегі реттеу іс-әрекеттерін орындауға уәкілетті, тиісті куәлігі мен керек-жарағы (қызметтік киімі немесе айырым белгісі – жеңінде белгі-жапсырмасы, ала таяғы, қызыл түсті не жарық шағылыстырғыш дискісі, қызыл шам немесе жаулауша) бар ішкі істер органдарының (полицияның), әскери полицияның қызметкері немесе жол-коменданттық бөлімшенің әскери қызметшісі, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму ми-

нистрлігі көліктік бақылау қызметкері, жол-пайдалану қызметінің қызметкері, теміржол өтпесіндегі, паром өтпесіндегі кезекші.

*Жол жүрісіне қатысушы* – жол жүрісі үдерісіне жаяу жүргінші, жолаушы немесе жүргізуші ретінде тікелей қатысатын тұлға.

*Жүргізуші* – көлік құралын басқаратын адам, жол бойымен мал, табын, жүк артылған, жегілген малды немесе мініс малын айдаушы.

*Велосипедші* – велосипедті басқаратын тұлға.

*Жаяу жүргінші* – жолда көлік құралынан тыс жерде тұрған және онда жұмыс жүргізбейтін адам. Мүгедектерге арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын, велосипедті, мопедті, мотоциклді жетелеп әкеле жатқан, шана, арба, балалар арбасын сүйретіп келе жатқан жеке адамдар жаяу жүргіншілерге теңестіріледі.

*Жолаушы* – көлік құралының үстінде (ішінде) отыратын және оны басқармайтын тұлға.

## 2. Көлік құралдары

*Көлік құралы* – адамдарды, жүктерді немесе үстіне орнатылған жабдықты жолдармен тасымалдауға арналған құрылғы.

*Ірі көлемді көлік құралы* – көлемі нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген көлем мөлшерінен асатын жүгі бар немесе жүксіз көлік құралы.

*Маршруттық көлік құралы* – жол бойымен жолаушыларды тасымалдауға арналған және белгіленген аялдама пункттері (аялдамалары) бар белгіленген маршрутпен қозғалатын жалпы пайдаланудағы көлік құралы (автобус, троллейбус, трамвай).

*Механикалық көлік құралы* – мопедтер мен рельстік көлік құралдарын қоспағанда, қозғалтқышпен қозғалысқа келтірілетін, өздігінен жүретін жол көлік құралы. Ұғым жол жүрісіне қатысқан тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарға да қолданылады.

*Ауыр салмақты автокөлік құралы* – толық салмағы немесе біліктік жүктемелері жолдармен жүру үшін белгіленген рұқсат шегіндегі салмақтық параметрлерден асатын жүгі бар немесе жүксіз автокөлік құралы.

*Автобус* – жүргізуші орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар, жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған автокөлік құралы.

*Автомобиль* – жолдарда жүруге және олармен адамдарды, жүктерді немесе үстіне орнатылған жабдықты тасымалдауға немесе адамдарды, жүктерді немесе үстіне орнатылған жабдықты тасымалдайтын

көлік құралдарын жолдарда сүйретуге арналған, оның ішінде троллей-бустарды қоса алғандағы, механикалық көлік құралы. Бұл ұғым тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарға қолданылмайды.

*Такси* – жолаушылар мен багажды тасымалдау ережелеріне сәйкес жабдықталған, жолаушыларды және багажды тасымалдауға арналған жеңіл автомобиль.

*Автопойыз* – тіркеме (тіркемелер) тіркелген механикалық көлік құралы.

*Велосипед* – екі немесе одан көп дөңгелегі бар (мүгедектерге арналған кресло-арбалардан басқа) және үстінде отырған адамдардың дене күшімен қозғалысқа келтірілетін көлік құралы.


*Мопед* – цилиндрінің көлемі елу текше сантиметрден аспайтын іштен жану қозғалтқышымен не электрлі қозғалтқышпен жабдықталған және ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына елу километрден аспайтын екі немесе үш дөңгелекті көлік құралы. Мопедтерге аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер, мокиктер, скутерлер және осыған ұқсас сипаттамалары бар басқа да көлік құралдары теңестіріледі.

*Мотоцикл* – қозғалтқышы бар, бүйір тіркемесімен немесе онсыз екі дөңгелекті механикалық көлік құралы. Мотоциклдерге жүктемесіз салмағы төрт жүз килограмнан аспайтын үш және төрт дөңгелекті көлік құралдары, цилиндрінің көлемі елу текше сантиметрден асатын скутерлер және осыған ұқсас сипаттамалары бар басқа да көлік құралдары теңестіріледі.

*Тіркеме* – қозғалтқышпен жабдықталмаған және механикалық көлік құралының құрамында жүруге арналған көлік құралы. Ұғым жартылай тіркемелер мен ұзартылмалы тіркемелерге де қолданылады.

### 3. Жол және оның элементтері

*Жол* (3-сурет) – Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» Заңында және Жол жүрісі қағидаларында белгіленген тәртіппен көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүруі үшін жайластырылған немесе ыңғайластырылған және пайдаланылатын жердің барлық бөлінген жолағы не жасанды құрылыстың үсті. Жол бір немесе бірнеше жүру бөліктерін, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және олар болған кезде бөлу жолақтарын қамтиды. Жол элементтеріне ажырату аймақтары, жаяу жүргінші және велосипед жолдары, теміржол өтпелерінің төсемелері жатады.



3-сурет

*Автомагистраль* – көлік құралдарының жүруі үшін жобаға сәйкес арнайы салынған немесе реконструкцияланған, жол бойындағы иеліктерге қызмет көрсетпейтін жол. Оған басқа жолдардан тек әртүрлі деңгейлердегі жол айрықтары арқылы ғана өтуге болады. Бұл жолдың:

- жолды қарама-қарсы бағыттарда жүру үшін бөлетін және жүруге арналмаған бөлу жолағы бар;
- басқа жолдар, теміржолдар және трамвай жолдарымен, сонымен қатар жаяу жүргінші жолдарымен бір деңгейде қиылыстары жоқ;

– кіру аймағында  және шығу аймағында  белгілері бар.

*Басты жол* – өзі қиылысатын (қосылатын) жолдарға қатысты жоғары деңгейге ие не болмаса қиыршық тас төселген жолдармен салыстырғанда қатты төсемесі (асфальтталған, цементті-бетондалған, тас

материалдар және т. с. с.) , , , ,  белгілері бар жол.

*Теміржол өтпесі* – жолдардың теміржолдармен бір деңгейде қиылысуы. Өтпенің шекарасы шамамен қиылысу аумағына ең шеткі рельстен 10 м арақашықтықта болады.

*Жолдың жүру бөлігінің шеті* – таңбалау сызығымен, ол жоқ болғанда, жүру бөлігінің шетіндегі төсеніш жиегімен өтетін шартты сызықпен,

сонымен қатар трамвай жолдарына жанасатын жерлерде жол шетімен айқындалады.

*Жолдың жүру бөлігі* – жолдың көлік құралдарының жүруі үшін пайдаланылатын бөлігі.

*Жол қиылысы* – жол қиылысы ортасынан неғұрлым алыс, тиісінше қарама-қарсы жолдың жүру бөлігінің дөңгелене бастайтын жерлерін жалғап тұратын жорамалданған сызықтармен шектелген жолдардың бір деңгейде қиылысу, қосылу немесе тармақталу орны. Іргелес аумақтардан шығу, сондай-ақ олардың алдынан басымдық белгілері қойылмаған дала, орман, тұрғын аймақтарынан шығу және басқа да қосымша жолдармен қиылысу (қосылатын) орындары жол қиылысы болып саналмайды.

*Велосипед жолы* – велосипедтердің жүруіне арналған және тиісті белгімен белгіленген жеке жол немесе жолдың бір бөлігі. Велосипед жолы басқа жолдардан немесе нақ сол жолдың басқа элементтерінен конструктивтік түрде бөлінеді.

*Велосипед жүретін жолақ* – жолдың жүру бөлігінің велосипедтер жүруге арналған жолағы. Велосипед жүретін жолақ жолдың басқа жүру бөлігінен ұзына бойы жол таңбасы және арнайы белгілермен бөлінеді.

*Жаяу жүргіншілер өткелі* – жүру бөлігінің арнайы белгілер немесе таңбалармен белгіленген жаяу жүргіншілердің жолды кесіп өтуіне арналған жолақ.

*Жүру жолағы* – жолдың арнайы белгілері бар немесе белгіленбеген, ені автомобильдердің бір легі қозғалу үшін жеткілікті және бір бағытқа жүретін кез келген бойлық жолағы.

*Жол жиегі* – жүру бөлігіне жапсарлас орналасқан, жолдың тұрақтылығын қамтамасыз етуге, жол қауіпсіздігін жақсартуға, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалысын ұйымдастыруға, сондай-ақ төтенше жағдайларда пайдалануға арналған жол элементі.

*Бөлу жолағы* – жолдың аралас жүру бөлігін бөлетін және жолды елді мекеннен тыс кесіп өткен кезде жаяу жүргіншінің мәжбүрлі тоқтауын қоспағанда, рельссіз көлік құралдарының және жаяу жүргіншілердің жүруіне және тоқтауына арналмаған конструкциялық бөлінген элементі.

*Тротуар* – жолдың жүру бөлігімен қатарлас немесе одан газонмен бөлінген жаяу жүргіншінің қозғалуына арналған элементі.

#### 4. Жолдағы қозғалыс

*Жүру үшін қауіптілік* – жол қозғалысы барысында нақ сол бағытта және нақ сол жылдамдықпен жүрісті жалғастыру жол-көлік оқиғасының туындау қаупін тудыратын ахуал.

*Жүруге кедергі* – жолдағы қозғалысқа кедергі келтіретін, жолақ бойымен жүруге мүмкіндік бермейтін, осы жолақтағы қозғалмайтын нысан.

*Мәжбүрлі аялдау* – көліктің техникалық ақауынан немесе ол әкеле жатқан жүк тудырған қауіптен, жүргізушінің (жолаушының) жай-күйінен, жолда кедергі пайда болуынан көлік жүрісінің тоқтауы.

*Жол-көлік оқиғасы* – көлік құралының жолдағы қозғалысы кезінде және оның қатысуынан туындайтын, адамдар қаза тапқан немесе жарақат алған, көлік құралдары, ғимараттар, жүктер бүлінген, не өзге де материалдық зиян келтірілген оқиға.

*Маневр жасау* – қозғалыстың аялдамадан (тұрақтан) басталуы, аялдау, бұрылу (кері бұрылу), орын ауыстыру, тежеу және көлік құралының артқы жүріспен қозғалысы.

*Басып озу* – жүріп келе жатқан жолағынан шығумен және кейіннен бұрын жүріп келе жатқан жолағына қайта түсумен байланысты алдында жүріп келе жатқан бір немесе бірнеше көлік құралынан озып кету.

*Озып шығу* – көрші жолақпен бір бағытта келе жатқан көлік құралының жылдамдығынан жоғары жылдамдықпен қозғалу.

*Ұйымдасқан жаяу жүргіншілер легі* (4-сурет) – жол бойымен қозғалатын жаяу жүргіншілер тобы.



4-сурет

*Ұйымдасқан көліктер легі* (5-сурет) – көк немесе көк және қызыл түсті жарқылдауық маяғы іске қосылған бас көлік құралының ізінде бір қозғалыс жолағында бірінің артынан бірі жүріп келе жатқан, шамдары

(фаралары) іске қосулы үш немесе одан да көп механикалық көлік құралдарының тобы.



5-сурет

*Аялдау* – көлік құралының жүрісін бес минутқа дейін, егер бұл жолаушыларды отырғызу немесе түсіру, көлік құралына жүк тиеу немесе түсіру үшін қажет болса, одан да көбірек уақытқа әдейі тоқтату (жол қозғалысын ұйымдастырумен байланысты көлік құралының қозғалысын тоқтату аялдау (тоқтап тұру) болып есептелмейді).

*Жол қатарын ауыстыру* – бастапқы қозғалыс бағытын сақтай отырып көлік құралын өзі жүріп келе жатқан қозғалыс жолағынан келесі жолаққа ауыстыру.

*Артықшылық (басымдылық)* – белгіленген бағытта басқа да қозғалысқа қатысушылармен салыстырғанда бірінші кезекті қозғалыс құқығы.

*Тоқтап тұру* – көлік құралының қозғалысын жолаушыларды мінгізу немесе түсіруге, не көлік құралына жүк тиеу, не түсіруге байланысты емес себептермен 5 минуттан артық уақытқа әдейі тоқтату.

*Жол беру (көдергі туғызбау)* – жол жүрісіне қатысушы егер бұл оған қатысты артықшылыққа ие басқа қатысушыларды жүру бағытын немесе жылдамдығын өзгертуге мәжбүр етуі мүмкін болса, жүруді бастамайтынын немесе қозғалысты жалғастырмайтынын, қандай да болмасын маневрді жүзеге асырмайтынын білдіреді.

*5. Қозғалыс бағытында жолдың көрінуі және жолды шолу мүмкіндігі*  
*Күндізгі жүріс жарықтары* – жылжымалы көлік құралдарының күндізгі уақытта көрінуін жақсартуға арналған сыртқы жарықтандыру құрылғылары.

*Шектеулі көріну* – жүргізушіге жергілікті жердің бедерімен, жолдың геометриялық параметрлерімен, өсімдіктермен, салынған үйлермен, құрылыстармен немесе өзге де объектілермен, оның ішінде көлік құралдарымен шектелген жүріс бағытындағы жолдың 100 метрден кем көрінуі.

*Жеткіліксіз көріну* – тұман, жаңбыр, шаң, қар жауу және сол сияқты жағдайларда, сондай-ақ қара көлеңкеде жолдың 300 метрден кем көрінуі.

*Тәуліктің қараңғы уақыты* – кешкі қара көлеңкеден таңертеңгі елең-алаңға дейінгі аралық.

*6. Арнайы аймақтар мен аумақтар*

*Газон* – отырғызылған ірі өсімдіктер және саябақ құрылыстары үшін фон ретінде өсірілген (жасанды) көгал қабаты бар жер телімі.

*Тұрғын аймақ* – тұрғынжай ғимараттары салынған және белгімен белгіленген аумақ немесе массив, учаске.

*Гүлзар* – өрнек немесе сурет түрінде гүлдер егілген геометриялық пішіндегі жер телімі.

*Елді мекен* – оған кіретін және шығатын жерлері сәйкес белгілермен белгіленген, құрылыс салынған аумақ.

*Іргелес аумақ* – жолға тікелей іргелес және көлік құралдарының тура жүруіне арналмаған аумақ.

*7. Багажды және жүкті тасымалдау*

*Багаж* – автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау қағидаларында белгіленген нормалар шегінде буып-түйілген және автобустың, шағын автобустың жүк тиеу бөлімінде немесе автобұсқа, шағын автобұсқа ілесіп жүретін жүк көліктерінде, сондай-ақ тасымалдаушымен қосымша келісімшарт негізінде таксиде тасымалданатын жолаушы мүлкі.

*Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдау* – тұрақты тасымалдауға жатпайтын, белгіленген тәртіппен берілген лицензиялары бар тасымалдаушылар автобустарды, шағын автобустарды пайдалана отырып жүзеге асыратын тасымалдаулар.

*Жүксіз масса* – көлік құралының экипажсыз, жолаушылар мен жүксіз, бірақ толық отын қоры мен қажетті құрал-сайман жиынтығымен бірге алғандағы массасы.

*Жүкті масса* – тиелген көлік құралының, экипажы және жолаушыларымен бірге алғандағы нақты массасы.

*Қауіпті жүк* – тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде оған тән қасиеттерге және ерекшеліктерге байланысты жарылуы, өртенуі немесе техникалық құралдар, қондырғылар, ғимараттар мен құрылыстарды зақымдауы, сондай-ақ адамдарды, хайуанаттарды жарақаттау, сырқаттау немесе өліміне себепші болу қаупі бар, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін жүк.

*Рұқсат етілген ең жоғарғы масса* – жасаушы-кәсіпорын көлік құралының ең жоғарғы рұқсат етілген массасы ретінде белгілеген тиелген жүк, жүргізуші және жолаушыларымен қоса алғандағы массасы.

### **Жүргізуші, жаяу жүргінші және жолаушылардың міндеттері**

Жүргізушілер, жаяу жүргіншілер, жолаушылардың барлығы – жол қозғалысының белсенді қатысушылары. Олар Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, жолдарда сауатты, адал, дұрыс әрекеттесуге, бір-бірімен сыпайы және мұқият болуға міндетті.

*Механикалық көлік құралының жүргізушісі міндетті:*

- көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші куәлігін не жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлікті жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжатпен бірге;
- көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті не көлік құралына меншік құқығын куәландыратын құжатты;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда көлік құралы иелерінің және (немесе) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисін;
- жол парағын, алып жүретін жүкке арналған құжатты (тауар-көліктік жүкқұжатты) және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлік құралына қажетті өзге де құжаттарды өзімен бірге алып жүруге және ішкі істер, көліктік бақылау органдарының уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының талабы бойынша оларға тексеру үшін беруге;

– ішкі істер, көліктік бақылау органдарының нысанды киім киген қызметкерінің дауыс күшейткіш құрылғысының көмегімен, ысқырып сигнал беруімен бір мезгілде жүргізушіге түсінікті және орындалуы авариялық жағдай туғызбайтындай етіп дер кезінде берілуге тиіс көлік құралына бағытталған қол қимылымен немесе таяқшамен сигнал беруі арқылы көлік құралын тоқтату туралы талабы бойынша көлік құралын тоқтатуға;

– көлік құралының өздігінен жүріп кетуін болғызбайтын шаралар қолданбай, сондай-ақ оны ішкі істер органдарының қызметкері тоқтатқан жағдайда, оның рұқсатынсыз көлік құралын тастап кетпеуге;

– ішкі істер органдары қызметкерінің талабы бойынша масаң күйін куәландырудан өтуге;

– қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралымен жүрген кезде белдікті тағуға және белдік тақпаған жолаушыларды тасымалдамауға;

– Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде белгіленген жағдайларда, Жол жүрісі қағидаларын білуін тексеруден өтуге;

– көлік құралын:

- шығынын өтеу негізінде медициналық көмек көрсету үшін жол-жөнекей бара жатқан медицина қызметкерлеріне, сондай-ақ жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, терроризмге қарсы операциялар жүргізу кезінде жүру бағытына қарамастан, медицина қызметкерлеріне, ішкі істер органдарының және ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне;

- жол-көлік оқиғалары кезінде бүлінген көлік құралдарын тасымалдау, дүлей зілзала болған жерге бару үшін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне беруге міндетті.

Жол-көлік оқиғасы кезінде оған қатысы бар жүргізуші:

- көлік құралын дереу тоқтатуға (орнынан қозғамауға), авариялық жарық сигнал беруін қосуға және авариялық аялдау белгісін (жанып-сөнетін қызыл фонарь) қоюға (б-сурет), оқиғаға қатысы бар заттарды қозғамауға;



6-сурет

- зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету мүмкін болған шараларды қолдануға, жедел медициналық жәрдем шақыруға, ал шұғыл жағдайларда зардап шеккендерді жол-жөнекей көлікпен жөнелтуге, егер бұл мүмкін болмаса, өзінің көлік құралымен жақын жердегі емдеу мекемесіне жеткізуге, өзінің тегін, көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін хабарлауға (жеке басын куәландыратын құжатты немесе жүргізуші куәлігін және көлік құралына берілген тіркеу құжатын көрсете отырып) және оқиға болған жерге қайтып келуге;

- жәбірленуші болмаған және жүргізушілер оқиғаның барлық бағамы жайында өзара келіскен жол-көлік оқиғаларынан басқа оқиға туралы жақын жердегі ішкі істер органына дереу хабарлауға, оны көргендердің тектері мен мекенжайларын жазып алуға және ішкі істер органдары қызметкерлерінің келуін күтуге;

- егер басқа көлік құралдарының жүруі мүмкін болмаса, жолдың жүру бөлігін босатуға;

- жолдың жүру бөлігін босату қажет болған кезде оқиғаға қатысы бар көлік құралының орналасуын, іздер мен заттарды куәлардың қатысуымен алдын ала белгілеп, оларды сақтауға барлық ықтимал шараларды қолдануға және оқиға болған жерді өзгелердің айналып өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

Мотоциклді басқару кезінде жүргізушілер түймеленген мотошлемде болады және түймеленген мотошлем кимеген жолаушыларды тасымалдамайды.

*Жүргізушіге:*

- көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші куәлігі не жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлік пен жүргізушінің жеке куәлігінсіз көлік құралын басқаруға;

– масаң күйде (алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық), реакциясын және назар аударуын нашарлататын дәрілік препараттардың әсерімен, жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін сырқат немесе шаршаулы күйде көлік құралын басқаруға;

– шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын көлік құралдарын қоспағанда, ақауы бар көлік құралын, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген көлік құралын басқаруға;

– Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын және (немесе) тасымалдаушының жолаушылардың алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспаған иесінің көлік құралын басқаруға;

– мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері болмаған немесе олар тіркеу құжаттарына сәйкес келмеген жағдайларда көлік құралын басқаруға;

– масаң күйдегі, реакциясын және назар аударуын нашарлататын дәрілік препараттардың әсеріндегі, сырқат немесе шаршаңқы күйдегі адамдарға, сондай-ақ жүргізуге оқып-үйренушілерден басқа, өзімен бірге осы санаттағы көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші куәлігі (жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлігі және жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжаты) жоқ немесе жол (маршрут) парағында көрсетілмеген адамдарға не көлік құралын басқару құқығы жоқ немесе басқару құқығынан айырылған адамдарға көлік құралын басқаруға беруге;

– ұйымдастырылған (оның ішінде жаяулардың да) лектерді кесіп өтуге және олардың арасынан орын алуға;

– телефонды не радиостанцияны тыңдауыш немесе қатты дауысты байланысты қолдану арқылы пайдалануды қоспағанда, көлік құралын басқару кезінде оларды пайдалануға;

– тежегіштің жұмыс жүйесі немесе рульмен басқаруы істемейтін, ілініс құрылғысы (пойыз құрамында) жарамсыз, сондай-ақ тәуліктің қараңғы уақытында жолдарда жасанды жарықтандыру болмағанда немесе көрінуі жеткіліксіз жағдайларда шамдары және (немесе) артқы габариттік оттары жанбайтын (жоқ), жаңбыр немесе қар жауып тұрғанда алдыңғы терезе тазалағыштары жарамсыз көлік құралын басқаруға;



Ең төменгі жылдамдықпен жүрген кезде тежегіш жұмыс жүйесі немесе рульдік басқаруы көлік құралын тоқтатуға немесе маневрді жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе, онда олар жұмыс істемейтін болып саналады.

– өзінің қатысы бар жол-көлік оқиғасынан кейін не ішкі істер органдары қызметкерінің талабы бойынша көлік құралы тоқтатылғаннан кейін уәкілетті лауазымды адам масаң күйді анықтау мақсатында куәландырудан өткізгенге дейін немесе уәкілетті лауазымды адам осындай куәландыруды жүргізуден босату туралы шешім қабылдағанға дейін алкоголь ішімдіктерін, есірткі немесе психотроптық заттарды пайдалануға тыйым салынады.

#### *Жаяу жүргіншілердің міндеттері*

Жаяу жүргіншілер тротуармен немесе жаяу жүргіншілерге арналған жолдармен, ал олар болмаған жағдайда, жол жиегімен, сондай-ақ тұрғын аймақтарда Жол жүрісі қағидаларының талаптарына сәйкес қозғалуы тиіс.

Көлемі үлкен заттарды көтеріп немесе алып келе жатқан жаяу жүргіншілер, сондай-ақ мүгедектерге арналған қозғалтқышы жоқ арбамен келе жатқан адамдар тротуармен немесе жолды жағалай жүргенде басқа жаяу жүргіншілер үшін кедергі келтіретін болса, жолдың жүру бөлігінің жиегімен (бөлу жолақтары бар жолдарда көлік жүретін бөліктің сыртқы шетін бойлай) қозғалуына болады.

Тротуарлар, жаяу жүргіншілерге арналған жол немесе жол жиегі болмағанда, сондай-ақ олармен қозғалу мүмкін болмаған жағдайда, жаяу жүргіншілер велосипед жолымен немесе жолдың көлік жүретін бөлігінің шетімен (бөлу жолақтары бар жолдың көлік жүретін бөлігінің сыртқы шетін бойлай) бір қатарда қозғалуларына болады.

Елді мекендерден тыс жерлерде жаяу жүргіншілер жолдың көлік жүретін бөлігімен қозғалған кезде, көлік құралдарының қозғалысына қарсы бағытта жүруі тиіс.

Көлік жүретін бөліктің шетімен мүгедектерге арналған қозғалтқышы жоқ арбамен келе жатқан, мотоцикл, мопед, велосипедті жетелеп әкеле жатқан адамдар көлік құралдары қозғалысының бағытында, жолдың оң жағымен жүруі тиіс.

Көлік жүретін бөлікпен қозғалатын ұйымдасқан жаяу жүргіншілер легіне көлік құралдарының қозғалысы бағытында оң жақпен, төрт адамнан аспайтын қатармен қозғалуға рұқсат етіледі. Лектің сол жағымен басы және соңында қызыл жалауша ұстаған жүруші, тәуліктің қараңғы уақытында және көрінуі жеткіліксіз жағдайларда басында ақ түсті, соңында қызыл түсті жағулы шаммен жүрушілер жүруі тиіс.

Жаяу жүргіншілер көлік жүретін бөлікті жаяу жүргіншілерге арналған, оның ішінде жерасты және жерүсті өткелдерінен, ал олар болма-

ғанда қиылыстардағы тротуарлар мен жол жағалауы сызығы бойымен кесіп өтуі тиіс. Көру аймағында өткел немесе жол қиылысы болмағанда, көлік жүретін бөліктің шетіне, екі жақтан да жақсы көрінетін жерден тік бұрыш жасап жолды кесіп өтуге болады. Елді мекендегі жолдың көлік жүретін бөлігінде бөлу жолағы болса, сондай-ақ жаяу жүргінші немесе жол қоршаулары орнатылған жерлерде жолды жаяу жүргіншілер өткелінен тыс жерде кесіп өтуге тыйым салынады.

Қозғалыс реттелетін жерлерде жаяу жүргінші реттеушінің немесе жаяу жүргінші бағдаршамының сигналын, ал ол болмағанда көлік бағдаршамын басшылыққа алады.

Жаяу жүргіншілер реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелдеріне көлік жүретін бөлікке жақындап қалған көлік құралымен арақашықтықты, оның жылдамдығын бағалап, кесіп өту өздері үшін қауіпсіз екендігіне көз жеткізгеннен кейін шыға алады. Көлік жүретін бөлікті жаяу жүргіншіге арналған өткелден тыс жерлерден кесіп өту кезінде жаяу жүргіншілер бұдан басқа көлік құралдары үшін кедергі келтірмеуі және жақындап қалған көлік құралының жоқтығына көз жеткізбейінше, тоқтап тұрған көлік құралының немесе көрінуді шектейтін өзге кедергінің тасасынан шықпауы тиіс.

**!** Реттелетін және реттелмейтін жаяу жүргінші өткелі түсінігі реттелетін және реттелмейтін қиылыс түсінігімен бірдей.

Көлік жүретін бөлікке шыққаннан кейін жаяу жүргінші, егер бұл қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты болмаса, кідірмеуі немесе аялдамауы тиіс. Жолды кесіп өтуге үлгермеген жаяу жүргінші қарсы бағыттағы көлік легін бөлетін сызықта аялдауы керек. Әрі қарай қозғалыстың қауіпсіз екендігіне көз жеткізгеннен кейін, бағдаршамның (реттеушінің) сигналын ескеріп, жолдан өтуді жалғастыруға болады.

Жарқылдауық көк маяғы бар және арнайы дыбыс сигналы іске қосылы көлік құралы жақындаған кезде, жаяу жүргіншілер жолдан өтпей тұра тұрады, ал жол үстіндегілері осы көлік құралдарына жол беруі және мүмкіндігіне қарай көлік жүретін бөлікті босатуы тиіс.

Маршруттық көлік құралы мен таксиді көлік жүретін бөлікке қарағанда биігірек тұрған отырғызу алаңдарында, ол жоқ болған жағдайда тротуарда немесе жол жиегінде тұрып күтуге рұқсат етіледі. Биігірек отырғызу алаңдарымен жабдықталмаған аялдама пункттерінде көлік құралына отыру үшін көлік жүретін бөлікке ол тоқтағаннан кейін ғана шығуға рұқсат етіледі. Түскеннен кейін көлік жүретін бөлікті кідірместен босату керек.

Аялдама пунктіне немесе одан көлік жүретін бөлік арқылы қозғалыс кезінде жаяу жүргіншілер жоғарыда аталған талаптардың тармақтарын басшылыққа алуы тиіс.

*Жолаушылар:*

– қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралымен жол жүрген кезде оларды тағуға, ал мотоциклмен жол жүрген кезде түймеленген мотошлемде болуға;

– отыру мен түсуді тротуар немесе жол жиегі жағынан және көлік құралы толық тоқтағаннан кейін ғана жүзеге асыруға *міндетті*.

Егер тротуар немесе жол жиегі жағынан мүмкін болмаса, отыру және түсу қауіпсіз және жол жүрісінің басқа қатысушыларына кедергі келтірмейтін жағдайда жолдың жүру бөлігі жағынан жүзеге асырылады.

*Жолаушыларға:*

– көлік құралы жүріп келе жатқанда жүргізушіні көлікті басқарудан алаңдатуға;

– борт платформасы бар жүк автомобилімен жол жүрген кезде түрегеліп тұруға, бортқа, борттардан биік тұратын жүктің үстіне отыруға;

– көлік құралы жүріп келе жатқанда оның есіктерін ашуға, сондай-ақ терезесінен және люгінен басын шығаруға *тыйым салынады*.

### **Жүргізуші өзімен бірге алып жүруі тиіс құжаттар**

Жүргізушінің жалпы міндеттерінде жүргізушінің жүргізуші куәлігі мен көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті өзімен бірге алып жүруге міндетті екені көрсетілген.

Коммерциялық тасымалдау жасағанда жүргізушінің дұрыс ресімделген жол парағы, жүктің құжаты, ал егер жүк қауіпті болса, оның рұқсатқағазы болуы керек.

*Жүргізуші куәлігі* – көлік құралдарының тиісті санатын басқару құқығын растайтын құжат.

Куәлік санаттары мен оған кіретін кіші санаттардың енгізілуі скутер, мокик (А1 кіші санаты), трицикл (В1 кіші санаты) және басқа да шағын көліктерді қолдануды реттейді.

*Көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік* – әрбір автомобиль үшін міндетті түрде ресімделетін құжат. Бұл құжат машинаның мемлекеттік есепке дұрыс қойылып, ресімделгенін растайды.

Құжаттың интегралды микросхемасында автомобиль туралы егжей-тегжейлі ақпарат, оның иесі туралы мәлімет және ерекше белгілері туралы деректер беріледі.

Техникалық байқау (ТБ) талоны мен азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру полисін өзімен бірге алып жүру міндетті еместігіне қарамастан, көлікті техникалық байқаудан уақытында өткізіп, сақтандыру шартын жасасу қажет. Техникалық байқаудан өту және сақтандыру шартын жасасу фактілері Жол полициясы комитетінің ақпараттық жүйесінің ортақ базасы арқылы тексеріледі.

**Қорытынды:**

*Қазақстан Республикасының аумағында жол қозғалысына қатысушылар Жол жүрісі қағидаларын білуге және сақтауға міндетті.*

1. Қолданылу саласын ескере отырып, «Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларында қамтылған негізгі ұғымдар мен терминдер» кластерін жасаңдар.
2. Ұғымдар мен терминдердің әрбір тобын қысқаша сипаттаңдар.
3. Жол жүрісі қағидаларының негізгі түсініктеріне кірмейтін терминдерді атап, оларға өздігінше анықтама беріңдер.



Жол-көлік оқиғасының алдын алу туралы жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге арналған жадынама жасаңдар.



Қауіпсіздік шаралары туралы игерген білімдеріңнің негізінде маршруттық көлікте жолаушылардың дұрыс жайғасуы туралы ұсынымдар құрастырыңдар.



Жол саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары қандай? Жол қауіпсіздігіне олардың әсерін қысқаша сипаттаңдар.



Жүргізуші	Водитель	Driver
Жүргізуші куәлігі	Водительское удостоверение	Driving licence
Жолаушы	Пассажир	Passenger
Жаяу жүргінші	Пешеход	Pedestrian
Жол жүрісі қағидалары	Правила дорожного движения	Traffic rules



1. Қозғалыс кезінде жүргізушінің телефон арқылы сөйлесуіне рұқсат берілген бе? Өз жауаптарыңды дәйектендер.
2. Жол жүрісі қағидаларында көлік құралын құқық қорғау органдарының немесе медицина қызметкерлеріне берген тұлғаларға не қарастырылған?
3. Көлік құралдарының жүргізушілерінің кінәсінен туындаған жол-көлік оқиғаларының негізгі себептерін атаңдар.
4. Қандай ақаулар болған кезде көлік құралын басқаруға тыйым салынады?
5. Жол-көлік оқиғасына қатысы бар жүргізуші қандай әрекеттерді дереу орындауы тиіс?



Таңдау арқылы параграф сұрақтары бойынша № 11–22; № 23–43 тапсырмаларды орындандар (Оқулық. 2-бөлім. Жағдаяттық тапсырмаларды орындауға арналған практикum).



### § 3. Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары

#### **Тақырыпты оқу нәтижесінде:**

- жолдарда арнайы сигналдарды, авариялық сигналдарды және авариялық аялдау белгісін қолдану;
- бағдаршамның және реттеушінің сигналдары көмегімен қозғалысты реттеу ережелерін *білетін боласыңдар*;
- қарқынды қозғалыс жағдайында қауіпсіздік деңгейін арттыру негіздерін *түсінесіңдер*.

Қарқынды қозғалыс байқалатын жол қиылыстарындағы бағдаршам немесе реттеуші қиылыса қозғалатын көлік ағынын кезектестіре реттейтін және жаяу жүргіншілердің жолды кесіп өтуін қамтамасыз ететін негізгі құрал болып табылады.

Біздің еліміздегі көшелер мен жолдарда көлік құралдарының тиімді қозғалысы үшін қозғалысты реттеудің жетілдірілген құралдары қолданылады. Елорданың қиылыстарында көлік кептелістерін болдырмас үшін «ақылды бағдаршамдар» жұмыс істейді. Олар көлік ағынын өздіктерінен азайтып, реттей алады. Құрылғы нақты уақыттағы мәліметтерді ала отырып, интеллектуалды транспорттық жүйемен көлік құралдарының ағынын талдайды. Осыдан кейін ол бағдаршамның әр түсі үшін қажетті уақытты автоматты түрде таңдайды.

#### **Бағдаршамның және реттеушінің сигналдары**

Жол қозғалысын реттеу үшін тік немесе көлденең орналастырылатын бағдаршамдар қолданылады.

Тағайындалуына байланысты бағдаршам сигналдары дөңгелек, нұсқар (жебе), адамның немесе велосипедтің кескіні және «Х» түрінде және «+» түрінде болуы мүмкін. Дөңгелек сигналды бағдаршамда жасыл көзі деңгейінде орналасатын, ішінде жасыл нұсқар бейнеленген бір немесе екі қосымша секция болуы мүмкін. Олардың мағынасы мынадай:

- жасыл сигнал жүруге рұқсат береді;
- жыпылықтаған жасыл сигнал жүруге рұқсат етеді және рұқсат шегі таяп қалғанын, тыйым салатын сигнал іске қосылатындығын хабарлайды (жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жасыл сигналдың сөнуіне дейін қалған уақыт туралы секундпен хабар беретін сандық табло қолданылуы мүмкін);
- сары сигнал (белгіленген жол бөлігінде көлігін тоқтата алмайтын жүргізушілерге шұғыл тежеуге жүгінбей әрі қарай жүруге және жол-

дың жүру бөлігіндегі жаяу жүргіншілерге тез өтуге рұқсат етілетін жағдайларды есептемегенде) жүруге тыйым салады және сигналдардың ауысқалы тұрғанын ескертеді;


- сары жыпылықтаған сигнал бағдаршаммен реттелмейтін көше қиылысының немесе жаяу жүргінші өткелінің бар екенін хабарлайды, қауіптен сақтандырады;

- қызыл, оның ішінде жыпылықтайтын сигнал, жүруге тыйым салады;

- қызыл және сары сигналдардың қосыла жануы жүруге тыйым салады және жасыл сигнал жанғалы тұрғанын хабардар етеді.

Қызыл, сары және жасыл түсті нұсқар (бағыттаушы) түрінде орындалған бағдаршам сигналы тиісті түстердегі дөңгелек сигналдармен мағыналас, бірақ бұл сигналдар тек нұсқар көрсеткен бағытқа (бағыттарға) ғана қолданылады. Бұл ретте солға бұрылуға рұқсат беретін нұсқар, егер бұған тиісті жол белгісімен тыйым салынбаса, кері бұрылуға да рұқсат етеді.

Сонымен қатар қосымша секциядағы жасыл бағыттаушы да (7-сурет) осындай мағынаға ие болады. Қосылмай тұрған қосымша секцияның сигналы немесе оның контурындағы қосылмай тұрған қызыл түсті сигнал осы секциямен реттелетін бағыттағы қозғалысқа тыйым салынғанын білдіреді.



7-сурет

Егер бағдаршамның негізгі жасыл сигналына қара контурлы нұсқар (нұсқарлар) салынған болса, онда ол жүргізушіге бағдаршамның қосымша секциясын және қосымша секцияның сигналынан өзге де рұқсат етілген жүру бағыттары бар екендігін хабарлайды.

Егер бағдаршам сигналы жаяу жүргіншінің (велосипедтің) кескіні түрінде орындалса, оның әрекеті тек жаяу жүргіншіге (велосипедшілерге) ғана қолданылады. Бұл ретте жасыл сигнал жаяу жүргіншінің (велосипедшінің) жүруіне рұқсат береді, ал қызыл тыйым салады.

Велосипедшілердің жүруін реттеу үшін сондай-ақ кіші өлшемдегі дөңгелек сигналы бар, 300×200 мм өлшемді, қара түсті велосипед кескінделген тікбұрышты ақ түсті тақтайшамен толықтырылған бағдаршам (8-сурет) пайдаланылады.

Зағип жаяу жүргіншілерді жолдың жүру бөлігін кесіп өту мүмкіндігі туралы хабардар ету үшін бағдаршамдардың жарық сигналдары дыбыстық сигналмен толықтырылуы мүмкін.




8-сурет

Көлік құралдарының жолдың жүру жолақтарындағы, атап айтқанда жүру бағыты ауысуы мүмкін болған жолақтардағы, қозғалысты реттеу үшін «Х» үлгісіндегі қызыл сигнал және төмен бағытталған нұсқар түріндегі жасыл сигналы бар реверстік бағдаршам қолданылады. Бұл сигналдар тиісінше олар үстінде орналастырылған жолақ бойынша жүруге тыйым салады немесе рұқсат береді.

Реверстік бағдаршамның негізгі сигналдары нұсқар түріндегі, төмен қарай оңға немесе солға қиғаштай түсірілген сары сигналмен толықтырылуы мүмкін. Ол іске қосылғанда сигналдың ауысатындығын және нұсқар бағыттаған жолаққа ауысу қажеттігін хабарлайды.

Трамвайлардың, сондай-ақ қоғамдық көліктің жүрісін реттеуде олар үшін бөлінген жолақтарда «Т» әрпі түрінде құрастырылған, төрт ай түстес ақ дөңгелек сигналдары бар бағдаршамдар қолданылады. Төменгі сигналмен бір мезгілде бір немесе бірнеше жоғарғы сигнал іске қосылған кезде ғана олардың сол жақтағысы – солға, ортадағысы – тура, оң жақтағысы оңға жүруге рұқсат етеді. Егер тек жоғарыдағы үш сигнал іске қосылса, қозғалуға тыйым салынады (9-сурет).



9-сурет

Теміржол өтпесінде орналасқан дөңгелек, жыпылықтап тұратын ай түстес ақ сигнал көлік құралдарының өтпе арқылы жүруіне рұқсат береді. Ай түстес ақ және қызыл жыпылықтайтын сигнал сөніп тұрған кезде көру шегінде өтпеге жақындап қалған пойыз (локомотив, дрезина) болмаған кезде жүруге рұқсат етіледі.

Қызыл «+» таңбалы сигнал қарсы бағыттағы көлік құралдарының қозғалысы үшін тыйым салатын қызыл сигнал қосылғанын хабарлайды. Өшірілген «+» таңбалы сигнал қарсы бағыттағы көлік құралдарына бағдаршамның жүруге рұқсат беретін жасыл сигналы қосылғанын хабарлайды.

Қарқынды қозғалысты жерлерде бағдаршамдар болмаса немесе олар жұмыс істемесе, көлік құралдарының және жаяу жүргіншілердің қозғалуы үшін реттеуші сигналдар береді.

*Реттеушінің сигналдарының мәні*

*Қолдары екі жаққа созылған немесе төмен түсірілген (10-сурет):*

– сол және оң бүйір жақтарынан трамвайға тура, рельссіз көлік құралдарына тура және оңға жүруге рұқсат етіледі, жаяу жүргіншілерге жолдың жүру бөлігін кесіп өтуге рұқсат етіледі;

– көкірек және арқа жағынан – барлық көлік құралдарының және жаяу жүргіншілердің жүруіне тыйым салынады.



10-сурет

*Оң қол алға созылған (11-сурет):*

- сол жағынан – трамвайға солға, рельссіз көлік құралдарына барлық бағыттарға жүруге рұқсат етіледі;
- кеуде жағынан – барлық көлік құралдарына тек қана оңға жүруге рұқсат етіледі;
- оң бүйір және арқа жағынан – барлық көлік құралдарына жүруге тыйым салынады;
- жаяу жүргіншілерге жолдың жүру бөлігін кесіп өтуге реттеушінің арт жағынан рұқсат етіледі.



11-сурет

*Қол жоғары көтерілген (12-сурет):*

- белгіленген жол бөлігінде көлігін тоқтата алмайтын жүргізушілерге шұғыл тежеуге жүгінбей әрі қарай жүруге және жолдың жүру бөлігіндегі жаяу жүргіншілерге тез өтуге рұқсат етілетін жағдайларды есептемегенде, барлық көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің барлық бағытқа жүруіне тыйым салынады.



12-сурет

Реттеуші қол қимылдарымен жүргізушілерге және жаяу жүргіншілерге түсінікті басқа да сигналдар беруі мүмкін. Сигналдар жақсы көрінуі үшін реттеуші таяқшаны немесе қызыл сигналы бар дискіні (жарық шағылыстырғышты) қолдануы мүмкін.

Көлік құралын тоқтатуды талап ету дауыс күшейткіш құрылғысымен, қол қимылымен немесе жезлмен көлік құралына нұсқау арқылы жасалады. Жүргізуші көрсетілген орынға тоқтауы тиіс.

Ысқырықпен берілген қосымша сигнал жол жүрісіне қатысушылардың назарын аудару үшін қолданылады.

Бағдаршамның (реверстіктен басқа) немесе реттеушінің тыйым салатын сигналы кезінде жүргізушілер тоқтау сызығының («Тоқта» белгісінің) алдында, ал олар болмаған кезде:

- жол қиылысында – жүру бөлігіне дейін, жаяу жүргіншілердің жолды кесіп өтуіне кедергі тудырмайтын жерде;
- теміржол өтпесі алдында;
- басқа жерлерде – жүруі рұқсат етілген көлік құралы мен жаяу жүргіншілерге кедергі туғызбайтын жерде бағдаршам немесе реттеуші алдында тоқтауы тиіс.

Реттеуші қолын көтергенде немесе бағдаршамның сары сигналы қосылғанда жол қиылысындағы жаяу жүргіншілер жүру бөлігін босатуы

тиіс, егер бұл мүмкін болмаса, көліктің қарама-қарсы бағыттағы екі ағынын бөлетін сызықта тоқтап тұрулары керек.

Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер, тіпті бағдаршам сигналына, жол белгілері немесе таңбаларының талаптарына қайшы келсе де, реттеушінің сигнал талаптары мен бұйрығын орындауға міндетті.

Егер бағдаршам сигналының мәні мен жол белгілерінің талаптары қайшылық тудырса, жүргізушілер бағдаршамның сигналын басшылыққа алуы тиіс.

Теміржол өтпелерінде жыпылықтаған қызыл сигналмен бір мезгілде жол жүрісіне қатысушыларды қосымша ақпараттандыратын, өтпе арқылы жүруге тыйым салатын дыбыстық сигнал берілуі мүмкін.

### Арнайы сигналдардың қолданылуы

Көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маягы (13-сурет) іске қосылған жедел және арнайы қызметтік көлік құралдарының жүргізушілері шұғыл қызметтік тапсырманы орындау кезінде, жол жүрісі қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайда кейбір Қағидалардың талаптарын орындамауы мүмкін.



13-сурет

Қозғалыс кезінде басқа қатысушылар алдында басымдық алуы үшін мұндай көлік құралдарының жүргізушілері көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маяк пен арнаулы дыбыстық сигналды іске қосуы тиіс. Олар өздеріне жол берілгендігіне көз жеткізгеннен кейін ғана басымдықты пайдалана алады.

Бұл құқықты Жол жүрісі қағидаларында бекітілген жағдайларда жедел және арнаулы қызметтердің көлік құралдарына ілесіп жүретін көлік құралдарының жүргізушілері де пайдаланады.

Көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маягы іске қосылған және арнаулы дыбыстық сигналы бар көлік құралдары жақындаған кез-

де жүргізушілер осы және оларға ілесіп келе жатқан басқа көлік құралдарының кедергісіз өтіп кетуін қамтамасыз ету үшін жолды босатады.

Көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маягы іске қосулы тоқтап тұрған көлік құралдарына жақындаған кезде жүргізуші қажет болған жағдайда дереу тоқтатуға мүмкіндік болуы үшін жылдамдықты азайтады.

Іске қосылған қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маягы бар құрылыс, жөндеу немесе тазалау жұмыстарын орындап жүрген көліктердің, жекеменшік күзет ұйымдарының жедел жету топтарының, көліктік бақылау органдарының жолдағы жылжымалы бақылау-өткізу пункттерінің, инкассация қызметтері мамандандырылған көлік құралдарының, ұйымдасқан велосипедшілер топтарымен бірге жүретін көлік құралдарының жүргізушілері жол жүрісі қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайда



белгілерінен басқа жол және жолдағы сызықтық белгілердің, сонымен қатар жолдың жүру бөлігінде көлік құралын қалдыру талаптарын орындамауы мүмкін. Басқа көлік құралдарының жүргізушілері олардың жұмысына кедергі жасамауға тиіс.

Қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маяк қозғалыста ешқандай артықшылық бермейді, тек басқа қатысушыларға қауіп туралы ескертеді.

### **Авариялық сигнал беру мен авариялық аялдау белгісін қолдану**

Авариялық сигнал беру немесе авариялық аялдау белгісін қолдана отырып, жүргізуші «Сақ болыңыз! Қауіпті!» деген мағынада ескерту береді. Авариялық сигнал беру түймесін басқаннан кейін (14-сурет), барлық бұрылыс белгілерін білдіретін шамдар, сонымен қатар барлық қайталағыш қосымша жарықтар жыпылықтай бастайды.

*Авариялық сигнал беру келесі жағдайларда іске қосылуы керек:*

- жол-көлік оқиғасы кезінде;
- аялдауға тыйым салынған жерлерде амалсыздан тоқтаған кезде;
- артқа жүру кезінде;
- жүргізушінің көзін фара жарығы шағылыстырған кезде;



14-сурет

– сүйретуге алу кезінде (сүйретілетін механикалық көлік құралында);

– жолдың жарықтандырылмайтын учаскесінде аялдау және тоқтап тұру кезінде немесе көліктің көлемдік шамдарының дұрыс істемеуінен көріну жеткіліксіз болғанда;

– елді мекеннен тыс жолдарда, жол жиегінің ені аялдау үшін жеткіліксіз немесе жол жиегінің енін осы жол жағдайында айқындау мүмкін болмайтын жерлерде тоқтаған кезде.

**!** Авариялық жарық сигналы жол жүрісінің қатысушыларына көлік құралы туғызуы мүмкін қауіптілік туралы ескерту үшін басқа жағдайларда да қосылады.



15-сурет

Авариялық аялдау белгісі (15-сурет) – қажет болған жағдайда, жүргізуші көлік құралдары келуі ықтимал жақтан жолдың жүру бөлігіне міндетті түрде қоюы тиіс қызыл үшбұрыш.

Авариялық аялдау белгісі (немесе жыпылықтаған қызыл фонарь) көлік құралынан нақты жағдайда басқа жүргізушілерді қауіптілік туралы уақытылы хабардар етуді қамтамасыз ететін қашықтықта: елді мекендерде – кемінде 15 метр; елді мекеннен тыс жолдарда 30 метр арақашықтықта орнатылады.

Белгі күндіз ғана емес, фара жарығын шағылыстыра алғандықтан, түнде де жақсы көрінеді.

*Авариялық аялдау белгісі:*

- жол-көлік оқиғасы кезінде;
- аялдауға тыйым салынған жерлерде амалсыздан тоқтаған кезде;
- ең болмағанда бір бағыттан көру шегі жүз метрден кем болатын жол телімінде амалсыздан тоқтаған кезде қойылуы керек.

Авариялық жарық сигналы болмағанда немесе оның ақауы болса, сүйретілген механикалық көлік құралының артқы жағына да авариялық аялдау белгісі бекітіледі.

### **Маневр жасау**

Көлік құралының жол бағытына қатысты орындаған қозғалысындағы кез келген өзгерістерін маневр деп санауға болады.

*Маневрлер:*

- бұрылу, айнала кері бұрылу;
- жолақ ауыстыру;
- айналып өту және басып озу;
- тротуардан немесе жол жиегінен қозғалысты бастау;
- тоқтау үшін тротуарға жақындау немесе жол жиегіне шығу;
- артқа қарай қозғалу.

Басқа мүмкін бағыттар болмаған кезде доға тәрізді жолда қозғалу маневр болып саналмайды.

Маневрді орындауды бастамас бұрын жүргізуші тиісті бағытқа сай жарық көрсеткіштерімен (бұрылыс шамы), егер олар болмаса немесе ақауы болса, қолмен сигнал береді. Мұнда маневр қауіпсіздікті сақтай отырып, басқа да жол жүрісіне қатысушыларға кедергі туғызбайтындай етіп жүзеге асырылады.

Сол жаққа маневр жасаудың белгісі көліктегі сол жаққа бұрылыс жарық көрсеткіші не сол жаққа созылған сол қол, немесе оң жаққа шығарылып, шынтақтан жоғарыға тік бүгілген оң қол болып табылады (16-сурет).



16-сурет

Оң жаққа маневр жасаудың белгісі көліктегі оң жаққа бұрылыс жарық көрсеткіші не оң жаққа созылған оң қол, немесе жанына шығарылып, шынтақтан жоғарыға тік бүгілген сол қол болып табылады (17-сурет).



17-сурет

Тежеу сигналы тоқтау сигналымен не қолды жоғары көтеру арқылы беріледі (18-сурет).

Артқа жүру сигналы артқы жүріс шамын жағу және авариялық сигналды қосу арқылы жасалады.

Бұрылу көрсеткіштерімен немесе қолмен сигнал беру маневр басталғанға дейін орындалуы және маневрді аяқтағаннан кейін бірден тоқтатылуы керек (қолмен берілген сигнал маневр жасаудан бұрын аяқта-

луы мүмкін). Бастысы сигнал қозғалыстағы басқа қатысушыларды жаңылыстырмауы тиіс. Сигнал беру жүргізушіге ешқандай басымдық бермейді және оны қауіпсіздік шараларын қолданудан босатпайды.



18-сурет

*Жүргізуші:*

– екінші дәрежелі жолдан басты жолға шығу кезінде онда жүріп келе жатқан көлік құралдары мен жаяу жүргіншілерге, ал басты жолдан түсер (шығар) кезде өзі жолын кесіп өтетін жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге;

– аялдау немесе тұрақ орнына келген кезде жолдың жүру бөлігінің шетімен немесе жол жиегімен келе жатқан жаяу жүргіншілерге, велосипед, мопед, көлік-арба жүргізушілеріне, мініс және жүк артылған малды айдаушыларға;

– жолақ ауыстыру кезінде жүру бағытын өзгертпей, қатарлас келе жатқан көлік құралдарына;

– қатар келе жатқан көлік құралдары бір мезгілде жолақ ауыстырған кезде, оң жақта келе жатқан көлік құралына;

– қиылыстан тыс жерде солға немесе кері бұрылғанда қарсы бағыттан келе жатқан көлік құралдарына *жол береді*.

**!** Жүріп келе жатқан көлік құралдары арасында қауіпті арақашықтық туындайтын жағдайда қатар ауыстыруға рұқсат етілмейді.

Шеңберлі жүріс ұйымдастырылған жол қиылыстарында бұрылыс жасау жағдайларын қоспағанда, оңға, солға немесе кері бұрылу үшін жүргізуші бұрылардан бұрын жолдың тиісті бағытқа арналған жүру бөлігі мен жолағына алдын ала ауысады.

Бұрылу жол қиылысынан шыққан кезде көлік құралы қарсы жүру бағытына шықпайтындай болып жүзеге асырылады.

Көлік құралдары жүрісінің траекториясы қиылысатын, ал өту кезегі Қағидаларда айқындалмаған жағдайларда, оң жағынан көлік құралы жақындап қалған жүргізуші жол береді.

Тежеу жолағы болған жағдайда, бұрылуды көздеген жүргізуші осы жолаққа уақытылы ауысады және сол жолақта жылдамдығын азайтады. Жолға кіретін жерде үдеу жолағы болған кезде, жүргізуші соның бойымен жүреді және осы жолмен жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол бере отырып, көрші жолаққа ауысады.

*Кері бұрылуға:*

– жаяу жүргіншілердің өткелдерінде және тротуарлардың немесе жол жиектерінің сызығы бойынша жол қиылыстарында;

– тоннельдерде;

– көпірлерде, жолөткелдерде, эстакадаларда және олардың астында;

– теміржол өтпелерінде;

– жолдың жүру бөлігінде көріну мүмкіндігі 100 метрден кем жерлерде;

– аялдау пункттері орналасқан жерлерде *тыйым салынады*.

Көше қиылыстарында және кері бұрылыс жасауға тыйым салынған жерлерде артқы жүріспен қозғалуға тыйым салынады.

### **Көлік құралдарының жолдың жүру бөлігінде орналасуы**

Көлік құралдарын автокөлік жолдарында дұрыс және ықшам орналастыру жолдың өткізу қабілетін арттырады. Осылайша жол-көлік оқиғаларының қаупін едәуір азайтуға және сапар кезінде уақытты үнемдеуге болады.

Жолдың жүру бөлігі қозғалыс жолақтарына бөлінеді. Жолақтардың шекаралары сызықтық белгілермен немесе сәйкес таңбалармен белгіленеді. Жол жүрісі қағидаларының талабына сай жүргізушілер қатаң түрде белгілі жолақпен жүруі тиіс. Осылайша, көрші жолақта жүретін немесе қарсы келе жатқан көлік құралдарымен соқтығысу ықтималдылығы жойылады. Қажет болса, жүргізуші өз жолағынан басқа жолаққа ауыса алады. Ауысқаннан кейін, қозғалысты осы жолақта жүргізіп отыру керек. Үзік сызықты таңбаға тек қатар ауыстырғанда ғана шығуға болады. Тұтас сызықты қиып өтуге болмайды.

Автомобиль жолдары екі (19-сурет), үш және көп жолақты (20-сурет) болуы мүмкін.



19-сурет



20-сурет

*Жолдың қарсы жүруге арналған жағына шығуға келесі жағдайларда тыйым салынады:*

– төрт немесе одан да көп жолағы бар екіжақты жүру жолдарында. Мұндай жолда солға немесе кері бұрылуды көше қиылыстарында және белгілермен және (немесе) таңбамен Жол жүрісі қағидалары тыйым салмаған жерде орындауға болады;

– үш жолағы бар, екіжақты жүру жолдарында.

Елді мекендерде бір бағыттағы екі жолағы бар жолдың кез келген жолағында қозғалуға болады, алайда рұқсат етілген жылдамдықтан төмен жылдамдықпен қозғалған көлік құралдары сол жақтағы жолақтан оңға қарай мүкіндігінше ауысып отырғаны жөн.

Бір қозғалу бағытында үш және одан көп жолағы бар кез келген жолдың сол жақ шеткі жолағында неғұрлым қарқынды жүріс кезінде басқа жолақтар бос болмаған кезде, сондай-ақ басып озу, солға бұрылу немесе кері айналу үшін, ал рұқсат шегіндегі жоғары массасы 3,5 т артық болатын жүк автомобильдеріне тек қана солға немесе кері бұрылу үшін ғана рұқсат етіледі.

Жолдың жүру бөлігімен бір деңгейде сол жақта орналасқан бір бағыттағы трамвай жолымен жүруге осы бағыттағы барлық жолақтар бос болмаған кезде рұқсат етіледі. Қарсы бағыттағы трамвай жолдарына шығуға рұқсат етілмейді.

Көлік құралдарына жол жиегімен, тротуарлармен және жаяу жүргіншілер жолымен, ал елді мекендерде бұдан басқа жолдың жүру бөлігінен тыс жерлермен жүруге рұқсат етілмейді.

**Қорытынды:**

*Бағдаршам мен реттеушінің сигналдары көмегімен жол жүрісін реттеу қарқынды жол қозғалысы жағдайында қауіпсіздік деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.*

Келесі тақырыптардың біріне таныстырылым дайындаңдар:  
«Реверстік қозғалыстың артықшылықтары»;  
«Реверстік бағдаршам сигналының мәні».



10-сыныпта «Әскери топография» бөлімінен алған білімді пайдалана отырып, авариялық аялдау белгісін қою үшін қажетті қашықтықты жұптық адым арқылы анықтаңдар:

- елді мекенде;
- елді мекеннен тыс жолдарда.



Жолда жүру кезінде үшінші жолақтан біріншіге ауысу керек. Ауысу тәртібін анықтаңдар.



Өздерің басқарған көлік құралының жылдамдығы техникалық себептермен 40 км/сағ-тан аспайды.

1. Бұл жағдайда шеткі оң жақ жолақтан шығуға рұқсат етіле ме?
2. Рұқсат етілсе, қандай жағдайларда?
3. Рұқсат етілмесе, неге?



Жол қозғалысын басқарудың интеллектуалды жүйесі бар бағдаршамдар мен «жасыл толқын» жүйесінде жұмыс істейтін бағдаршамдардың негізгі айырмашылықтарын анықтап, түсіндіріңдер.



Авариялық белгі	Аварийный знак	Emergency sign
Арнайы сигнал	Специальный сигнал	Special signal
Бағдаршам	Светофор	Traffic lights
Маневр жасау	Маневрирование	Manoeuvring
Реттеуші	Регулировщик	Traffic guard



1. Қандай автокөлік жүргізушілері басқа жол қозғалысы қатысушыларына қарағанда басымдыққа ие?
2. Жарқылдауық көк маяғы мен арнайы дыбыстық сигналы іске қосулы көлік құралы жақындаған кезде жүргізуші не істеуі керек?
3. Бағдаршамның жыпылықтаған жасыл белгісі нені аңғартады? Егер қиылыс алдында тек шұғыл тежеу арқылы тоқтау мүмкін болса, жүргізушіге бағдаршам жасыл сигналдан сарыға ауысқан кезде қозғалысты жалғастыруға рұқсат етіле ме?
4. Бұрылыс жарық көрсеткіштерін қай кезде қосу керек?



Таңдау арқылы параграф сұрақтары бойынша № 44–55; № 56–66; № 67–72; № 73–131; № 132–161 тапсырмаларды орындаңдар (Оқулық, 2-бөлім. Жағдаяттық тапсырмаларды орындауға арналған практикум).



## § 4. Жол белгілері

### *Тақырыпты оқу нәтижесінде:*

- жол белгілерін және олардың мағыналарын;
- күрделі жол-көлік жағдайларында жол белгілеріндегі ақпаратты пайдалану тәртібін *білетін боласыңдар*;
- жолдардағы қауіпті жағдайлардың себептерін *түсінесіңдер*.

Жол белгілері немесе жол қозғалысы белгілері – стандарттарға сәйкес дайындалатын, ақпаратты жол қозғалысы қатысушыларының назарына нақты жеткізуге қызмет ететін жол бойында орнатылатын графикалық суреттер.

Қазіргі заманғы қозғалыс қарқыны интеллектуалды көлік жүйесіне қосылған жарықдиодтарға негізделген интерактивті панельдерде жол белгілерін жасауды қажет етеді. Жол белгілерінің бұл түрі ауа райына, қозғалыс қарқынына, кептелістер немесе жол желілеріндегі төтенше жағдайлардың болуына байланысты қозғалысты ұйымдастыру әдістерін реттей алады. Бұған қоса соңғы жылдары жарықдиодты жол белгілерінің қарапайым модификациялары белсенді түрде дамып, көлік қозғалысын ұйымдастыру үдерісіне көлік жүргізушілерінің назарын аударудың маңызды функциясын орындау үшін енгізіліп жатыр.

Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жол белгілерінің рөлі өте жоғары: олар жүргізушілерді жолдың қауіпті учаскелері туралы хабардар етеді, жылдамдығын төмендетуге міндеттеп, апатқа ұшырау қаупі бар жерлерде басып озуға тыйым салады, басқа да көптеген пайдалы ақпараттарды бере алады.

Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларына сәйкес жол белгілері жеті топқа бөлінеді:

1. Ескерту белгілері
2. Басымдық белгілері
3. Тыйым салатын белгілер
4. Нұсқайтын белгілер
5. Ақпараттық-нұсқағыш белгілер
6. Сервис белгілері
7. Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар)

*Ескерту белгілері* жүргізушілерге жолдың тиісті шаралар қабылдауды талап ететін қауіпті учаскесіне жақындағаны туралы хабарлайды.



1.1 «Шлагбаумы бар теміржол өтпесі»



1.2 «Шлагбаумы жоқ теміржол өтпесі»



1.3.1 «Бір жолды теміржол»



1.3.2 «Көп жолды теміржол»

**!** 1.1, 1.2 ескерту белгілері елді мекеннен тыс жерлерде қауіпті учаске басталғанға дейін 150–300 м қашықтықта, ал елді мекендерде және тұрғын аймақтарда 50–100 м қашықтықта орнатылады. Қажет болған жағдайда белгілер қосымша ақпарат тақтайшасында көрсетілетін өзге қашықтықта да орнатылуы мүмкін. Елді мекендерден тыс жерлерде 1.1, 1.2 белгілері қайталанатын. Екінші белгі қауіпті учаске басталғанға дейін кемінде 50 м қашықтықта орнатылады. 1.3.1 және 1.3.2 белгілері тікелей теміржол өтпесінің алдына орнатылады.



1.4.1



1.4.2



1.4.3



1.4.4



1.4.5



1.4.6

«Теміржол өтпесіне жақындау»

**!** 1.4.1–1.4.3 белгілері жолдың оң жағынан, ал 1.4.4–1.4.6 сол жағынан орнатылады. 1.4.1 және 1.4.4 белгілері – жүру барысы бойынша бірінші 1.1 немесе 1.2 белгісінің астында, 1.4.3 және 1.4.6 белгілері – екінші 1.1 немесе 1.2 белгісінің астында, ал 1.4.2 және 1.4.5 белгілері – бірінші және екінші 1.1 немесе 1.2 белгілерінің арасына тең қашықтықта өздігінен орнатылады.



1.5 «Трамвай желісімен қиылысу»



1.6 «Тең мағыналы жолдардың қиылысуы»



1.7 «Шеңберлі жүріспен қиылысу»



1.8 «Бағдаршамның реттеуі»



1.9 «Ашылатын көпір»



1.10 «Жағалауға шығу»

**!** Елді мекендерден тыс жерлерде 1.9, 1.10 белгілері қайталанады. Екінші белгі қауіпті учаске басталғанға дейін кемінде 50 м қашықтықта орнатылады.



1.11.1



1.11.2

«Қауіпті бұрылыс»



1.12.1



1.12.2

«Қауіпті бұрылыстар»



1.13 «Тік еңіс»



1.14 «Тік өрлеу»



1.15 «Тайғақ жол»



1.16 «Тегіс емес жол»

1.16.1  
«Жасанды бұдырлық»

**!** 1.13 және 1.14 белгілері, егер еңістер мен өрлеулер бірінен соң бірі келетін болса, тікелей еңістің немесе өрлеудің басталуы алдында нысанға дейінгі қашықтықты көрсететін тақтайшасыз орнатылуы мүмкін.



1.17 «Қиыршық тас шашылған»



1.18.1



1.18.2

«Жолдың тарылуы»



1.18.3



1.19 «Екіжақты жүріс»



1.20 «Жаяу жүргінші өткелі»



1.21 «Балалар»



1.22 «Велосипед жолымен қиылысу»



1.23 «Жол жұмыстары»



1.24 «Мал айдау»



1.25 «Жабайы хайуанаттар»



1.26 «Тас түсу»



1.27 «Бүйірден соғатын жел»



1.28 «Төмен ұшатын ұшақтар»



1.29 «Тоннель»



1.30 «Басқа қауіптер»



1.31.1



1.31.2



1.31.3



1.31.4



1.31.5

«Бұрылыс бағыты»

**!** 1.31.1–1.31.5 белгілері көрінуі шектеулі шағын радиусты жол доғалануындағы жүру бағыты, жолдың жөнделетін учаскесін айналып өту бағыты, «Т» үлгісіндегі жол қиылысындағы немесе жолдардың тармақталуындағы жүру бағыты туралы алдын ала хабардар етеді.



1.32.1

«Кедергіні айналып өту»



1.32.2



1.32.3



1.33 «Қауіпті жол жиегі»



1.34 «Кептеліс»

*Басымдық белгілері* жол қиылыстарынан, жүру бөлігінің қиылыстарынан немесе жолдың тар учаскелерінен өту кезектілігін белгілейді.



2.1 «Басты жол»



2.2 «Басты жолдың аяқталуы»



2.3.1 «Екінші дәрежелі жолмен қиылысу»



2.3.2 «Екінші дәрежелі жолға жанасу»



2.3.3

**!** Басты жолдағы көлік құралдарына қозғалыста басымдық берілген.



2.4 «Жол беріңіз»



2.5 «Аялдамай жүруге тыйым салынады»



2.6 «Қарсы жүру басымдығы»




2.7 «Қарсы жүру алдындағы басымдық»

*Тыйым салатын белгілер* жол жүрісіне белгілі бір шектеулер енгізеді немесе оларды жояды.



3.1 «Кіруге тыйым салынады»



3.2 «Жүруге тыйым салынады»



3.3 «Механикалық көлік құралдарының жүруіне тыйым салынады»



3.4 «Жүк автомобильдерінің жүруіне тыйым салынады»



3.5 «Мотоциклдердің жүруіне тыйым салынады»



3.6 «Тракторлардың жүруіне тыйым салынады»



3.7 «Тіркемесі бар көлік құралдарының жүруіне тыйым салынады»



3.8 «Көлік-арбаның жүруіне тыйым салынады»



3.9 «Велосипедпен жүруге тыйым салынады»



3.10 «Жаяу жүргіншілердің жүруіне тыйым салынады»

- !** 1) 3.2–3.9 белгілері тиісті көлік құралдары түрлерінің екі бағытта да жүруіне тыйым салады.
- 2) 3.1–3.3 белгілерінің күші маршруттық көлік құралдарына; 3.2–3.8 белгілерінің күші белгіленген аймақта орналасқан кәсіпорындарға қызмет ететін, сондай-ақ белгіленген аймақта тұратын немесе жұмыс істейтін азаматтарға қызмет көрсететін немесе осы азаматтарға тиесілі көлік құралдарына жүрмейді. Мұндай жағдайларда көлік құралдары белгіленген аймаққа белгіленген жерге жақын жол қиылысынан кіруі немесе содан шығуы керек. 3.2, 3.3 белгілері I және II топтағы мүгедектер басқаратын немесе осындай мүгедектерді тасымалдайтын көлік құралдарына қолданылмайды.
- 3) 3.10 белгісінің күші жолдың орнатылған жағына ғана қолданылады.



3.11 «Массаны шектеу»



3.12 «Оське түсетін жүктемені шектеу»



3.13 «Биіктікті шектеу»



3.14 «Енді шектеу»



3.15 «Ұзындықты шектеу»



3.16 «Ең төменгі дистанцияны шектеу»



3.17.1 «Кеден»



3.17.2 «Қауіптілік»



3.17.3 «Бақылау»



3.18.1 «Оңға бұрылуға тыйым салынады»



3.18.2 «Солға бұрылуға тыйым салынады»

- !** 1) 3.18.1, 3.18.2 белгілерінің күші маршруттық көлік құралдарына жүрмейді.
- 2) 3.18.1, 3.18.2 белгілерінің күші олар орнатылған жүру бөліктерінің қиылысында ғана қолданылады.
- 3) 3.16 белгісінің күші әрекет ететін аймақ белгі қойылған жерден бастап одан кейінгі жақын жол қиылысына дейін, ал елді мекендерде жол қиылысы жоқ болса, елді мекен аяқталғанға дейін болады. Белгінің әрекет ету аумағы төмендетуді нұсқайтын тақтайшаны қолданумен қысқартылуы мүмкін.



3.19 «Кері бұрылуға тыйым салынды»



3.20 «Басып озуға тыйым салынады»



3.21 «Басып озуға тыйым салынатын аймақтың аяқталуы»



3.22 «Жүк автомобильдеріне басып озуға тыйым салынады»



3.23 «Жүк автомобильдерінің басып озуына тыйым салынатын аймақтың аяқталуы»

- 1) 3.19 белгісінің күші маршруттық көлік құралдарына жүрмейді.
- 2) 3.20, 3.22 белгілерінің күші әрекет ететін аймақтар белгі қойылған жерден бастап одан кейінгі жақын жол қиылысына дейін, ал елді мекендерде жол қиылысы жоқ болса, елді мекен аяқталғанға дейін болады.
- 3) 3.20, 3.22 белгілерінің күші ол қолданылатын аймақтың соңына тиісінше 3.21, 3.23 белгілерін орнатумен немесе қосымша ақпарат тақтайшасын қолданумен азайтылуы мүмкін.



3.24 «Ең жоғары жылдамдықты шектеу»



3.25 «Ең жоғары жылдамдық шектелетін аймақтың аяқталуы»



3.26 «Дыбыстық сигнал беруге тыйым салынды»



3.27 «Тоқтауға тыйым салынады»



3.28 «Тоқтап тұруға тыйым салынады»

- 1) 3.27 белгісінің күші маршруттық көлік құралдарына; 3.28 белгісінің күші таксометрі іске қосулы таксиге, сонымен қатар I және II топтағы мүгедектер басқаратын немесе осындай мүгедектерді тасымалдайтын көлік құралдарына қолданылмайды.
- 2) 3.24, 3.26–3.28 белгілерінің күші әрекет ететін аймақтар белгі қойылған жерден бастап одан кейінгі жақын жол қиылысына дейін, ал елді мекендерде жол қиылысы жоқ болса, елді мекен аяқталғанға дейін болады.

3) 5.22 белгісімен белгіленген елді мекеннің алдына қойылған 3.24 белгісінің күші осы белгіге дейін қолданылады.

4) 3.24 белгісінің күші ол қолданылатын аймақтың соңына тиісінше 3.25 белгісін орнатумен немесе қосымша ақпарат тақтайшасын қолданумен; 3.24 белгісінің күші қолданылатын аймақ ең жоғары жүру жылдамдығының басқа мәнімен 3.24 белгісін орнатумен шектелуі мүмкін; 3.27, 3.28 белгілерінің күші олар қолданылатын аймақтың соңына қосымша ақпарат тақтайшасымен 3.27, 3.28 белгілерін қайта орнатумен немесе тиісті тақтайшаны қолданумен азайтылуы мүмкін. 3.27 белгісі 1.4 сызықтық таңбасымен, ал 3.28 белгісі 1.10 таңбасымен бірге қолданылуы мүмкін, бұл ретте белгілердің қолданылатын аймағы таңбалау сызығының ұзындығымен айқындалады.

5) 3.27, 3.28 белгілерінің күші жолдың олар орнатылған жағына ғана қолданылады.



3.29 «Айдың тақ күндері тоқтап тұруға тыйым салынады»

3.30 «Айдың жұп күндері тоқтап тұруға тыйым салынады»

3.31 «Барлық шектеулер аймағының аяқталуы»

3.32 «Көлік құралдарының қауіпті жүктермен жүруіне тыйым салынады»

3.33 «Көлік құралдарының жарылғыш және тез тұтанғыш жүктермен жүруіне тыйым салынады»

- !** 1) 3.32 және 3.33 белгілері тиісті көлік құралдары түрлерінің екі бағытта да жүруіне тыйым салады.
- 2) 3.29, 3.30 белгілерінің күші таксометрі іске қосулы таксиге; I және II топтағы мүгедектер басқаратын немесе осындай мүгедектерді тасымалдайтын көлік құралдарына қолданылмайды.
- 3) 3.29, 3.30 белгілерінің күші әрекет ететін аймақтар белгі қойылған жерден бастап одан кейінгі жақын жол қиылысына дейін, ал елді мекендерде жол қиылысы жоқ болса, елді мекен аяқталғанға дейін болады.
- 4) 3.29–3.30 белгілерінің күші олар қолданылатын аймақтың соңына қосымша ақпарат тақтайшасы мен 3.29, 3.30 белгілерін қайта орнатумен немесе тиісті тақтайшаны қолданумен азайтылуы мүмкін.

*Нұсқайтын белгілер* бағытты анықтайды және көлік құралының қозғалуына рұқсат береді.



4.1.1 «Тура жүру»



4.1.2 «Оңға жүру»



4.1.3 «Солға жүру»



4.1.4 «Тура немесе оңға жүру»



4.1.5 «Тура немесе солға жүру»



4.1.6 «Оңға немесе солға жүру»

- !** 4.1.1–4.1.6 белгілері маршруттық көлік құралдарына қолданылмайды. 4.1.1–4.1.6 белгілерінің күші олар орнатылған жүру бөліктерінің қиылыстарына қолданылады. Жол учаскесінің басында орнатылған 4.1.1 белгісінің күші жақын жол қиылысына дейін қолданылады.



4.2.1 «Кедергіні оң жағынан айналып өту»



4.2.2 «Кедергіні сол жағынан айналып өту»



4.2.3 «Кедергіні оң немесе сол жағынан айналып өту»



4.3 «Шеңберлі жүріс»



4.4 «Жеңіл автомобильдер жүрісі»

- !** 4.4 белгісі белгіленген аймақта орналасқан кәсіпорындарға қызмет ететін, сондай-ақ белгіленген аймақта тұратын немесе жұмыс істейтін азаматтарға қызмет көрсететін, не осы азаматтарға тиесілі басқа көлік құралдарының жүруіне рұқсат береді. Мұндай жағдайларда көлік құралдары белгіленген аймаққа белгіленген жерге жақын жол қиылысынан кіруі немесе содан шығуы керек.



4.5 «Велосипед жолы немесе велосипед жүретін жолақ»



4.5.1 «Велосипед жолының немесе велосипед жүретін жолақтың аяқталуы»



4.6 «Жаяу жүргіншілер жолы»



4.7 «Ең төменгі жылдамдықты шектеу»




4.8 «Ең төменгі жылдамдық шектелетін аймақтың аяқталуы»


**!** Тротуар, жаяу жүргіншілер жолы немесе жол жиегі болмаса, жаяу жүргіншілердің велосипед жолымен жүруіне рұқсат етіледі.



4.9.1



4.9.2



4.9.3

«Қауіпті жүгі бар көлік құралдарының жүру бағыты»

*Ақпараттық-нұсқағыш белгілер* жүрістің белгілі бір режимдерін енгізеді немесе күшін жояды, сондай-ақ елді мекендер мен басқа да объектілердің орналасуы туралы хабарлайды.



5.1 «Автомагистраль»



5.2 «Автомагистральдің аяқталуы»



5.3 «Автомобильдерге арналған жол»



5.4 «Автомобильдерге арналған жолдың аяқталуы»



5.5 «Біржақты жүру жолы»



5.6 «Біржақты жүру жолының аяқталуы»



5.7.1



5.7.2

«Біржақты жүру жолына шығу»



5.8.1 «Жолақтар бойынша жүру бағыттары»



5.8.2

«Жолақ бойынша жүру бағыты»

5.8.2a

**!** Шеткі сол жолақтан сол жаққа бұрылуға рұқсат ететін 5.8.1 және 5.8.2 белгілері осы жолақтан кері бұрылуға да рұқсат етеді. Жол қиылысының алдында орнатылған 5.8.1 және 5.8.2 белгілерінің күші, егер онда орнатылған басқа 5.8.1 және 5.8.2 белгілері өзге нұсқаулар бермесе, жол қиылысына толық қолданылады.



5.8.3 «Жолақтың басталуы»



5.8.3a «Өртүрлі жүру жолақтарындағы міндетті ең төменгі жылдамдық»



5.8.4



5.8.4a

«Жолақтың басталуы»



5.8.5





5.8.6

«Жолақтың аяқталуы»




5.8.7




5.8.8

«Жолақтар бойынша жүру бағыты»



5.8.8a «Жолақтар бойынша жүру бағыттары»



5.8.9 «Өртүрлі жүру жолақтарында қолданылатын жылдамдықты шектеу»

**!** Егер 5.8.7 белгісінде қандай да болмасын көлік құралы түрінің жүруіне тыйым салатын белгі бейнеленсе, онда осы көлік құралдарының тиісті жолақ бойынша жүруіне тыйым салынады. Бағыттауыштардың тиісті саны бар 5.8.7 және 5.8.8 белгілері төрт және одан да көп жолағы бар жолдарда қолданылады. Ауыстырмалы суреті бар 5.8.7 және 5.8.8 белгілерінің көмегімен реверстік жүріс ұйымдастырылуы мүмкін.



5.9 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жолақ»



5.9.1 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жолақтардың аяқталуы»



5.10.1 «Маршруттық көлік құралдары үшін жолағы бар жол»



5.10.2 «Маршруттық көлік құралдары үшін жолағы бар жолға шығу»



5.10.3



5.10.4 «Маршруттық көлік құралдары үшін жолағы бар жолдың аяқталуы»



5.11.1 «Кері бұрылу үшін орын»



5.11.2 «Кері бұрылу үшін аймақ»



5.12 «Автобус және (немесе) троллейбус тоқтайтын орын»



5.13 «Трамвай тоқтайтын орын»



5.14 «Жеңіл таксилердің тұрақ орны»



5.15 «Тұрақ орны»



5.16.1 «Жаяу жүргінші өткелі»



5.16.2



5.17.1 «Жерасты жаяу жүргінші өткелі»



5.17.2



5.17.3



5.17.4 «Жерүсті жаяу жүргінші өткелі»



5.18 «Ұсынылатын жылдамдық»



5.19.1



5.19.2 «Тұйық»




5.19.3



5.20.1 «Бағыттарды алдын ала нұсқағыш»



5.20.2 «Бағытты алдын ала нұсқағыш»



5.20.3 «Жүру схемасы»



5.21.1 «Бағытты нұсқағыш»



5.21.2 «Бағыттарды нұсқағыш»




«Елді мекеннің басталуы»



«Елді мекеннің аяқталуы»



5.26 «Объектінің атауы»



5.27 «Арақашықтықтарды нұсқағыш»



5.28 «Километрлік белгі»



5.29.1 «Маршруттың нөмірі»




5.29.2 «Маршруттың нөмірі»



«Жүк автомобильдері үшін жүру бағыты»



5.31 «Айналып өту схемасы»



«Айналып өту бағыты»



5.33 «Тоқтау сызығы»



«Басқа жүру бөлігіне ауысудың алдын ала нұсқағышы»



5.35 «Реверстік жүріс»



5.36 «Реверстік жүрістің аяқталуы»



5.37 «Реверстік жүру жолына шығу»



5.38 «Тұрғын аймақ»




5.39 «Тұрғын аймақтың аяқталуы»



5.40 «Ең жоғары жылдамдықты жалпы шектеулер»



5.41 «Авариялық тоқтауға арналған алаң»



5.42 «Фотобейнетіркеу»

**!** Елді мекеннен тысқары орнатылған 5.20.1, 5.20.2, 5.21.1 және 5.21.2 белгілеріндегі жасыл немесе көк рең көрсетілген елді мекенге немесе объектіге жүру тиісінше автомагистральмен немесе басқа жолмен жүзеге асырылатындығын білдіреді. Елді мекенде орнатылған 5.20.1, 5.20.2, 5.21.1 және 5.21.2 белгілеріндегі жасыл немесе көк рең көрсетілген елді мекенге немесе объектіге жүру осы елді мекеннен шыққаннан кейін тиісінше автомагистральмен немесе басқа жолмен жүзеге асырылатындығын білдіреді; ақ рең көрсетілген объекті осы елді мекенде екендігін білдіреді.

*Сервис белгілері* тиісті объектілердің орналасуы туралы хабардар етеді.



6.1 «Алғашқы медициналық көмек пункті»



6.2 «Аурухана»



6.3 «Автожанармай құю станциясы»



6.3a «Сұйытылған мұнай газындағы (СМГ) автожанармай құю станциясы»



6.36 «Сығымдалған табиғи газдағы (СТГ) автожармай құю станциясы»



6.4 «Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету»



6.5 «Автомобильдерді жуу»



6.6 «Телефон»



6.7 «Тамақтану пункті»



6.8 «Ауыз су»



6.9 «Қонақ үй немесе мотель»



6.10 «Кемпинг»



6.11 «Демалыс орны»



6.12 «Полиция бекеті»



6.13 «Көліктік бақылау бекеті»



6.14 «Полиция»



6.15 «Жол жүрісі туралы ақпаратты беретін радиостанцияны қабылдау аймағы»



6.16 «Авариялық қызметтермен радиобайланыс аймағы»



6.17 «Бассейн немесе жағажай»



6.18 «Дәретхана»

Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар) олармен қолданылатын белгілерді нақтылайды немесе шектейді.



7.1.1



7.1.2



7.1.3




7.1.4

«Объектіге дейінгі арақашықтық»



7.2.1



7.2.2



7.2.3



7.2.4



7.2.5



7.2.6

«Қолданылу аймағы»



7.3.1



7.3.2




7.3.3

«Қолданылу бағыттары»



7.4.1



7.4.2



7.4.3




7.4.4



7.4.5




7.4.6



7.4.8a «Маршруттық көлік құралының түрі»



7.4.7



7.4.8

«Көлік құралының түрі»



7.5.1

«Сенбі, жексенбі және мереке күндері»




7.5.2

«Жұмыс күндері»




7.5.3 «Апта күндері»



7.5.4



7.5.5



7.5.6



7.5.7

«Қолданылу уақыты»

7.6.1	7.6.2	7.6.3	7.7 «Жұмыс істемейтін қозғалтқышпен тоқтап тұру»	7.8 «Ақтылы қызмет көрсетулер»	7.9 «Тоқтап тұрудың ұзақтығын шектеу»
7.6.4	7.6.5	7.6.6	7.10 «Автомобильдерді қарап тексеруге арналған орын»	7.11 «Толық массаны шектеу»	7.13 «Басты жолдың бағыты»
7.6.7	7.6.8	7.6.9	7.14 «Жүру жолағы»	7.15 «Зағип жаяу жүргіншілер»	7.16 «Ылғалды жабын»
«Көлік құралын тұраққа қоюдың тәсілі»					
			7.17 «Мүгедектер»	7.18 «Мүгедектерден басқа»	7.19 «Қауіпті жүк сыныбы»



7.21.1  
«Маршруттық көлік құралының түрі»

**!** Тақтайшалар олар қолданылатын белгінің тікелей астында орналастырылады. Жол белгілері жүру бөлігінің, жол жиегінің немесе тротуардың үстінде орналасқан кезде 7.2.2–7.2.4, 7.13 тақтайшалары белгінің бүйіріне орналастырылады. Уақытша жол белгілерінің (көшірілетін бағандағы) және стационарлық белгілердің мәндері бір-біріне қайшы келген жағдайда, жүргізушілер уақытша белгілерді басшылыққа алуы тиіс.

### Қорытынды:

Жол белгілері беретін ақпаратты пайдалану жолда қауіпті жағдайлардың қалыптасуының алдын алады.

1. Қолданылу тобын ескеріп, «Жол белгілері» кластерін құрастырыңдар.
2. Өрбір топқа қысқаша сипаттама беріңдер.



Алған білімдеріңе сүйеніп, төмендегі әрекеттерге байланысты жол белгілерін топтаңдар:

- 1) маршруттық көлік құралдарына күші жүрмейтін;
- 2) I және II топтағы мүгедектер басқаратын немесе осындай мүгедектерді тасымалдайтын көлік құралдарына күші жүрмейтін (қолданылмайтын);
- 3) белгі қойылған аймақтағы кәсіпорынның көлік құралдарына күші жүрмейтін;
- 4) таксометрі іске қосулы таксилерге күші жүрмейтін.



Жол белгілері	Дорожные знаки	Traffic signs
Қосымша ақпарат	Дополнительная информация	Additional information
Қозғалыс бағыты	Направление движения	Traffic direction
Қозғалысты шектеу	Ограничение движения	Traffic restriction
Қозғалыс режимі	Режим движения	Mode of motion
Массаны шектеу	Ограничение массы	Weight limits
Өту кезектілігі	Очередность проезда	Order of priority
Қауіп-қатер туралы ескерту	Предупреждение об опасности	Danger warning
Сервис	Сервис	Service



1. Ескерту белгілері жүргізушіге не туралы ақпарат береді?
2. Қандай белгі реттелмейтін қиылыстардан бірінші болып өту құқығын береді?
3. Қандай жағдайда «Басып озуға тыйым салынады» белгісінің күші жүрмейді?
4. Теміржол өтпесінің дәл алдында тұрған белгілерді атап шығындар.
5. Сервис белгілері жүргізушіге не туралы хабар береді?
6. Қандай белгілер реверстік қозғалысты реттейді?
7. «Кері бұрылу үшін орын» белгісі солға бұрылуға рұқсат бере ме?



Таңдау арқылы параграф сұрақтары бойынша № 162–175; № 176–184; № 185–204; № 205–209; № 210–252; № 253–288 тапсырмаларды орындаңдар (Оқулық. 2-бөлім. Жағдаяттық тапсырмаларды орындауға арналған практикум).



## § 5. Жол таңбалары және олардың сипаттамалары

### Тақырыпты оқу нәтижесінде:

- жол таңбаларының мағынасы мен жіктелісін;
- көлденең және тік таңбалардың талаптарына сәйкес жүргізушінің негізгі әрекеттері туралы *білетін боласыңдар*;
- көлденең және тік таңбаларды қолданудың маңыздылығын *түсінесіңдер*.

### Жол таңбаларының жіктелісі

*Жол таңбалары* – бұл қозғалысты басқарудың ең қарапайым және тиімді құралы. Оның қолданылуы жолдың өткізу қабілетін арттыруға және автокөлік жолдарының жүру бөлігі мен жол маңындағы жағдайлардың көрінуін әсіресе қараңғы кезде жақсартуға мүмкіндік береді.

Таңбалар *көлденең* және *тік* болып бөлінеді.

Көлденең таңбалар жол бетіне көлденеңінен, бойлай (аралдар, жазулар, көрсеткіш нұсқарлар түрінде) түсіріледі. Көлденең таңбалау әдетте қозғалыс қарқындылығы тәулігіне 1000 автокөліктен асатын, ені 6 м және одан артық болатын жүру бөлігінің жабыны жақсартылған жолдарда қолданылады. Елді мекендерде көлденең таңбалау жоғары жылдамдықтағы жолдарда, автомагистральдарда, сондай-ақ қоғамдық көлік маршруттары өтетін көшелерде қолданылады.

Жол таңбалары ақ, сары немесе қызғылт сары түстермен түсірілуі мүмкін. Ақ және сары түспен тұрақты, ал қызғылт сары түспен уақытша таңбалар түсіріледі. Сары таңбалар автокөлік құралдарын тоқтатуға және аялдауға тыйым салынатын, сондай-ақ маршруттық көлік құралдарын және такси тоқтайтын орындарды көрсету үшін қолданылады. Жолда бір мезгілде ақ және қызғылт сары түсті таңбалар болса, қызғылт сары түсті, яғни уақытша белгілерді, басшылыққа алу керек.

#### Көлденең таңба



1.1

**1.1** – қарама-қарсы бағыттағы көліктердің ағынын бөліп тұрады және жолдарда қауіпті жерлердегі жүру жолағының шекарасын, кіруге тыйым салынған жүру бөлігінің шекарасын, көлік құралдарының тұрақ орындарының шекарасын және автомагистральдарға жатпайтын жолдардың жүру бөлігінің шетін белгілейді.

**1.2** (жалпақ тұтас сызық) – автомагистральда жолдың жүру бөлігінің шетін білдіреді.

**1.3** – төрт және одан да көп жүру жолақтары бар жолдарда қарама-қарсы бағыттағы көлік ағындарын бөледі.



1.2

1.3

1.4

1.5

1.6

**1.4** (сары түс) – тоқтауға тыйым салынған орындарды білдіреді, жүру бөлігінің жиегіне не бордюр үстіне түсіріледі.

**1.5** – екі, үш жолағы бар жолдарда қарама-қарсы бағыттағы көлік ағынын бөліп тұрады; бір бағытта жүруге арналған екі немесе одан көп жолақтар болған кезде жүру жолақтарының шекарасын білдіреді.

**1.6** (штрихтарының ұзындығы олардың арасындағы аралықтан үш есе артық үзік сызық) – қарама-қарсы немесе жол-жөнекей бағыттағы көлік ағынын бөлетін 1.1 немесе 1.11 таңбасына жақындау туралы ескертеді.



1.7

1.8

1.9

1.10

1.11

**1.7** (штрихтары қысқа және аралықтары оларға тең үзік сызық) – жол қиылысы шегіндегі жүру жолақтарының шекарасын білдіреді.

**1.8** (жалпақ үзік сызық) – екпінді жүру немесе тоқтау жолағы мен жүру бөлігінің негізгі жолағы арасындағы шекараны білдіреді (көше қиылыстарында, әртүрлі деңгейдегі жолдардың қиылысында, автобус аялдамаларының аймағында және осы сияқтыларда).

**1.9** – реверстік реттеу жүзеге асырылатын жүру жолақтарының шекараларын білдіреді; реверстік реттеу жүзеге асырылатын жолдарда қарама-қарсы бағыттағы көлік лектерін бөледі (реверстік бағдаршамдар сөніп тұрғанда).

**1.10** – тоқтап тұруға тыйым салынған жерлерді білдіреді. Жүру бөлігінің жиегіне немесе бордюр үстіне түсіріледі.

**1.11** – бір жолақтан ғана орын ауыстыруға рұқсат етілген жол учаскелерінде қарама-қарсы немесе жол-жөнекей бағыттағы көлік ағындарын бөледі; бір бағытта ғана жүруге рұқсат етілген тұрақ алаңдарынан және осындай жерлерде кері бұрылуға, кіруге және шығуға арналған жерлерді көрсетеді.

**1.12** (тоқтау сызығы) – жүргізуші 2.5 белгісі немесе бағдаршамның (реттеушінің) тыйым салатын сигналы кезінде тоқтайтын орынды көрсетеді.



1.12



1.13



1.14.1, 1.14.2



1.15

**1.13** – жүргізуші қажет болғанда қиылысатын жолдың бойымен жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол бере отырып, тоқтайтын орынды көрсетеді.

**1.14.1, 1.14.2** («зебра» (ала) – реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелін білдіреді; 1.14.2 таңбасының бағыттаушылары жаяу жүргіншілердің жүру бағытын көрсетеді.

**1.15** – велосипед жолы жүру бөлігімен қиылысатын жерді білдіреді.



1.16.1



1.16.2



1.16.3



1.17



1.18

**1.16.1** – қарама-қарсы бағыттағы көлік ағындарын бөлетін аралдарды білдіреді.

**1.16.2** – бір бағыттағы көлік ағындарын бөлу.

**1.16.3** – көлік ағындарының қосылуы.

**1.17** – маршруттық көлік құралдарының аялдамаларын және такси тұрақтарын білдіреді.

**1.18** – жол қиылысында жолақтар бойынша рұқсат етілген жүру бағыттарын көрсетеді. Тұйықтың суреті бар таңба жақын маңдағы жүру бөлігіне бұрылуға тыйым салынатынын көрсету үшін қойылады; сол жақтағы шеткі жолақтан солға бұрылуға рұқсат ететін таңба кері бұрылуға да рұқсат етеді.

**1.19** – жүру бөлігінің тарылуына (осы бағытта жүру жолақтарының саны азаятын учаскіге) немесе қарама-қарсы бағыттағы көлік ағындарын бөліп тұратын 1.1 немесе 1.11 таңбасының сызықтарына жақындағаны туралы ескертеді.

**1.20** – 1.13 таңбасына жақындағаны туралы ескертеді.

**1.21** («ТОҚТА» деген жазу) – 2.5 белгісімен қоса қолданылатын кездегі 1.12 таңбасына жақындағаны туралы ескертеді.

**1.22** – жолдың (маршруттың) нөмірін көрсетеді.

**1.23** – маршруттық көлік құралдарына және басқа да қоғамдық көлікке арналған арнайы жолақты көрсетеді.



1.19



1.20



1.21



1.22



1.23

### Тік таңба

Тік таңбалар ақ және қара бояумен жолдың тік беттеріне түсіріледі және олар бағдарлауды жақсарту, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған.

Жолдың тік беттеріне көпір тіректері, жолқұбырлары, парапеттердің бүйір бөлігі, бағаншалар, бүйірлік қоршаулар, тумбалар, тоннельдердің шеттері, бордюрлер кіреді.



Бұрыштап түсірілген ақ және қара жолақтар жол жүру барысында жолда орналасқан элементтер туралы жүргізушілерге хабарлау үшін қолданылады. Мысалы, посттар, бағандар және т.б. Жолақтардың бағыты жүргізушіге кедергіні айналып өту бағытын көрсетеді.



Көлденең жолақтар бөлу жолақтары мен қауіпсіздік аралдарына кіруді шектейтін дөңгелек элементтерге салынады.



Жол үстінде орналасқан (көпірлер, жол өтпелері және т.б.) инженерлік құрылыстардың төменгі жиегіне салынған тік сызықтар.



Бір қара жолақ түсірілген ақ түсті бояумен жолдың шетінде орналасқан элементтер: бағандар, жол бағаналары, жарықтандыру тіректері және т.б. белгіленеді.



Ақ жолаққа түсірілген қара сызықтармен жоғарыдан түсетін жолдың қауіпті доғалары мен еңістеріндегі қоршаулар боялады.



Қара түстің жиегіндегі ақ жолақтармен басқа аймақтардағы қоршаулар боялады.



Өзара үйлестірілген ұзын ақ сызықтар және қысқа қара сызықтармен жүру бөлігінің деңгейінен жоғары қауіпсіздік аралдары, биік бордюрлер, қауіпті аудандардағы басқа инженерлік құрылыстар белгіленеді.

### **Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелер**

Жол жүрісі қауіпсіздігіне және қоршаған ортаны қорғауға қатысты бөлімге сәйкес жол жүрісіне қатысушы көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен жабдығы оларды техникалық пайдалану жөніндегі тиісті техникалық регламенттердің, стандарттардың, қағидалар мен нұсқаулардың талаптарына сай келуі тиіс.

Механикалық көлік құралдары мен тіркемелер «Транзит» тіркеу белгісінің қолданылу мерзімі ішінде не сатып алынған, не кедендік декларацияланған сәттен бастап 10 тәуліктен кешіктірілмей ішкі істер органдарында тіркелуі тиіс.

Механикалық көлік құралдарында (трамвайлар мен троллейбустардан басқа) және тіркемелерде осы үшін көзделген орындарда ҚР СТ 986 стандартына сәйкес мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері орнатылуы тиіс.

Тіркеу белгілерінің цифрлары мен әріптері жүк автомобильдерінің, тіркемелердің (жеңіл автомобильдер мен мотоциклдердің тіркемелерінен басқа) және автобустардың шанақтарының артқы жақтауында қайталануы тиіс. Цифрлардың биіктігі кемінде 300 мм, өні кемінде 120 мм, штрихтың қалыңдығы 30 мм, әріптердің биіктігі сандардың биіктігінен 2/3 шамасында болуы тиіс.

Трамвайлар мен троллейбустарға тиісті ведомстволар тарапынан берілген тіркеу нөмірлері жазылады.

Жол-көлік оқиғасы салдарынан көлік құралында оны пайдалануға тыйым салатындай ақаулар пайда болса, көлік құралы міндетті техникалық байқаудан қайта өтуі тиіс.

**!** Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салатындай зақым келтірген жол-көлік оқиғасы болған жағдайда, ішкі істер органдарының уәкілетті лауазымды тұлғасы көлік құралын міндетті техникалық байқаудан қайталап өтуге жібереді.

Механикалық көлік құралының міндетті техникалық байқаудан өту фактісін нақтылау механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерді сұрату арқылы жүзеге асырылады.

Жолаушыларды тасымалдау үшін пайдаланылатын борттық платформасы бар жүк автомобилі еденінен 13–15 сантиметр, борттың жоғарғы жиегінен 30 сантиметр төмен (одан жоғары емес) бекітілген орындықтармен жабдықталады, ал балаларды тасымалдау кезінде, сонымен қатар борттың биіктігі еденнің деңгейінен кемінде 80 сантиметр болуы тиіс. Артқы немесе қапталдағы борттардың бойында орналастырылған орындықтардың берік арқалықтары болуы қажет.

Жүргізуді үйренуге арналған және оқу ұйымына тиесілі механикалық көлік құралы қосымша ілініс және тежегіш педальдарымен, «Оқу көлік құралы» таным белгісімен жабдықталады, артқы және бүйір шаңақтарына мемлекеттік тілде «Оқу көлік құралы» жазуы түсіріледі.

Велосипедтің тежеуіші, рулі және дыбыстық сигналы ақаусыз жұмыс істеуі қажет, алдыңғы жағында ақ түсті жарық шағылыстырғыш және шам немесе фара (тәуліктің қараңғы уақытында және көрінуі жеткіліксіз жағдайларда жүру үшін), артында жарықты қайтарушы немесе қызыл түсті фонарь, ал әрбір бүйір жағында қызғылт сары немесе қызыл түсті жарық шағылыстырғыш орнатылады.

Көлік-арба конструкциясында көзделген тұрақты тежегіш құрылғысы мен тіреуіші ақаусыз жұмыс істеуі, алдынан екі жарық шағылыстырғышпен немесе ақ түсті фонарьмен (тәуліктің қараңғы уақытында және көрінуі жеткіліксіз жағдайларда жүру үшін), артынан екі жарық шағылыстырғышпен немесе қызыл түсті фонарьмен жабдықталуы тиіс.

Көлік құралдарында төмендегідей таным белгілері орнатылуы тиіс:



**«Автопойыз»** – кабинаның төбесінде араларына бір жүз елуден үш жүз миллиметрге дейін аралық қалдырып, көлденең орнатылатын қызғылт сары түсті үш фонарь. Тіркемесі бар жүк автомобильдері мен дөңгелекті тракторларға (1, 4 сыныбы және одан жоғары), сондай-ақ біріктірілген автобустар мен троллейбустарға арналған. Автопойызға ішкі жарықтандыру құрылғысы бар сары түсті теңбүйірлі үшбұрыш түріндегі (қабырғалары екі жүз елу миллиметр) таным белгісін қолдануға рұқсат беріледі.



«Бұдырлар» (жүргізушінің қалауы бойынша) – бір ұшы жоғары қараған, қызыл түсті жиегі бар, ішіне қара түсті «Ш» әрпі жазылған ақ түсті теңқабырғалы үшбұрыш (үшбұрыштың жақтары кемінде екі жүз миллиметр, жиектің ені – жақтың 1/10). Бұдырланған шиналары бар механикалық көлік құралдарының артында орнатылады.



«Балаларды тасымалдау» – қызыл түсті жиегі бар, ішіне 1.21 жол белгісінің символы қара бояумен салынған сары түсті шаршы (жақтары кемінде екі жүз миллиметр, жиектің ені – ұзын жақтың 1/10). Балалар тобын тасымалдау кезінде автобустардың немесе жүк автомобильдерінің алдына және артына орнатылады.



«Саңырау жүргізуші» – ішіне біреуі төмен, екеуі жоғары (тең қабырғалы үшбұрыш тәрізді) орналастырылған диаметрлері қырық миллиметр үш қара шеңбер бар жүз алпыс миллиметр диаметрлі сары шеңбер. Мылқау-саңырау немесе саңырау жүргізушілер басқаратын механикалық көлік құралдарының алдына және артына орнатылады.



«Оқу көлік құралы» – ішіне қара түсті «У» әрпі жазылған, қызыл түсті жиегі бар, ұшы жоғары қаратылған ақ түсті теңқабырғалы үшбұрыш (жақтары кемінде екі жүз миллиметр, жиегінің ені – жақтың 1/10). Жүргізуді үйрету үшін пайдаланылатын механикалық көлік құралдарының алдына және артына (жеңіл автомобильдің төбесіне екіжақты белгі орнатуға жол беріледі) орнатылады.



«Жылдамдықты шектеу» – рұқсат етілген жылдамдық көрсетілген 3.24 жол белгісінің кішірейтілген нұсқасы (белгінің диаметрі кемінде жүз алпыс миллиметр, жиегінің ені – диаметрдің 1/10). Ауыр салмақты және ірі көлемді жүктерді таситын механикалық көлік құралдарында шанақтың артқы сол жағына, сондай-

ақ техникалық сипаттамасы бойынша ең жоғары жылдамдығы Жол жүрісі қағидаларында айқындалған жылдамдықтан төмен болған жағдайларда орнатылады.



**«Қауіпті жүк»** – бетінде СТ ҚР МемСТ Р 41.104 талаптарына сәйкес келетін жарық қайтарғыш қаптамасы бар, өлшемдері 690×300 мм болатын тіктөртбұрыш, оның оң бөлігіндегі өлшемі 400×300 мм болатын ұяшық қызғылт сары, ал сол жағы ақ түске боялған, қара түсті жиек (ені он бес миллиметр) тартылған. Қызғылт сары ұяшық екіге бөлінген. Ұяшықтарда жүктердің қауіптілік белгілері (МемСТ-19433 бойынша) көрсетіледі. Осындай жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының алдына және артына орнатылады.



**«Ірі көлемді жүк»** – бетінде СТ ҚР МемСТ Р 51253 және СТ ҚР МемСТ Р 41.104 МемСТ-ның талаптарына сәйкес жарықты қайтарғыш қаптамасы бар, ішіне кезектесіп келетін ені елу миллиметр қызыл және ақ жолақтар қиғашынан салынған, өлшемі 400×400 мм шаршы. Ірі көлемді жүктің алдына, артына және бүйіріне орнатылады.



**«Ұзын өлшемді көлік құралы»** – өлшемдері кемінде 1200×200 мм, жарық шағылыстыратын беті, қызыл түсті жиегі (ені қырық миллиметр) бар сары түсті тіктөртбұрыш. Ұзындығы (бір тіркемені қоса алғанда) жүкпен немесе жүксіз жиырма метрден асатын көлік құралының және екі не одан да көп тіркемелері бар автопойыздың артына бекітіледі. Аталған өлшемдегі белгіні орналастыру мүмкін болмаған кезде, көлік құралының осіне симметриялы болатындай етіп, өлшемдері кемінде 600×200 мм екі бірдей белгіні орнатуға рұқсат беріледі.



**«Мүгедек»** – қабырғалары жүз елу миллиметр және қара түсті 7.17 жол белгісінің символы салынған сары түсті төртбұрыш. I және II топтағы мүгедектер басқаратын немесе осындай мүгедектерді тасымалдайтын механикалық көлік құралдарының алдына және артына бекітіледі.



**«Дәрігер»** – ішіне қызыл крест белгісі (биіктігі тоқсан, штрихінің ені жиырма бес миллиметр) салынған ақ шеңбері (диаметрі бір жүз жиырма бес миллиметр) бар көк түсті шаршы (қабырғалары бір жүз қырық миллиметр). Дәрігер-жүргізуші басқаратын автомобильдің алдына және артына орнатылады.



**Қазақстан Республикасы көлік құралының «KZ» айырым белгісі** жеңіл автомобильдердің, микроавтобустар мен автобустардың артқы әйнегінің жоғарғы оң жақ бұрышына, ал қалған көліктердің артқы панелінің

оң жақ бөлігінің ортасына жабыстырылады немесе орнатылады.

Қазақстан Республикасы көлік құралының «KZ» айырым белгісі мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінен бөлек орнатылған жағдайда, ол мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс: әріптердің биіктігі кем дегенде 80 мм болуы және ені кем дегенде 10 мм штрихтармен жазылуы тиіс. Әріптер үлкен осі көлденең эллипс пішіндегі ақ фонда қара түспен жазылуы керек. Ақ фон жарық қайтаратын материалдан болуы мүмкін.

Авариялық аялдау белгісі МемСТ 24333 талаптарына сәйкес келуі тиіс. Фонарьдан сәулеленетін жанып-сөнетін қызыл түс күндіз ашық ауа райында және көрінуі жеткіліксіз жағдайларда жақсы байқалуы тиіс.

Механикалық көлік құралдарын сүйреу кезіндегі иілгіш тіркегіштерді белгілеу үшін қолданылатын ескерту құрылғылары екі бетінде де жарық қайтаратын қаптамасы бар, ішінде ені елу миллиметр кезектесіп келетін қызыл және ақ жолақтар қиғашынан салынған өлшемдері 200×200 мм жалауша немесе қалқанша түрінде болады.

Иілгіш тіркегіштер қолданған кезде бір буынға кемінде екі ескерту құрылғысы орнатылуы тиіс.

Қатты тіркегіш құрылғысының конструкциясы МемСТ 25907 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

*Мынадай жағдайларда:*

– жол жүрісі қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қатер төндіретін техникалық ақаулар мен жағдайлар болса, көлік құралдары оларды техникалық пайдалану жөніндегі тиісті техникалық регламенттерге, стандарттарға, қағидалар мен нұсқауларға сәйкес келмесе, сондай-ақ олар тиісті келісусіз қайта жабдықталса;

– көлік құралына орнатылған тораптар мен агрегаттардың нөмірлері көлік құралының тіркеу құжаттарындағы енгізілген деректерге сәйкес келмесе, сондай-ақ егер көлік құралына орнатылған тораптар мен агрегаттарда жасырын, қолдан жасалған және өзгертілген нөмірлер болса;

– тіркеу құжаттары болмаса;

– шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын көлік құралдарын қоспағанда, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген болса;

– мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері болмаған немесе олар белгіленген талаптарға және тіркеу құжаттарына сәйкес келмеген жағдайларда;

– көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және (немесе) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалмаған болса;

– егер олардың техникалық жай-күйі мен жабдықталуы көлік құралдарын пайдалануға тыйым салатын ақаулар мен жағдайлар тізбесінің талаптарына сай болмаса;

– бір құрамда жүруге арналмаған тіркемелері бар автомобильдерді басқаруға;

– рельстік көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін техникалық ақаулары болған, сондай-ақ егер олардың техникалық жай-күйі мен жабдықталуы көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Рельстік көлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларының талаптарына сай болмаған жағдайларда;

– Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалармен боялуға жататын жедел және арнаулы қызметтердің тізбесіне кірмейтін көлік құралдары арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталған және арнайы түрлі түсті графикалық схемалармен боялған болса;

– көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы заңнамасының талаптарында көзделмеген орындарға орнатылса;

– қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының алдыңғы және артқы жақтарында «Қауіпті жүк» белгісі болмаған жағдайларда *көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынады.*

#### **Қорытынды:**

1. *Жол таңбалары – қозғалысты реттеудің маңызды әрі тиімді құралы.*

2. *Техникалық жай-күйі тиісті регламенттердің, стандарттардың және оларды техникалық пайдалану жөніндегі ережелердің талаптарына толық жауап беретін көлік құралдары ғана пайдалануға жіберіледі.*

1. «Жол таңбасы» жалпы суретін пайдаланып, көлденең таңба түрлерін атаңдар.
2. Тоқтап тұру және аялдауға тыйым салатын орындарды көрсету үшін қандай түсті таңбалар пайдаланылады?
3. Қандай жол таңбалары I және II топтағы мүгедектер басқаратын немесе осындай мүгедектерді тасымалдайтын көлік құралдарына қолданылмайды?



Параграфта көрсетілген барлық танымдық белгілердің арасынан жүргізуші өз еркімен орната алатын үш белгіні табыңдар. Оларды дәптерге салып, себебін негіздеңдер.



Автопойыз	Автопоезд	Road train
Жол таңбасы	Дорожная разметка	Road marking
Қоршау	Ограждение	Traffic barrier
Қауіпті жүк	Опасный груз	Dangerous goods
Тұтас сызық	Сплошная линия	Solid line



1. Қандай көлік құралдарын өртсөндіргішсіз жүргізуге рұқсат етіледі?
2. Қандай ақау болғанда көлік құралын тіпті жөндеу немесе тұраққа дейін жүргізіп баруға тыйым салынады?
3. Көлікті жүргізу кезінде жылдамдық көрсеткіші (спидометр) істен шықса, жүргізуші әрі қарай қалай әрекет етуі керек?
4. Жолдың жүру бөлігіндегі «ТОҚТА» жазуы нені аңғартады?
5. Жол белгілері мен көлденең таңбалау сызықтарының мөндері бір-бірімен сәйкес келмесе, не басшылыққа алынады?
6. Автокөлік жолының жүру бөлігіндегі А100 жол таңбасы нені білдіреді?



Таңдау арқылы параграф сұрақтары бойынша № 289–314; № 315–327 тапсырмаларды орындаңдар (Оқулық. 2-бөлім. Жағдаяттық тапсырмаларды орындауға арналған практикум).



## § 6. Қозғалыс жылдамдығы

### Тақырыпты оқу нәтижесінде:

- Жол жүрісі қағидаларымен белгіленген жылдамдық шектерін;
- басып озудың негізгі ережелерін;
- тоқтап тұру мен аялдаудың айырмашылығын;
- қиылыстардың түрлері және олардан өту ережелерін білетін боласыңдар;
- Жол жүрісі қағидалары бойынша тиянақты білім нәтижесінде көшелер мен жолдарда сенімді қозғалу мүмкіндігін түсінесіңдер.

### Жүріс жылдамдығы

Жол және қозғалыс жағдайына сәйкес келетін жылдамдықты таңдау және оны реттеу – жүргізуші үнемі шешіп отыратын мәселе (21-сурет). Бұл ретте ол әрдайым:

- 1) белгіленген жылдамдық шектеулерін;
- 2) қозғалыс қарқындылығын;
- 3) көлік құралы мен жүктің ерекшеліктері мен жағдайын;
- 4) жол және метеорологиялық жағдайларды;
- 5) қозғалыс бағытында жолдың көріну шегін басшылыққа алуы

керек.

**!** Егер жүргізуші қауіпсіз жылдамдықты анықтауда қиналса, онда әрқашан мына қағидатқа сүйенуі керек: жылдамдықты сәл төмендету, оны арттырудан әрқашан тиімді.

Жылдамдық жүргізушіге Қағидалардың талаптарын орындау үшін көлік құралының жүрісіне тұрақты түрде бақылау жасауына, айналасын шолуға, қауіп туындағанда алдында келе жатқан көлікпен арада көз жетерлік қашықтық болатындай жерде тоқтауға мүмкіндік беруі тиіс.

Жоғары жылдамдықпен қозғалғанда жүргізуші жолындағы аса қауіпті нысандарды аңғармай қалады. Жол қозғалысындағы өзге қатысушылар қас қағым сәтте пайда болған және жоғары жылдамдықпен келе жатқан немесе қауіпті маневр жасаған көлік құралын көргенде уақытылы әрекет жасап үлгермей қалады.

Жол жүрісі қағидаларында көлік құралдары үшін белгілі бір жылдамдық шектеулері бекітілген. Елді мекендерде тиісті жол белгілерімен белгіленген, бірақ сағатына 90 километрден аспайтын арнайы жү-



21-сурет

ру режимдерін қоспағанда, сағатына 60 километрден аспайтын, ал тұрғын аймақтар мен аула аумақтарында сағатына 20 километрден аспайтын жылдамдықпен жүруге рұқсат етіледі (№ 1 кесте).

Елді мекеннен тыс жолдарда:

№ 1 кесте

Жол түрі / Көлік түрі	Автомагистраль	Бөлу жолағы бар жол	Басқа жолдар
Жеңіл автомобильдер мен мотоциклдер	140 км/сағ.	110 км/сағ.	100 км/сағ.
Қалааралық автобустар, микроавтобустар, рұқсат етілген салмағы 3,5 т-дан аспайтын жүк көліктері	110 км/сағ.	100 км/сағ.	90 км/сағ.
Тіркемесі бар жеңіл көліктер, рұқсат етілген салмағы 3,5 т-дан асатын жүк көліктері	90 км/сағ.	80 км/сағ.	70 км/сағ.
Жүк көлігінің шанағында адамдарды тасымалдау	60 км/сағ.	60 км/сағ.	60 км/сағ.
Механикалық көліктерді сүйреу	50 км/сағ.	50 км/сағ.	50 км/сағ.

Қауіпті, ауыр салмақты және ірі ауқымды жүктерді тасымалдау шарттарын келіскен кезде көлік құралының жылдамдығын алдын ала бекітілген шамадан арттырмау керек.

*Жүргізушіге:*

- белгіленген тәртіппен айқындалған ең жоғары жылдамдықтан асыруға;
- көлік құралының техникалық сипаттамасында айқындалған ең жоғары жылдамдықтан асыруға;
- көлік құралына орнатылған «Жылдамдықты шектеу» таным белгісінде көрсетілген жылдамдықтан асыруға;
- басқа көлік құралдарына кедергі келтіруге;
- егер бұл жол-көлік оқиғасының алдын алу үшін қажет болмаса, шұғыл тоқтауға *тыйым салынады*.

«RoadScanSpeed» (орташа жылдамдық) жылдамдық режимінің бұзылғандығын анықтайтын аналитикалық жүйе жылдамдық режимін бұзған жүргізушілерді анықтап қана қоймай, көлік құралдары ағынының қозғалысын бәсеңдету керек негізгі қауіпті аумақтарды айқындайды. Жүйенің мақсаты – автокөлік құралдарының А нүктесінен Б нүкте-

сіне дейінгі қозғалу уақытын есептеу негізінде жылдамдық режимінің бұзылу факторларын анықтау.

### Басып озу, қарсы келіп жол айырысу

Басып озу қауіпті маневр болып саналады. Сондықтан Жол жүрісі қағидалары басып озуға қатысты бірқатар қатаң шектеулерді қарастырады. Жүргізушілер оларды ұстануы керек.

*Басып озуды бастамас бұрын жүргізуші:*

- өзі шығуды көздеген жүру жолағы басып озу үшін жеткілікті қашықтықта бос екеніне;
- осы жолақта алда кетіп бара жатқан көлік құралы жүргізушісінің солға маневр жасау туралы сигнал бермегеніне;
- осы жолақта артта келе жатқан көлік құралының басып озуды бастамағанына;
- қарама-қарсы жүру жолағына (жағына) шыға отырып, басып озуды аяқтағаннан кейін, өзі басып озған көлік құралына кедергі тудырмай, бұрын жүріп келе жатқан жолағына қайта ауыса алатынына көз жеткізуі қажет.

Бұған қоса, жүргізуші басып озу (озбау) туралы шешім қабылдағанға дейін тез арада бірнеше аналитикалық талдауды ой елегінен өткізіп үлгеруі керек, атап айтқанда:

- басып озу қажет автокөліктің жылдамдығын шамалау;
- қарсы келе жатқан көліктің жылдамдығы және оған дейінгі қашықтықты шамалау;
- жол бетінің жай-күйін ескеру;
- өз автомобилінің нақты динамикалық мүмкіндіктерін есте ұстау (газ педальін басу көліктің жылдамдығының өсуіне қаншалықты әсер етеді).

**!** Жүргізуші басып озу туралы шешім қабылдамас бұрын қауіпсіздік туралы ойлауы, басып озған кезде қарсы келе жатқан немесе басып озу қажет көлікке ешқандай да қатер төнбеуі қажеттігін түсінуі керек.

Рельссіз көлік құралын сол жағынан басып озуға рұқсат етіледі. Жүргізушісі солға бұрылуға сигнал берген және маневрді орындауға кіріскен көлік құралын оң жағынан басып озады. Қарама-қарсы қозғалыс жолағына (жағына) шығумен басып озуды аяқтағаннан кейін, жүргізуші бұрын жүріп келе жатқан қозғалыс жолағына қайтып оралуға міндетті. Артта қалатын көлік жүргізушісіне қозғалыс жылдамдығын арт-

тырумен немесе өзге де әрекеттермен басып озуға кедергі жасауға тыйым салынады.

*Қауіпсіздік мақсатында:*

– реттелетін жол қиылыстарында қарсы жүру жолағына шыға отырып;

– реттелмейтін жол қиылыстарында бағытын өзгертетін басты жолмен (рұқсат етілген оң жағынан басып озуды қоспағанда) және басты болып табылмайтын жолмен (шеңберлі жүрісті жол қиылыстарындағы басып озуды, қапталында тіркемесі жоқ екі дөңгелекті көлік құралдарынан басып озуды және рұқсат етілген оң жағынан басып озуды қоспағанда) жүру кезінде;

– жаяу жүргіншілер өткелдерінде жаяу жүргіншілер болған кезде;

– теміржол өтпелерінде және олардың алдында 100 метрден жақын жерде;

– басып озып немесе айналып өтіп келе жатқан көлік құралын;

– өрге көтерілу соңында және көрінуі шектеулі және (немесе) 

және  белгілерімен белгіленген басқа жол учаскелерінде қарсы жүру жолағына шыға отырып, *басып озуға тыйым салынады.*

Егер қарсы келіп жол айырысуы қиын және жол айырысудың ба-

сымдылығы  және  белгілерімен айқындалмаған болса, онда

кедергі бар жақтағы жүргізуші жол береді.  және  белгілерімен белгіленген еңісте кедергі болған жағдайда, төмен жүріп келе жатқан көлік құралының жүргізушісі жол береді.

### **Аялдау және тоқтап тұру**

Көптеген жүргізушілердің аялдау мен тоқтап тұрудың айырмашылығын түсінбеуі Жол жүрісі қағидаларының бұзылуына әкеп соғады. Осы түсініктердің айырмашылықтарын анықтау үшін анықтамаларын тағы бір қарастыру керек.

**Аялдау** – көлік құралының жүрісін бес минутқа дейін не өгер бұл жолаушыларды отырғызу немесе түсіру, көлік құралына жүк тиеу немесе түсіру үшін қажет болса, одан да көбірек уақытқа әдейі тоқтату.

**Тоқтап тұру (тұрақ)** – көлік құралының жүрісін жолаушыларды отырғызуға немесе түсіруге, не көлік құралына жүк тиеуге немесе түсіруге байланысты емес себептер бойынша бес минуттан асатын уақытқа әдейі тоқтату (22-сурет).



22-сурет

Демек, көлік құралының қозғалысын әдейі тоқтату 5 минуттан аз уақытқа созылса да, бұл аялдау болып саналады. Бұл жағдайда жүргізуші мен жолаушылардың осы мезетте не істеп жатқаны маңызды емес.

Егер көлік құралы жолаушыларды отырғызып, түсіру үшін немесе жүк тиеп, түсіру үшін әдейі тоқтатылса, онда мұндай маневр де аялдау болып саналады. Маневрдің ұзақтығы маңызды емес.

Бұдан басқа көлікті 5 минут немесе одан да көп уақыт бойы жолаушы отырғызуға және жүк түсіруге қатысы жоқ себептермен әдейі тоқтату тоқтап тұру болып табылады.

Көлік құралына жолдың оң жағындағы жол жиегіне, ал ол жоқ болғанда, жолдың жүру бөлігінің шетіне аялдауға және тоқтап тұруға рұқсат етіледі.

Елді мекендерде әр бағыт үшін бір жүру жолағы бар, ортасында трамвай жолы жоқ жолдарда және біржақты жүру жолдарында жолдың сол жағына аялдауға және тоқтап тұруға рұқсат етіледі (рұқсат етілген ең жоғары жүк көтеру массасы 3,5 тоннадан асатын жүк автомобильдеріне жүк тиеу немесе түсіру үшін ғана біржақты жүру жолдарының сол жағына тоқтауға жол беріледі).

Көлік құралдарын орналастыру түрі өзгеше орындарды (жолдың жүру бөлігіндегі кеңейтілген орындар) қоспағанда, көлік құралдарын жолдың жүру бөлігінің шетіне параллель бір қатарға қоюға рұқсат етіледі. Бүйір тіркемесі жоқ екі дөңгелекті көлік құралдарын екі қатарға қоюға болады.

Жүру бөлігімен шектесетін тротуардың шетіне, оған толықтай және ішінара кіргізіп, егер бұл жаяу жүргіншілер жүрісіне кедергі келтірмейтін болса, жеңіл автомобильдердің, мотоциклдердің, мопедтердің және велосипедтердің тоқтап тұруына рұқсат етіледі (23-сурет).



23-сурет

Елді мекендерден тыс жерде ұзақ демалу, түнеу үшін арнайы әзірленген алаңдарда немесе жолдан тысқары жерде тоқтап тұруға рұқсат етіледі.

*Аялдауға тыйым салынады:*

- егер бұл трамвайлардың жүруіне кедергі келтірсе, трамвай жолдарына тікелей жақын жерде;
- теміржол өтпелерінде, тоннельдерде;
- эстакадаларда, көпірлерде, жолөткелдерде (егер осы бағытта жүру үшін жолақ үштен кем болса) және олардың астында (жолақтардың санына қарамастан);
- егер бұл көлік құралдарының жүруіне кедергі келтірсе, тоқтаған көлік құралы мен тұтас таңбалау сызығы (жолдың жүру бөлігінің шетін белгілейтіннен басқа) немесе жолдың жүру бөлігінің қарсы шеті немесе жолдың жүру бөлігінің қарсы шетінде тұрған көлік құралы арасындағы қашықтық үш метрден кем болатын жерлерде;
- жаяу жүргіншілер өткелдерінде және олардың алдында 5 метр жақын жерде;
- ең болмағанда бір бағытта жолдың көрінуі 100 метрден кем болған кезде, қауіпті бұрылыстар және жолдың бойлық қимасының дөңес құлдималарына жақын жолдың жүру бөлігінде;
- қапталдағы өтпенің қарсысындағы тұтас таңбалау сызығы немесе бөлу жолағы бар үшжақты қиысу (қиылыс) жағын қоспағанда, жолдардың жүру бөліктерінің қиылысында және жолдың қиылысатын жүру бөлігінің шетіне 30 метрден жақын жерде; аялдама алаңдарында және оларға 15 метр жақын жерде, ал олар болмаған кезде маршруттық көлік құралдары немесе такси аялдамасының нұсқағышынан 15 метрден жақын жерде;
- көлік құралы басқа жүргізушілерден бағдаршам сигналдарын, жол белгілерін көлегейлейтін немесе басқа көлік құралдарының жүруіне (кіруіне немесе шығуына) мүмкіндік бермейтін, немесе басқа көлік

құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүруіне кедергі (кептеліс) келтіретін жерлерде;

– гүлзарларда, көгалдарда, балалар және спорт алаңдарында.

*Тоқтап тұруға тыйым салынады:*

– тоқтап тұруға тыйым салынған жерлерде;

– эстакадаларда, көпірлерде, жолөткелдерде;

– елді мекендерден тыс жерлерде  белгісімен белгіленген жолдың жүру бөлігінде;

– теміржол өтпелеріне 50 метр жақын жерде;

– егер елді мекендерде механикалық қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған көлік құралдары тұрғындарға қолайсыздық келтіретін болса;

– гүлзарларда, көгалдарда, балалар және спорт алаңдарында.

Тоқтауға тыйым салынған жерде мәжбүрлі тоқтаған кезде жүргізуші көлік құралын ол жерден әкету үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Жол жүрісінің басқа қатысушыларына кедергі немесе қауіп келтірмейтініне көз жеткізбейінше, көлік құралының есіктерін ашуға, оларды ашық қалдыруға немесе жолдың жүру бөлігіне шығуға тыйым салынады.

### **Жол қиылысынан өту**

*Жол қиылысы – жолдардың бір деңгейде қиылысу, қосылу немесе тармақталу орны.*

Жол қиылысынан өту кезінде жүру кезектілігі қиылыс түріне байланысты болады. Жүру кезектілігі бағдаршамның немесе реттеушінің сигналдарымен айқындалатын жол қиылысы *реттелетін*, ал бағдаршам немесе реттеуші жоқ болса, жол қиылысы *реттелмейтін* деп аталады. Реттелмейтін жол қиылыстарынан өту кезінде Жол жүрісі қағидалары және жол қиылысында орнатылған басымдық белгілері басшылыққа алынады.

Сонымен қатар жол қиылысы реттелмейтін болып саналады, егер:

- бағдаршам бар, бірақ жұмыс істемесе;
- бағдаршам бар, бірақ жыпылықтаған сары сигналы жанып тұрса;
- реттеуші бар, бірақ жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге қозғалысты реттеу сигналдарын бермесе.

Қиылыс түріне қарамастан, Жол жүрісі қағидаларында оларға ортақ талаптар бар:

– қиылыста оңға немесе солға бұрылған кезде жүргізуші өзі бұрылатын жолдың жүру бөлігін өзінің жүру бағыты бойынша кесіп өтетін жаяу жүргіншіге, оны велосипед жолымен кесіп өтетін велосипедшіге және арнайы белгіленген жолақ бойымен жүріп келе жатқан маршруттық көлік құралдарына және басқа да қоғамдық көліктерге жол береді;

– егер көлденең бағыттағы көлік құралдарының жүруіне кедергі келтіре отырып, өзгелерді тоқтауға мәжбүр ететін кептеліс қалыптастыратын болса, жол қиылысына немесе жолдың жүру бөліктерінің қиылысына шығуға тыйым салынады;

– жүргізушіге шолуды шектейтін, қатарласып жүріп бара жатқан көлік құралдарының алдына түсуге тыйым салынады.

*Реттелетін қиылыстарда қозғалыс тәртібі*

Бағдаршамдардың рұқсат ететін сигналдары бойынша солға немесе артқа бұрылған кезде рельссіз көлік құралының жүргізушісі қарсы бағыттан тіке немесе оңға жүретін көлік құралдарына жол береді. Трамвайлардың жүргізушілері де осы ережені өзара басшылыққа алады.

Бағдаршамның сары және қызыл сигналдарымен қатар қосылған қосымша секциядағы нұсқардың бағытында жүрген кезде жүргізуші басқа бағыттардан жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол береді.

Егер бағдаршамның немесе реттеушінің сигналы трамвайға және рельссіз көлік құралына қозғалуға рұқсат беретін болса, онда трамвай, оның жүру бағытына қарамастан, басымдыққа ие болады. Алайда бағдаршамның сары және қызыл сигналдарымен қатар қосымша секцияда іске қосылған нұсқар бағытымен жүрген кезде, трамвай басқа бағыттардан жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол береді.

Бағдаршамның рұқсат беретін сигналы кезінде жол қиылысына кірген жүргізуші жол қиылысынан шыға берістегі бағдаршам сигналына қарамастан, белгілі бағытқа шығады. Егер жол қиылысында, жүргізушінің бағыт алған жолында орналасқан бағдаршамның алдында тоқтау сызығы және (немесе)

ТОҚТА  
СТОП

белгісі болған жағдайда, жүргізуші әрбір бағдаршамның сигналын басшылыққа алуы тиіс.

Бағдаршамның рұқсат беретін сигналы іске қосылғанда жүргізуші жол қиылысы арқылы жүрісін аяқтайтын көлік құралына және осы бағыттағы жолдың жүру бөлігінде өтуді аяқтамаған жаяу жүргіншіге жол береді.

Жүру қосымша секциясы бар бағдаршаммен реттелетін жол, көше қиылысында бұрылыс жасайтын жолақта тұрған жүргізуші, егер оның тоқтауы осы жолақ бойымен оның артынан келе жатқан көлік құралына (көлік құралдарына) кедергі тудыратын болса, іске қосылған бағыттаушы көрсеткен бағытта жүрісін жалғастырады.

*Реттелмейтін қиылыстарда қозғалыс тәртібі*

Әртүрлі дәрежелі жолдардың қиылысында екінші дәрежелі жолдың бойымен жүріп келе жатқан көлік құралының жүргізушісі олардың әрі қарай жүру бағытына қарамастан, басты жолда жақындап қалған, оның ішінде кері бұрылуды жүзеге асыратын, көлік құралына жол береді.

Басты жолдың бағыты жол қиылысында өзгертін жағдайда, басты жолмен жүретін жүргізушілер тең дәрежелі жолдар қиылысынан жүріп өту қағидаларын өзара басшылыққа алады. Екінші дәрежелі жолмен келе жатқан жүргізушілер де осы қағидаларды ұстанады.

Тең дәрежелі жолдар қиылысында рельссіз көлік құралының жүргізушісі оң жақтан жақындап қалған көлік құралына жол береді. Трамвайлардың жүргізушілері де өзара осы қағидаларды басшылыққа алады.

Мұндай жол қиылыстарында оның жүру бағытына қарамастан, рельссіз көлік құралдарының алдында трамвай басымдыққа ие болады.

Тең дәрежелі жолдар қиылысында солға немесе кері бұрылған кезде рельссіз көлік құралының жүргізушісі қарсы бағытта тең дәрежелі жолмен тіке немесе оңға жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол береді. Трамвайлардың жүргізушілері де өзара осы қағидаларды басшылыққа алады.

Жол жабынының бар-жоғын анықтау мүмкін болмаған (тәуліктің қараңғы уақыты, балшық, қар және сол сияқты) және басымдық белгілері жоқ жағдайда, жүргізуші екінші дәрежелі жолдамын деген қағидатты басшылыққа алады.

**Жаяу жүргіншілер өткелдері және маршруттық көлік құралдарының аялдамалары**

Реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткеліне жақындаған көлік құралының жүргізушісі көлігінің жылдамдығын баяулатып өткелдің алдында тоқтайды және жүру бөлігіне аяқ басқан және онымен өтіп келе жатқан жаяу жүргіншілерге жол береді (24-сурет).



24-сурет

Егер көлік құралы реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі алдында аялдаса немесе жүрісін баяулатса, көршілес жол бойымен жүруші басқа көлік құралдарының жүргізушілері аялдаған немесе жүрісін баяулатқан көлік құралының алдында жаяу жүргіншінің жоқ екендігіне көз жеткізгеннен кейін ғана жүрісін жалғастыра алады.

Реттелетін жаяу жүргіншілер өткелінде бағдаршамның рұқсат беретін сигналы іске қосылғанда, жүргізуші оның бағытындағы жолдың жүру бөлігін кесіп өтуді аяқтап қалған жаяу жүргіншіге жол береді.

Егер жүргізушіні жаяу жүргінші өткелінде аялдауға мәжбүрлейтін кептеліс болса, жаяу жүргінші өткеліне шығуға тыйым салынады.

Барлық жағдайда, оның ішінде жаяу жүргіншілер өткелінен тыс жерде де, жүргізуші ақ түсті таяқпен сигнал берген көзі зағип жаяу жүргіншіні өткізіп жібереді.

Жүргізуші аялдамада тұрған маршруттық көлік құралына бара жатқан немесе одан (есік жағынан) келе жатқан жаяу жүргіншілерге, егер көлікке отырғызу немесе түсіру жолдың жүру бөлігінде немесе онда орналасқан отырғызу алаңында жүзеге асырылатын болса, жол береді.

«Балаларды тасымалдау» деген таным белгісі бар тоқтап тұрған көлік құралына жақындағанда, жүргізуші жылдамдықты азайтады, қажет болған жағдайда тоқтайды және балалар тобын өткізіп жібереді.

#### Қорытынды:

*Жол жүрісі қағидаларын нақты білу – көше мен жолда сауатты және сенімді әрекет етудің кепілі.*

Кез келген жол қиылысынан өту алгоритмін әзірлеңдер. Әрбір әрекетті сипаттаңдар.



$S = Kэ \times V \times V / (254 \times \Phi c)$  формуласында:

$S$  – метрмен алғандағы автомобильдің тежеу жолы;

$Kэ$  – тежеу коэффициенті, ол жеңіл автомобильдерде 1-ге тең;

$V$  – көліктің тежеу басындағы жылдамдығы (км/сағ.);

$\Phi c$  – жолмен үйкелісу коэффициенті (ауа райына байланысты: 0,7 – құрғақ асфальт; 0,4 – ылғал жол; 0,2 – тапталған қар; 0,1 – мұз жол).

Осы формуланы қолданып:

1) ылғал жолда 80 км/сағ. жылдамдықпен;

2) құрғақ асфальтта 110 км/сағ. жылдамдықпен қозғалып келе жатқан жеңіл көліктің тежеу қашықтығын есептеңдер.



Оқу құралының алдыңғы параграфтарын оқу барысында алған білімдерді пайдалана отырып, жүргізуші басып озу (озбау) туралы шешім қабылдайтын сәтті талдаңдар.

Автокөліктің техникалық сипаттамалары жүргізушінің шешіміне әсер етуі мүмкін бе?



Басып озу	Обгон	Overtaking
Жаяу жүргіншілер өткелі	Пешеходный переход	Pedestrian crossing
Жол қиылысы	Перекресток	Crossroads
Қозғалыс жылдамдығы	Скорость движения	Speed
Тұрақ	Стоянка	Parking lot



1. Мотоциклдер елді мекеннен тыс автомагистральда қандай жылдамдықпен қозғала алады?
2. Қандай жағдайда шұғыл тежеуді қолдануға болады?
3. Жолаушыны отырғызу үшін туннельде тоқтауға бола ма?
4. Қандай жол белгілері бағдаршам белгілерімен жойылады?



Таңдау арқылы параграф сұрақтары бойынша № 328–347; № 348–382; № 383–425; № 426–471; № 472–525; № 526–549 тапсырмаларды орындаңдар (Оқулық. 2-бөлім. Жағдаяттық тапсырмаларды орындауға арналған практикум).



## § 7. Өртүрлі жағдайдағы қозғалыс

### Тақырыпты оқу нәтижесінде:

- теміржол, автомагистраль арқылы өту және тұрғын аймақтардағы қозғалыс ережелерін;
- маршруттық көлік құралдарының басымдықтарын;
- сыртқы жарық құрылғыларын және дыбыстық сигналдарды пайдалану тәртібі туралы *білетін боласыңдар*;
- өртүрлі жол жағдайларында қозғалу кезінде қырағылықты арттыру қажеттігін *түсінесіңдер*.

### Теміржол жолдары арқылы жүру



25-сурет

Көлік құралдарының жүргізушілері теміржол жолдарын пойызға (локомотивке, дрезинаға) жол бере отырып, тек қана теміржол өтпелерінен кесіп өтеді (25-сурет).

Теміржол өтпесіне жақын келгенде жүргізуші жол белгілерінің, бағдаршамдардың, таңбалаудың талаптарын,

шлагбаумның орналасуын және өтпе бойынша кезекшінің нұсқауын басшылыққа алуы және бұдан басқа жақындап қалған пойыздың (локомотивтің, дрезинаның) жоқ екендігіне көз жеткізуі тиіс.

*Мынадай жағдайларда теміржол өтпесіне шығуға тыйым салынады:*

- шлагбаум жабық тұрғанда немесе ол жабыла бастаған кезде (бағдаршам сигналына қарамастан);
- бағдаршамның тыйым салатын сигналы кезінде (шлагбаумның орналасуына және оның бар-жоғына қарамастан);
- өтпе кезекшісінің тыйым салатын сигналы кезінде (кезекші жүргізушіге алдымен немесе теріс жағымен тұрған; қолын жоғары көтеріп, таяқша, қызыл фонарь немесе жалауша ұстаған не қолдарын екі жаққа созған);
- өтпенің арғы жағында жүргізушіні өтпеде тоқтауға мәжбүр ететін кептеліс пайда болғанда;
- көріну шегінде өтпеге пойыз (локомотив, дрезина) жақындап қалғанда.

*Жол жүрісі қағидаларында сонымен қатар:*

- теміржол өтпелерінен тыс жерде теміржолдардан өтуге;
- қарсы жүру жолағына шыға отырып, теміржол өтпесі алдында тұрған көлік құралдарын айналып өтуге;
- теміржол өтпесіндегі шлагбаумды өз бетімен ашуға;
- теміржол дистанциясы бастығының рұқсатынсыз теміржол өтпесі арқылы ауыл шаруашылығы, жол, құрылыс және басқа да машиналар мен механизмдерді тасымалдық қалыптан тыс жағдайда өткізуге, жылдамдығы сағатына 8 километрден кем баяу жүретін машиналардың, сондай-ақ трактор шана-сүйретпелерінің жүруіне *тыйым салынады*.

Өтпе арқылы жүруге тыйым салынған жағдайда, жүргізуші тоқтау

сызығының,  белгісінің немесе бағдаршамның алдында, ал егер олар жоқ болған жағдайда теміржол өтпесі шекарасында тоқтайды.

Өтпе үстінде амалсыздан аялдаған кезде жүргізуші дереу жолаушыларды түсіреді және өтпені босату үшін шаралар қолданады. Сонымен қатар осындай жағдайда жүргізуші мүмкіндік болса, жол бойымен екі адамды екі жаққа, өтпеден 1000 метр (егер біреу болса, онда жолдың нашар көрінетін жағына) қашықтық шамасына, өздеріне жақындап келе жатқан пойыздың (локомотивтің, дрезинаның) машинисіне тоқтау сигналын беру ережесін түсіндіріп жіберуі тиіс.

Өзі көлік құралының қасында қалып және жалпы дабыл қағу сигналдарын береді.

Пойыз көрінген бойда тоқтау сигналын беріп, оған қарсы жүгіреді.

**!** Қолды шеңбер жасай қозғалту (күндіз ашық түсті матаның қиындысы немесе қандай да болмасын жақсы көрінетін затпен, түнде шырақпен немесе фонарьмен) тоқтау сигналы болып табылады. Бір ұзақ және үш қысқа дыбыстық сигналдар сериясы жалпы дабыл қағу сигналы саналады.

### Автомагистральдарда жүру

**Автомагистраль** – бұл кедергісіз жоғары жылдамдықпен қозғалуға арналған жол (26-сурет).

Мұндай жол белгілі бір талаптарға сай болуы керек. Біріншіден, ер бағытта қозғалыс үшін кем дегенде екі жолақ болуы керек. Екіншіден, қарсы ағымдар міндетті түрде бір-бірінен бөлу жолағы арқылы ажыратылуы керек.



26-сурет

Басқа жолдармен, сондай-ақ теміржол, трамвай жолдарымен қиылысулар түрлі деңгейдегі жол айырықтары түрінде (эстакада, тоннельдер) жобаластырылады.

Жоғарыда аталғандар барлық жолдарда кездесуі мүмкін, автомагистральдің олардан басты ерекшелігі – оның әрбір кіреберісінде  белгісі орнатылып, оқтын-оқтын қайталанып отырады.

Автомагистральдің аяқталуы одан шығу  белгісі арқылы көрсетіледі.

*Жоғары жылдамдықты жолдарда қауіпсіздікті арттыру мақсатында:*

– автомагистральда көлік құралынан тыс жаяу жүргіншілердің, сондай-ақ үй жануарларының болуына, велосипедтерді, мопедтерді, тракторларды және өздігінен жүретін машиналарды, сондай-ақ техникалық сипаттамалары немесе олардың жай-күйіне байланысты жылдамдығы сағатына 40 километрден кем өзге де көлік құралдарын басқаруға;

– рұқсат етілген ең жоғары жүк көтеру массасы 3,5 тоннадан асатын жүк автомобильдерін екінші жолақтан әрі басқаруға;

–  немесе  белгілері қойылған, тұраққа арналған арнайы алаңдардан тыс жерлерге аялдауға;

– бөлу жолақтарының технологиялық айырылымдарында кері бұрылуға және оған кіруге;

– артқы жүріспен қозғалуға;

– жүргізіп үйренуге *тыйым салынады*.

Жолдың жүру бөлігінде мәжбүрлі аялдау кезінде жүргізуші Жол жүрісі қағидаларының талаптарына сәйкес көліктің авариялық жарық сигналын қосады және авариялық аялдау белгісін қояды, тоқтауға арналған жолаққа (жолдың жүру бөлігін анықтайтын сызықтан оңға қарай) шығару шараларын қолданады.

Осы бөлімнің талаптары сондай-ақ  белгісі қойылған жолдарға да қолданылады.

### Тұрғын аймақтарда жүру

Тұрғын аймақтарда, яғни кіру алдында және ол аяқталғанда сәйкесінше  және  белгілері қойылған аймақтарда жаяу жүргіншілер

тротуармен де, сол сияқты жолдың жүру бөлігімен де жүреді. Тұрғын аймақтарда жаяу жүргіншілер артықшылыққа ие, алайда олар көлік құралдарының жүруіне негізсіз кедергі келтірмеуге тиіс.

*Тұрғын аймақта:*

- көлік құралдарының толассыз жүруіне;
- жолдың жүру бөлігінен тыс жерде көлік құралының жүруіне;
- жүргізіп үйренуге;
- қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған күйде;
- тротуар, газон, балалар алаңдарында;
- рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 т асатын жүк автомобильдерінің, автобустардың арнайы бөлінген әрі белгілермен және (немесе) таңбалармен белгіленген орындардан тыс жерлерде тоқтап тұруына;
- дыбыс сигналын беруге, музыканы қатты қосуға *тыйым салынады*.

Тұрғын үй аймағынан шыққан кезде жүргізушілер жол қозғалысының басқа қатысушыларына жол беруге тиіс.

Аула аумақтарында да осы талаптар сақталуы керек.

### **Маршруттық көлік құралдарының басымдығы**

*Белгіленген аялдамаларда тоқтап, бекітілген маршрут бойынша қозғалып, адамдарды тасымалдауға арналған көлік **маршруттық көлік құралдары** деп аталады.*

Маршруттық көлік құралдарына арналған жолағы (27-сурет) бар жолдарда осы жолақпен қоғамдық көліктер, мопед пен велосипедтерден басқа көлік құралдарының, велосипед жолы (велосипед қозғалысының жолағы) болмаса, жүруіне және аялдауына болмайды.



27-сурет

«Жолақ» бейнежүйесі автокөліктердің қоғамдық көліктерге бөлінген жолақтарға шығып кетуін, жолдың жүру бөлігінде тұраққа тұруын, сондай-ақ қоғамдық көлік жүргізушілерінің өздерінің де тәртіпті бұзуын жою мақсатында Жол жүрісі қағидаларының бұзылуын тіркеу үшін қалалық автобустарға орнатылады.

Егер жолақ қалған жолдың жүру бөліктерінен үзік-үзік таңбалау сызықтарымен бөлінген болса, онда бұрылу кезінде көлік құралдары соған ауысады. Сондай-ақ мұндай жерлерде бұл жолаққа, егер бұл марш-


руттық көлік құралдарына және басқа да қоғамдық көлікке кедергі тудырмайтын болса, жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетінен жолға кіре кезде және жолаушыларды отырғызу, түсіру үшін кіруге рұқсат етіледі.

Елді мекендерде жүргізушілер бекітілген маршрутпен жүріп келе жатқан, белгіленген аялдамалардан жүруді бастайтын троллейбустар мен автобустардың жүргізушілеріне жол береді. Троллейбустар мен автобустардың жүргізушілері оларға жол берілгендігіне көз жеткізгеннен кейін ғана жүруді бастайды.

Жол қиылысынан тыс, трамвай жолдары жолдың жүру бөлігін кесіп өтетін жерлерде трамвай, деподан шыққан жағдайлардан басқа кезде, рельссіз көлік құралдарының алдында артықшылыққа ие болады.

### Сыртқы жарық беру аспаптарын және дыбыстық сигналдарды пайдалану

Сыртқы жарық беру аспаптарына (сигналдарына) габариттік оттар (D, F) мен алыс және жақын жарық фаралары (A, B), бұрылу көрсеткіштері (C), тұманға қарсы фаралар (E), тұманға қарсы артқы шамдар (N), тежегіш сигналдары (негізгі – L және қосымша – S), артқа қозғалу шамдары (K) мен тіркеу нөмірін жарықтандыру шамдары (P) және жарықшағылыстырғыштар (M) жатады (28-сурет).



28-сурет

Мынадай жағдайларда алыс жарық жақын жарықпен ауыстырылады:

- егер жол жарықтандырылған болса, елді мекендерде;
- қарсы келіп жол айырысу кезінде көлік құралына дейін кемінде бір жүз елу метр қалғанда, сондай-ақ қарсы келе жатқан көлік құралының жүргізушісі фараның жарығын мезгіл-мезгіл жағып-сөндіріп, мұның қажет екендігін көрсетсе, одан да үлкен арақашықтықта;
- қарама-қарсы, сонымен бірге бағыттас көлік құралдары жүргізушілерінің көзін қарықтыру мүмкіндігін болдырмау үшін кез келген басқа жағдайларда.

Сыртқы жарық беру аспаптарының қолданылуы

	Жақын жарық	Алыс жарық	Тұманға қарсы фаралар мен шамдар	Габариттік оттар
Күндіз, жарық кезде	+	–	жақын жарықтың орнына	–
Елді мекендерде жарықтандырылатын жолдарда	+	–	–	+
Тоннельдерде	+	+	–	+
Қараңғы уақытта	+	+	жарықтандырылмаған аймақтарда бірге	+
Көріну жеткіліксіз болғанда	+	+	бірге	+

Жүргізушінің көзін жарық қарықтырса, авариялық жарық сигналын іске қосады, жүру жолағын ауыстырмай тоқтайды.

Тәуліктің қараңғы уақытында жолдың жарықтандырылмайтын учаскесінде, сондай-ақ көрінуі жеткіліксіз жағдайларда аялдағанда және тоқтап тұрған кезде көлік құралында габариттік оттар жағылады. Көрінуі жеткіліксіз жағдайларда габариттік оттарға қосымша жақын жарық фаралары, тұманға қарсы фаралар және тұманға қарсы артқы шамдар іске қосылуы мүмкін.

Фара-прожекторды және іздеуіш-фараларды қарсы көлік құралдары жоқ кезде елді мекеннен тыс жерлерде ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Елді мекендерде мұндай фараларды тек қана жедел және арнаулы қызметтік көлік құралдарының жүргізушілері қызметтік тапсырманы орындау кезінде пайдалана алады.

Тұманға қарсы артқы шамдар көрінуі жеткіліксіз жағдайларда ғана қолданылады. Олар тоқтау сигналдарымен бірге қолданылмайды.

«Автопойыз» таным белгісі автопойыздың жүруі кезінде, тәуліктің қараңғы уақытында, көрінуі жеткіліксіз жағдайларда, сонымен қатар аялдаған және тоқтап тұрған кезде іске қосылады.

Қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маяк:

– жол құрылысы, жөндеу немесе күтіп-баптау жұмыстарын орындаушы техникаларда, зақымданған, бұзылған және өзге де көлік құралдарын тиеу және тасымалдау жөніндегі жұмыстарды орындаушы көлік құралдарында;

– ауыр салмақты, ірі ауқымды жүктерді тасымалдаған кезде;

– ауыр салмақты, ірі ауқымды және қауіпті жүктерді тасымалдауда бірге жүретін көлік құралдарында;

– ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автобустарда;

– күзетілетін нысандарға шұғыл рұқсатсыз кірген кезде жеке жедел күзет ұйымдарының көлік құралдарында;

– жолдарда қызмет өткеру кезінде көліктік бақылау органдары жылжымалы көліктік-бақылау пункттерінің көлік құралдарында;

– бағалы заттарды инкассациялау үшін маршрутқа шыққан кезде инкассация қызметтерінің мамандандырылған көлік құралдарында;

– ұйымдасқан велосипедшілер топтарымен бірге жүретін көлік құралдарында іске қосылады.

Дыбыс сигналдары тек қана:

– басқа жүргізушілерге елді мекеннен тыс жерде басып озу ниетін ескерту үшін;

– жол-көлік оқиғасын болдырмау мақсатында қажет болған жағдайларда қолданылады.

Басып озу туралы ескерту жарық сигналын тәуліктің жарық уақытында мезгіл-мезгіл қысқа уақытқа фараның жарығын жағып-сөндіру, ал тәуліктің қараңғы уақытында бірнеше қайтара фараның жақын жарығын алыс жарыққа ауыстыру арқылы беріледі.

#### **Қорытынды:**

*Әртүрлі жол жағдайында жол қозғалысына қатысушылардың қырағылығы мен ұқыптылығын арттыруы аса маңызды және қажетті шарт болып табылады.*

Теміржолды кесіп өту талаптарын біле отырып:

1. Жүргізушінің теміржолды қиып өту ерекшеліктерін анықтаңдар.
2. Шлагбаумсыз теміржол өтпесіндегі ең жақын рельстен шартты тоқтау орнына дейінгі қашықтықты көрсетіндер.



1. Компьютердің көмегімен автокөлік құралдарының қозғалыс моделін жасаңдар:

- а) теміржол өтпесі арқылы қозғалыс;
- ә) автомагистраль бойынша қозғалыс;
- б) тұрғын аймақтардағы қозғалыс.

2. Әр модельде қозғалыстың ең қауіпті шарттарын анықтап, көрсетіңдер.

3. Автомагистраль бойынша қозғалудың ерекшеліктерін талдаңдар.



Маршруттық көлік аялдамасына жете бергенде автобус жүргізушісі солға бұрылыс сигналын қосып, қозғалысты бастағанын байқадыңдар. Осы жағдайдағы өз әрекеттеріңді және автобус жүргізушісінің әрекеттерін талдаңдар.



Тұрғын аймақ	Жилая зона	Residential area
Дыбыстық сигнал	Звуковой сигнал	Audio signal
Аялдау	Остановка	Stop
Бөлу жолағы	Разделительная полоса	Median strip
Шлагбаум	Шлагбаум	Boom barrier gate



1. Қандай жағдайда жүргізушілер белгілі бір аялдамадан қозғалып жатқан автобуска жол беруі керек?
2. Тұрғын аймақта көлік құралдарының жүргізушілеріне қандай әрекеттерді орындауға тыйым салынған?
3. Күндізгі уақытта елді мекеннен тыс жерде басып озу қажет болған көлік жүргізушісінің назарын қалай аударуға болады?



Таңдау арқылы параграф сұрақтары бойынша № 550–565; № 566–576; № 577–581; № 582–612 тапсырмаларды орындаңдар (Оқулық, 2-бөлім. Жағдаяттық тапсырмаларды орындауға арналған практикалық).




## § 8. Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау

### Тақырыпты оқу нәтижесінде:

- жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға қойылатын талаптарды;
- механикалық көлік құралдарын сүйреу тәсілдері мен ережелерін;
- мүмкіндігі шектеулі адамдардың қозғалысын қамтамасыз ету туралы *білетін боласыздар*;
- адамдар мен жүктерді тасымалдау кезінде тиісті ережелерді ұстанудың маңыздылығын *түсінесіздер*.

### Механикалық көлік құралдарын сүйрету

Сүйрету (29-сурет) автомобиль бұзылған кезде орындалады.



29-сурет

Сүйрету көліктерді бір-біріне тіркеу, сүйрететін көліктің алдыңғы жағынан арнаулы құрылғымен асу немесе оны сүйрететін көлік құралының платформасына жартылай тиеу жолымен жүзеге асырылады.

Сүйреу кезіндегі басты шарттар:

- тіркеу құралы немесе тетіктері сенімді болуы қажет;
- иілгіш тіркегішпен сүйреткен кезде сүйретуші және сүйретілетін көлік құралдарының арасында 4–6 м шегінде, ал қатты тіркегішпен сүйрету кезінде 4 метрден аспайтын арақашықтық қамтамасыз етілуі тиіс;

– қатты тіркегіш конструкциясы сүйретілетін көлік құралы сүйреушінің траекториясы бойынша жүретін қозғалысты қамтамасыз ететін жағдайлардан басқа кезде, тек сүйретілетін көлік құралында жүргізуші болуы тиіс;

– сүйретілетін автобуста (троллейбуста) және сүйретілетін жүк автомобилінің шанағында жолаушылардың болуына, ал аспалы түрде немесе ішінара тиеу арқылы сүйреткенде сүйретілетін көліктің кабинасында немесе шанағында, сондай-ақ сүйретушінің шанағында жолаушылардың болуына тыйым салынады.

*Мынадай жағдайларда:*

– рульдік басқаруы жұмыс істемейтін көлік құралын (аспалы әдіспен немесе жартылай тиеумен сүйретуге жол беріледі);

- екі немесе одан көп көлік құралдарын;
- нақты массасы сүйрейтін көлік құралының нақты массасының жартысынан артық болған тежеу жүйесі жұмыс істемейтін көлік құралын (мұндай көлік құралын нақты салмақ аз болғанда тек қана қатты тіркегішпен немесе жартылай тиеу әдісімен сүйретуге жол беріледі);
- бүйір тіркемесі жоқ мотоциклмен, сондай-ақ осындай мотоциклді;
- көктайғақта иілгіш тіркегішпен *сүйретуге тыйым салынады*.

**!** Сүйретуді қауіпсіз орындаудың басты шарттары: келісімділік, синхрондылық және әрекеттердің бірқалыптылығы.

### Көлік құралын жүргізуді үйрену

Көлік құралын жүргізуді бастапқы үйрену жабық алаңдарда немесе автодромда жүргізіледі.

Жолдарда үйрену үшін жүруге тек қана үйретушінің қатысуымен және үйренушінің бастапқы басқару дағдылары болған кезде ғана жол беріледі, мұндай көлік құралында жолаушылар болмауы тиіс.

**!** Үйретушіде өзімен бірге тиісті біліктілік куәлігі, ол үйретуді жүргізетін санат бойынша көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші куәлігі, ал үйренушінің жеке басын куәландыратын құжаты және көлік құралын басқаруға қарсы сырқаттардың жоқтығын айғақтайтын медициналық қорытындысы болуы тиіс.

Жүргізуді үйренуге арналған механикалық көлік құралы қосымша ілініс және тежегіш педальдарымен жабдықталады, «Оқу көлік құралы» белгісі орнатылады (30-сурет). Көліктің артқы және бүйір бөліктеріне мемлекеттік тілде «Оқу көлік құралы» жазуы түсіріледі.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарда көлік құралын жүргізуге оқыту Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте уәкілетті органдармен келісілген маршруттар бойынша ғана жүзеге асырылады.

Қозғалтқышының көлемі 125 текше см дейінгі мопед немесе мотоциклді (А1 кіші санаты) жүргізу үшін 16 жастан асу керек. Жүргізуші куәлігінің бұл санаты – осы жастан бастап алуға болатын жалғыз санат.

Мотоцикл және автокөлікті (А, В санаттары, В1 кіші санатын) жүргізуге рұқсат беретін куәлікті тек 18 жастан асқанда ғана алуға болады.



30-сурет

### Жолаушыларды тасымалдау

Жолаушыларды қауіпсіз тасымалдау алдымен жүргізушіге байланысты. Сондықтан жүргізуші қозғалысты бастардан бұрын жолаушылардың өз орындарына жайғасқанын және басқа да қауіпсіздік шараларының сақталғанына көз жеткізуі керек.

Жолаушыларды отырғызып-түсіру аялдауға тыйым салынбаған жерлерде көлік құралы толығымен тоқтағаннан кейін жүзеге асырылады. Ал қозғалыс тек есіктер толық жабылғаннан кейін ғана басталады, есіктер көлік тоқтағанша ашылмауы тиіс.

Маршруттық көлік құралының жүргізушісі жолаушыны тек белгіленген аялдама пунктінде мінгізіп-түсіре алады.

#### Жолаушыларды:

– автомобильдің (борт платформасы бар жүк автомобилінің шанағында немесе фургон шанақта жолаушыларды тасымалдау жағдайларынан басқа), трактордың, өздігінен жүретін машинаның кабинасынан тыс, жүк тіркемесінде, тіркеме-үйшікте, жүк мотоциклінің шанағында және мотоцикл конструкциясының отыру үшін көзделмеген жерлерінде;

– көлік құралының техникалық сипаттамасында көрсетілген саннан артық болғанда;

– мотоциклдің артқы орындығында масаң күйінде;

– жүк автомобилінің шанағында отыру үшін жабдықталған орын санынан артық болғанда;



31-сурет

– 12 жасқа дейінгі балаларды көлік құралының конструкциясында арнайы ұстау құрылғысы немесе баланы қауіпсіздік белдігінің көмегімен отырғызып қоюға мүмкіндік беретін құралдар (31-сурет) болмаған кезде, сондай-ақ автокөліктің алдыңғы орындығында балаларды арнайы ұстау құрылғысы болмаған кезде, мотоциклдің артқы орындығында *тасымалдауға тыйым салынады*.

Балалардың ұйымдастырылған тобын тасымалдау кемінде екі есігі бар, техникалық жай-күйі уәкілетті орган бекіткен автомобиль көлігімен

жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға жауап беретін автобустармен жүзеге асырылады және онда ересек (18 жастан асқан) жетекші болуы қажет.

Балалардың ұйымдастырылған тобын тасымалдауға арналған автобус сары түсті жарқылдауық маякпен жабдықталады. Бұл автобустардың алдына және артына «Балалар тасымалы» деген таным белгісі орнатылады.

Балалардың ұйымдастырылған тобын тасымалдау 25 жастан асқан, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде 5 жылдан артық еңбек өтілі бар жүргізушіге рұқсат өтіледі.

Автобуспен тасымалданатын балалар саны ондағы орындық санынан аспауы тиіс.

Қала сыртындағы жолдарда балаларды тасымалдайтын екі және одан да көп автобустар легімен ішкі істер органдарының арнайы көліктері ілесіп жүруге тиіс.

### **Жүктерді тасымалдау**

Жүктерді тасымалдау осы мақсатқа арналған көлік құралдарымен және көлік құралдарының құрамдарымен жүзеге асырылуы тиіс, ал тасымалданатын жүк көлік құралының санаты мен түріне сәйкес келуі керек.

Қозғалысты бастамас бұрын және автокөліктің қозғалысы кезінде жүргізуші жүктің орналастырылуы, бекітілуі, қымталуы мен жағдайын қадағалауы тиіс, себебі жүк:

- шолуды және көрінуді шектемеуі;
- көлік құралындағы тоқтау сигналы мен бұрылу көрсеткіштерін, жарық шағылыстыратын құрылғыларды қоса алғанда сыртқы жарық беру аспаптарын, мемлекеттік тіркеу нөмірін және мемлекеттік айырым белгісін, сондай-ақ қолмен берілетін сигналдарды жасырмауы;
- көлік құралының тұрақтылығын бұзбауы, оны басқаруға кедергі келтірмеуі;
- адамдарға қауіп төндірмеуі, мемлекеттік, қоғамдық меншікке зиян келтірмеуі тиіс.

Тасымалданатын жүк пен жолаушылардың массасы, жүктемені осьтер бойынша бөліп орналастыру шамасы осы көлік құралы үшін жауапшы-кәсіпорын белгілеген өлшемдерден аспауы тиіс.

Егер жүктің жай-күйі мен орналасуы аталған талаптарды қанағаттандырмаса, жүргізуші тасымалдау ережелеріне қатысты кемшіліктерді жоюға, егер жою мүмкін болмаса, әрі қарай жүруді тоқтатуға міндетті.

Артынан және алдынан 1 метрден артық немесе бүйірдегі ауқымдық шамдардан сыртқа 40 сантиметр артық шығып тұратын жүкті тасымалдағанда «Ірі көлемді жүк» деген таным белгісі ілінуі, ал тәуліктің қараңғы уақытында және көрінуі жеткіліксіз жағдайларда, бұдан басқа, алдына ақ түсті шам немесе жарық шағылыстырғыш, артына қызыл түсті шам немесе жарық шағылыстырғыш ілінуі тиіс.

Автобустарда жүк қоятын бөлімшеден тыс орында жүкті, оның ішінде багажды, тасымалдауға рұқсат етілмейді.

### **Велосипедтерді, мопедтерді, ат-арба көліктерін жүргізуге, сондай-ақ мал айдауға қойылатын қосымша талаптар**

Автокөлік құралдарының және жол қозғалысына қатысушылардың түрлері өте көп болғандықтан, Жол жүрісі қағидалары жүк немесе жеңіл көлікпен тасымалдауға қойылатын талаптармен ғана шектелмейді. Автокөлік жүргізушілері өз жолдарында велосипедшілерді, жегілген ат-арбаларды, тіпті жануарларды да кездестіруі мүмкін. Бұл жағдайларда қос тараптың да әрекет ету тәртібі Жол жүрісі қағидаларында қарастырылған.

Жол бойымен велосипедтерді, ат-арба көліктерін басқаруға, мал айдауға 14 жастан, ал мопедті басқаруға 16 жастан асқан адамдарға рұқсат етіледі.



32-сурет

Велосипедшілер мен мопед жүргізушілері велосипед жүретін жолақ немесе жолмен (32-сурет), ал олар болмаған кезде, жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен жүреді. Велосипедшілерге бұдан бөлек жаяу жүргінші-

лерге жүру үшін қауіп төндірмей тротуармен және жаяу жүргінші жолымен, жолдың жиектерімен жүруге рұқсат беріледі.

Жегілген ат-арбалар (шаналар), жүк артылған немесе мініс малдары шеткі оң жолақпен бір қатарлап немесе егер бұл жаяу жүргіншілерге кедергі келтірмесе, жолдың жиегімен жүреді.

Жолдың жүру бөлігімен жүрген кезде велосипедшілер, мініс және жүк артылған мал он-оннан, ат-арбалар (шаналар) бес-бестен топтарға бөлінуге тиіс. Басып озуды жеңілдету үшін топтардың арақашықтығы 80–100 метр болуы қажет.

*Велосипед және мопед жүргізушілеріне:*

- рульді екі қолымен де ұстамай жүргізуге;
- жолаушыларды тасымалдауға;
- ұзындығы немесе ені бойынша габариттен 0,5 м-ден астам шығып тұратын немесе басқаруға кедергі келтіретін жүкті тасымалдауға;
- велосипед жолы бола тұрып, негізгі жолмен жүруге;
- трамвай жүретін жолдарда және осы бағытта жүруге арналған біреуден астам жолағы бар жолдарда солға бұрылуға немесе кері бұрылуға;
- жаяу жүргінші өткелімен велосипедтен түспей жүруге;
- велосипед немесе мопедке арналған тіркемеден басқа тіркемелерді, мопедтерді, велосипедтерді сүйретуге *тыйым салынады*.

Жол қиылысынан тыс орналасқан жол мен велосипед жолының реттелмейтін қиылысында велосипедтердің, мопедтердің жүргізушілері осы жолмен жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол беруге тиіс.

Көрінуі шектеулі жерлерде жолға іргелес аумақтан немесе екінші дәрежелі жолдан шығу кезінде жегілген ат-арба (шана) жүргізушісі малды жүгенінен ұстап жетектеп жүруі тиіс.

Малды әдетте тәуліктің жарық уақытында айдап өту керек. Мал айдаушылар малды мүмкіндігінше жолдың оң жақ шетіне жақын айдап отыруы тиіс.

Тәуліктің қараңғы уақытында және көрінуі жеткіліксіз жағдайларда бір топ малды жол бойымен немесе ол арқылы айдаған кезде, мал айдаушылар жолда малдың бар екенін ескерту үшін жүргізушілерге сигнал беруі керек.

**!** Шырақпен немесе фонарьмен қолды шеңбер жасап қозғау сигнал болып табылады, бұл ретте сигнал беруші жақындап келе жатқан көлік құралдары жағынан мал табынынан он-он бес метр арақашықтықта болады.

Малды теміржолдар арқылы айдаған кезде, мал табыны мал айдаушылардың санын ескере отырып, әрбірін қауіпсіз айдап өтуге болатындай етіп топтарға бөлінуге тиіс.

*Ат-арба көлігінің (шана) жүргізушілеріне, мал айдаушылар мен жүк артылған, жегілген және мініс малы, жайылып жүрген мал иелеріне:*

– жабыны қатты жолдарға шығып кетуі мүмкін жағдайларда малды қадағалаусыз қалдыруға;

– малды теміржолдар арқылы арнайы белгіленген немесе жабдықталған жерлерден тыс, сондай-ақ тәуліктің қараңғы уақытында және көрінуі жеткіліксіз жағдайларда (әртүрлі деңгейлердегі мал айдаудан басқа) айдап өтуге;

– өзге жолдар болған кезде малдарды жабыны асфальт және цемент-бетон жолдармен жетектеп жүруге *тыйым салынады*.

### **Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың жол жүрісін қамтамасыз ету**

*Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың жол жүрісін және оларға қызмет көрсететін көлік құралдарының тұрақтарын ұйымдастыру:*

– тірек-қимыл аппараты бұзылған жүргізушілер, тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға немесе загіптарға қызмет көрсететін көлік құралдарының жүргізушілері басқаратын көлік құралдарына мына



тыйым салатын жол белгілерінің күші қолданылмайды;

– тірек-қимыл аппараты бұзылған жүргізушілер немесе тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға қызмет көрсететін көлік құралдарының жүргізушілері басқаратын көлік құралдары оны басқаруға арналған тиісті механизмдермен және (немесе) керек-жарақтармен жабдықталуға тиіс;

– егер  белгісімен  деген қосымша белгі (тақтайша) орнатылған жағдайда, «Тұрақ орны» жол белгісінің күші «Мүгедек» деген таным белгісі орнатылған мотоколяскалар мен автомобильдерге ғана қолданылады;

– егер тыйым салатын не нұсқайтын жол белгілерімен бірге  қосымша белгісі орнатылған жағдайда, онда осы жол белгілерінің күші «Мүгедек» деген таным белгісі орнатылған мотоколяскалар мен автомобильдерге қолданылмайды.

«Мүгедек» деген таным белгісі бар көлік құралдарын басқаратын тірек-қимыл аппараты бұзылған жүргізушілердің:

– көлік құралын елді мекендердегі аялдауға немесе тоқтап тұруға тыйым салатын жол белгілері қолданылатын аймақта жаяу жүргіншілердің жүруі үшін ені кемінде бір жарым метр бос жолақ қалдырып, тротуарға орналасатын болса, аялдауға және көлік құралын тоқтатып қоюға құқығы бар. Бұл қағида тоқтауға тыйым салатын сызықтық жол таңбасымен белгіленген жол учаскелерінде қолданылмайды;

– жаяу жүргіншілерге кедергі келтірмейтін және басқа да көлік құралдарын жол жүрісі мүмкіндігінен айырмайтын жағдайда тоқтап тұруға тыйым салатын жол белгілері қолданылатын аймақта, уақыты шектеулі тұрақ орындарында көзделген мерзімнен артық және тұрақ орындарының шегінен тыс аула аумағындағы жолдарда көлік құралын қоюға құқығы бар.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға немесе зағиптарға қызмет көрсететін «Мүгедек» деген таным белгісі бар көлік құралдарының жүргізушілері елді мекендердегі аялдауға тыйым салатын жол белгілері қолданылатын аймақта көлік құралын тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарды немесе зағиптарды отырғызу немесе түсіру үшін тоқтата алады.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамды немесе зағипты қолынан жетектеп межелі жеріне және кері алып жүретін, тірек-қимыл аппараты бұзылған адамға немесе зағипқа қызмет көрсететін «Мүгедек» деген таным белгісі бар көлік құралының жүргізушісі елді мекендерде көлік құралын жоғарыда көрсетілген жағдайларда тоқтата алады.

#### **Қорытынды:**

1. Жолаушылар мен жүктерді қауіпсіз тасымалдау, ең алдымен, автокөлік құралының жүргізушісіне байланысты.
2. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың қозғалысын ұйымдастыру мәселесіне Жол жүрісі қағидаларында аса мән берілген.

1. Сүйретудің әртүрлі әдістерін қолдану неге байланысты екендігін анықтаңдар.
2. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңдар.



## ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Компьютерді немесе макеттерді қолдана отырып:

- балалардың ұйымдасқан тобын жолаушылар мен багаж тасу ережесіне сәйкес таситын көлік құралдарының легін құрастырыңдар;
- ірі габаритті жүк тасымалдайтын көлік легін құрастырыңдар.



Келесі тақырыптардың кез келгені бойынша таныстырылым түрінде жоба әзірлеңдер:

- «Велосипедпен жүрудің пайдалы тұстары»;
- «Велосипедтің даму тарихы»;
- «Велосипед көлік құралы ретінде».



Сүйреу	Буксировка	Towing
Велосипедші	Велосипедист	Bicyclist
Жүк	Груз	Load
Қауіпсіздік белдігі	Ремень безопасности	Seat belt
Мүмкіндігі шектеулі адам	Человек с ограниченными возможностями	Disabled person



- Иілгіш тіркегішпен сүйреу кезінде сүйреуші және сүйрелетін көлік құралдарының арасындағы арақашықтық қанша болуы тиіс?
- Тежегіші және рульдік басқару механизмдері дұрыс жұмыс істейтін сүйрелетін көлік құралын көктайғақта сүйреуге рұқсат етіле ме?
- Қандай жағдайларда 12 жасқа толмаған балаларды тасымалдауға тыйым салынады?
- Көлік құралының бүйірлік ауқымынан 0,6 метрге шығып тұратын жүктерді тасымалдауға рұқсат етіле ме?



Таңдау арқылы параграф сұрақтары бойынша № 613–627; № 628–654 тапсырмаларды орындаңдар (Оқулық. 2-бөлім. Жағдаяттық тапсырмаларды орындауға арналған практикум).



## 5-БӨЛІМ.

### ӨМІР ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Қауіп-қатерлерге байланысты негізгі ұғымдар мен олардың жіктелуін, табиғи жағдайларда, тұрмыста, көлікте, терроризм актісінің қауіп кезінде, криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау, жаппай зақымдану, улану, түрлі жарақат алу кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету негіздерін қамтиды.



#### Бұл бөлім сендерге:

- жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ететін негізгі білім мен дағдыларды меңгеруге;
- зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету ережесін білуге;
- таңдалған өмір салты денсаулық пен саламат деңгейін қаншалықты анықтайтынын ұғынуға;
- адамда қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру қажеттілігін түсіндіруге;
- төтенше жағдайларда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін таңдай алуға;
- қабылданатын шешімдердің салдарын бағалай білуге көмектеседі.

## § 1. Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу

### *Тақырыпты оқу нәтижесінде:*

- шығу көзі бойынша қауіптердің негізгі топтарын;
- еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаттарын *білетін боласыңдар*;
- қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы мен қажеттілігін *түсінесіңдер*.

### Қауіптердің негізгі ұғымдары мен жіктелуі

**Қауіп** – жалпы мемлекетке, қоғамға, жеке адамға дене немесе моральдық (рухани), мүліктік (материалдық) залал келтіру ықтималдығын қарастыратын өмір сүру қауіпсіздігінің басты ұғымы. Қауіп ықтималды салдарының көлемі мен ауқымына қарай жаһандық, өңірлік, ұлттық, жергілікті, жеке болып бөлінеді.

Көптеген авариялар мен апаттарды талдау олардың орын алуының басты себебі адамнан екендігін көрсетеді. Қауіптер мен тәуекелдердің басым бөлігі өз арамызда. Адамдардың көпшілігі төтенше жағдайларда емес, әдеттегі тұрмыстық жағдайларда: жолдарда, өрттерде, криминалдан, есірткіден, алкогольден, суицидтен, тұрмыстық және өндірістік жарақаттанудан қайтыс болады.

*Қауіптің белгілері* – өмірге қатер төндіру, денсаулыққа зиян келтіру ықтималдығы, экологиялық жүйелердің қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуы.

*Қауіпті қалыптастыру көзі* адамның өзі, оның еңбегі мен қызметі, еңбек құралдары, қоршаған орта, адамның қоршаған ортамен өзара іс-қимылы нәтижесінде пайда болатын құбылыстар мен үрдістер болып табылады. Шығу көзі бойынша барлық қауіптер төрт топқа бөлінеді: табиғи, техногендік, әлеуметтік-саяси, аралас.

*Табиғи қауіптер* – бұл өмір мен денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін табиғат нысандары, табиғи құбылыстар және апаттар. Оларға жер сілкінісі, су тасқыны, қар көшкіндері, дауылдар, көктайғақ, күн және ғарыш сәулелері, қауіпті жануарлар мен өсімдіктер, жұқпалы аурулар және т.б. жатады.

*Техногендік қауіптер* – бұл көлік құралдарын, көтергіш-көлік жабдықтарын, жарылыс қауіп бар заттар мен материалдарды, электр энергиясын, химиялық заттарды, әртүрлі сәулелену түрлерін және т.б. пайдалануға байланысты қауіптер.

*Әлеуметтік-саяси қауіптер* тұрғындардың әлеуметтік жағдайы мен мемлекеттің саяси қызметінің нәтижесінде қалыптасады. Әлеуметтік қауіптер – рухани және мәдени деңгейдің төмендігі (қаңғыбас-

тық, жезөкшелік, маскүнемдік, темекі шегу) салдарынан туатын қауіптер. Бұл қауіптердің негізгі себептері тұрғындардың аз қамтылуы, материалдық және тұрмыстық жағдайының нашарлығы, ереуілдер, этникалық, нәсілдік немесе діни негіздегі жанжалдар болып табылады. Саяси қауіптердің көздері ұлтаралық және мемлекетаралық деңгейлердегі қақтығыстар, рухани қысым, саяси терроризм, халықаралық және қарулы қақтығыстар, соғыстар болып табылады.

Ең кең таралғаны – *аралас қауіптер*: табиғи-техногендік, табиғи-әлеуметтік және әлеуметтік-техногендік.

Қауіптердің кез келген тобынан қорғаудың негізгі шаралары: қауіптерді болдырмау, оларды оқшаулау және осы қауіптерді рұқсат етілген шектерге дейін азайтуға бағытталған ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жүргізу.

### **Қауіпсіздік техникасы, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау**

Халықтың қауіпсіздік деңгейін арттыру мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып табылады, себебі ең жоғары құндылық – адам, оның өмірі мен денсаулығы. Ешқандай фактор қауіпсіздік ережелерін елемеге және адамның өмірі мен денсаулығына төніп тұрған қатерлерден ақталуға негіз бола алмайды.

*Қауіпсіздік техникасы* – бұл жарақаттану және қаза табуға әкелетін қауіпті өндірістік факторлардан адамды белгілі бір ықтималдықпен қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдастырылған және техникалық шаралар, техникалық тәсілдер мен құралдар жүйесі.

Қауіпсіздік техникасының негізгі міндеттері – ықтималды қауіптер мен олардың көздерін анықтау, қауіпті өндірістік факторларды сандық және сапалық бағалау, сондай-ақ адамның қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу.

Нақты қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты қағидаты алдын алу (профилактика) болып табылады. Бұл – қауіптердің алдын алуға, тәуекелді жоюға немесе төмендетуге бағытталған іс-шаралар.

Қазақстан Республикасында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамалық-құқықтық актілерге Конституция, Экологиялық және Еңбек туралы кодекстер жатады. Еліміздің негізгі заңы оның әрбір азаматының қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайына құқылы екендігін атап көрсетеді.

Еңбек кодексі еңбек қатынастарын, оның ішінде жұмысшының жұмыс қабілетінің төмендеуіне немесе ауыруына себеп болатын, немесе

оның ұрпақтарының денсаулығына кері әсер ететін белгілі бір өндірістік факторлардың зиянды (өте зиянды) еңбек жағдайларын реттейді.

*Қоршаған ортаны қорғау* – қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіруге, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға кері әсерін болдырмауға, оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі.

Елімізде табиғи ресурстарды пайдалануға және қоршаған ортаға әсеріне байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және сақтау, табиғи ресурстарды пайдалану және өндіру саласындағы мәселелер ел аумағының шегінде Экологиялық кодекспен реттеледі.

Қоғамда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау саласында халықты ағарту мақсатында соңғы уақытта экологиялық білім кеңінен насихатталуда, қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың, экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпарат берілуде.

Қоршаған ортаны қорғау жануарлар мен өсімдіктер үшін ғана емес, адам үшін де аса маңызды, себебі оның денсаулығы қоршаған ортаның тазалығымен тікелей байланысты. Сондықтан ауыз суды ластамау, ауылшаруашылығында улы химиялық заттарды қолдануды азайту және қалалардағы атмосфераның ластануын азайту өте маңызды. Қажетті шаралар қолданылмаса, биосфераның көптеген қабаттары жарамсыз болып қалады. Сондықтан табиғатты қорғау бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Биосфераны қорғау жөніндегі іс-шаралар мемлекеттік құжаттарда көрсетілген. Әрбір адам табиғи байлықтарды сақтау, қорғау және көбейту, болашақ ұрпақтың игілігі үшін биосфераны қорғау барлығымызға ортақ міндет, әрқайсымыз үшін сөзсіз парыз болып табылатындығын айқын түсінуі керек. Биосфераны жою оңай, бірақ оны қалпына келтіру өте қиын.

**Қорытынды:**

1. Конституция, Экологиялық және Еңбек кодекстері Қазақстан Республикасының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамалық-құқықтық актілері болып табылады.
2. Еңбек қауіпсіздігінің негізгі қағидаты – қауіптің алдын алу (профилактика), жою немесе ықтималдығын азайту.

1. Интернет пен бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын пайдалана отырып, адам шығынына әкелген еңбекті қорғау ережелерінің бұзылу жағдайлары туралы хабарлама дайындаңдар.
2. Қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін негіздеңдер.



Еңбекті қорғау	Охрана труда	Labour protection
Қауіпсіздік техникасы	Техника безопасности	Accident prevention
Қоршаған ортаны қорғау	Охрана окружающей среды	Environmental protection
Табиғи байлықтар	Природные богатства	Natural resources



1. «Қауіп» ұғымына анықтама беріңдер.
2. Қауіптің орын алуының негізгі көзі не?
3. Шығу көзі бойынша қауіптердің жіктелуін атаңдар.
4. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі қағидатын атаңдар.
5. Қазақстан Республикасының қандай заңнамалық актісі қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру мәселелерін реттейді?



## § 2. Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі

### Тақырыпты оқу нәтижесінде:

- қоршаған ортаны ластаушы негізгі көздерді;
- қоршаған ортаның түрлі факторларының адам ағзасына әсер ету салдары туралы білетін боласыңдар;
- қоршаған ортаның адамға әсер ететін табиғи және антропогендік факторлары арасындағы айырмашылықты түсінесіңдер.

### Физикалық, химиялық және биологиялық факторлар арқылы адам денсаулығына әсер ету

Қоршаған ортаның адам ағзасына әсері өте көп (1-сурет). Оған ең алдымен қоршаған ортаның материалдық факторлары әсер етеді. Оларды шартты түрде химиялық, физикалық және биологиялық деп ажыратады. Бұдан басқа адамға әлеуметтік тіршілік иесі ретінде психогенді факторлар әсер етеді.




1-сурет

Қоршаған ортаның химиялық факторларына ауаны, суды, топырақты, тағамды және т.б. құрайтын химиялық элементтер немесе қосылыстар жатады. Ағзаның қалыпты жұмыс істеуі үшін көптеген химиялық элементтер қажет. Бірақ олардың кейбірі аурудың себебі де болуы мүмкін.

Физикалық факторларға температура, ылғалдылық, ауаның қозғалысы, атмосфералық қысым, радиация, шу және т.б. жатады. Олардың

кейбірі ағзаның оңтайлы жұмыс істеуі үшін қажет. Бірақ олардың барлығы белгілі бір қарқындылық кезінде зиянды әсер етуі мүмкін.

*Биологиялық факторларға* адамның айналасындағы барлық тіршілік иелері жатады. Олардың кейбірі (бактериялар, вирустар, паразиттік құрттар және т.б.) ағзаға еніп, аурудың себебі болады. Басқалары (жеуге жарамды өсімдіктер) тамақ өнімдерінің негізін құрайды және т.б. Бұл факторлар табиғи да, антропогендік те болуы мүмкін (2-сурет).



2-сурет

Қоршаған орта факторлары адам денсаулығына еш әсер етпеуі немесе пайдалы әсер етуі, сондай-ақ зиян келтіруі мүмкін. Олардың әсер ету сипаты әлеуметтік жағдайларға (еңбек, өмір, тамақтану, тәрбие және т.б.) байланысты.

Табиғаттың сақталуы адамға байланысты болғандығы сияқты, адамның өмір сүруі де оның қоршаған ортасына бағынышты. Десек те, өндірістік қызметтің қоршаған ортаға әсері (атмосфераның, топырақтың, су айдындарының өндірістік қалдықтармен ластануы, ормандардың жойылуы, авариялар мен технологиялардың бұзылуы салдарынан радиацияның жоғарылауы) адамның тіршілігіне қауіп төндіреді.

Адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде топырақтың өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтармен ластануы елеулі қауіп төндіреді. Құрамында сынап, күшәла, қорғасын, кадмий, мыс, мырыш, аммиак бар қалдықтар, радиациялық ластанулар аса улы саналады. Ластану топыраққа тыңайтқыштар, пестицидтер себу, егістіктерді құра-

мында әртүрлі химиялық қосылыстары бар сарқынды сулармен суару нәтижесінде орын алуы мүмкін. Ластанған топырақтан зиянды заттар, оның ішінде химиялық заттар, қатты жел болған кезде атмосфералық ауаға, атмосфералық жауын-шашыннан жерүсті және жерасты суларына, өсімдіктекті азық-түліктерге, ал олармен тамақ тізбегі бойынша адам ағзасына өтуі мүмкін.

Жердегі өмірдің барлық биологиялық түрлері үшін атмосфера маңызды. Бүгінгі таңда булану әсері негізінде климаттың жылынуы, озон қабатының бұзылуы, қышқыл жаңбыр мен атмосфераға зиянды қалдықтар шығару санының артуы елеулі қауіп төндіреді. Бұл құбылыстар атмосфераның ұсақ дисперсті шаңмен, фреондармен, күкірт диоксидімен, көміртегі оксидімен, азот оксидімен және көмірсутектермен ластануы нәтижесінде пайда болады. Ауа ортасының жай-күйін жақсарту үшін отындық емес энергия көздерін кеңінен енгізу, өнеркәсіптік кәсіпорындарда ауаға таралатын зиянды қалдықтарды тазарту жабдықтарын орнату, автомобиль көлігін өзі шығаратын газдарды тиімді бейтараптандырғыштармен қамтамасыз ету қажет.

Су кез келген ағзаның құрамына кіреді. Судың, әсіресе тұщы судың, табиғи қоры шексіз емес. Антропогендік әсердің нәтижесінде табиғи судың сапасы нашарлап жатыр. Осыған байланысты табиғи су көздерін сақтау және оларды ластанудан қорғау экологияның басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Қоршаған ортаның теріс әсерлі өзгерістері адамдардың денсаулығына кері әсер етеді. Мәселен, топырақтың биохимиялық құрамының бұзылуы суда, өсімдіктерде, жануарлар мен адам ағзасында йод, кобальт, фтор, марганец, бор, стронций сияқты тағы басқа да маңызды микроэлементтердің құрамының өзгеруіне әкеледі. Бұдан бөлек топырақта адам мен жануарлар ағзасында паразиттік тіршілік етіп, әртүрлі аурулар тудыратын микроорганизмдер, құрттардың жұмыртқалары мен дернәсілдері жинақталады. Атмосфералық ауаның зиянды компоненттерінен ағзаның тыныс алу, жүрек-қантамыр және иммундық жүйелері зардап шегеді. Сапасыз су ауыр жұқпалы аурулардың (тырысқақ, қантышқақ, ішсүзек, Боткин ауруы және т.б.) таралу көзі болып табылады. Онда ішек құрттарының жұмыртқалары мен дернәсілдері болуы мүмкін.

Қуатты электрлік, электромагниттік және аса жоғары жиілікті өрістер, шулар, өндірісте және тұрмыста қолданылатын химикаттар адамға зиянды биологиялық әсер етеді. Бұл факторлар жүрек-қантамырла-

ры мен жүйке жүйелері жұмысының, зат алмасудың бұзылуына, шартты-рефлекторлық қызметтің төмендеуіне және репродуктивті функцияның нашарлауына, есту және көру қабілетінің бұзылуына алып келеді.

Адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы – қазіргі қоғамның өзекті мәселесі. Себебі табиғат – адамның өмір сүру ортасы. Бүгінде жер халқының денсаулық жағдайы ғана емес, барлық адамзаттың болашағы осы табиғатқа байланысты.

#### Қорытынды:

1. Қоршаған орта адам денсаулығына материалдық факторлар арқылы үнемі әсер етеді.
2. Қоршаған орта факторларының әсер ету сипаты жағдайларға, еңбекке, тұрмысқа, тамақтануға, оқыту мен тәрбиелеуге байланысты.

Отынсыз қуат көздеріне мысал келтіріңдер. Олар елімізде қаншалықты кеңінен қолданылады?



Материалдық факторлар	Материальные факторы	Material factors
Әлеуметтік жағдайлар	Социальные условия	Social terms
Энергия көздері	Источники энергии	Energy sources
Өмір сүру ортасы	Среда обитания	Habitat
Табиғи қорлар	Естественные запасы	Natural supplies



1. Қоршаған ортаның табиғи және антропогендік факторлары арасындағы айырмашылық неде?
2. Қоршаған ортаның физикалық, химиялық және биологиялық факторлары қандай қауіпті қасиеттерге ие?
3. Қоршаған ортаның химиялық ластануына мысалдар келтіріңдер.



### § 3. Өртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету

**Тақырыпты оқу нәтижесінде:**

- электрмен, тұрмыстық газбен қауіпсіз жұмыс істеудің негізгі ережелерін;
- тұрмыстық химия, техника құралдарының адам денсаулығына әсері туралы білетін боласыңдар;
- тұрмыстағы төтенше жағдайлардың негізгі себептерін түсінесіңдер.

Бүгінде адамдар қалада көпқабатты үйлердегі пәтерлерде қоныстанса, қала маңында немесе ауылдық жерлерде жеке үйлерде тұрады.

Көпқабатты үйлердегі пәтерлер сумен, жылумен, электр энергиясымен, байланыс құралдарымен, тіршілік өнімдері қалдықтарын шығару желілерімен қамтамасыз етілген. Мұнда адамның қауіпсіздігі коммуналдық шаруашылық жағдайына байланысты. Бір подъездегі пәтерлердің коммуналдық желілері, желдету жүйелері өзара байланысты етіп жасалатындықтан, олар орын алатын апаттық жағдайлар бірден бірнеше қабаттарда таралуына тым қолайлы болып табылады.

Қоқыс құбыры арқылы от санаулы секунд ішінде бірінші қабаттан соңғы қабатқа дейін жетіп, барлық жерде өрт ошағын тудыруы мүмкін. Пәтерлердің түрлі мақсаттағы желілермен жабдықталуы қарапайым апаттардың аралас түрге өтуіне жағдай жасайды.

*Тұрғын үйді сауатсыз пайдалану елеулі қауіпті салдарға әкелуі мүмкін. Бұған жол бермеу үшін отпен, шаруашылық қажеттіліктерге арналған химиялық препараттармен жұмыс істеу, су, газ, электрмен жабдықтау жүйелерін пайдалану кезінде алдын алу сипатындағы шараларды қатаң сақтау қажет.*

#### **Электр энергиясы және тұрмыстық газбен қауіпсіз жұмыс жүргізу**

Электр тогының әсерінен жарақат алудың басты себептерінің бірі – электр қауіпсіздігі ережелерін дұрыс білмеу.

Электр тогымен зақымданудың негізгі себептері кернеулі тетіктерге кездейсоқ жанасу, жұмыс жасау кезінде жөнделіп жатқан жабдықты (аспаптарды) кездейсоқ іске қосу, сымдардың тұйықталуы нәтижесінде кернеудің пайда болуы, оқшаулаудың зақымдануы болып табылады.

#### *Электр энергиясымен қауіпсіз жұмыс істеу қағидалары*

– Пәтердегі ток желісіндегі қысқа тұйықталудан қорғаудың техникалық құралдары (автоматты ажыратқыштар, тығындық сақтандырғыш-

тар) өрқашан жарамды болуы тиіс. Бұл ретте техникалық блоктауды айналып өтетін құрылғыларды қолданбаңдар.

– Кернеуде тұрған кезде зақымдалған ажыратқыштарды, розеткаларды, шам патрондарын, аспаптар мен шырағандарды жөндеуге, алмастыруға болмайды. Бұл жұмыстарды тек желіні өшіргеннен кейін ғана орындау қажет.

– Электр сымдарының, электр аспаптарының, сондай-ақ оларды желіге қосатын өткізгіш баулардың оқшаулағышының жарамды екенін тексеріп отырған жөн. Сым немесе өткізгіштің оқшаулағышының зақымдануы анықталған жағдайда, оны электр желісінен ажырату және ашық тұрған орынды оқшаулау таспасының 2–3 қабатымен ептілікпен тығыз орау қажет.

– Электр құралдарын электр желісіне қосу тәртібін мүлтіксіз сақтау керек: алдымен бау аспапқа, содан кейін желіге қосылады. Аспапты ажырату кері тәртіппен жүргізіледі.

– Ақаулы электр құралдарын, штепсель қосқышының орнына қаптамасы жоқ сым өткізгіштерді пайдалануға болмайды.

Газ плиталары тамақ дайындауда кеңінен қолданылады. Алайда бұл техниканың елеулі кемшіліктері де бар. Газ жанған кезде ауаға оның толық жанбайтын өнімдері, атап айтқанда, көміртегі тотығы таралады. Ол қатты улануға себеп болуы мүмкін.

*Иісті газдың жағымсыз өсерінің алдын алу үшін газ плиталарын пайдалану ережесін сақтаған маңызды:*

– газ кранын ең шегіне дейін ашпау керек, себебі газдың тым қатты ағыны кезінде жанарғыдан жалын ұшуы мүмкін, ал бұл жану аймағындағы температураның төмендеуіне және ауаға көміртегі тотығының көп бөлінуіне алып келеді;

– плитаның жарамдылығын бақылау керек: егер жану кезінде жалын сары түсті болса, плитаның жарамдылығын тексеру үшін маманды шақырған дұрыс; ақауды тез арада жою керек, себебі жанарғылар нашар жұмыс істегенде ауаға газдың толық жанбаған өнімдерінің түсуі артады;

– жанып тұрған газ плиталарын қараусыз қалдырмау керек; оның үстінде қайнап жатқан сұйықтықтарды үнемі қадағалап тұрған жөн, себебі қайнаған кезде сұйықтық төгіліп, отты өшіріп тастауы, соның өсерінен газдың таралуын тудыруы мүмкін;

– газды су жылытқышты пайдалану ережелерін мұқият сақтау керек; газды жақпастан бұрын, түтін мұржасының ауаны тартуы жеткілікті дәрежеде екендігін тексеріп алу қажет.

Газ баллонын қолданғанда оны лақтыруға, соғуға болмайтынын есте сақтаған маңызды. Баллонды қызбайтын орынға қою керек, себебі онда жарылғыш зат барын ұмытуға болмайды. Газ баллондарын тік жағдайда, арнайы желдетілетін жәшікте (үйден тыс) немесе арнайы үй-жайда, жер деңгейінен төмен емес (баллон газы ауадан ауыр болғандықтан, ағу кезінде төмен жерлерге жиналады) орында ұстау қажет. Пайдаланылған баллондарды жинамай, бірден қайта құюға жіберу қажет, себебі әрбір баллонда аздап сұйық газ қалады, ол ағып кетуі мүмкін, бұл жалын ұшқыны кезінде қауіпті. Газ шығарып тұрғандығын сабынды көбік арқылы анықтауға болады.

**!** Газ шығарып тұрғандығын ашық отпен тексеруге мүлдем болмайды.

### **Тұрмыстық химия құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары**

Бүгінде үй күтімі бойынша химиялық құралдардың түрлері кең таралған. Бірақ соңғы уақытта көптеген тұтынушылар үшін олардың тиімділігі мен үнемділігінен бөлек, экологиялық қауіпсіздігі де таңдау кезінде маңызды көрсеткішке айналды. Химиялық заттарды таңдағанда оның құрамын мұқият оқу қажет. Құрамында натрий гипохлориті, анионды беттік-белсенді заттар (А-ПАВ), хлор, фосфаттар, мұнай-химия өнімдері, нитробензол, формальдегид және басқа да зиянды компоненттер бар заттарды сатып алуға болмайды, себебі бұл заттар адам мен қоршаған ортаға қауіпті.

#### *Тұрмыстық химия құралдарын пайдалану ережелері*

– Тазалау құралдарын пайдалану кезінде үнемі жеке қорғаныс құралдарын (қолғап, таңғыш) пайдалану керек. Құралдың құрамы агрессивті болмаса да, оның теріге жанасуы және тыныс алу мүшелеріне енуі қауіпсіз болады деп айту мүмкін емес.

– Құралдарды тек мақсатына сай қолдану қажет. Желдетуді қажет ететін құралдарды жабық бөлмелерде пайдаланбау керек.

– Құралдарды қолданғанда ашық от пен тікелей күн сәулесінен аулақ болу керек, себебі сауыт ішіндегі температураның әсерінен химиялық реакция жүріп, оның салдары қауіпті болуы мүмкін.

– Қолдану мөлшері мен сақтау мерзімі бойынша нұсқауларды ескерген дұрыс. Ластанудың әр түрі үшін қолданылатын химиялық құралдың мөлшері әртүрлі болады. Ұсынылған концентрация мен пайдалану жиілігін сақтау кез келген бетті тиімді тазалауға және құралды үнемді жұмсауға көмектеседі.

– Жарамдылық мерзімі өткен тұрмыстық химия құралдарын пайдалануға болмайды. Құрал өзінің тиімділігін жоғалтып қана қоймай, кейбір жағдайларда зиян да келтіруі мүмкін.

– Өңделетін беттен тазалау құралын кетіруге мұқият назар аудару керек. Тұрмыстық химия құралдарының көпшілігін бірнеше рет шаю қажет, себебі құрамына кіретін кейбір элементтер бетте жабысып, жиналып қалуы мүмкін.

– Ешқашан тұрмыстық химия құралдарын қараусыз немесе кішкентай балалар үшін қолжетімді жерде қалдыруға болмайды. Оларды балалар мен үй жануарлары үшін қолжетімсіз орында сақтау керек.

– Тұрмыстық химия құралдарын ашық түрде сақтауға болмайды. Ашық ауадағы кез келген зат буланады: құралдың негізгі компоненттері «ұшып кетеді» де, оның тиімділігі төмендейді. Сондай-ақ буланған заттар ауа құрамында ұзақ сақталып, тыныс алу кезінде адам ағзасына оңай түседі.

– Тұрмыстық химия құралдарын тамақ өнімдеріне жақын жерде пайдалануға және сақтауға болмайды. Тіпті олардың микроскопиялық тамшыларының өзі тамақ өнімдеріне, кейіннен адам ағзасына түсіп, қатты улануды тудыруы мүмкін.

### **Компьютерді пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары**

Компьютерді пайдалану кезінде денсаулыққа зиян келтірмеу үшін қарапайым қауіпсіздік шараларын әрдайым есте сақтау қажет. Компьютердің бірден байқалмайтын жанама зияны адамның көру мүшесі мен психикасына көп мөлшердегі кері жүктемесі болып табылады. Монитордағы көптеген бөлшектерге және суреттердің ауысуына үнемі назар аудару қажеттілігі шаршауға себеп болады.

Компьютерде жұмыс істеуді бастамас бұрын, оның алдына дұрыс орналасу қажет (3-сурет).

Пернетақтаны үстелдің шетінен 20–30 сантиметр алыс орналас-тыру керек; орындықты арқа оның арқалығына сәл ғана сүйенетіндей етіп қою керек. Отырғыштың биіктігі отырғанда сымбатты дұрыс ұстауға мүмкіндік беруі тиіс; шынтақтар тік бұрыш жасап бүгіліп, үстел үстін-

де тұрғанда қолда талығу сезілмеуі тиіс; шынтақтар креслоның қолсүйегішінде немесе үстел бетінде тұрақты орналасуы қажет. Олардың орналасуы тінтуір қозғалғанда айтарлықтай өзгермегені жөн; аяқтар қатты бетке тіреледі, оларды өз астына емес, алға қарай тура ұстау қажет. Егер пайдаланушы көзілдірік киетін болса, онда экранның көлбеу бұрышын еркін реттеуге мүмкіндік болуы тиіс. Сағат сайын креслодан тұрып, бұлшықеттер мен буындарды жазу керек. Өйткені қозғалмауына байланысты олар өздеріне тән емес сипатта ауыр жүктеме сезінеді. Міндетті түрде көзді ашып, қарашығымен дөңгелек және сызықты қозғалыстар жасау, жыпылықтау, бақылау фокусын ауыстыру сияқты жаттығулар жасау керек.



3-сурет

Экран терезе жаққа бағытталмауы керек. Қараңғы немесе жартылай қараңғы бөлмеде жұмыс істеуге болмайды. Монитордың шаңын уақытылы сүртіп отыру керек. Бөлмеде күн сайын ылғалды тазалау жүргізілуі тиіс.

Белгіленген нормаларға сәйкес жоғары сынып оқушыларының компьютердегі үздіксіз жұмысының ұзақтығы 25 минуттан аспауы қажет.

#### Қорытынды:

1. Суды, электр және газды пайдалануды қамтамасыз ететін түрлі құрылғылар мен тұрмыстық аспаптар адамның өмірі мен денсаулығына елеулі қауіп төндіруі мүмкін.
2. Тұрмыстағы төтенше жағдайлардың көпшілігі абайсыздықтан, мұқият болмаудан және немқұрайлылықтан туындайды.

Түрлі дерек көздерінен алынған материалдарды пайдалана отырып, берілген тақырыптардың біріне хабарлама дайындаңдар:  
«Тұрмыстық химия құралдарын қолдану кезіндегі жеке қауіпсіздік»;  
«Газ плиталарын қолдану кезіндегі жеке қауіпсіздік».



Электр	Электричество	Electricity
Тұрмыстық газ	Бытовой газ	Household gas
Тұрмыстық химия	Бытовая химия	Household chemicals
Жарақаттану	Травматизм	Traumatism



1. Мектептеріңдегі қауіпті болуы мүмкін орындарды атаңдар.
2. Тұрмыстық газ несімен қауіпті? Оны қауіпсіз пайдаланудың қандай шараларын білесіңдер?
3. Қандай тұрмыстық химия құралдарын қолданасыңдар? Олармен қауіпсіз жұмыс істеудің қандай шараларын сақтау қажет?



#### § 4. Техногендік сипаттағы қауіптілік

##### **Тақырыпты оқу нәтижесінде:**

- өнеркәсіптік авариялардың сипаттамасын және олардың ықтимал салдарын;
- қауіпті өндіріс нысандарындағы өртке қарсы қауіпсіздік ережелері туралы білетін боласыңдар;
- ірі өндірістік апаттардың пайда болуының негізгі себептерін түсінесіңдер.

##### **Өнеркәсіптік авариялар, олардың қысқаша сипаттамасы және ықтимал салдары**

**Өнеркәсіптік авария** – өнеркәсіптік нысанда, техникалық жүйеде немесе өнеркәсіптік қондырғыда орын алып, материалдық құндылықтардың зақымдануына немесе жойылуына, адамдардың зақымдануына немесе өліміне әкеп соғатын авария.

Өнеркәсіптік авариялар химиялық, радиациялық қауіпті нысандардағы, биологиялық, гидродинамикалық, көліктік авариялар болып бірнеше түрге бөлінеді. Олардың зардаптарының сипаты авария түріне, оның ауқымына және авария туындаған кәсіпорынның ерекшелігіне байланысты.

*Химиялық авария* кәсіпорындағы техникалық үдерістің бұзылуынан, заттар орналастырылатын ыдыстардың, қоймалардың және басқа да құрал-жабдықтың зақымдануынан болады. Нәтижесінде атмосфераға адамдардың өмірі мен денсаулығына, биосфераның қызметіне қауіп төндіретін мөлшерде авариялық химиялық қауіпті заттар (АХҚЗ) шығарылады. Ең көп таралған АХҚЗ-лар – хлор, аммиак, күкіртсутек, синиль қышқылы, фосген және т.б.

*Радиациялық қауіпті нысандардағы (РҚН) авариялар* өндірісте радиобелсенді заттардың немесе сәулеленудің қауіпсіз шектен артуымен сипатталады. Нәтижесінде жақын орналасқан елді мекен қоныстанушылары сәулеленуге ұшырайды. Радиация ағзаға әсер еткенде ішкі мүшелер зақымданады, сәуле ауруы дамиды. Радиациялық әсер әсіресе үлкен радиациялық апат кезінде кең аумақты радиобелсенді бүліну жағдайында (1986 жылы болған Чернобыль атом электрстанциясындағы апатқа ұқсас) қоршаған орта үшін де қауіпті.

*Көліктік авариялар* да өндірістік аварияларға жатады. Оның салдарынан адамдар әртүрлі дәрежедегі жарақаттар алып, күйкке шалынады. Әуе кемелерін, теміржол, автомобиль көліктерін және су кемелерін қоса алғанда көліктің кез келген түрі қауіп тудыруы мүмкін.

Тұрғындар үшін қоршаған ортаға патогенді биологиялық агенттері (ПБА) бар препараттарды – бактериялар, вирустар, риккетсиялар, саңырауқұлақтар, микоплазмалар, токсиндер мен биологиялық текті улар, сондай-ақ микроорганизмдер шығаратын (тарататын, тастайтын) *биологиялық авариялар* елеулі қауіп төндіреді.

Мұндай авариялар эпидемиялық қолайсыз өңірлерден түсетін биологиялық материалмен жұмыс істейтін микробиологиялық зертханаларда, коллекциялық патогенді биологиялық агенттердің қоймаларында, тірі вакциналар өндірісінде болуы мүмкін. Оларға ұзақ даму уақыты, зақымдану көріністерінде жасырын кезеңнің болуы, тұрақты сипаты және пайда болған жұқтыру ошақтарының нақты шекараларының болмауы, қоздырғышты (токсинді) анықтау және сәйкестендіру қиындығы тән.

### **Өрт және жарылыс қаупі бар нысандардағы авариялар**

Өнеркәсіптік кәсіпорындардағы, көліктегі және қойма үй-жайларындағы өрттер мен жарылыстардың ең көп таралған себептері өндіріс қызметкерлерінің өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауы, жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу кезіндегі технологиялық бұзылулар, ақаулы жабдықтарды пайдалану, ғимараттарды (құрылыстарды) жобалау және құру кезіндегі қателіктер болып табылады.

Өрт пен жарылыстар көбінесе жарылғыш және тез тұтанатын заттар пайдаланылатын кәсіпорындарда, өндірістік үдерісте, сондай-ақ теміржол және құбыр көлігін пайдалана отырып, жарылу қаупі бар заттарды тасымалдау (айдау) кезінде орын алады.

Өрт және жарылыс қаупі бар нысандарға химия, мұнай-газ өңдеу, целлюлоза-қағаз, тамақ, лак-бояу өнеркәсібі, шикізат немесе энергия тасымалдаушы ретінде газ және мұнай өнімдерін пайдаланатын кәсіпорындар, жарылыс және өрт қаупі бар заттарды тасымалдайтын көліктің барлық түрлері, отын құю станциялары, газ және өнім құбырлары жатады.

Зауыттық концентрацияланған өндіріс жағдайында жанбайтын заттардың өзі қауіпті болады. Мысалы, ағаш, көмір, шымтезек, алюминий, ұн және қант тозаңдары жарылады және жанады. Сондықтан да өрт және жарылыс қаупі бар нысандарға көмір тозаңын, ағаш ұнын, қант ұнтағын дайындау цехтары, ұн тарту кәсіпорындары, ағаш кесу және ағаш өңдеу өндірістері де жатқызылады.

Мұндай кәсіпорындардағы авариялар нәтижесінде жоғары температурадан олардың элементтерінің жануы немесе деформациясы салдарынан ғимараттар мен құрылыстардың қирауы (зақымдануы) туындайды. Отын-ауа қоспаларының, уытты заттардың бұлттары пайда болады, қызып кеткен сұйықтығы бар құбырлар мен ыдыстар жарылады. Мұндай өрт аймағында адамдар көбінесе ашық өрт, жалын, жоғары температура, жанғанда бөлінетін улы өнімдер, түтін, оттегі концентрациясының төмендеуі және құлаған бөліктер мен құрылыстардың (құрылымдардың) әсерінен зардап шегеді.

Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі ережелері әрбір азаматты өртті немесе жану белгілерін (түтіндеу, күйік иісі, температураның көтерілуі және т.б.) анықтаған кезде дереу бұл туралы телефон арқылы өрт сөндіру қызметіне хабарлауға, сондай-ақ мүмкіндігінше адамдарды эвакуациялау, өртті сөндіру және материалдық құндылықтарды сақтау жөнінде шараларды іске асыруға міндеттейді. Мұндай жағдайда өрт сөндіру қызметіне хабарлай отырып, қолда бар құралдарды (өртсөндіргіштер, ішкі өрт крандары, жапқыштар, құм, су және т.б.) пайдаланып, өртті сөндіруге (оқшаулауға) әрекет ету керек.

### **Гидродинамикалық авариялар**

***Гидродинамикалық авариялар** – нәтижесінде апатты су басу орын алуы мүмкін гидродинамикалық қауіпті нысандардағы авариялар.*

Гидротехникалық құрылыстардың қирауы (бұзылуы) табиғат күштерінің (жер сілкіністері, дауылдар, бөгеттерді шайып кету) немесе адамның әсері (гидротехникалық құрылыстарға, ірі табиғи бөгеттерге қарумен соққы беру, диверсиялық актілер жасау), сондай-ақ конструктивтік ақаулар немесе жобалау қателіктері салдарынан болады.

Гидродинамикалық қауіпті нысандардағы авариялар кезінде судың (су көлемінің) тез құлауы нәтижесінде жойқын толқын пайда болады. Зақымдаушы әрекет адамдар мен құрылыстарға үлкен жылдамдықпен қозғалған су массасының тікелей құлауы (соқтығысуы) және ғимараттар мен құрылыстар сынықтарының, басқа да заттардың қарқынды ағыны (қозғалуы) түрінде болады. Апаттық су басу кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығына жойқын толқынның әсерінен басқа, судың суықтығы, адамға шамадан тыс жүйке-психикалық күш түсуі, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін жүйелердің бұзылуы (су басып қалуы) да қауіп төндіреді.

Апатты су басу аймақтарында сумен жабдықтау, кәріз, ағызу коммуникациялары, қоқыс және басқа да қалдықтарды жинау орындары да жойылуы (шайылуы) мүмкін. Салдарынан ластану нәтижесінде жұқпалы аурулардың пайда болу және таралу қаупі артады. Бұған сондай-ақ тұрғындардың өмір сүру, материалдық-тұрмыстық жағдайлары айтарлықтай нашарлаған күйде шектеулі аумақтарға жиналуы да ықпал етеді.

*Алдын алу шаралары:*

1. Өздерің үйреніп, кейін отбасы мүшелерін жойқын толқын мен су басу әсер еткен кезде өзін-өзі ұстау ережелерімен, жалпы және жеке эвакуациялау тәртібімен таныстырыңдар.

2. Эвакуацияланушыларды жинау орнын алдын ала анықтаңдар, эвакуациялау кезінде алып жүруге қажетті құжаттар мен мүліктің тізбесін жасаңдар.

3. Қайықтардың, салдардың, басқа да жүзу құралдарының және оларды дайындау үшін қажетті қолда бар материалдардың тұрған жерін есте сақтаңдар.

#### **Қорытынды:**

1. *Өрт, жарылыс санын қысқарту үшін олардың пайда болу себептерін анықтауды, сондай-ақ олар болған жағдайда дұрыс әрекет етуді үйрену қажет.*

2. *Қауіпсіздік шараларын сақтау өндірісте аварияның орын алуын болдырмаудың негізгі критерийі болып табылады.*

Өздерің тұратын қала немесе аймақтағы ықтимал қауіпті нысандар санатына жататын кәсіпорындар тізімін құрыңдар.



Түрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, XXI ғасырдағы ең ірі апаттар туралы ақпарат дайындаңдар.



Кәсіпорын	Предприятия	Enterprises
Авария түрлері	Виды аварий	Types of accidents
Өрттер	Пожары	Fires
Жарылыстар	Взрывы	Explosions
Су басу	Затопления	Floods



1. Өнеркәсіптік аварияға сипаттама беріңдер.
2. Қандай кәсіпорындар ықтималды қауіпті нысандар санатына жатады?
3. Радиациялық қауіпті нысандардағы аварияларға қысқаша сипаттама беріңдер.
4. Қандай кәсіпорындар өрт және жарылыс қаупі бар нысандарға жатады?
5. Химиялық авариялардың экологиялық зардаптарының негізгі ерекшеліктері неде?
6. Табиғи сипаттағы қандай апаттар табиғи бөгеттердің пайда болуына әкелуі мүмкін?
7. Су қоймасының көлемі, су қысымы, жердің гидрологиялық және топографиялық ерекшеліктері су басу аймағының параметрлеріне қалай әсер етеді?



## § 5. Экологиялық қауіпсіздік

### **Тақырыпты оқу нәтижесінде:**

- ауа мен суды ластаушы негізгі көздерді;
- адам ағзасына уытты заттардың зиянды әсерін әлсірету ережелерін білетін боласыңдар;
- биосфераның ластану түрлерінің адам ағзасына зиянды әсерін түсінесіңдер.

**Экологиялық қауіпсіздік** – қоршаған ортада экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін және табиғи орта мен адамның тіршілігіне зиянын тигізбейтін жай-күйлер, үдерістер мен іс-қимылдар жиынтығы.

Елдегі ұлттық экологиялық заңнаманы дамыту үшін құқықтық база болатын негізгі заң Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Онда: «Жер және оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар әлемі, басқа да табиғи ресурстар заңмен бекітілген негіздерде, шарттар мен шектерде мемлекет меншігі болып табылады», «ҚР азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті» деп көрсетілген. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі заңның рөлін Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі атқарады.

### **Ауа және судың ластануы**

Атмосфера, гидросфера және жер ресурстарының қазіргі экологиялық жағдайы жаһандық экологиялық мәселе болып табылады.

Атмосфераны ластаушы табиғи және антропогендік көздер бар. Табиғи ластаушы көздерге шаңды дауыл, жанартау, өрт, жел, организмдердің ыдырауы жатады. Антропогендік ластаушыларға органикалық отынды жағатын жылу электр станциялары мен жылу орталықтары, автокөлік, қара және түсті металлургия, машина жасау, химия өндірісі, минералдық шикізатты өндіру және қайта өңдеу, ауылшаруашылық өндірісі және құрылыс жатады.

Ауадағы барлық ластанулар адам ағзасына биологиялық әсерін тигізеді: тыныс алу қиындайды, жүрек-қантамыр аурулары асқынып, қауіпті сипат алады. Ауадағы ластағыштардың (күкірт, азот және көміртек тотықтары) әсерінен әртүрлі құрылыс материалдары, әктас пен металдар коррозияға ұшырайды. Өсімдіктер де ауаның ластануына сезімтал.

Түтін (смог) көліктердің пайдаланылған газдарының, көмірсутек пен азот тотығының арасындағы реакцияның нәтижесінде пайда болады.

Қазіргі жағдайда атмосфераға 400 млн тоннадан астам күл, күйе, шаң және әртүрлі қалдықтар мен құрылыс материалдарының бөлшектері түседі. Жоғарыда келтірілген заттардан басқа атмосфераға өзге де уытты заттар: минералдық қышқылдардың булары (күкірт, хром және т.б.), органикалық еріткіштер және т.б. шығарылады. Қазіргі уақытта атмосфераны ластайтын 500-ден астам зиянды заттар есепке алынған.

Өнеркәсіптік аймақтағы халықтың жалпы ауруларының 30 %-ы атмосфераның ластануымен байланысты. Ластанған ауа ең алдымен өкпеге әсер етеді. Тыныс алу мүшелерінің аурулары жедел (суық тию, бронхит, өкпенің қабынуы), созылмалы (созылмалы бронхит, демікпе) және онкологиялық – өкпе обыры деп бөлінеді.

Адамның шаруашылық қызметі құрлықтағы су қоймаларындағы су көлемінің едәуір азаюына алып келді: су айдындары тарылып, шағын өзендер құрғауда, құдықтар кеуіп жатыр, жерасты суларының деңгейі төмендеуде. Жерасты сулары деңгейінің азаюы сол маңдағы шаруашылықтардың өнімділігін азайтады.

Антропогендік қызмет жерүстімен қатар, жерасты су көздерінің де ластануына әкеп соғады. Гидросфераны ластаудың негізгі көздері энергетикалық, өнеркәсіптік, химиялық, медициналық, қорғаныс, тұрғын үй-коммуналдық және басқа да кәсіпорындар мен нысандарды қолдану үдерісінде пайда болатын шығарылған сарқынды су, құрлықта және суда болатын авариялар мен апаттар, түрлі заттармен ластанған атмосфералық ауа болып табылады.

Сарқынды су және су көздерін өңдеу әдістерінің жетілдірілмегендігі химиялық заттардың ауыз суға түсуіне себеп болады. Су ластануының адамға әсері суды ішкенде ғана емес, тұщы және теңіз суларында шомылған кезде де, сондай-ақ тағамға өз ұлпаларында әртүрлі улы заттар жиналған балықты, шаян тәрізділерді және теңіз өсімдіктерін пайдаланған кезде де байқалады.

### **Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді пайдалану**

Өсірілетін дақылдардың өнімділігін және жетілу жылдамдығын арттыруға мүмкіндік беретін заттардың екі негізгі түрі бар: минералды тыңайтқыштар және зиянкестер мен арамшөптерге қарсы құралдар. Минералды тыңайтқыштардың арасында ең кең таралғандары –

азот, фосфор және калий тыңайтқыштары. Бірақ бұл тізім топыраққа енгізілетін осы минералды заттармен шектелмейді. Кальций, йод және Менделеев кестесіндегі басқа да көптеген элементтер нақты бір тыңайтқыштардың құрамына кіруі мүмкін. Өсімдіктер осы заттарды жылдам және тиімді сіңіреді, соның арқасында басқа тыңайтылмаған өсімдіктерге қарағанда жылдам өсіп, көлемі артады. Бірақ топырақ құрамында тыңайтқыштардың көп мөлшерде болуы онда гумус үлесінің қысқаруына әкеледі.

Гумус – табиғи текті, әмбебап және ең тиімді тыңайтқыш. Оны ешқандай заманауи минералды тыңайтқышпен алмастыруға болмайды. Топырақ гумустың үлесі қысқарған кезде құнарсызданады және эрозияға ұшырайды.

Минералды тыңайтқыштардың қолданылуымен байланысты маңызды экологиялық мәселелердің бірі жерасты суларының ластануы болып табылады. Бұл өсімдіктердің азот және фосфорды төмен дәрежеде сіңіруіне байланысты. Олар азоттың тек 40 %-ын ғана сіңіреді, ал қалған 60 %-ы топырақтан суға өтіп, атмосфераға буланады. Азоттың атмосфераға бөлінуі адам үшін де, табиғат үшін де зиянды қышқылды жаңбырға әкеледі. Олар орман жануарларының қырылуына, ағаш ауруларына, металдардың тотығуына және құрылыс материалдарының бұзылуына себеп болады.

Пестицидтер – өсімдіктерді түрлі зиянкестерден, арамшөптерден қорғау құралдары. Адам ағзасына пестицидтер тікелей көкөніс, жеміс және дәнді дақылдар арқылы түседі. Адам ағзасына түскен пестицидтер уландырып, адам шығынына алып келуі мүмкін. Тіпті аз мөлшерде олар қатерлі ісік ауруларын, мутациялар мен иммунитеттің жалпы төмендеуін тудыратын жоғары уытты канцерогендер болып саналады.

Өнімдегі пестицидтердің құрамын азайту үшін оларды мұқият жуу керек, өйткені олардың басым бөлігі өнімнің бетінде жиналады. Қабығын алып тастау (аршу) мүмкіндігі болған жағдайда, әсіресе өнімнің қандай жағдайда өсірілгені белгісіз болғанда, оларды аршып пайдалану қажет.

Пестицидтермен улануда алғашқы көмек көрсетудің және емдеудің жалпы тәсілдері ағадан уды дереу шығару, оны тез зарарсыздандыру, кейіннен симптоматикалық емдеу болып саналады.

### Топырақтың ластануы

Адамның өнеркәсіптік қызметінің нәтижесінде топырақтың ластануы орын алады, бұл ауылшаруашылығына жарамды жерлердің қысқаруына әкеледі. Өнеркәсіптік қалдықтардың негізгі түрлері: жылу электр станциялары мен металлургиялық зауыттардан шыққан қождар, тау-кен өндірісі кәсіпорындары мен тау-кен байыту комбинаттарынан шыққан жыныс үйінділері, құрылыс қоқыстары және т.б.

Топырақтың мұнай өнімдерімен және басқа да химиялық заттармен ластануы ерекше топқа кіреді. Олар топырақтағы микроорганизмдерге және өсімдіктердің тамыр жүйесіне залал тигізеді. Топырақтың мұнай және мұнай өнімдерімен ластануының экологиялық салдары ластану параметрлеріне, топырақтың қасиеттері мен сыртқы орта сипаттамаларына байланысты болады.

Топырақ ядролық сынақтардан кейін радиобелсенді қалдықтармен және атмосфералық радиобелсенді шөгінділермен бірге түсетін радиобелсенді заттарды құрамына жинақтайды. Радиобелсенді заттар тағам тізбегіне түсіп, тірі ағзаларды зақымдайды.

Топырақтың ластануының негізгі қаупі атмосфераның жаһандық ластануымен байланысты. Антропогендік ластанудың ұзақ әсері білінбеуі мүмкін, бірақ ерте қартаюға және өмір сүру ұзақтығының қысқаруына, онкологиялық аурулардың пайда болу ықтималдығының өсуіне әкеп соғады.

Экологиялық патология жаңа, ерекше аурулардың пайда болуы, белгілі аурулар ағымының ерекше болуы, сондай-ақ бірқатар аурулардың (қант диабеті, гипертониялық ауру, миокард инфарктісі) «жасаруымен» анықталады.

#### Қорытынды:

1. Адамның шаруашылық іс-әрекеті биосфераның ластануының негізгі көзіне айналуға.
2. Тіршілік ортасын сақтау – бірінші кезекті мәселе.

«Адам қызметінің нәтижесінде атмосфераның ластануын азайту жолдары» мәселесіне ұсыныстар дайындаңдар.



Өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорынның, қаланың табиғи су көздерін тұтынуы мен ластауының технологиялық тізбегін құрындар.



Ішуге, тамақ дайындауға, жеке гигиенаға, шаруашылық қажеттіліктеріне жұмсалатын суды есептеп, тәуліктік тұтынатын су мөлшерін анықтандар. Өрі қарай қала, ауыл бір тәулікте, айда, жылда қанша су жұмсайтынын шамамен есептеп көріңдер.



Қосымша әдебиеттер мен Қазақстанның жер ресурстарының картасын пайдаланып, еліміздің жалпы ауданына қатысты:

- 1) ауылшаруашылық алқаптарының ауданын;
- 2) егістік жерлердің ауданын;
- 3) бүлінген және ластанған жерлердің ауданын анықтаңдар.



Экологиялық қауіпсіздік	Экологическая безопасность	Ecological safety
Топырақтың ластануы	Загрязнение почвы	Contamination of soil
Минералды тыңайтқыштар	Минеральные удобрения	Mineral fertilizers
Биосфера	Биосфера	Biosphere



1. Биосфераның ластануының себебі қандай?
2. Қоршаған орта ластануының адам денсаулығына әсері неден көрінеді?
3. Атмосфераға антропогендік әсер етудің салдары қандай?
4. Қазақстан Республикасының қай заңы қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы саласындағы қатынастарды реттейді?
5. Неге жол бойындағы саңырауқұлақ, жидек, жемістерді жинауға болмайды?



## § 6. Табиғи жағдайда автономды өмір сүру

### **Тақырыпты оқу нәтижесінде:**

- мәжбүрлі автономия жағдайында өмір сүру тәсілдерін;
- алып жүретін авариялық қордың құрамы мен оны дайындау тәртібін білетін боласыңдар;
- табиғи жағдайда автономды өмір сүруге белгілі бір дайындық қажеттігін түсінесіңдер.

### **Ерікті және мәжбүрлі автономия**

**Автономды өмір сүру** – адамның немесе адамдар тобының табиғат ортасында қалып, қиын жағдайға тап болғандағы өмір сүру (аман қалу) әрекеттері. Ол ерікті немесе мәжбүрлі болуы мүмкін.

**Ерікті автономия** – адам немесе адамдар тобының өз еркімен, белгілі бір мақсатпен табиғи жағдайға ауысып, өз бетінше өмір сүруге көшуі.

Табиғи ортада өз еркімен қалу мақсаттары әртүрлі болуы мүмкін: белсенді саяхат, жиһанкездік, жеке спорт түрлері және т.б. Мұнда алға қойылған мақсаттарды ескере отырып, жан-жақты дайындық жүргізіледі: қажетті жабдықтар мен киім таңдалады; баратын (жүріп өтетін) орынның ерекшеліктері зерттеледі; алдағы қиындықтарға физикалық және психологиялық дайындық жүргізіледі.

**Мәжбүрлі автономия** – адамның еріксіз жағдайларға байланысты табиғи ортада қалып, онда өз бетінше өмір сүруге мәжбүр болуы. Мұнда ол бұл жағдайға дайындалмаған күйде түседі, сондықтан қауіпсіздік оның психологиялық жағдайына, осы экстремалды жағдайдан шығу үшін өзінің барлық білімі мен біліктілігін жұмылдыру қабілетіне байланысты болады. Осындай жағдайға тап болған адамдар қоршаған ортаның әсерінен ғана емес, қорқыныш және әлсіздікпен де күресуге мәжбүр болады.

Жеке іс-қимыл жоспарын анықтап, адам әрбір нақты жағдайдан шығу үшін аман қалу тәсілдерін жасай алады. Жоспарды өзірлеу үшін не істеу керектігін нақты білу жеткілікті. Ең алдымен, мүлік, құрал-жабдықтардан не бар екенін анықтау, содан кейін өзге адамдармен байланысуға мүмкіндік беретін сигналдық құралдарды ойластыру, уақытша пана орнату, азық-түлік пен су табу, бағдарлау және кез келген елді мекенге шығу бағытын іздестіруді бастауға болады. Іс-қимыл жоспарын анықтағаннан кейін, аман қалу тәсілдерін ойластыру керек.

## Аман қалу тәсілдері

*Байланыс және сигналдық құрылғылар.* Өзінің орналасқан жерін от жағып немесе түтіндетіп, ағашқа алау жағып, бензин, май сіңдірілген құм салынған ыдысты жағу арқылы білдіруге болады. Қарда немесе ашық жерлерде апат белгілерін ағаш бұтақтарымен, мата қиындыларымен жазу салу арқылы беруге болады. Сигналдық құрамдастырылған патрондар болған жағдайда, белгі беру үшін күндіз ашық қызғылт сары түсті, ал түнде ашық қызыл түсті патрондар қолданылады. Күн шуақты ауа райында апаттық дабыл ретінде айнаның көмегімен күн сәулесін шағылыстыруға болады. Ұшқыш 1–1,5 км биіктікте күннің шағылысқан сәулесін шамамен 20 км қашықтықтан көреді. Айна ретінде консерв құтысын, белбеудің жалпақ айылбасын, шоколад жұқалтырын қолдануға болады.

*Уақытша пана.* Қолда бар немесе табиғи материалдардан жасалады. Ол ең алдымен жауын-шашыннан, қатты желден, күннің тікелей сәулесінен қорғауы керек. Әмбебап құрал ретінде тентті пайдалануға болады. Жерге түрлі бұрышпен орнатылған тент тек қорғап қана қоймай, от жылуын сақтап (4-сурет), жақсы пана бола алады.



4-сурет

Үйме түрінде жиналған құрғақ бұтақтар жақсырақ жанады. Отты қабық, құрғақ ағаштардың түбірі, таяқша немесе жуан арқан көмегімен алуға болады, бірақ ұшқынды алудың ең жақсы тәсілі – тасты тасқа соғу (тас гранит сынығы болуы тиіс, өйткені бор шөгінділерінің тастары жұмсақ келеді, ұшқын бермейді). Ұшқынды болатты болатқа немесе қатты тасты болатқа соғып та алуға болады.

*Тамақ пен су табу.* Су қоры шектеулі болған жағдайда оның шығын нормасын белгілеу, шөлді тудыратын тамақтың мөлшерін азайту қажет. Міндетті түрде күннен қорғайтын пана құру, ыстық уақытта киімді шешпеу керек, жылу жүктемесін минимумға дейін төмендететін әрекеттер тәртібін ұстану керек.

Азық-түлікпен қамтамасыз ету, аштықты басу үшін жас бұтақтар мен ағаштардың, бұталардың жапырақтарын, сондай-ақ өсімдіктер мен жидектерді тамақ ретінде пайдалануға болады. Жидектер мен өсімдіктерді жинау кезінде сақ болу қажет. Көптеген жеуге жарамды өсімдіктердің арасында улылары да бар. Олар ауыр улануға алып келу мүмкін (5-сурет).

УЛЫ ЖЕМІСТЕР



5-сурет

Бұлақ, өзен, көл, тоған сияқты табиғи су қорлары мен көздері, сондай-ақ атмосфералық жауын-шашын (жаңбыр, қар, шық, қырау, мұз) болмаған жағдайда, шөлді басу үшін шырынды жапырақтары мен жидектері бар усыз өсімдіктерді, сонымен қатар ағаштардың жас бұтақтарын пайдалануға болады. Суды зарарсыздандыру үшін табиғи сүзгілерді (құм), пантоцид таблеткаларын (1 л суға 1–2 таблетка, 30 мин. ұстау), йодты (1 л-ге 8–10 тамшы) пайдалану немесе суды қайнату қажет.

Шөлді аудандарда өмір оазис, яғни жерасты сулары немесе жауын-шашын жиі түсуі нәтижесінде жиналған су айдынының айналасында

орналасқан жасыл аралдардың маңында шоғырланған. Мұндай орындардан картасыз және тұщы су қорынсыз кетпеген жөн, өйткені бір оазистен екінші оазиске дейінгі жол көбінесе өте ұзақ.

Шөл далада судың бар-жоғын аңдар мен құстардың мінез-құлқын, ерекетін бақылай отырып аңғаруға болады. Аң іздері, олардың тезегі, құмдағы індер осы жерде тіршілік нәрі бар екенін көрсетеді, демек жақын жерде аз болса да, су көзі болуы мүмкін. Сондай-ақ су көзінің бар-жоғын таңсәріде немесе күн батқанда аспанда шоғырланып айнала ұшқан құстардың үйірі, сонымен қатар тал, пальма, ақбадам, үш қырлы терек, қоға, рауғаш сияқты өсімдік түрлерінің өскені дәлелдейді.

Егер жақын жерде су айдыны (өзен, көл) байқалса, онда бұтақтардың (ағаш жөкесінен қармақ жасап, ал жылтырауығы ретінде түйме, түйреуіш немесе кез келген жылтырайтын затты пайдаланып) көмегімен балық аулауға да болады.

Құстарды аулау үшін бұтақ немесе жөкеден қақпан, есігі жабыла қалатын тор, жасауға болады.

### Алып жүретін авариялық қор

**Алып жүретін авариялық қор** – бұл адамның күтпеген қиын жағдайлар үшін өзімен бірге алып жүретін құралдар, материалдар, азық-түлік өнімдері, дәрілердің және т.б. бөлек жинақталған ең аз мөлшерлі жиынтығы (6-сурет).

Әрбір нақты алып жүретін авариялық қордың құрамы жоспарланған жағдайларға (баратын жер ерекшеліктеріне), шектеулі салмаққа, көлемге және басқа да көптеген факторларға байланысты. Әдетте оған кесетін құрал (пышақ және т.б.), жеке ерекшеліктер мен кезітетін жағдайларды есепке ала отырып, алғашқы

көмек қобдишасы, жоғары калориялы тамақ (концентраттар, шоколад, қант, қақталған ет), сондай-ақ осы нақты жағдайларда қажетті арнайы компоненттер (су, қару, от көзі, балық аулау құралдары, электрмен қоректендіру элементтері, компас, сигналдық құралдар және т.б.) кіреді. Жинақтың құрамы белгілі бір уақыт кезеңіне байланысты есеп-



6-сурет

теледі, сол уақытта өмір сүруге жеткілікті болуы қажет. Бұл уақыт жиынтық сипаттамасында және әдетте оның таңбалау белгісінде көрсетіледі. Алып жүретін авариялық қордың ерекшелігі оның ықшамдылығында (шағын өлшемді және салмағы аз). Бұл оны үнемі алып жүру кезінде ыңғайлы.

Алып жүретін авариялық қорды таңдау дайындық деңгейіне байланысты. От жағу үшін біреу сіріңке қорабын толық жұмсаса, ал біреу бір сіріңкемен-ақ жаға алады. Алып жүретін авариялық қорды өз бетінше дайындау үшін футляр ретінде сабын қорабын немесе жеке дәрі қобдишасының құтысын пайдалануға болады.

Туристік жорыққа арналған алып жүретін авариялық қордың үлгілік құрамы: 3–5 сіріңке, полиэтиленге дәнекерленген күкірт тұтандырғыш, дезинфекцияланған және балауыз қағазға оралған өткір жүз (ұстара жүзі), 2–3 ине және 2 метр жіп, 2–3 түйреуіш, компас нұсқары, шырақ, 3–4 қармақ, 3–4 жүкше және 2 метр қармақ қылы, ауа шары (суға арналған авариялық ыдыс).

**Қорытынды:**

1. *Адам әрдайым белгілі бір дәрежеде табиғи жағдайда дербес өмір сүруге дайын болуы керек.*
2. *Табиғи жағдайда жалғыз қалған адам ұзақ уақыт бойы өз күшін сақтап, өзін қолайсыз табиғат факторларынан қорғай алады.*

Медициналық қобдишаның және өздерің дайындаған авариялық қордың су, ауа өткізбейтіндігін тексеріңдер.



Туристік жорыққа қажетті медициналық қобдишаның құрамында болуы керек дәрі-дәрмек тізімін жасаңдар.



Салдарынан экстремалды жағдай пайда болуы мүмкін себептердің әрқайсысы бойынша қорытынды жазыңдар. Ойларыңды түсіндіріңдер. Экстремалды жағдайлардың адамның мамандығымен байланысы:

- біліктілігінің жеткіліксіздігі;
- сыртқы жағдайлардың күрт өзгеруі;
- техниканың, көлік құралының істен шығуы.



Автономды өмір сүру	Автономное существование	Autonomous existence
Аман қалу тәсілдері	Способы выживания	Methods of survival
Уақытша пана	Временное укрытие	Temporal shelter
Авариялық қор	Аварийный запас	Emergency stock
Сигналдық құрылғылар	Сигнальные устройства	Alarm devices



1. Адам қандай жағдайда табиғи ортада мәжбүрлі автономия күйіне түсіп қалуы мүмкін?
2. Өртүрлі табиғи аймақтарда аман қалу үшін қандай тәртіп ережелерін ұстану қажет?
3. Адамға қиындықтарды жеңуде қандай қасиеттер көмектеседі?
4. Табиғи ортада адамның дербес өмір сүруіне мысалдар келтіріңдер.



## § 7. Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері

### **Тақырыпты оқу нәтижесінде:**

- көшеде, қоғамдық және адамдар көп жиналатын орындарда өзін-өзі қауіпсіз ұстаудың негізгі ережелерін;
- өз елді мекендеріндегі қауіпті және қауіпсіз жерлерді *білетін боласыңдар*;
- туындайтын жағдайларды *болжай аласыңдар*.

Жеке бастың қауіпсіздік ережелерін білу және әрдайым абай болу криминогендік жағдайлардың құрбаны болу қаупінің алдын алады. Криминогендік жағдайға душар болған адамға өмірлік маңызы бар нақты ұсыныс айту мүмкін емес, себебі мұндай жағдайлар көптеген факторларға байланысты болады. Сондықтан әрдайым өз қала не аудандарыңда орын алған қандай да бір оқиға, жайт негізінде қалыптасқан тәжірибеге сүйенген жөн. Қандай да бір оқиғаны талдап, саралаған соң, өзін-өзі ұстауға арналған ережелеріңді жасай аласыңдар.

### **Көшедегі қауіпсіздік**

Көшеде бұзақы, тонаушы немесе маньяктің құрбаны болмау үшін келесі ережелерді ұстану қажет:

- үйге тым кеш уақытта оралу керек болса, қымбат киім киіп, қымбат әшекей тақпаңдар;
- ешқашан ақшаны бәріне көрсетіп санамаңдар, қалтадан шығарып айналадағыларға көрсетпеңдер; ұры оңай түсетін қалтада ақша ұстамаңдар;
- дүкен, базар, қоғамдық көлік секілді адам көп болатын жерде сөмкелерің мен қалталарыңа сақ болыңдар;
- үйге кеш оралатын болсаңдар, шығар алдында туған-туысқандарыңа қоңырау шалыңдар, ересектердің біреуі қарсы алсын; өз шағын аудандарыңның тіршілігі туралы білетіндеріңді пайдаланыңдар;
- қауіпсіз маршрутты таңдаңдар, өтпелі аула немесе адам жүрмейтін көшелермен жүрмеңдер;
- жолда қол бұлғап көлік тоқтатпаңдар, бейтаныс адамның апарып тастау туралы ұсынысын қабылдамаңдар;
- көшеде бөтен адамдармен ашық сөйлесуге болмайды; өздерің тұратын мекенжай мен үй телефоның қажеттілігі болмаса, ешкімге бермеңдер;

– өздеріңді айналада болып жатқан жағдайлардан шеттетпеңдер: ұялы телефон мен құлаққапты пайдаланбаңдар;

– банкоматтарды пайдаланғанда мұқият болыңдар, кез келген күдікті затқа жіті назар аударыңдар.

Өрқашан жағдайдың нақты мән-жайына сүйеніңдер, қажет болса, бөгде адамдардың көмегіне жүгінуден қысылмаңдар. Қауіпсіз жерлерде сенімді адамдарды әрдайым табуға болады: дүкенде – сатушы, мейнеджер, кассирлер; дәріханада – фармацевт; банкіде – күзетші, банк қызметкерлері; мешітте – имам, дін қызметшісі, күзетші; шаштараз немесе шеберханада – шебер; мектепте – мұғалімдер, күзетшілер.

### **Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік**

– Қоғамдық орынға жалғыз барғанда, ұстамды және мұқият болыңдар, өздеріңе жұрттың назарын аудармауға тырысыңдар.

– Кафе және басқа да қоғамдық тамақтану, демалыс орындарында кіреберістен алшақ орынға отырыңдар, аз жарықтандырылған орынға отырмаңдар.

– Ақшаны (валюта) тек арнайы орында ғана айырбастаңдар; бұл әрекетті көшеде, базарда жасамаңдар.

– Қымбат зат сатып алғанда мұқият болу керек, үйге оралу үшін такси қызметін пайдаланған дұрыс.

– Ешқашан барлық ақшаны бір жерде ұстамаңдар.

### **Адамдар көп жиналатын жерлердегі қауіпсіздік**

Адамдар жиыны мен тәртіпсіздік жаппай шеру, митинг, көше концерті, футбол матчы, діни іс-шаралар кезінде туындауы мүмкін. Митингіде, демонстрацияда өз еріктеріңнен тыс саяси ереуілге қатысушы ретінде көрінулерің мүмкін.

Егер ашу кернеген (агрессивті) адамдар (митингіге қатысушылар, ереуілшілер және т.б.) көп жиналатын жерлерде болсаңдар, жаппай тәртіпсіздік қаупі төнгенде өздерің соларға қосылмауларың керек, бұл негізгі ереже болып табылады. Егер сондай тобырдың ортасына түсіп қалсаңдар немесе сонда болуға міндетті болсаңдар, келесі ережелерді орындаңдар:

– тобырдың ортасынан алысырақ болыңдар;

– егер адамдар көп жиналатын жерге баратын болсаңдар, өздеріңмен бірге жүзі өткір, ұшы бар зат алмаңдар, галстук, шарф тақпаңдар, өкшесі биік аяқкиім, түрлі спорттық, саяси, діни символикасы бар киім киімдер;

– тобырдың ортасында тұрып, болып жатқан жәйтті камераға түсіруге тырыспаңдар, бұл көп жағдайда агрессия тудырады;

– жеке басты куәландыратын құжаттарды алып жүру керек;

– дене пішіні көрініп тұруы үшін киімнің барлық түймелері (сыдырма түймелігі) түймеленгені дұрыс;

– тобырмен бір бағытта қозғалыңдар, бірақ оның шетіне ығысуға тырысыңдар;

– ұзын бойлы және ірі денелі адамдардан, үлкен зат ұстаған адамдардан алшақ болуға тырысыңдар;

– кез келген тәсілмен тұла бойларыңды тік ұстауға тырысыңдар;

– қолды қалтаға салмаңдар, бір нәрсені түсіріп алсаңдар, оны көтеруге тырыспаңдар;

– адам толы ғимаратқа кіргенде, экстремалды жағдай туындаған жағдайда қандай орындар (шыны есіктер мен қалқалар және т.б.) қауіпті екенін алдын ала анықтаңдар; қосалқы және авариялық есіктерге назар аударыңдар.

**Қорытынды:**

*Қала көшелерінде барынша қырағы және мұқият болыңдар. Бұл өздеріңнің еркіндіктерің мен қауіпсіздіктеріңді сақтауда аса маңызды.*

Қалаларыңда қандай орындар қауіпті екенін және оның себептерін анықтаңдар. Бұл жәйтті үйден мектепке барғанда және мектептен үйге оралғанда, сондай-ақ басқа да қажет орындарға барғанда қалай есепке алуға болатынын ойластырыңдар.



Үйге бара жатқанда төменде көрсетілген ережелердің қайсысын пайдаланасыңдар?

- а) Аула, қоқыс орны және нашар жарықтандырылған орын арқылы өтетін қысқа жолмен жүру.
- ә) Жарықтандырылған тротуар бойымен жолдың жиегіне мүмкіндігінше жақын жүру.
- б) Жолай өтіп бара жатқан көлікке отыру.



Қала жағдайында киімде өзін-өзі қорғаудың қарапайым құралы ретінде не қызмет ете алады? Өз нұсқаларыңды ұсыныңдар.



«Криминогендік жағдайлар және қауіпсіздіктің негізгі ережелері» кестесін толтырыңдар. Негізгі қауіпсіздік ережелерінің бірнешеуін жазып көрсетіңдер.

Жағдай	Негізгі қауіпсіздік ережелері
Өзін пошташы, элекрик, төменде тұратын көрші деп атаған бейтаныс адам пәтерлерінің есігін қағып, кіргізулеріңді сұрады.	
Бейтаныс адамдар пәтеріне ауыр сөмке, жиһаз, техника және т.б. апаруға көмектесулеріңді сұрады.	
Кешкі уақытта үйге қайтып келе жатқанда баяу жылдамдықпен сондарыңнан қалмай келе жатқан машинаны байқадыңдар.	



Көше	Улица	Street
Адамдардың жиналуы	Скопление людей	Public gathering
Қоғамдық орындар	Общественные места	Public places
Криминогендік жағдай	Криминогенная ситуация	Criminogenic situation
Жеке қауіпсіздік	Личная безопасность	Personal safety



1. Көшеде серуендеген кезде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет?
2. Үйге кеш оралған жағдайда қандай қауіпсіздік шараларын қолданысыңдар?
3. Қоғамдық орындарда өзін-өзі қауіпсіз ұстау ережелерін атаңдар.
4. Не себептен кешкі уақытта адам сиреген көшеде қозғалыс бағытына қарсы тротуармен және жолдың жиегіне жақын қозғалу керек?
5. Тобырдың ортасына түсіп қалсаңдар қалай әрекет етесіңдер?



## **§ 8. Терроризм актісінің қаупі кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

### ***Тақырыпты оқу нәтижесінде:***

- терроризм актісі қаупі кезінде ұстанатын негізгі қауіпсіздік ережелерін білетін боласыздар;
- күнделікті өмірде антитеррорлық қауіпсіздік шараларын ұстанудың маңыздылығы мен мәнін түсінесіздер.

**Терроризм** – адамзатқа қарсы өте қауіпті қылмыс, адамға жасалатын зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің шектен шыққан түрі. Кез келген терроризм актісі қылмыс болып табылады.

Терроризмге қарсы күрес жүргізуде көпқырлылығымен, көпсалалығымен сипатталатын, терроризм актілерінің алдын алатын және олардың салдарын төмендететін шаралар жүйесі құрылуы тиіс. Бұл жұмыста жеке деңгейдегі бағыттардың бірі әр адамды күнделікті өмірде терроризмге қарсы қауіпсіздік шараларын сақтауға дайындау және терроризм актісінің құрбаны болу қаупін төмендету болып табылады.

Теракт мүмкіндігін барынша алдын алу үшін иесіз заттар мен нәрселерден, өзінің оғаш мінез-құлқымен күдік туғызатын адам немесе адамдар тобынан өте сақ болу қажет. Егер қауіпті жағдай туындаса, ақылға қонымды әрекет жасап, үрейге жол бермеу керек.

### **Жарылыс қаупі туындаған кезде әрекет ету ережелері**

Жарылу қаупі бар заттарды дер кезінде анықтау өздеріңнің және басқа адамдардың өмірін сақтап қалуға мүмкіндік беретінін естен шығармау қажет.

*Жарылыс қаупі туындағанын келесі белгілер бойынша анықтауға болады:*

- машинадағы, кіреберістегі, үйдің ауласындағы және т.б. белгісіз нәрсе (жарылғыш құрылғы сусын құтысы, темекі қорабы, ойыншық, шөлмек, құбыр бөлігі, азық-түлік пакеті, кез келген бума немесе жәшікте болуы мүмкін);
- тартылған сым, бау;
- машинаның астында салбыраған сым немесе оқшаулау лентасы;
- әйнек, есік және басқа да заттар бетіне түскен жаңа сызаттар мен кір;

– көзге бірден түсетін жердің жаңадан қазылған немесе кеуіп қалған (бұрын болмаған) бөліктері;

– өздеріңе белгісіз жаңадан жүргізілген жөндеу жұмыстарының (баяу, сылақ және т.б.) белгілері;

– автокөлікке, үйге, пәтерге таяу жатқан бөтен сөмке, портфель, қорап секілді иесіз басқа да заттар, антеннаның болуы, сағат механизмінің дыбысы.

*Жарылғыш құрылғыға ұқсас бөтен күдікті зат анықталған жағдайда:*

– «102» нөмірі бойынша полицияның кезекші бөліміне, төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімшенің кезекші бөлімінің «112» нөміріне нысанның атауын, оның мекенжайын, заттың анықталған уақытын көрсете отырып, болған оқиға туралы хабарлау қажет;

– құқық қорғау органдары, авариялық-құтқару қызметтері келгенге дейін мүмкіндігінше күдікті зат табылған жерді 100 метрден алыс қашықтықта қоршау қажет;

– құқық қорғау органдары, авариялық-құтқару қызметтері келгеннен кейін олардың нұсқауы бойынша персонал мен келушілерді хабардар ету және эвакуациялау жөнінде шаралар орындалуы қажет.

Күдікті затты ұстауға, оны өз бетінше ашуға, орнын ауыстыруға және бүркеуге, оған су құюға, механикалық жолмен әсер етуге, сондай-ақ затқа жақын жерде радио және ұялы байланыс құралдарын пайдалануға қатаң тыйым салынады.

**!** Заттың сыртқы түрі оның нақты мақсатын жасыруы мүмкін. Жарылғыш құрылғыны бүркемелеу үшін кәдімгі сөмке, пакет, орама, қорап, ойыншықтар және т.б. заттар қолданылады.

### **Кепілдікке алынған жағдайда**

Егер кепілдікке алынсаңдар келесі тәртіп ережелерін ұстану ұсынылады:

1. Артық тәуекелге бармаңдар, шабуылдаушыларды қару қолдануға итермелейтін және адам құрбанына әкелуі мүмкін әрекеттерге жол бермеңдер.

2. Байсалды, сабырлы болыңдар, өздеріңді мүмкіндігінше бейбіт ұстап, қиындықтарға, қорлыққа төзімділік танытыңдар, оларға қарсы

келіп, қиқарлық көрсетпеңдер, үрей мен дүрбелеңді болдырмауға тырысыңдар.

3. Егер қылмыскерлер алкогольдік немесе есірткілік масаңдық күйінде болса, олармен кез келген қарым-қатынасты шектеуге тырысыңдар, өйткені олардың әрекеттерін болжау қиын. Жеке келіссөздерді жүргізуден аулақ болу керек.

4. Басып алынған сәттен бастап өз іс-әрекеттеріңді қадағалаңдар, қылмыскерлердің барлық іс-әрекеттерін есте сақтауға тырысыңдар. Мүмкіндік болған жағдайда өздеріңнің қай жерде екендеріңді, қылмыскерлердің белгілері, олардың мінез-құлқының ерекшеліктері туралы туыстарыңа немесе құқық қорғау органдарына хабарлауға тырысыңдар.

5. Егер қылмыскерлермен бірге ұзақ уақыт бойы болсаңдар, олармен қарым-қатынас орнатып, олардың ізгілікті сезімін оятуға тырысыңдар.

6. Террористердің арандатушылық іс-әрекеттеріне жауап бермеңдер, оларға сұрақтар қоймаңдар, көздеріне тура қарамауға тырысыңдар, бұл өздеріңе қарсы агрессияны оятуы мүмкін. Террористердің талаптарын орындап, олардан кез келген іс-әрекетті жасауға рұқсат сұраңдар.

7. Қылмыскерлердің белгілерін, олардың бет-әлпетіндегі ерекше белгілерді, киімін, есімдерін, лақап есімдерін, денесіндегі тыртық пен салынған суреттерді, сөйлеу ерекшеліктері мен мінез-құлық мәнерін, әңгіме тақырыбын және т.б. есте сақтап, мұқият болуға тырысыңдар.

Кепілге алынғандарды күшпен босату барысында (кепілдікке алынғандардың тұрған орнына арнайы бөлімше шабуыл жасаған кезде) заттардың (кресло, үстел және басқа да жиһаз заттары) ығында жасырынуға тырысып, оқтың тескіштік әрекетін әлсірету мүмкіндігі бар кез келген затпен қорғаныңдар. Шабуыл кезінде арнайы бөлімше қызметкерлеріне қарай немесе олардан қашып жүгірмеңдер, қылмыскерлердің қару-жарағын қолға алмаңдар. Дұрысы, есік-терезеден алшақтап, еденге жату керек немесе жасырыну қажет, басты қолмен бүркеп, шабуыл тобы командирінің үй-жайдан шығу жөніндегі командасы түскенге дейін қозғалмаңдар, одан кейін де оның барлық командаларын мүлтіксіз орындаңдар.

**Қорытынды:**

*Терроризм актілерінің қаупі төнген кезде және орын алғанда мамандардың нұсқаулығына сәйкес әрекет ету керек.*

Мектепте күдікті бөтен адам байқалды. Оның қолында үлкен пакет бар. Пакеттің ішінде қораптың бар екені аңғарылады. Егер мұндай адамды байқасаңдар, не істеуілерің керек?



«Кепілге алынған жағдайда жүзеге асырылатын жеке қауіпсіздік ережелері», «Қоғамдық орында болған жарылыс кезінде жүзеге асырылатын жеке қауіпсіздік ережелері» тақырыптарының біріне хабарлама дайындаңдар.



Жарылыс қаупі кезіндегі адамның орындайтын әрекеттерінің алгоритмін құрыңдар.



Кестені толтырыңдар.

Терроризм түрлері	Сипаттық белгілері	Алдын алу шаралары
Адамдарды кепілге алу		
Жарылғыш құрылғыларды орнату		



Террорист	Террорист	Terrorist
Кепілге алынған адам	Заложник	Hostage
Жарылыс қауіпі	Угроза взрыва	Threat of explosion
Қауіп	Опасность	Danger
Өзін-өзі ұстау ережелері	Правила поведения	Rules of behavior



1. Соңғы уақытта адамдар көп жиналатын жерлерде болған жарылыстар туралы қандай мысал келтіре аласыңдар?
2. Терроризм актілері қандай сипатта жасалады?
3. Күдікті заттарға және олардың жанында не істеуге қатаң тыйым салынады?
4. Күдікті заттардың табылғаны туралы кімге хабарлау керек және қандай ақпарат жеткізу керек?
5. Неліктен қала қауіптілігі жоғары орта болып саналады?
6. Терроризм актісінің қауіптілігі неде?



## § 9. Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері

### Тақырыпты оқу нәтижесінде:

- электрондық түрдегі бағалы ақпаратты қорғаудың негізгі ережелерін;
- әлеуметтік желілердегі қауіпсіз қарым-қатынас ережелерін *білетін бола-сыңдар*;
- рұқсат етілмеген сыртқы әрекеттерден қорғанудың әдістерін *түсінесіңдер*.

### Киберқауіпсіздіктің негізгі ұғымдары

Біз ақпараттық ортада өмір сүреміз. Бүгінде компьютерлер, планшеттер, смартфондар, видеодомофондар, әлеуметтік желілер, «бұлттық» ақпарат қоймалары, электрондық күнделіктер, журналдар, байланыссыз төлем сияқты заманауи технологияларсыз өмірді елестету қиын. Жалпы ақпараттандыруды тоқтату мүмкін емес, дегенмен ондағы жасырын қауіптерді елемеуге болмайды.

Жаңа ақпараттық технологиялардың адамға беретін артықшылықтары және мүмкіндіктерін пайдаланумен қатар, ақпараттық қауіпсіздікке ерекше назар аудару қажет.

**Киберқауіпсіздік** – құпия деректердің қауіпсіздігін және олардың тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені.

Деректер қорының сақталуын қамтамасыз ету қиындығының дәрежесі ақпараттық файлдарды қарапайым рұқсатсыз оқудан бастап, кибернетикалық лаңкестікке дейін жетуі мүмкін. Осыған байланысты киберкеңістікте өзін мәдени және зиян келтірмейтіндей етіп ұстау басты мәселе болып табылады.

**!** Интернет кеңістігінде ақпаратты қауіпсіз сақтау ақпараттық технологиялар саласындағы ғылыми өзіндік зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі болып қалуда.

### Әлеуметтік желілерде қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелері

Әлеуметтік желілер көптеген азаматтардың күнделікті өміріне тез еніп кетті. Пайдаланушылардың көп бөлігі тұрақты түрде желіде жұмыс істейді, отырады. Соңғы мәліметтер бойынша, кейбір әлеуметтік желілерде миллиардтан астам адам тіркелген. Бұл ғаламшар тұрғындарының жетіден біріне тең. Алайда қарапайым адамдардың көпшілігі әлеуметтік желілерде өздері орналастырған ақпаратты қоғамның басқа мү-

шелері оңай тауып, алынған ақпаратты теріс мақсатта пайдалана алатынын түсіне бермейді.

*Әлеуметтік желілердегі қауіпсіз қарым-қатынас ережелері*

– Достардың санына, кімді дос қатарына қосып жатқандарыңа назар аударыңдар. Олардың арасында мүмкіндігінше бейтаныс адамдар болмағаны дұрыс.

– Жеке, күнделікті өмірді көрсететін ақпаратты жариялауды шектеген дұрыс. Сондай-ақ мекенжайларды, телефондарды, парольдерді, басқа да мәліметтерді және жақын арада болатын жоспарларды айтуға болмайды. Алаяқтар бұл ақпаратты қылмыс жасау үшін қолдануы мүмкін.

– Жалпыға ортақ көрсетілетін мәліметтерді жүктер алдында бәрін жан-жақты ойлаған дұрыс. Мұндай материал әдеп пен моральдың жалпыға бірдей ережелеріне қарама-қайшы келіп, абыройларыңды түсірмеуі тиіс.

– Бейтаныс пайдаланушылармен виртуалды сөйлескенде шын есіміңді және өзге де жеке ақпаратты пайдаланбаған, мекенжай, оқу, жұмыс орны және басқа да мәліметтерді айтпаған жөн.

– Әлеуметтік желіге тіркелу барысында күрделі парольдерді қолданған дұрыс. Әлеуметтік желідегі аккаунттың паролі мен электрондық поштаның паролі сәйкес келмеуі тиіс, бұл хакерлердің жұмысын қиындатады. Желідегі әрбір сайт үшін әртүрлі пароль қолданған дұрыс.

– Әлеуметтік желіге шығу үшін тек кең таралған және сенімділігі дәлелдеген браузерлерді ғана пайдаланыңдар. Операциялық жүйеге және браузерге арналған қажетті жаңартуларды орнатуды ұмытпаңдар. Аталған сақтық шаралары брандмауэр мен антивирусқа да қатысты, бұл әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік деңгейін арттыруға көмектеседі.

– Білмейтін адамдардан келген белгісіз файлдарды ешқашан қабылдамаңдар және орнатпаңдар. Белгісіз ресурстарға сілтемелер бар күдікті хабарламаларды ашпаңдар және ешқашан сілтеме бойынша бетке өтпеңдер.

– Қауіпсіздігіне сенімді болмасаңдар, жұмыс табуға, музыка, видео және басқаларды жүктеуге мүмкіндік беретін қосымшаларды орнатпаңдар. Орнату кезінде олар көбінесе аккаунттың логині мен паролін сұрайды. Бұл аккаунтқа қол жеткізуге тырысатын хакерлердің амалы болуы мүмкін.

– Әлеуметтік желіге кіру үшін браузердің мекенжай жолын немесе тікелей бетті пайдаланыңдар. Егер Интернеттен кездейсоқ сілтеме ар-

қылы әлеуметтік желіге көшсеңдер, жеке деректерді ұрлайтын жалған сайтқа тап болу ықтималдығы бар.

Заманауи смартфондар планшеттер сияқты кең функционалды мүмкіндіктерге ие және олар іс жүзінде үстел компьютерлерімен бәсекелесе алады. Мобильді құрылғыларға арналған ең жақсы браузерлер стационарлық ДК-ден кем емес, бірақ мүмкіндіктердің кең спектрі әдетте артық күрделенуге және қорғау деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар мобильді құрылғылардың бағдарламалық жасақтамасын қорғаудағы ең қауіпті қателіктерді жоятын жаңартулар әрдайым уақытылы пайда бола бермейді.

*Мобильді құрылғылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізгі ережелер:*

- жаңа тегін мүмкіндіктер ұсынылған кезде өте сақ болу қажет, оларда ақылы опциялар, жазылымдар жасырын берілуі мүмкін;
- смартфонның бағдарламалық жасақтамасын мезгіл-мезгіл жаңарту маңызды;
- смартфондарға арналған вирусқа қарсы бағдарламаларды қолдану қажет;
- белгісіз дереккөздерден қосымшаларды жүктеуге болмайды, оларда вирустар болуы мүмкін;
- құрылғыдағы белсендірілген ақылы қызметтер тізімін тексеріп отыру қажет;
- Bluetooth пайдаланылмаса, оны өшіру керек;
- қосымшалардың тек рұқсат арқылы орнатылуын баптау қажет.

#### **Ашық қолжетімді Wi-Fi желілерін қауіпсіз пайдалану ережелері**

Кез келген компьютерлік желілерде, соның ішінде Wi-Fi (7-сурет) сымсыз желілеріндегі қауіпсіздік аса маңызды. Хакерлер ашық қосылу арқылы сымсыз желі трафигін оңай ұстай алады және парольдер мен кредиттік карталардың нөмірлері сияқты ақпаратты ала алады.

Соңғы уақытта Интернетке барлық жерде шығуға болады: Wi-Fi желілері қоғамдық көлікте, көшеде, мемлекеттік мекемелерде және кафе мен қонақүйлерде жұмыс істеп тұр. Тегін Wi-Fi үшін көп жағдайда тіпті пароль де қажет емес. Бұл жағдай киберқылмыскерлер үшін қолайлы.



7-сурет

1. Парольмен қорғалмаған Wi-Fi желілеріне сенбеңдер. Қылмыскерлер көбінесе осындай желілерді қолданушылардың жеке деректерін ұрлау үшін пайдаланады.

2. Жабық желілер де жалған болуы мүмкін. Қылмыскер кафе немесе қонақүйде Wi-Fi паролін біліп, алаңсыз тұтынушылардың деректерін ұрлау үшін дәл осындай құпия сөзбен жалған желі құра алады.

3. Қажет болмаса Wi-Fi-ды өшірген жөн. Сонымен қатар телефонда немесе планшетте Wi-Fi-дың автоматты түрде қосылу мүмкіндігін өшірген дұрыс.

4. Егер Интернет қосылымының қауіпсіздігі сенімді болмаса, бірақ сонда да желіге шығу қажет болса, онда интернет-банкке және басқа да маңызды сервистерге кірмеу қажет. Ол үшін мобильді интернетті пайдаланған дұрыс. Кейбір сайттар қорғалған байланыс (HTTPS) арқылы деректер беруді қолдайды. Виртуалды жеке желіге қосылу (VPN) – деректерді қорғаудың жақсы нұсқасы.

5. Жақсы антивирус орнатқан дұрыс. Антивирус қауіпті Wi-Fi желісіне қосылуға әрекет жасалғанда және парольдің өзгелерге анықталу қаупі болғанда, оларды беруге кедергі болады немесе бұл туралы ескертеді.

#### **Қорытынды:**

*Жаңа ақпараттық технологиялардың адамға беретін артықшылықтары және мүмкіндіктерімен қатар, жасырын қауіптері де бар.*

«Антивирустық бағдарлама құрылғының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілі ретінде» тақырыбына электронды хабарлама дайындаңдар.



Интернет	Интернет	Internet
Компьютер	Компьютер	Computer
Өлеуметтік желі	Социальные сети	Social networks
Смартфон	Смартфон	Smartphone
Ашық қолжетімді	Открытый доступ	Open access



1. Ашық қолжетімді Wi-Fi желілерін пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін айтып беріңдер.
2. Киберқауіпсіздік дегеніміз не?
3. Мобильді құрылғылардың қауіпсіздігін сақтау ережелерінің мәні неде?



## § 10. Жаппай зақымдану кезінде алғашқы көмек көрсету

### **Тақырыпты оқу нәтижесінде:**

- алғашқы көмек көрсету ерекшеліктерін;
- зақымдану ошағынан зардап шеккен адамдарды эвакуациялау тәртібін білетін боласыңдар;
- дер кезінде көмек көрсетудің мәні мен маңызын түсінесіңдер.

### **Алғашқы көмек көрсету ерекшеліктері**

Адамдардың жаппай зақымдануы табиғи апаттар (жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны) немесе құрамында химиялық қауіпті заттар бар, сыйымдылығы үлкен қоймалардың бүлінуі, немесе атом электр станцияларындағы авариялар, заманауи зақымдау құралдарын қолдану кезінде, немесе терроризм актісінің нәтижесінде болатын техногендік апаттар салдарынан туындауы мүмкін.

Бұл ретте адамға бір мезгілде әртүрлі зақымдаушы факторлар әсер етуі ықтимал (жарақаттық зақымдану, радиациялық зақымдану, химиялық зақымдану немесе олардың комбинациясы).

Бірнеше минут ішінде ең күрделі және аралас зақымданған көп санды зардап шеккендердің пайда болуы зақымдану ошағына тән сипат болып табылады. Сыну, жаралану, соғылу, контузия, күйік сияқты зақымданулар радиация әсерінен туындаған зақымданулар, химиялық уланулармен аралас жүреді. Көптеген адамдар қираған ғимараттар сынығы, үйінділері астында басылып қалуы мүмкін.

*Адамдардың жаппай зақымдану орындарында алғашқы көмек көрсету мынадай іс-шаралардан тұруы мүмкін:*

- зардап шеккен адамды үйінді астынан, панадан, жертөледен шығару;
- жанып жатқан киімін сөндіру;
- шприц-тюбик көмегімен ауырсынуды басатын дәрі беру;
- үстіңгі тыныс алу жолдарын шырыштан, қаннан, бөгде заттардан босату;
- денені дұрыс қалыпқа келтіру, жасанды тыныс алдыру және жүрекке тікелей емес массаж жасау.

Адамдардың көпшілігіне алғашқы көмек көрсету үшін ең алдымен алғашқы тексеру жүргізу керек. Мұнда зардап шеккендердің әрқайсысының жалпы жағдайы, зақымдану түрлері, олардың адам өміріне қаншалықты қауіпті екендігі және олардың қайсысы жедел көмекке аса

мұқтаж екені анықталады, басқаша айтқанда, тез арада барлық зардап шеккендерге көмек көрсету реті белгіленеді.

Барлық жағдайда алғашқы көмек әуелі күретамыры қатты зақымданған, тұншығу және шок жағдайындағы зардап шегушілерге, балаларға, сондай-ақ өміріне тікелей қауіп төніп тұрған ауыр зақым алған адамдарға көрсетіледі.

### Көмектің түрлері

*Медициналық көмек түрі* деп апат аудандарында (ошақтарында) және медициналық эвакуациялау кезеңдерінде зардап шеккен тұрғындардың өздері, сондай-ақ денсаулық сақтау қызметкерлері әртүрлі зақымдаушы факторлардың әсер етуі кезінде жүзеге асыратын (жүргізетін) емдеу-эвакуациялық іс-шараларының тізбесі (кешені) түсініледі.

Медициналық көмектің түрі ол көрсетілетін орынға, қызметкерлердің дайындығы мен жабдықталуына байланысты анықталады.

Қазіргі уақытта медициналық көмектің алғашқы медициналық көмек, дәрігерге дейінгі көмек, алғашқы дәрігерлік көмек, білікті медициналық көмек, мамандандырылған медициналық көмек деген түрлері қабылданған.

*Алғашқы медициналық көмек* – тікелей зақымдану орнында немесе оған жақын жерде өзі немесе өзара көмек көрсету тәртібімен, сондай-ақ авариялық-құтқару құрамаларының қатысушылары, оның ішінде медициналық қызметкерлер тарапынан табельдік және қолда бар құралдарды пайдалана отырып орындалатын қарапайым медициналық іс-шаралар кешенін қамтитын медициналық көмектің түрі.

Алғашқы медициналық көмектің мүмкіндіктері табельдік медициналық құралдарды кеңінен пайдалану және орта медициналық білімі бар мамандардың қатысуымен, яғни *дәрігерге дейінгі медициналық көмек* көрсету есебінен кеңейтіледі. Оны жедел медициналық жәрдем фельдшерлік бригадаларының жеке құрамы және медбикелер көрсетеді.

*Алғашқы дәрігерлік көмекті* жедел медициналық көмек пен медициналық жасақтардың дәрігерлік бригадалары, сондай-ақ апат (ошақтар) аудандарындағы немесе оларға жақын жердегі жекелеген шұғыл медициналық көмек бригадалары және учаскелік, аудандық, орталық, қалалық ауруханалар мен басқа да қызметтер бөлімдері (мекемелері) көрсетеді.

*Білікті медициналық көмек* хирургиялық және терапевтік іс-шаралар кешені болып табылады және ауруханаларда, госпитальдарда т.б. көрсетіледі.

*Мамандандырылған медициналық көмек* медициналық көмектің жоғары түрі болып табылады және онда мамандандырылған емдеу мекемелерінде жоғары білікті мамандар жан-жақты емдеу шараларын көрсетеді.

Медициналық көмектің әрбір түрінде нақты зақымдануға (жарақаттарға) сәйкес емдеу-алдын алу іс-шараларының белгілі бір тізімін орындау көзделеді. Бұл тізім жиынтығы медициналық көмектің көлемін құрайды.

Авария, апат, терроризм актісі болған жерде, зақымдану ошағында зардап шеккендерге алғашқы медициналық, дәрігерге дейінгі және алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіледі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) деректері бойынша, егер оқиға болған жерде жедел медициналық көмек көрсетілсе, бейбіт уақытта жазатайым оқиғалар салдарынан қаза болған адамдардың 100-ден 20-сы құтқарылуы мүмкін еді. Себебі алғашқы медициналық көмекті алғашқы 30 минут ішінде алған адамдарда көмекті одан кешірек алғандарға қарағанда жарақаттан кейінгі асқынулар екі есе сирек кездеседі.

Көмек көрсетілгеннен кейін зардап шеккен адам қауіпсіз жерге шығарылады немесе оны одан әрі эвакуациялау жүзеге асырылатын көлікке тиеу орнына жеткізіледі.

Осылайша, зардап шеккен адамның өмірін құтқаруға зақымдау факторының әсерін, зақымдану салдарын жойып, зардап шеккенді қауіпті аймақтан тез эвакуациялаудан кейін ғана толық қол жеткізуге болады.

### **Зардап шеккендерді зақымдану ошағынан эвакуациялау тәртібі**


Зақымдану ошағында алғашқы медициналық көмек көрсетумен қатар зардап шеккендерді эвакуациялау жүзеге асырылады.

Бірінші кезекте шокқа түскен, салынған жгуттері (бұраулары) бар, кеуде қуысында (ашық пневмоторакс) және құрсақ қуысында (ішек-қарынның ақтарылуы) ашық жарақаттары бар, ұзақ уақыт үйінді астында басылып қалған, жаншылу синдромы бар, көп күйік шалған және басқа да ауыр зақымданғандар мен балалар эвакуацияланады.

Өздігінше қозғалуға қабілетті зардап шеккен адамдарға кеңейтілген медициналық пункттерге баратын ең қысқа және қауіпсіз жол көрсетіледі.

Зардап шеккен адамдарды тасымалдау құралдарына автомобильдер, теміржол, әуе (ұшақ, тікұшақ), су (өзендік, теңіздік), санитарлық және бейімделген көлік түрлері жатады. Зардап шегушіні эвакуациялауды оны тасу арқылы да жүзеге асыруға болады.

Адам күшімен тасудың келесідей түрлері ажыратылады: қолда, иықта, арқада, бір немесе екі адам болып иықбау түріндегі зембілдерде немесе қолда бар құралдарда, санитарлық зембілдерде тасу. Жарақаттауды болдырмайтын ең тиімді тасымалдау және тасу тәсілі – зембілмен тасу (8-сурет).



8-сурет

Санитарлық зембілдердің көлемі стандартты болады: ұзындығы 221,5 см, ені 55 см, биіктігі 16 см, салмағы 10 кг-ға дейін. Зембілдер жиналған қалыпта сақталады және тасымалданады.

Зембілді бір уақытта екі адам жазады. Ол үшін белдігін ағытып, тұтқаларының көмегімен қоссырықтардың арасын ашып, жайматөсемесін жазу керек. Содан соң тіземен кергішті тықыл естілгенге дейін басу керек, осыдан кейін бекіткіш кілті дұрыс жабылғандығын тексеру қажет. Бас жағына жастықша немесе қолда бар жұмсақ материал қойылады.

#### **Қорытынды:**

1. Зақымданушының өмірін құтқару зақымдаушы факторды, зақымдану салдарын жою және қауіпті аймақтан тезірек эвакуациялау арқылы жүзеге асырылады.
2. Жаппай зақымдану кезінде көмек ең әуелі өміріне тікелей қауіп төніп тұрған адамдарға көрсетіледі.

Кестені толтырыңдар.

Алғашқы медициналық көмек көрсету үшін қажетті табельдік құралдар	Алғашқы медициналық көмек көрсету үшін қажетті қолда бар құралдар



Іс-шаралар кешені	Комплекс мероприятий	Plan of actions
Ауырсынуды басатын дәрілер	Обезболивающие средства	Acesodynes
Эвакуация	Эвакуация	Evacuation
Дәрігерге дейінгі көмек	Доврачебная помощь	First aid



1. Адамдар жаппай зақымданған жерлерде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша қандай іс-шаралар жүзеге асырылуы мүмкін?
2. Қандай себептердің салдарынан адамдардың жаппай зақымдануы мүмкін?
3. Адамдардың жаппай зақымдануы кезіндегі медициналық алғашқы көмек дегеніміз не?
4. Қазақстан Республикасында және шетелде болған адамдардың жаппай зақымдануы жағдайларына мысалдар келтіріңдер.
5. Жаппай зақымдану кезінде адамдарға қандай зақымдаушы факторлар әсер етуі мүмкін?



## § 11. Негізгі жұқпалы аурулар. Уланулар, интоксикация және олардың алдын алу

### *Тақырыпты оқу нәтижесінде:*

- жұқпалы аурулардың негізгі топтары;
- интоксикацияның пайда болу себептері;
- түрлі факторлар әсерінен адам ағзасының улануының белгілері туралы білетін боласыңдар;
- дер кезінде медициналық көмек көрсетудің мәні мен маңызын түсінесіңдер.

Жұқпалы аурулардың таралуында әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар, тұрғындардың экономикалық және мәдени деңгейі, тұрғын үй жағдайлары, еңбек, тамақтану маңызды рөл атқарады. *Жергілікті жердегі халық арасында жұқпалы аурулардың жаппай таралуы эпидемия (індет), ал бірнеше елді және тіпті бүкіл континенттерді қамтитын эпидемиялар пандемия деп аталады.*

### **Жұқпалы аурулардың жіктелуі және оның алдын алу**

Адам ағзасындағы қоздырғыштың оқшаулануына (орны), жұқпалы аурулардың жалпы сипаттық белгілеріне және инфекцияның берілу механизміне байланысты барлық жұқпалы аурулар негізгі төрт топқа бөлінеді:

*1. Тыныс алу жолдарының инфекциялары.* Қоздырғыштар тыныс алу жолдарының шырышты қабықтарында болады және жөтелу, түшкіру, сөйлеу, айғайлау кезінде ұсақ бөлшектер түрінде қоршаған ортаға таралады. Олар тұмау, жедел респираторлы аурулар (ЖРА), туберкулез, желшешек, скарлатин (қызамық), дифтерия, полиомиелит, ангина, пневмония, қызылша, көкжөтел, эпидемиялық паротит сияқты ауруларды тудырады.

*2. Ішек инфекциялары.* Ішек инфекцияларына қоздырғыштың ішекте болуы және оның нәжіспен, кей жағдайларда құсық массасымен, өтпен және несеппен қоршаған ортаға таралуы тән. Бұл топқа қантышқақ, вирустық гепатит, ішсүзек, тырысқақ, полиомиелит, колит жатады.

*3. Қан инфекциялары.* Қан инфекцияларының қоздырғыштары адамның қанына еніп, сонда дамиды. Бұл топқа бөртпе және соқпасүзек, кене энцефалиті, безгек, туляремия, бубон обасы жатады.

*4. Тері жабынының инфекциялары.* Жұқтыру қоздырғыштардың ағзаға зақымдалған тері жабыны немесе шырышты қабықтар арқылы тү-

суі салдарынан жүреді. Бұл топқа қышыма, сібір жарасы, құтыру (ит тістеу), сіреспе жатады.

Жұқпалы аурулардың негізгі ерекшеліктері:

– жоғары зақымдау қабілеті (яғни адамдар мен жануарларда жаппай ауру тудыру қабілеті);

– әсер ету ұзақтығы (ұзақ уақыт бойы ауру тудыратын қасиеттердің сақталуы);

– аурудың жасырын, инкубациялық кезеңінің болуы;

– бірқатар түрлерінің науқастан сау адамға тез арада таралу қабілеті;

– жұқтыруды анықтау қиындығы және диагностиканың күрделілігі (тек зертханалық жолмен).

Тұрғындарға жаппай таралуын болдырмау үшін жұқпалы аурулар ошағында эпидемияға қарсы және санитарлық-гигиеналық іс-шаралар кешені жүргізіледі. Мұндай іс-шараларға шұғыл алдын алу, обсервация, карантин, адамдарды санитарлық өңдеу, зақымдалған сыртыңы орта нысандарын дезинфекциялау жатады. Қажет болған жағдайда жәндіктер, кенелер (*дезинсекция*) және кеміргіштер (*дератизация*) жойылады.

Адам ағзасының жұқпалы ауруларға қарсы тұруы үшін денсаулық сақтау мекемелері иммунитетті көтеру және нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асырады. Дегенмен саламатты өмір салтын ұстанатын, дұрыс тамақтанып, өзінің физикалық жағдайын қадағалайтын адам жұқпалы ауруларға (инфекцияларға) аз ұшырайтындығын есте сақтау қажет.

Ауру қоздырғыштары белгісіз және тиісті вакциналар жоқ болған жағдайда, *шұғыл алдын алу* жүргізіледі. Мұнда ауруға қарсы тұру үшін антибиотиктер мен басқа да микробқа қарсы құралдар пайдаланылады.

Халық арасында жаппай жұқпалы аурулар туындаған кезде және аса қауіпті аурулар (оба, шешек, тырысқақ) анықталған жағдайда, карантин енгізіледі.

**Карантин** – зақымдану ошағын оқшаулауға және жоюға бағытталған режимдік, әкімшілік-шаруашылық, эпидемияға қарсы, санитарлық және емдеу-алдын алу шараларын қамтитын іс-шаралар жүйесі. Ол елді мекендерді толық оқшаулауды көздейді, аймаққа кіруге және одан шығуға, сондай-ақ оның ішінде еркін жүріп-тұруға тыйым салады. Шаруашылық жүргізу нысандары арнайы режимге ауыстыры-

лады. Арнайы өкімге дейін мәдени-ағарту және оқу орындары, сауда кәсіпорындары жұмысын тоқтатады. Карантин аймағында аумақты зарарсыздандыру ұйымдастырылады, белсенді түрде ауру адамдарды, олармен байланыста болған адамдарды анықтау жүргізіледі, оларды оқшаулайды және емдейді.

**Обсервация** – зақымдану ошағында күшейтілген медициналық бақылауды, онда емдеу-алдын алу және шектеу жүргізуді көздейтін іс-шаралар кешені. Карантин және обсервация мерзімі соңғы науқасты оқшаулаудан бастап ошақта дезинфекция аяқталғанға дейін есептелетін аурудың инкубациялық кезеңінің барынша ұзақтығымен анықталады.

Инфекция пайда болған кезде мектеп ауру ошағының біріне айналуы мүмкін. Сондықтан жұқпалы және басқа да аурулардың алдын алу мақсатында:

- оқу бөлмелерін үнемі желдету;
- күн сайын мектеп сыныптары мен дәліздерін ылғалды тазалау;
- ауысымдық аяқкиім пайдалану, әсіресе күз және көктем мезгілдерінде;
- дәретханаларда бактерияға қарсы өңдеу жүргізу;
- асхана мен тамақтану орындарының гигиеналық тазалығын сақтау;
- тамақ өнімдерін бақылауды жүзеге асыру керек.

*Әрбір оқушы мынадай жеке гигиена ережелерін сақтауы тиіс:*

1. Күн сайын таңертең жуыну.
2. Тамақ ішер алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолды мұқият жуу.
3. Ауызға бөгде заттарды – қалам, қарындаш және т.б. салмау.
4. Өзінің жұмыс орнын таза және жинақы ұстау.
5. Арнайы бөлінген орындарда ғана тамақтану.

### **Уланудың негізгі түрлері.**

#### **Улану кезіндегі іс-әрекеттің жалпы алгоритмі**

**Улану** – ағзаға удың немесе токсиндердің өнуінен пайда болған ауру немесе ағзаның тіршілік әрекетінің өзге де бұзылуы. Тамақ өніміндегі, ауадағы, адам жанасатын құралдардағы уландырғыш заттар ағзаға ауыз, тыныс алу жолдары немесе тері арқылы түсуі мүмкін. Уланудың көптеген түрлері бар. Олар уландырғыш заттары, ағзаға түсу жолдары, ағзаға әсер ету шарттары және әдістерімен ерекшеленеді.

Уланудың келесі түрлері бар: *тамақтан улану, дәрі-дәрмек және алкогольден улану, тұншықтырғыш және тұрмыстық газдан улану, улы химикаттардан улану, қышқылдар және сілтілерден улану.*

Уланудың белгілері мен емдеу әдістері оның түріне байланысты болады.

Улы заттардың адам ағзасына әсер ету сипаты және даму қарқынына байланысты улану *жедел* (улы зат ағзаға бір рет түскенде пайда болады, жедел және айқын білінетін ерекше белгілермен сипатталады), *жеделдеу* (әдетте у ағзаға бір рет түскен кезде байқалады және баяу дамиды), *созылмалы* (у ағзаға субтоксиндік мөлшерде ұзақ және/немесе үзік-үзік түскен кезде қалыптасады) болып бөлінеді.

Улану ауырлығы бойынша *жеңіл, орташа ауырлықтағы, ауыр, өте ауыр* болып бөлінеді.

**!** Балалар мен жасөспірімдер тұрмыста қолданылатын дәрілік заттар мен улардың дұрыс сақталмауынан улануға жиі ұшырайды. Бұған жол бермеу үшін барлық дәрі-дәрмек пен улы препараттарды арнайы орындарда сақтау керек.

*Улану кезіндегі іс-әрекеттердің жалпы алгоритмі:*

1. Зардап шеккен адамды бастапқы тексеру, өміріне қауіп төнген жағдайларда алғашқы көмек көрсету. Зардап шеккен адам ағзасының өмірлік маңызы бар функцияларын бақылау.

Бұл жағдайда өзін және зардап шеккен адамды жұқтырудан қорғау үшін қолғапты пайдалану керек.

2. Жедел жәрдем шақыру. Жедел медициналық көмек қызметі келгенге дейін қабылданған удың түрін, мөлшерін және қай уақытта қабылданғанын анықтау қажет.

3. Зардап шеккен адамды екінші рет тексеру. Жедел жәрдем келгенге дейін зардап шеккен адамды үздіксіз бақылау.

Уланудың кез келген түрі орын алғанда көрсетілетін дәрігерге дейінгі көмек уды денеден жылдам шығаруға немесе залалсыздандыруға бағытталады. Удың әсерін жоюға ықпал ететін ең тиімді іс-шара асқазанды жуу болып табылады.

### **Уланудың негізгі түрлері. Интоксикация кезіндегі көмек**

Интоксикация ағзаның қандай да бір қауіпті заттармен уланып, зақымдануы орын алатын патологиялық үдеріс ретінде сипатталады. Ол жедел немесе созылмалы болуы мүмкін.

Ағзадағы инфекциялық үдерістер айқын көрінетін улануға әкеліп соғуы мүмкін. Бактериялар мен вирустар ағзаны уландыратын және қарқынды қабыну үдерістеріне ұшырататын уыттар шығарады. Кейбір вирустар адамның иммунитетін айтарлықтай төмендетіп, оны ауыр улануға бейім етеді. Мысалы, АИТВ (ретровирустар тобына жататын адамның иммунтапшылығы вирусы) адамды түрлі саңырауқұлақ, бактерия мен вирустар алдында мүлдем қорғансыз етеді.

Созылмалы улану жылдар бойы жалғасуы мүмкін. Әдетте уланудың бұл түрінің кәсіби сипаты бар: оған қызмет бабына байланысты химикаттармен жұмыс жасайтын адамдар ұшырайды. Қауіп тобына медицина, редакция, зауыт, өндіріс, жанармай құю қызметкерлері кіреді.

Интоксикация белгілері оның себептеріне байланысты. Ағза токсиндермен жедел зақымданған кезде улану белгілері уландырғыш затпен жанасқаннан кейін алғашқы бірнеше сағат аралығында жылдам дамиды. Кейбір улы заттардың әсері бірден басталмайды. Тамақтан уланудың алғашқы белгілері оны жегеннен кейін алты сағат ішінде дамиды. Асқазан немесе ішек-қарын орналасқан іш бөлігінің ауыруы осындай улануға тән белгілерге жатады.

Ағзаның дәрі-дәрмекпен улануының белгілері зардап шеккен адамның қабылдаған дәрісіне байланысты. Түрлі дәрі ағзаға әрқалай әсер етеді. Мысалы, ацетилсалицил қышқылының артық дозасын қабылдағанда адамның дене қызуы төмендейді, асқазан аймағы ауырсынып, құсуы, асқазаннан қан кетуінің дамуы мүмкін.

Тұншықтырғыш немесе тұрмыстық газбен уланғанда келесі белгілер көрініс береді: адамның көзі ашып, жас ағады; тамағы жыбырлап, құрғақ жөтел пайда болады; тыныс алуы бұзылып, жиіленеді, ентіге бастайды; адам ауаның жетіспеуін сезінеді; терісі бозарады; тахикардия дамиды; жүрегі айнып, құсады; кеуде қуысы, басы ауырады, басы айналады; тырысу синдромы пайда болады; есінен танып, коматоздық күйге түседі.

Қышқыл немесе сілтімен улану белгілері бірден көрінеді. Бұл химиялық заттар ауыз қуысы, өңеш пен асқазанның шырышты қабығының терең күйігіне әкеледі. Алдымен уланған адамның өңеш және асқазан аймағы ауырады. Содан кейін бастың ауыруы, жүректің айнуы, іштің өтуі секілді улануға тән белгілер дамиды. Егер улану асқазан-ішек қан кетуіне ұласса, науқас құсады және қошқыл түсті іш өтуі байқалады, терісі күрт бозарады, тахикардия, гипотония, ентігу пайда болады.

Темекі шегетін адамдар созылмалы никотиндік уланудан зардап шегеді. Темекі түтінінің әсерінен олардың ағзасында біртіндеп қан тамырларының, өкпенің қайтымсыз өзгерістері орын алады, қатерлі ісіктер пайда болады.


Алкогольмен улану қандағы спирттің концентрациясы 2 г/л-ден жоғары болғанда немесе спирттің суррогаттарын кездейсоқ қолданған кезде дамиды. Уланудың бұл түрі өлімге әкеліп соғуы мүмкін. Спирттің өлімге әкеп соқтыратын мөлшері әр адам үшін әртүрлі. Алкогольмен улану белгілері спиртті ішкеннен кейін 4–6 сағат ішінде дамиды. Алдымен тамақтан улану белгілері, содан кейін орталық жүйке жүйесі мен ішкі ағзалардың зақымдану белгілері пайда болады. Науқаста галлюцинация, денесінің тырысулары пайда болуы мүмкін.

Улану кезіндегі алғашқы көмектің негізгі мақсаты – удың немесе токсиндердің ағзаға енуін шектеу немесе тоқтату, сондай-ақ қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету. Қажет болса, зардап шеккен адамның есін жинатып, жүрекке тікелей емес массаж жасау немесе жасанды тыныс алдыру қажет. Қауіпті белгілер болған жағдайда, зардап шеккен адам ауруханаға жеткізілуі тиіс.

#### Қорытынды:

1. Негізгі жұқпалы аурулар мен олардың пайда болу себептерін білу күнделікті өмірде жеке қауіпсіздікті күшейту үшін қажет.
2. Дұрыс тамақтану және саламатты өмір салты – жұқпалы және басқа да аурулардың алдын алудың негізгі шараларының бірі.
3. Интоксикация белгілерін білу уланудың сипатын анықтауға және зардап шеккен адамға алғашқы көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

«Иммунитет түрлері» схемасын толтырыңдар.



Анықтамалық әдебиеттер, бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған материалдар көмегімен «Түрлі улану кезіндегі алғашқы медициналық көмек» тақырыбына хабарлама дайындаңдар.



Эпидемия (індет)	Эпидемия	Epidemic
Пандемия	Пандемия	Pandemic
Иммунитет	Иммунитет	Immunity
Карантин	Карантин	Quarantine



1. Ауру туғызатын микробтардың адам ағзасына ену жолдарын атаңдар.
2. Инфекция қоздырғышының оқшаулануы және берілу механизмі бойынша инфекциялық аурулар қандай топтарға бөлінеді?
3. Жұқпалы аурулардың алдын алуда жеке гигиенаның маңызы қандай?
4. Карантин, обсервация дегеніміз не?
5. Адам ағзасының улануының негізгі себептерін атаңдар.
6. Тамақтан уланудың алғашқы белгілері қандай?



## § 12. Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету

### **Тақырыпты оқу нәтижесінде:**

- адам өртүрлі жарақат алғанда, жүрек қағысы мен тыныс алуы кенеттен тоқтаған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін;
- дәрілік препараттарды пайдалану тәртібін білетін боласыңдар;
- түрлі жағдайларда зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету білік-дағдыларын меңгерудің қажеттілігін түсінесіңдер.

### **Автокөліктің медициналық қобдишасында болуы тиіс дәрі-дәрмектердің тізбесі мен олардың қолданылу мақсаты**

Медициналық қобдиша (9-сурет) автомобильдегі міндетті жиынтыққа кіреді және жедел жәрдем келгенге немесе зардап шеккен адамды ауруханаға жеткізгенге дейін барынша қолжетімді шұғыл көмек көрсету үшін қажет. Медициналық қобдишада болатын дәрілік препараттар мен таңу материалдары жарақаттанған (қан кету, соғылу, сыну, шығып кету, күйік шалу), жараланған адамға көмектесу кезінде қолданылады. Олардың тізбесі (құрамы) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітіледі.



9-сурет

Міндетті дәрі-дәрмек тізіміне кіреді:

- сутегі асқын тотығы 3 % – 1 құты;
- дәке таңғыш 5 м × 10 см (зарарсыздандырылған) – 1 дана;
- дәке таңғыш 5 м × 10 см (зарарсыздандырылмаған) – 1 дана;
- дәке таңғыш 7 м × 14 см (зарарсыздандырылмаған) – 1 дана;
- медициналық дәке сулық (зарарсыздандырылған) – 1 дана;
- таңғыш пакет (зарарсыздандырылған) – 1 дана;
- медициналық гигроскопиялық мақта (зарарсыздандырылған) – 50 г (1 дана);
- қан тоқтататын жгут (бұрау) – 1 дана;
- бактерицидті лейкопластырь – 5 дана;
- медициналық лейкопластырь – 1 дана;
- созылатын түтікті таңғыш № 1, 3, 6 – 1 данадан;
- зарарсыздандырылмаған медициналық қолғап – 1 жұп;
- тұйық ұшты қайшы – 1 дана.

Жол-көлік оқиғалары салдарынан зардап шеккен адамдарға алғашқы көмек көрсету кезінде барлық іс-әрекетті медициналық қолғап киіп орындау қажет.

Аяқ-қолдың ірі күретамырлары зақымданған кезде қан кетуді уақытша тоқтату үшін қан тоқтататын жгут (бұрау) қолданылады.

Зарарсыздандырылған сулықтар, дәке таңғыштар, таңғыш пакеттер жараға түрлі таңғыштар салу қажет болған кезде қолданылады. Қысып байлайтын таңғыш салу мүмкін болмаса, лейкопластырьмен бекітілетін зарарсыздандырылған сулықты пайдаланады. Майда жарақатты жабуға бактерицидті лейкопластырь қолданылады.

Сутегі асқын тотығы терең емес жарадан капиллярлы қан кетуді тоқтату үшін және жараны механикалық тазарту мақсатында қолданылады. Жараны зарарсыздандырылған дәке сулықпен жабады.

Медициналық қобдишаны автомобиль салонында сақтау қажет. Таңу құралдары жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін жаңартылады.

#### **Өртүрлі жарақаттар кезінде алғашқы көмек көрсету ережелері**

*Жарақат алған адамға алғашқы көмек көрсету тек медицина қызметкері ғана емес, кез келген адам меңгеруі тиіс өң қажетті білік-дағдының бірі болып табылады.*

Жарақатты қарау және оның сипатын анықтау үшін дененің зақымдалған бөлігін жалаңаштау немесе зардап шеккен адамның киімін шешу қажет. Бұл ауырсынуды күшейтпейтіндей және қайталама зақым келтірмейтіндей етіп, абайлап жасалуы тиіс. Аяқ-қол зақымданған кезде киімді алдымен сау аяқ-қолдан шешіп, содан кейін ғана жарақаттанған аяқ-қолдан шешеді. Кеуде мен құрсақ бөлігі жараланған, омыртқа мен жамбас сүйектері зақымданған адамдардың киімін тігістерін сөгіп шешкен жөн. Күрделі жағдайларда аяқкиімді тіліп шешеді.

Сіңір байламдары үзілуі, созылуы кезінде зақымданған жерді қатты таңып, суық басады. Егер зардап шеккен адам қатты ауырсынса, шина салып, буынның қозғалуын болдырмайды.

Соғылған жарақат алған адамға көрсетілетін алғашқы көмек қан құйылуды тоқтатып, ауырсынуды азайтуға бағытталуы тиіс. Мұнда қысып байланатын таңғыш салып, соғылған жерді жоғарырақ көтеру және салқындату керек. Салқындату үшін мұз салынған қапшықты, суық компресс және басқа да қолда бар жергілікті суыту құралдарын (дымқыл сулық, суық металл зат және т.б.) пайдалану қажет.

Буынның шығып кетуі кезіндегі алғашқы көмек ауырсынуды азайту және ісінуді кешеуілдетуден тұрады. Ол үшін зақымданған буынға суық басып, аяқ-қолды бекітеді – қолды үшкіл пішінді матаға іледі немесе кеудеге таңып бекітеді, ал аяқты қаз қалпында қалдырып, жұмсақ заттармен қымтап, қоршайды. Зардап шеккен адам қолы шығып кетсе, отырған қалпында, аяғы шығып кетсе, жұмсақ төсеніште жатқан қалпында, аяғы қымталған күйде ауруханаға шұғыл жеткізілуі тиіс.

**!** Шығып кеткен буынды орнына өз бетінше салуға қатаң тыйым салынады!

Сүйектің жабық сынуы кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетудің негізгі ережесі – сүйек сынықтарының өз орнынан жылжуын тоқтату, олардың ұштарының жұмсақ тіндерді жарақаттауын азайту және ауырсыну сезімін әлсірету. Бұл міндеттер сынған сүйектер мен буындар қозғалмайтындай етіп, зақымданған жерден жоғарырақ және төменірек шиналық таңғыш салу арқылы орындалады. Жамбас пен иық сынған кезде үш буын, ал қалған жағдайларда екі буын қозғалмайтындай етіп бекітіледі. Ашық сынық кезінде жараның жиегіндегі теріні йод тұнбасымен өңдеп, зарарсыздандырылған таңғыш тарту қажет. Содан кейін аяқ-қолды шинамен бекіту керек. Шодырайып шығып тұрған сүйек сынықтарының қалпын өздігінен түзетуге және аяқ-қолды орнына салуға тыйым салынады. Аяқ-қол шинаның көмегімен қаз-қалпында бекітіледі. Ашық сүйек сынығы бар зардап шеккен адам емдеу мекемесіне дереу жеткізілуі тиіс.

**Жара** – тері қабаттарының, шырышты қабықтардың, кейде терең жатқан тіндердің бүтіндігінің бұзылуымен, ауырсынуымен, қан кетуімен және үңіреюімен сипатталатын зақымдану.

Жарақат алған кездегі алғашқы көмек қан тоқтатуға және жараны екінші ретті зақымданудан қорғауға бағытталады.

Қан кетуді уақытша тоқтату:

- қысып байланатын таңғыш салу;
- аяқ-қолды барынша бүгу;
- тамырды саусақпен басу;
- қан тоқтататын жгут (бұрау) салу арқылы іске асырылады.

Көктамырдан кеткен кішігірім қанды қысып байланатын таңғыш салу арқылы тоқтатады. Бұл ретте жараның жиегіндегі теріні йод тұнбасымен өңдеген жөн, жараны зарарсыздандырылған дәке сулықтармен жауып, оның үстіне мақтаның қалың қабатын төсеп, таңғышпен мықтап

орап тастау керек. Жоғарырақ қалып беруді қысып байланатын таңғыш салғаннан кейін қолданған жөн.

Аяқ-қолды барынша бүгіп қан кетуді тоқтатуға болады. Қолдың иықтан төменірек бөлігі және білек жарақаттанғанда шынтақ буынын бұғу арқылы, аяқтың ұшы немесе сирақтан қан кеткенде аяқты тізе буынында барынша бұғу арқылы қанды тоқтатуға болады. Сан күретамыры тым жоғары жерден зақымданған жағдайда, егер жгут (бұрау) салу мүмкін болмаса, қан кетуді тізе мен жамбас буындарын барынша бүгіп, дененің құрсақ бөлігіне мықтап бекіту арқылы тоқтатуға болады. Бұғана астындағы және қолтық асты күретамырларынан кеткен қанды қолды артқа барынша қайырып, арқаға тақап, жанастыру арқылы тоқтатуға болады.

Қан кеткен тамырды саусақпен басу күшті қан кету кезінде, басқа әдістермен қан кетуді уақытша тоқтату үшін құралдарды дайындау уақытында қысқа мерзімді шара ретінде қолданылады. Күретамырдан қан кету кезінде тамырды жараланған жерінен жоғары, ал көктамырдан қан кеткенде зақымданған жерден төменірек саусақпен басады.

Қан тоқтататын жгут (бұрау) салу күретамырдан қан кетуді уақытша тоқтатудың ең сенімді әдісі болып табылады. Бұрау тек аяқ-қолға және қан кеткен жерден жоғары жерге салынады. Тіндердің өлуін болдырмау үшін бұрау екі сағаттан аспайтын мерзімге салынады. Осы уақыт аралығында зардап шеккен адамды емдеу мекемесіне жеткізіп үлгермесе, бұрау бірнеше минутқа босатылады, содан соң қайтадан салынады. Бұрау күретамырды саусақпен басқан соң ғана босатылады. Ілеспе құжатта (жазбада) бұраудың салынған уақыты (сағаты, минуты) көрсетіледі. Сондай-ақ бұраудың босатылған уақытын да жазу міндетті.

Бұрау салған аяқ-қол иммобилизациялануы (бекітілуі) тиіс. Қыс мезгілінде оны қымтау керек, бірақ жылытуға болмайды.

Таңғыш салғанда жараға қолмен жанасуға, зарарсыздандырылмаған таңғыш материалын пайдалануға және жараны тіпті дезинфекциялық ерітіндімен жууға болмайды.

Зардап шеккен адамды емдеу мекемесіне тасымалдау жатқан қалыпта және өздігінен тыныс алу қалпына келтірілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

Бассүйек-ми жарақаты кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетуде науқастың физикалық және психологиялық тыныштық қалпын

қамтамасыз ету керек. Зембілдерде тасымалдағанда зардап шеккен адамды жатқан қалыпта басын сәл көтере қырына қаратады. Басқа суық зат басады. Тасымалдау кезінде науқасты үнемі қадағалау қажет, өйткені ол құсуы, есінен тануы, тыныс алуы тоқтап, реанимациялық іс-шараларды жүргізу қажет болуы мүмкін.

### **Жүрек қызметі мен тыныс алуы кенеттен тоқтаған адамға көрсетілетін алғашқы көмек**

*Жүрек қызметі мен тыныс алу кенеттен тоқтаған кезде клиникалық өлім жағдайы туындайды. Егер жүрекке тікелей емес массажға және жасанды тыныс алдыруға бірден кіріссе, бірқатар жағдайларда зардап шеккен адамды құтқарып қалуға мүмкіндік болады.*

Жасанды тыныс алдырудың ең тиімді жолы – өкпеге ауа үрлейтін арнайы құрылғыны қолдану. Мұндай аппарат болмаған жағдайда жасанды тыныс алдыру әртүрлі тәсілдермен жасалады, оның ішінде «ауыздан ауызға» тәсілі кеңінен қолданылады. Жасанды тыныс алдыруды бастамас бұрын, зардап шеккен адамды шалқасынан жатқызады, оның тыныс алу жолдары ауаның өтуі үшін бос екеніне көз жеткізу үшін басын барынша шалқайтады.

Зардап шеккен адамның жағы қарысса, иегін басқылай отырып, аузын ашады да, ауыз қуысын сулықпен (немесе таза қол орамалмен) сілекейден, құсық массасынан тазартып, жасанды тыныс алдыруға кіріседі. Бұл ретте зардап шеккен адамның ашылған аузына сулықты (қол орамалды) бір қабаттап төсейді, мұрнын қысып, терең тыныс алып, өз ернін зардап шеккен адамның ернімен сыртқа ауа шықпайтындай етіп тығыз түйістіреді де, күшпен ауаны үрлейді (10-сурет). Өкпенің барынша жазылуына қажет ауаны үрлеген жөн, бұл көкірек бөлігінің қимылынан көрінеді. Ауаның өте аз көлемін үрлегенде жасанды тыныс алдыру тиімсіз болады. Ауаны минутына 16–18 рет ырғақпен, екпінді түрде, зардап шеккен адамның тыныс алуы қалыпты жағдайға келгенге дейін үрлейді. Зардап шеккен адамның төменгі жақ сүйегі зақымдansa, «ауыздан мұрынға» тәсілін қолдануға болады. Бұл жағдайда зардап шеккен адамның аузы жабулы болуы керек. Жасанды тыныс алдыру жүрек қызметі қалыпқа келтірілгеннен кейін немесе өлімнің нақты белгілері анықталған соң тоқтатылады.



10-сурет

Жүрек қызметінің кенеттен тоқтауының белгілері – тамыр соғысы, жүрек қағысы, қарашықтың жарыққа реакциясының (қарашық кеңейген) болмауы, бұл жағдайда дереу жүрекке тікелей емес массаж жасауға кірісу керек. Ол үшін зардап шеккен адамды қатты жерге шалқасынан жатқызып, көмек көрсететін адам сол жағынан тұрып, екі алақанын бірінің үстіне бірін ұстап, зардап шеккен адамның кеудесінің төменгі үштен бір бөлігіне қоюы керек. Минутына 50–60 рет екпінді ырғақпен кеудені басқылап, кеуде қуысының өз қалпына келуі үшін әр басқан сайын қолдарды босатып отыруы керек. Кеуде қуысының алдыңғы бөлігі кемінде 3 см-ге төменге жылжуы тиіс.

Жүрекке тікелей емес массаж жасау мен жасанды тыныс алдыруды қатар жүргізу өте тиімді әсер етеді. Зардап шеккен адамға көмектесудің бұл тәсілін екі-үш адам жүргізуі керек. Біріншісі жүрекке тікелей емес массаж жасаса, екіншісі «ауыздан ауызға» тәсілімен жасанды тыныс алдырады, ал үшінші адам зардап шеккен адамның оң жағына орналасып, оның басын қажетті қалыпта ұстап тұрады, ол көмек көрсетіп жатқандардың әрекеті қажетті уақытқа дейін тоқтамауы үшін басқа көмек көрсетушілерді ауыстыруға дайын болуы керек. Өкпеге ауа үрлеп жатқанда кеудені басқылауға болмайды. Бұл шаралар кезектестіріле: кеудені төрт-бес рет басқаннан кейін өкпеге бір рет ауа үрлеп жүргізіледі.

*Жүрекке тікелей емес массаж жасау мен жасанды тыныс алдыруды үйлестіре жасау клиникалық өлім жағдайындағы адамды реанимациялаудың (тірілтудің) ең қарапайым тәсілі болып табылады.* Егде жастағы адамға жасанды тыныс алдыру мен жүрекке тікелей емес массаж жасау кезінде мұндай жастағы адамдардың сүйектері әлсіз болатынын ескеріп, шараларды абайлап жүргізу керек.

**Қорытынды:**

*Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккен адамға дер кезінде көрсетілген алғашқы медициналық көмек оның өмірі үшін аса маңызды.*

Жамбас, иық, сирақ, қолдың иықтан төмен бөлігіне қан тоқтатын бұрау салыңдар.



Тізе және табан буындарына таңғыш таңуды көрсетіңдер.



Тыныс алуы мен жүрек қызметі кенеттен тоқтаған адамға көмек көрсету әрекеттерінің алгоритмін құрыңдар.



Жара	Рана	Wound
Таңғыш материал	Перевязочный материал	Bandaging material
Тыныс алудың тоқтауы	Остановка дыхания	Apneusis
Жүрек массажы	Массаж сердца	Heart massage
Тасымалдау	Транспортировка	Transportation



1. Алғашқы медициналық көмектің міндеттері қандай?
2. Автокөліктің медициналық қобдишасындағы таңғыш материалдардың қайсысы жара асқынуының алдын алу үшін қолданылады?
3. Қан тоқтататын жгут (бұрау) салудың ережелері қандай?
4. Буындардың шығып кетуі мен сіңір байламдарының созылу белгілерін атаңдар.



## ГЛОССАРИЙ

**Бампер** – автомобильдің алдыңғы және артқы жағында орналасқан брус түріндегі энергия сіңіргіш құрылғы (жеңіл соққы жағдайында). Бампер – бұл буфердің түрі.

**Бруствер** – ыңғайлы атуға, оқ пен снарядтардан қорғауға, сондай-ақ қарсыластың бақылауынан жасырынуға арналған қорғаныстық құрылыстық үйме; сонымен қатар бруствер ұрыстық позицияны құруға қызмет етеді, ал бекіністерде штурм жағдайына қосымша кедергі жасайды.

**Жайпақ ыдыс** – жиектері аласа, негізінен саз балшықтан жасалатын, пішіні бойынша шағын табаққа ұқсайтын ыдыс.

**Жеке қауіпсіздік** – бұл адамды, оның туыстары мен жақындарын, сондай-ақ мүлікті басқа адамдардың іс-әрекеттерінен және қоршаған ортаның қолайсыз әсерінен қорғаудың белгілі бір деңгейін қамтамасыз ететін іс-шаралардың, адамның білімі мен дағдыларының жиынтығы.

**Жұмылдыру** – қарулы күштер мен мемлекеттік инфрақұрылымды мемлекеттегі немесе әлемдегі төтенше жағдайларға байланысты соғыс жағдайына енгізуге бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

**Капот** – шанақтың қозғалтқыш орнатылған бөлігін шаңнан, ластанудан және қоршаған ортаның теріс әсерінен қорғайтын элемент.

**Материалдық фактор** – табиғи ортадағы адам туындататын өзгерістер (ландшафтың өзгеруі, табиғи ортаның ластануы, жасанды су айдындарын құру және т.б.), тұрмыс пен еңбек қызметінің материалдық жағдайлары.

**Оталдыру кілті** – машинаның есіктерін ашып-жабу, оталдыру құлпын бұрауға арналған құрылғы. Оталдырудың қазіргі заманғы кілттеріне коды бар арнайы чип салынады, оның көмегімен автокөлік құралының қауіпсіздік жүйесі иесін танып-біледі.

**Психогенді фактор** – эмоционалдық ауытқуларды тудыратын әртүрлі өмірлік қиындықтар, стресстер, стресстік өмірлік жағдайлар.

**Реанимация** – клиникалық өлім жағдайындағы адамның өмірін жандандыру, жүйенің күрт бұзылған немесе жоғалған өмірлік маңызды функцияларын қалпына келтіруге арналған іс-шаралар жиынтығы.

**Резонатор** – шығару жүйесіндегі қозғалтқыштан шыққан газдың жылдамдығын төмендетпей, одан түзілген соққы толқынын шығару қысымтығындарына кері қайтаруға арналған құрылғы.

**Тағамдық тізбек** – бұл әрбір алдыңғы организм кейінгіге тағам ретінде қызмет ететін үдерістердің тізбегі. Бұл реттілік қарапайым организмдерден басталып, адам және жыртқыш аңдарға дейін жалғасады.

**Тахометр** – автомобильдің иінді білігінің айналу жиілігін өлшейтін аспап.

**Тежеу жолы** – көлік құралының тежегіш жүйесі іске қосылған сәттен бастап толық тоқтағанға дейінгі жүретін қашықтығы.

**Тұншықтырғыш** – әртүрлі құрылғылардан атмосфераға шығарылатын газдар немесе ауа шуын азайтуға арналған құрылғы.

**Тұрақ** – механизм, құрылғы, көлік құралының арнайы сол үшін көзделген қауіпсіз жерге жұмыстан тыс, қозғалмайтын жағдайға штаттық орын ауыстыруын білдіретін техникалық термин. Сондай-ақ бұл көлік қойылатын орынның өзін және көлік құралын тұраққа қою үдерісін білдіруі мүмкін.

**Түтін** (смог) – ауа райының белгілі бір жағдайларында ауаның өнеркәсіп өндірісінің жұмысы нәтижесінде, көлік және жылу өндіретін қондырғылардан бөлінген зиянды заттармен шамадан тыс ластануы.

**Тіркеу туралы куәлік** – әскери есепке қою жөніндегі комиссиядан өту кезінде Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін құжат.

**Штурм** – әскерлердің қарсыластың күшті бекінген позицияларына немесе тірек пункттеріне шешуші шабуылы.

**Экипировка** – керек-жарақ; киім-кешек, аяқкиім және киім-кешекпен қоса қолданылатын басқа да заттар.

**ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Жол жүрісі туралы. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі Заңы.
2. Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы.
3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары. – Алматы: NURPRESS, 2016.
4. Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидалары. – Алматы: LEM, 2019.
5. Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу, механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы).
6. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10–11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 154 бұйрығына қосымша).
7. Безроднов В. Г., Тайтлеуов В. Н., Задиракин А. В. Қазақстан Республикасы Жол жүрісі қағидалары бойынша теориялық емтиханға дайындауға арналған оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Печатный двор «Жаркын», 2018.
8. Гоголев М. И., Гайко Б. А. Основы медицинских знаний учащихся. Учебник для средних учебных заведений. – М.: Просвещение, 1991.
9. Иванюков И. М., Алексеев В. С. Основы безопасности жизнедеятельности. Учебное пособие. – М.: Дашков и К, 2007.
10. Лим В. А., Гудков А. В. Қазақстан Республикасы жол қозғалысы ережесінен емтиханға дайындауға арналған құрал. – Алматы: LEM, 2014.
11. Отвагина Т. В. Неотложная медицинская помощь. Учебник. Изд. 7-е. – Ростов н/Д.: Феникс, 2011.
12. Петров Н. Н. Человек в чрезвычайных ситуациях. Учебное пособие. – Челябинск: Южно-Уральское книжное издательство, 1997.
13. Топоров И. К. Основы безопасности жизнедеятельности. Учебник. – М.: Просвещение, 2003.

## ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. – Алматы: Әділет Пресс, 2007.
2. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы. – Астана, 2017.
3. Барыкина Н. В. под. ред. Кабарухина Б. В. Травматология для медицинских колледжей. – Изд. 2-е, перераб. и доп. – Ростов н/Д.: Феникс, 2009.
4. Громаковский А. А. Типичные ошибки начинающих водителей. – СПб.: Питер Пресс, 2009.
5. Русак О., Малаян К., Занько Н. Безопасность жизнедеятельности. – М.: Наука, 2014.
6. Шухман Ю. И. Автоазбука для начинающих водителей. – М.: Феникс, 2005.
7. Яковлев В. Ф. Учебник по вождению легкового автомобиля. – М.: Третий Рим, 2014.

РИХТЕР Альберт Игнатьевич  
ЯКОВЕНКО Виктор Леонидович

## АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

*Жалпы білім беретін мектептің  
11-сынып оқушыларына арналған*

### ОҚУЛЫҚ

*Екі бөлімді  
1-бөлім  
+CD*

Редакторлары	Ш. Т. Бектасов Р. Т. Халелова
Суретші	А. Б. Жусупов
Техникалық редакторы	Б. К. Еслямов
Дизайны	Е. Е. Велькер
Корректорлары	С. А. Абденова С. К. Кенжеболатова

Коды 519017



ИП Келешек-2030 баспасы  
Қазақстан Республикасы,  
020000, Көкшетау қ.  
Баспа кеңсесі: Абай к-сі, 112а,  
тел.: 8 (7162) 72-29-43 (қабылдау бөлімі),  
8 (7162) 44-18-74, +7 708 444 18 74,  
ұялы тел.: +7 702 781 06 78, +7 705 745 09 75.  
<http://www.keleshek-2030.kz>, E-mail: [torg@keleshek-2030.kz](mailto:torg@keleshek-2030.kz)